3.Мәредегі жарыстың штабы ҚВСФ-ге жарыс нәтижелерін жөнелткенге дейін немесе егер төрешілер мәредегі өз жұмысын аяқтауға үлгере алмай жатса, оны толық бітіргенге дейін жұмыс істеуі керек.

4.Жарыстың штабында ең аз дегенде, телефон байланысы және ғаламторға шығатын компьютер болуы керек.

19-бап.Жарыс трассасы және қауіпсіздік

1.Ұйымдастырушы жарыс өтетін уақытта қажетті қауіпсіздік қызметімен және құқық қорғау органдарымен тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуі керек.

2.Спорт жарыстарындағы қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V ҚРЗ қолданыстағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

3.Ұйымдастырушы тиісті құқықтық және әкімшілік ережелерді бұзбай және қажетті сақтықты сақтай отырып, спорттық іс-шараның кез келген қатысушысы (жарысушы, қызмет көрсетушілер, ресми тұлғалар, көрермен т.б.) үшін ықтимал қауіпті аймақтарды

- болдырмай, жарыстың барлық трассасында және өтетін орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.
- 4.Транспорт құралдары үшін толық жабық трассаға арналған белгіленген ережелерді бұзбай, жарыс өтетін уақытта трассада бүкіл автомобиль қозғалысын тоқтауы тиіс.
- 5.ҚВСФ жарыс трассасы немесе ықтимал уақиғалар нәтижесінде, жол нысандары бүлінген жағдайда, ҚВСФ ешқандай жауап бермейді.
- 6.Жарысушылар тасжолмен алдын ала танысуы керек.
- 7.Тек қана жол-пост қызметі өкілдерінің нұсқауымен, жарысушылар жарыс трассасынан шығып кете алады және егер олар бөгде тұлғаның нұсқауымен, белгіленген бағдардан шығып кетсе немесе дұрыс қойылмаған жол белгісінің себебінен және т.б болса, өзінің наразылығын білдіре алмайды.
- 8.«Жолды кесу» талпынысы кезінде немесе айырмашылық алу үшін қашықтықты қысқартса, жарысушыға дисквалификация түрінде тәртіптік жаза қолданылады.
- 9.Егер қауіпті жағдай басқа жарысушылар, көрермендер мен жарыс персоналына қауіп төндірсе, егер мұндай әрекет басқа жарысушыларға қарағанда, едәуір артықшылық беретін болса, трассаның бөлігі болып табылмайтын жаяу жүргіншілер жолы, аяқжолдар, соқпақтар немесе велосипед жолдарын (яғни бордюрлер, жиекпен бөлінген, деңгеймен өзгертілген немесе басқа ерекшеліктері бар) пайдалануға мүлдем тыйым салынады. Бұл талап орындалмаса, қолданылуы мүмкін кез келген басқа санкциялар үшін залал келтірместен жазаланады.
- 10.Егер бір немесе бірнеше жарысушы жол-көлік қызметі өкілінің бұйрығымен трассадан шығып кетсе, санкциялар қолданылмайды. Егер мұндай айналып өту қашықтыққа артықшылық берсе, жарысушы айналманы бастағандағы, дистанциядағы сол қалпына қайтарылады.
- 11.Егер барлық немесе бірнеше жарысушы басқа бағытқа кетіп қалса, жарысты ұйымдастырушылар жарысушылардың қашықтықтан кетіп қалған жеріне, трассаға қайта оралуына көмектесуі керек.

20-бап.Жарысты медициналық және допингке қарсы қызметпен қамтамасыз ету

- 1.Жарысты ұйымдастырушы тиісті медициналық қызметпен қамтамасыз етуі керек.
2. Ұйымдастырушы дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның велосипед спортынан ағымдағы жылға арналған бұқаралық-спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарда, тиісті денсаулық сақтау органының медициналық қызметін тағайындайды.
- 3.Медициналық қызметте жарыс кезінде және ресми жаттығуда дәрігер, медициналық мейірбике болуы тиіс. Дәрігер және медициналық мейірбике болмаса, ресми жаттығуда және жарыста өткізілмейді.
- 4.Тасжолдағы велосипед спортынан Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен Қазақстан Республикасы кубоктарын өткізу кезінде тасжолда тиісінше дәрігер, медициналық мейірбике және жүргізуші бар бригаданың екі жедел жәрдем машинасы міндетті түрде болуы керек. Егер жедел жәрдем автомашинасы, дәрігер, медициналық мейірбике болмаса, жарыс өткізілмейді.
- 5.Жарысушы ауыр жарақат алған кезде, тиісті есепке алу және есептілік құжаттамасын рәсімдеу, оларды жақын маңдағы травматологиялық қосынға уақтылы жөнелтуді қамтамасыз ету, жарысқа қызмет көрсететін дәрігердің міндеті болып саналады.
- 6.Допингті қолданумен байланысты сұрақтардың барлығы, Халықаралық велосипедшілер одағының (UCI) Допингке қарсы қағидасымен және Дүниежүзілік Допингке қарсы агенттік (ВАДА) әзірлеген Дүниежүзілік Допингке қарсы Кодекстің негізгі қағидааттарына сүйенген процедуралармен, сондай-ақ Қазақстанның Ұлттық допингке қарсы орталығы шығаратын құжаттардың негізінде реттелуі тиіс.

7.Жарысқа қатысатын барлық тұлғалар (спортшылар, жаттықтырушылар, команда басшылары, дәрігерлер және т.б.) допингке қарсы бақылаудың Қазақстанның Ұлттық допингке қарсы орталығы шығаратын құжаттардың процедуралық қағидалары мен талаптарынан толық хабардар болуы керек.

8. Жарысты ұйымдастырушы жарысты өткізу кезінде медициналық көмек көрсетуге бір немесе одан да көп дәрігерлерді тартуы қажет.

9.Жарысты ұйымдастырушы зардап шеккендерді шұғыл түрде аурухана жеткізу құралдарымен қамтамасыз етуі керек. Жарыста (немесе жарыс өтетін орында болуы) кемінде бір жедел жәрдем машинасы ілесіп жүруі тиіс.

10.Ұйымдастырушы жарыс басталғанға дейін қатысушы командаларға жарақат алған жағдайда, олар жүгінетін медициналық мекмеелердің тізімін беруі тиіс.

21-бап.Жүлделер

1.Жүлделер бойынша барлық ақпарат (саны, сипаты, жүлде сомасы, марапаттау шарттары) жарыс туралы бағдарлама және/немесе техникалық анықтамалықта түсінікті етіп жазылуы тиіс.

2.Егер жарыс немесе кезең төмен жылдамдықта өтсе, төрешілер алқасы жарысты ұйымдастырушымен кеңескен соң, жүлде бермеуге шешім қабылдайды.

22-бап. Жарысты ұйымдастыру мен оны өткізуді бақылау

1.Жарысты ұйымдастырушы мен оның өкілі жарыстың материалдық шығыстарын басқарады.

2.Бас төреші басқа төрешілермен бірге, жарыстың уақытына басшылықты және спорттық бақылауды жүзеге асырады.

23-бап. Велосипед жарысын өткізу кезіндегі қатысушылардың мінез-құлқы

1.Қатысушы паспортының барлық иегерлері тиісті үлгіде киінуі керек және өзін жарысқа қатыспаса да лайықты көрсете білуі тиіс.

2.Жарысқа қатысушылар зорлық, қоқан-лоққы немесе балағаттаудың кез келген түрінен, сондай-ақ өзіне лайықсыз мінез-құлықтан сақтануы және басқаларға қауіп төндірмеуі тиіс.

3. Жарысқа қатысушылар ауызша, ыммен немесе жазбаша түрде қатысушы паспортының иегерлеріне, ресми тұлғаларға, демеушілерге, ҚВСФ-ға немесе жалпы велоспорттың абыройына нұқсан келтірмеуі тиіс.

4.Қатысушы паспортының барлық иегерлері жарысты өткізу кезінде, өзін адал әрі спортшыға сай ұстауы қажет. Жарысқа қатысушылар жарыстың табысты өтуіне үлес қосуы керек.

5.Жарысушылар жарыста, спорттық бәсекелестікпен табысқа жетуі тиіс. Жарыстың мүддесіне зиянын тигізетін, кез келген өзара келісу немесе бұрмалау актілеріне тыйым салынады.

6.Жарысушылар жарыста сақтық шараларын сақтауы тиіс. Олар өзінің кінәсінен болатын барлық жазатайым оқиғалар үшін жауапты болады.

7.Жарыс кезінде шыны ыдысты пайдалануға тыйым салынады.

24-бап. Команда өкілі

1.Жарыс кезінде әрбір командада, тағайындалған команда өкілі болуы тиіс.

2. Команда өкілі команда өкілдерінің белгіленген уақытта (тіркеу, сөреге шығу, допингтік бақылау және т.б.) қажетті орындарда болуын қадағалауы тиіс.

3. Команда өкілі бас төрешінің немесе іс-шараны ұйымдастырушының шақыруы бойынша баруы керек.
4. Команда өкілі төрешілер алқасына, жарысушыларды таныстырады.

25-бап. Команда өкілдерінің кеңесі

1. Жарысты ұйымдастырушы жарыс басталардан 24 сағат бұрын және 2 сағат қалғаннан кешіктірмей, команда басшыларымен, қажет болса, жарыс кезіндегі бейтарап транспорт құралдарына жауап беретін тұлғалармен және қоғам өкілдерімен жарысты өткізу кезіндегі тиісті міндеттерді үйлестіру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, ұйымдастырушының өкілімен кеңес өткізеді.
2. Төрешілердің кеңесінде регламенттің қолданылатын, әсіресе жарыстың ерекше сәттеріне қатысты ережелері қайталаынады. Ұйымдастырушы жарысты өткізуге қатысты ерекше құқықтық ережелерге, мысалы допингтік бақылау өткізуге қатысты тұстарын хабарлауы тиіс.
3. Команда өкілдерімен өтетін жарыстың форматын ҚВСФ айқындайды.

26-бап. Тіркеуді тексеру

1. Ұйымдастырушы төрешілер алқасына тіркелген жарысушылардың тізімін, негізгі және қосалқы құрамды (өтінім берілген қатысушылар) көрсете отырып, уақтылы береді, егер жарысушылардың алдын ала өтініміндегі процедуралар болмаса, онда команда өкілі жарысқа қатысу үшін жарысушыларды көрсетеді.
2. Команда басшыларымен кеңес өткізу үшін команда өкілі төрешілер алқасына таныстырылатын, өтінім берілген жарысушылардың тұлғасын растайды. Жарысқа қатысу үшін жарысушыларды растау рәсімі, рұқсат беру жөніндегі комиссия деп те аталады.
3. Төрешілер алқасы қатысушы паспортын және ережеде және жарыс регламентінде көрсетілген барлық қажетті құжаттарды тексереді және жарысушыларды жарысқа қатысушылар тізіміне енгізеді. Құжаттарды тексеру сол құжаттардың және олардың қажетті санының дұрыс толтырылуын тексеруді қамтиды. Ұсынылған ақпараттың түпнұсқалығына ұсынылған құжаттарды растайтын команда өкілі немесе тұлға жауап береді.
4. Жарысқа қатысуы расталмаған жарысушылар өзгертілмейді.
5. Төрешілер алқасы қатысуға берілген өтінім нысандарын тексереді.
6. Осы Қағиданың 26-бабының 1,2,3,4,5 тармақтарында көрсетілген іс-шаралар, барлық тексерулердің команда басшыларымен болатын кеңестің басталуына 15 минут қалғанда, одан кешіктірмей аяқталатындай етіп ұйымдастырылуы тиіс.
7. Бас төреші немесе бас хатшы қатысушылардың болжамды санына, әртүрлі санаттағылардың санына және берілген уақытына қарай, жарысқа қатысуды растау рәсімін тиімді өткізу үшін қажетті төрешілерді тағайындайды.
8. Жарысушы қатысушы паспортын және өтінім нысанын тексергеннен кейін, сөрелік нөмір (нөмір) алады.
9. Қатысушы паспорты тексерілмейтін немесе мәртебесі анықталмаған жарысушы, жарысқа шықпайды және жарыстың сөрелік хаттамасына қосылмайды.
10. Қатысушылардың паспортын тексеру, бөгде тұлғаларға қолжетімді емес алаңдағы бөлмежайда жүзеге асырылуы тиіс.

27-бап. Жарыстың сөресі

1. Тасжолдағы жарыстарды өткізу кезінде, жарысушылар сөре алдында төрешінің бақылауымен қол қою парағына қол қоюға міндетті.

- 2.Сөрелік тапаншадан оқ атылып, төрешінің ысқырығымен, қоңырауға соққы беріліп, жалаушамен немесе арнайы электронды құрылғылардың көмегімен старт беріледі.
- 3.Сөредегі төреші (стартер) немесе басқа тұлға (төрешілер тарапынан бақылау кезінде) старт береді. Тек стартер орындалған старттың дұрыстығын анықтайды.
- 4.Фальстарт старт тапаншасынан екі оқ атып, екі ысқырық немесе қоңырауға екі соққы беріліп бекітіледі.
- 5.Төрешілер жарысқа шыққан жарысушылардың Қағидаға сәйкес бірыңғай киінгеніне (велосипед, форма, сөрелік нөмірі, басқалар) сенімді болуы керек.

28-бап. Мәре

- 1.Мәрелік сызық ені 72 см ақ жолаққа, ені 4 см етіп, қара түспен сызылады, осылайша мәрелік сызықтың әр жағынан ені 34 см ақ сызықпен қоршалады. Маунтинбайк түрі бойынша жарыстарда ақ жолақтың ені 20 см, қара сызықтың арғы жағынан ені 8 см-мен қоршалады.
- 2.Қатысушының мәресі оның велоспедінің алдыңғы дөңгелегінің покрывкасының шеткі нүктесі тікелей жазықтыққа тисе, ойша мәре сызығының алдыңғы шеті арқылы өткенде есепке алынады. Осылайша, фотофиништің шешімі түпкілікті болып табылады.
- 3.Айрықша нұсқаулар болмаса, мәрені төрешілер алқасы бекіткен қолайлы техникалық құралдарды пайдалану кезінде анықтауға да болады.
- 4.Тасжолдағы, маунтинбайк, BMX сияқты спорт түрлерінен жарыстарда, «МӘРЕ» деген жазуы бар баннер қолданылуы тиіс. Ол жолдың үстіне қозғалыс бағытына перпендикуляр ілінеді. Егер баннер болмаса немесе жыртылса, мәре сызығын қара-ақ тор түсті жалаушамен көрсетуге болады.
Баннер сондай-ақ, кез келген мәреге немесе аралық мәреге, сондай-ақ тасжолдағы жарыста таудың шыңындағы таулы мәреде ойнату кезінде пайдаланылады. Егер баннер жоғалып кетсе, немесе бүлінсе (жыртылса), онда қара-ақ тор түсті жалауша қолданылуы тиіс.
- 5.Хронометраждың электронды таспасы бар фотофиниш, мына спорттық пәндерде міндетті түрде қолданылуы тиіс:
 - тасжолдағы;
 - трек;
 - маунтинбайк-жылдам түсу;
 - BMX.
6. Хронометраждың электронды таспасы бар фотофиништің, бейнежазбаның және мәрені тіркеудің басқа әдістерінің нәтижелерін сенімді деп қарастыру қажет. Бұл нәтижелер мәредегі қатысушылардың алған орындарына қатысты даулы жағдайларда қайта қаралатын болады.
- 7.Ұйымдастырушылар әр жарысқа өздерінің міндеттерін орындау үшін тиісті біліктілігі және қатысушы паспорты бар жеткілікті төреші- хронометражшылар санын шақыруы керек. Төреші-хронометражшыларға, хронометраж жүргізуден басқа міндеттерін орындауда ҚВСФ-нің қатысушы паспорты бар басқа да тұлғалар көмектесе алады.
- 8.Төреші-хронометражшылар қатысушылардың көрсеткен уақытын арнайы хаттамаға жазып отырады, қол қойып, мәредегі төрешіге тапсырады.
- 9.Уақыт электронды хронометраж құрылғысының көмегімен тіркеледі.
10. Тректегі жарыста және маунтинбайк-жылдам түсу жарысында уақыт 1/1000 секундке дейінгі дәлдікпен тіркеледі. Басқа жарыстарда уақыт бір секундке дейінгі дәлдікпен тіркеледі. Нәтижелер бір секундке дейінгі дәлдікпен тіркеледі. Одан басқа, қажетіне қарай қол хронометражды да қолдануы мүмкін.
- 11.Мәреге жарысушылар тобы келген жағдайда, осы топтың барлық жарысушыларына бір (бірдей) уақыт беріледі.
- 12.Егер бір топтағы жарысушының артқы дөңгелегі (артқы дөңгелектің шеткі нүктесі профилде) мен бір топтағы соңғы жарысушының алдыңғы алдыңғы дөңгелегінің

(алдыңғы дөңгелектің шеткі нүктесі профильде) арасындағы айырма бір және одан көп секундті құраса, онда төреші-хронометражшы екінші топқа басқа уақытты беруі керек.

13. Жарысушылар (артқы дөңгелек-алдыңғы дөңгелек) арасындағы бір және одан көп секунд кез келген айырма, сол топтың бірінші жарысушысы үшін алынған жаңа уақытпен, жаңа топты қарастырады.

14. Ерекше ережелер болмаса, әрбір жарысушы белгілі бір орынды алу үшін басқа сырттан көмексіз өз күшімен жарысты аяқтауы керек.

15. Жарысушы мәре сызығын жаяу, бірақ велосипедімен бірге кесіп өтуі мүмкін.

16. Мәреге келу тәртібі, мәреде жинаған ұпайларының саны және жүріп өткен айналым санын мәредегі төрешінің міндетін атқаратын төреші тіркейді. Мәреге келу тәртібі қолда бар техникалық құралдардың көмегімен анықталуы тиіс.

17. Ұйымдастыру комитеті енгізген регламенттегі өзгерістер болмаса, егер мәредегі жарысушылардың алған орындарында қателіктер анықталса, мәредегі орындарды бөлу жарыс аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде ҚВСФ –да түзетілуі мүмкін.

18. ҚВСФ ұйымдастырушыны және барылық жарысушыларды қажет болса, команда арқылы енгізілген өзгерістер туралы хабардар етуі тиіс. ҚВСФ жарыс нәтижелерінің хаттамасына енгізілген барлық өзгерістерге қатысты барлық сұрақтарды шешуі тиіс.

29-бап. Марапаттау рәсімі

1. Жарыстың нәтижелері бойынша жүлделі орын алған немесе нақты атақтарды иеленген барлық жарысушылар оларға тиісті майкалар, гүл шоғын немесе медальдарды тапсыру, құрмет айналымын жасау, баспасөз конференциясына қатысу және марапаттаумен байланысты басқа іс-шараларға қатысу үшін ресми марапаттау рәсімінде болуы тиіс.

2. Ерекше нұсқаулар болмаса, жарысушылар марапаттауға жарысқа қатысқан киімде (формада) шығуы қажет.

30-бап. Жарыстың өту барысын бақылау

1. Республикалық күнтізбедегі жарыстардың өту барысын бақылауды, ҚВСФ жүзеге асырады.

2. Велосипед жарыстарын (жарысты) өткізу кезіндегі рәсімдерді төрешілер алқасы бақылайды.

Ұйымдастырушы төрешілер алқасының жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайларды жасауы тиіс.

3. Төрешілер алқасы Осы Қағиданың 30-бабының 4-тармағына сәйкес тағайындалған төрешілерден тұрады.

4. Төрешілер алқасы бар болса және мүмкін болса, екі жыныстағы (ер, әйел) мамандардан болғаны жөн және мына біліктілік санатындағы спорттық төрешілердің басымдық реті сақталуы тиіс: жоғары санаттағы ұлттық төреші; ұлттық санаттағы, бірінші санаттағы спорт төрешісі, спорт төрешісі.

5. Бас төреші, бас хатшы, бас төреші мен бас хатшының орынбасарлары ең аз дегенде, команда өкілдерімен жарысушылардың жарысқа қатысуын растау кезіндегі жұмыста отыруы және қатысуы тиіс, сондай-ақ жарыс басталуға бір күн қалғанда өтетін, ресми жаттығу мен әртүрлі іс-шараларға (бар болса) қатысуы керек. Маунтинбайк-жылдам түсу, маунтинбайк-байкер-кросс 4-х, БМХ-жарыс («Классик», «Крузер», уақытқа жарыс және эстафета) сияқты спорт түрлерінде сәредегі төреші (стартер), мәредегі төреші және кемінде төрешінің төрт көмекшісінің болуы міндетті.

6. Бас төрешілер алқасына ҚВСФ –нің қатысушы паспорты бар төреші-хронометражшы және хатшы төрешілер көмек көрсетеді.

7. ҚВСФ, өңірлік және жергілікті федерациялар, жарыстың сипатына қарай бас төрешіні тағайындайды.

8. Мәредегі төрешінің міндетін атқарушы төреші өз білгенінше және өзі жауапкершілікті ала отырып, өзіне көмекші төрешілерді жинайды.

9. Мәредегі төрешінің міндетін атқарушы төреші, мәредегі жалғыз төреші болуы да мүмкін. Жарыс аяқталғаннан кейін ол жарысушылардың алған орындары, жинаған ұпайлары және өткен айналым санын (айналма жарыстар үшін) көрсете отырып, толтырылған және өзі қол қойған арнайы үлгідегі қатысушылардың мәредегі хаттамасын тапсыруға міндетті.

10. Мәредегі төрешінің міндетін атқарушы төрешіге, мәре сызығында қалқаны бар тұғыр берілуі тиіс.

11. Төрешілер әр жарыстың сәресі алдында кеңесуге жиналады. Олар сондай-ақ, ұйымдастырушылардың команда өкілдерімен кеңесіне де қатысуы керек.

12. Төрешілер алқасы ҚВСФ-нің арнайы нысаны бойынша жарыс туралы нақты есеп дайындауы тиіс.

Ол есепте келесі құжаттар қоса беріледі:

- 1) жарысқа жіберілген қатысушылар тізімі;
- 2) сөреге келген қатысушылар тізімі;
- 3) сыныптама;
- 4) жарыс бойынша техникалық нұсқаулықтың данасы.

Сонымен бірге, есепке төреші-хронометражшылардың хаттамасы және жекелеген төрешілердің есептері де қосылады. Есептің бір данасы ҚВСФ-ге жіберілуі тиіс.

13. Бұдан басқа, бас төреші арнайы нысан бойынша нақты есеп тапсырады, онда олар жарысқа баға береді. Есеп ең көбі 14 күн ішінде ҚВСФ-ге жіберілуі тиіс. ҚВСФ-ге жарыс нәтижелерін жіберу үшін төрешілер жарыс аяқталғаннан кейін 2 сағаттан кешіктірмей, электронды поштаны немесе хат-хабарды жеткізудің ҚВСФ бекіткен басқа түрін пайдалануы керек.

14. Төрешілерге олардың шығыстарына өтемақы төленеді, оның мөлшері мен еңбекке ақы төлеу жарыстың мәртебесіне қарай, дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган және ҚВСФ немесе тиісті дене шынықтыру және спорт саласындағы атқарушы билік органы бекіткен нормалармен айқындалады.

31-бап. Төрешілер алқасының құзыреті

1. Төрешілер алқасы жарыс Регламентінің ҚВСФ мен UCI-дің Қағидаларына сәйкестігін тексереді. Төрешілер алқасы жарысты өткізу жөніндегі Регламентте анықталған кез келген қатені түзетуге міндетті.

2. Төрешілер алқасы Регламентті түзетеді және түзетілген Регламентті қарастырады және ұйымдастырушы және команда өкілдерімен өтетін кеңесте енгізілген өзгерістер туралы хабарлайды.

3. Төрешілер өздерінің құзыретіндегі істердегі бұзушылықтарды анықтауы және айыппұл санкцияларын салуға міндетті. Әрбір төреші бұзушылықтарды жеке өзі анықтауы және оларды өзі қол қоятын есепте көрсетуі тиіс. Белгіленген бұзушылықтары бар төрешілердің есептері дәлелдемелер жоқ болған кезде, олардың болғандығын куәландыратын түпкілікті құжат болып табылады. Айыппұл санкцияларын салу туралы сұрақтарды төрешілер алқасы дауыс берумен шешеді.

4. Төрешілер дербес түрде мынадай шараларды қабылдауға құқылы:

- 1) Регламентті бұзған спортшыларды, сондай-ақ жарысқа қатысуға жағдайы келмейтін тұлғаларды сөреге қою құқығынан айыруға;
- 2) Ескерту жасауға және алдын ала сақтандыруға;
- 3) Теріс әрекет жасаған жарысушыларды немесе жарысқа одан әрі қатысуға жағдайы келмейтін тұлғаларды, рұқсат етілмеген уақытқа топтан қалып қойғандарды немесе басқаларға қауіп төндіретін қатысушыларды дереу жарыстан шығаруға құқылы. Төрешінің мұндай шешімдері олардың есебінде көрсетілуі керек.

4) Төрешілер алқасы немесе қажетіне қарай жеке төреші, жарыстың дұрыс өтуін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы мүмкін. Бұл шешімдер белгіленген регламентке сәйкес және мүмкіндігінше, жарыс ұйымдстырушыларымен кеңескен соң қабылданады.

5) Егер тез арада ретке келтірете алмайтын қандай да бір жағдайлар болса, іс-шараны бастау кейінге қалдырылады немесе өткізілмейді немесе жарыс тоқтатылады. Төрешілер алқасы қажет болса, болмаса өзінің бастамасымен немесе ҚВС-нің тапсырмасы бойынша жарысты өткізбейді.

6) Төрешілердің нұсқауын сақтамайтын қатысушылар паспортының иегерлеріне, бір күннен алты айға дейінгі мерзімге шеттету түрінде, айыппұл санкциялары салынуы тиіс.

7) Регламент (ереже) бұзушылығы анықталған кезде, сондай-ақ қандай да бір шешімге Қарсы төреші мен төрешілер алқасының шешіміне қарсы ешқандай наразылық берілмейді.

32-бап. Жалпы сыныптама, рейтинг бойынша сыныптама

1.Спортшы ҚВСФ-нің кез келген сыныптамасынан мынадай жағдайда шығарылады:

1) Жарысушыны босату: соңғы рейтингтік жарысқа дейін спортшыны босатқан жағдайда, жарысушы сыныптамадан өздігінен шығарылады;

2) Допингке қарсы қағиданы бұзған жарысушы және оның тұлғасы UCI-дің Допингке қарсы қағидасының 352-бабына сәйкес анықталса, оны толық ақтағанға дейін.

2.Допингтік комиссия Допингке қарсы қағиданы бұзған жарысушыны және оның тұлғасын

басқа Допингке қарсы ұйым немесе мемлекеттік орган жария түрде анықтаса, кез келген жарысушыны ҚВСФ –нің сыныптамасынан немесе жекелей есептен шығаруы мүмкін.

3.Сыныптамадан шығу дегеніміз - сыныптамада жарысушының аты жоқ және оның орны бос тұр деген сөз.

4.Допингке қарсы регламентті бұзды деп танылған жарысушы, аталған бұзушылық анықталған кезең ішінде Сыныптамадан шығарылады.

4-тарау. ЭКИПИРОВКА

33-бап. Қағидағтар

1.Қатысушылар паспортының әрбір иегері оның экипировкасының (құрал-жабдықтары бар велосипеді, дулығасы, спорттық киімі және басқалары) тиісті сапада болғанын және өзіне және басқа жарысушыларға қауіп төндірмеуін қадағалауы тиіс.

2. Қатысушылар паспортының әрбір иегері UCI бекіткен және UCI-дің веб-сайтында қолжетімді тасжолдағы, тректегі немесе маунитинбайк-велокростағы жарыста, өзі қолданатын құрал-жабдықтардың мақұлданған хаттамалардың ерекшеліктеріне сәйкес болуын қамтамасыз етуі керек.

3.ҚВСФ қатысушылар паспорты иегерлерінің таңдаған дұрыс емес экипировкасының салдары, сондай-ақ таңдаған экипировкасындағы ақаулар немесе сәйкессіздік үшін жауап бермейді. Пайдаланатын экипировка велосипедтерге (UCI-дің веб-сайтында жарияланған түсіндірме иллюстрацияны басшылыққа алуда көрсетілген) арналған сапа мен қауіпсіздік жөніндегі барлық талаптарға, сондай-ақ елде қолданылатын кез келген басқа стандарттарға сай болуы тиіс.

4.Қатысушылар паспортының иегері өндіруші ұсынған әрі сертификатталған және арнайы сапа мен қауіпсіздік стандартына сай келетін құрал-жабдықтарды, қандай да

бір өзгертусіз пайдалануы керек. Қатысушылар паспортының иегері оқиға орын алған жағдайда, құрал-жабдықтарға енгізген кел келген өзгерісі үшін толық және өзі жауап береді және Қағидаға сәйкес тәртіптік жазаға тартылады.

5.ҚВСФ қатысушылар паспорты бар және жарысқа қатысатын жарысушының дұрыс таңдалмаған экипировкасы үшін ешқашан жауап бермейді. Төрешілер немесе ҚВСФ-нің өкілдері экипировканы таңдауға бақылауды жүзеге асырады және тек қана экипировкаға қатысты спорттық мақсаттағы Қағиданың бұзылуын тіркеумен шектеледі. Бұл мақсатта төреші және/немесе ҚВСФ қажет болса, жарыс уақытында жарысушы оны өзгерткеннен кейін, одан әрі тексеру үшін құрал-жабдықты талап етуі мүмкін.

34-бап. Техникалық жаңалықтар

1.Маунтинбайк бағдарламасының түрлерінен басқа жарыстарда, жарысушы немесе қатысушы паспортының иегері жарыс кезінде UCI-дің атқару комитетінің бекітуінсіз, қандай да бір техникалық жаңалықтарды (велосипедтер, велосипедке орнатылған құрал-жабдықтарды, дулығаларды, спорттық киімді, байланыс құралдарын, телеметриялық құрылғыны, датчиктерді және басқаларын) пайдалана алмайды. Техникалық жаңалықты бекіту ерекше жағдайда, оны қолданудағы спорттық талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

2.Сараптамамен байланысты барлық шығыстарды өтінім беруші төлейді және ұсынылған техникалық инновациялардың күрделілігіне қарай UCI белгілейді.

3.UCI техникалық инновациялардың спорттық тұрғыда рұқсат етілетіндігін зерттейді және өтінімді, барлық тиісті дәлелдемелер мен UCI-дің сұратқан кез келген қосымша құжаттарын қоса алғанда, берілген толық дәлелдемеден бастап, 6 ай ішінде жауап береді.

4. Инновация қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

5.Егер оны қолдану регламенттің ерекшелігіне сәйкес келмесе, осы баптың ережелеріне сәйкес техникалық жаңалық бекітілмейді.

6.Егер жарыс сәресінде немесе көпкүндік жарыста төрешілер алқасы, UCI әлі бекітпеген техникалық жаңалықты немесе құрал-жабдықты жарысушы қолданды деп есептесе, онда сол жарысушыны сол жаңалықты пайдаланумен болатын жарыстарға қатыстырмауға құқылы.

7.Жарыс кезінде рұқсат етілмеген техникалық жаңалықты қолданған жарысушы, жарыстан өздігінен шығарылады немесе шеттетіледі. Бұл ретте төрешілер алқасы қабылдаған шешім бойынша апелляцияға жүгіне алмайды.

8.Егер UCI әлі бекітпеген техникалық жаңалық немесе құрал-жабдық байқалмаса немесе төрешілер алқасы бұзушыға айыппұл санкцияларын салмаса, ҚВСФ-нің немесе UCI-дің тәртіптік комиссиясының бұйрығымен шеттетіледі.

Бұл ретте ҚВСФ немесе UCI тәртіптік комиссияға өзі немесе мүдделі тараптың өтініші бойынша сұрақты қарастыру туралы мәселе қояды. Тәртіптік комиссия экипировка бойынша комиссияның пікірімен танысқаннан кейін ғана шешім қабылдайды.

Жарыстан тыс уақытта болатын оқиғалар кезінде, ҚВСФ немесе UCI осы бапқа сәйкес ережелерді сақтауды тексергеннен кейін, техникалық жаңалықты қолданудың заңдылығы туралы сұрақты шешеді.

35-бап. Борттағы технологиялар

1.Деректерді түсіріп, беріп отыратын борттағы технологиялық құрылғылар UCI-дің Қағидасының басқа ережелеріне кедергі келтірмейтіндей, осы бапқа сәйкес рұқсат алу шарттары кезінде велосипедтерге орнатылады немесе жарысушылардың өзі алып жүреді. Осы бап төменде көрсетілгендей датчиктер (алып жүретін немесе жапсырылған), транспондерлер, жарысушыларды ақпараттандыру жүйесі, телеметриялық

құрылғыларды қоса алғанда (бірақ сонымен шектелмей), деректерді түсіріп, беріп отыратын кез келген құрылғыға қатысты.

2. Келесі деректерді жинайтын және беретін құрылғыларды пайдалануға рұқсат етіледі:

1) бағдарлау: велосипедшінің немесе велосипедтің орналасқан жерімен байланысты ақпарат;

2) көрініс: қозғалмайтын немесе қозғалатын көріністер немесе велосипедтен (егер аталған спорт түріне арнайы ережелер қолданылмаса, мұндай құрылғылар тек қана велосипедтің үстіне қойылады; егер аталған спорт түрінде арнайы ережелер өзінде қолдануға рұқсат етпесе, мұндай құрылғылар тек қана велосипедтің үстіне қойылады;)

3) механикалық: велосипедтен немесе оның кез келген бөлшегінен қуатты, жылдамдықты, каденцияны, акселерометр, гироскоп, дөңгелектегі қысымды беруді қоса алғанда (бірақ сонымен шектелмей) алынған ақпарат.

3. Келесі физиологиялық деректерді түсіретін немесе беретін құрылғыларды пайдалануға болады: пульс, дене температурасы, тер шығару деңгейі. Алайда, мұндай рұқсаттама тек қана жарысушыға жарыс кезіндегі деректерді көруге мүмкіндік беретін, беру хаттамасымен шектелген.

4. Глюкоза немесе лактат сияқты кез келген метаболизм көрсеткіштерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, басқа физиологиялық деректерді түсіретін құрылғыларды жарыста пайдалануға рұқсат етілмейді.

5. Осы бапта көзделген деректерді жинауға және беруге рұқсат етілгендер, жарысушыға басқа жарысушының деректерін қарауға мүмкіндік бермейді. Осындай әдіспен командалар өз жарысушыларының деректеріне, егер басқа командалардың жарысушыларына қатысты ақпарат ашық болған жағдайдан басқа кезде, бұған рұқсат етілсе ғана қол жеткізе алады.

6. Велосипедте орнатылған кез келген борттағы технологиялық құрылғылар:

1) Велосипедтерге арналған жүйеге орнатылуы және велосипедтердің қандай да бір элементін сертификаттауға әсер етпеуі тиіс;

2) басқа жарысушының қауіпсіздігіне қауіп төндірмеуі тиіс, кенеттен демонтаж жасау

немесе алынбайтындай етіп бекітуі керек.

7. UCI осы бапта рұқсат етілмеген, борттағы технологияларды пайдалануы ықтимал кез келген жағдайға қатысты шегініс жасауы мүмкін. Шегініс туралы сауалдар, атап айтқанда жабдыққа тең дәрежедегі қолжетімділік талаптарын, спорттық әділдік пен адалдықты ескере отырып бағалануы, сондай-ақ UCI-дің Регламентінің 1.3.001-1.3.006 баптарына сәйкес болуы керек. Шегініс нақты жарыспен, жарысушылармен және командалармен шектелуі мүмкін.

8. UCI және ҚВСФ қатысушы паспорты иегерінің отыратын борттағы технологиялық құрылғыларды орнату және пайдаланумен байланысты кез келген салдарлар үшін, сондай-ақ оның кез келген ақауы үшін немесе талаптарға сай болмаса, жауап бермейді.

9. Түсінікті болу үшін: осы бап әртүрлі дерекерге меншік құқығын реттемейді және қозғамайды, яғни деректерді жинау, пайдалану және/немесе іске асыру тиісті құқық иесінің келісіміне тәуелді.

36-бап. Велосипедтер

1. Велосипед дегеніміз - бірдей диаметрдегі қозғалмалы екі дөңгелегі бар құрал. Алдыңғы дөңгелегі бағыттаушы, ал артқы дөңгелегі педаль мен шатунді және шынжырды іске қосатын приводтық (қозғалыс) жүйе болып табылады.

Белгілі бір велосипед дисциплиналары үшін бұл қағидадан басқа артықшылық болуы мүмкін, бұл жағдайда тиісті дисциплинада нақты қағида көзделуі тиіс.

2. Велосипедтер және оның құрал-жабдықтары көпшілік саудада бар тұрпаттарға сәйкес және велоспортпен шұғылданатын барлық тұлғалар үшін жарамды болуы керек.

3. Жарысушы әдетте ершікте отырып, велосипедтегі қалыпты ұстайды. Бұндай отырыс тіреу нүктелерінің педальдағы аяқ, қолдары рөлде және ерде отырудағы қалып болып табылады.

4. Велосипедте велосипедшіге оны басқаруға және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әртүрлі жағдайларда әрекет етуге мүмкіндік беретін рөл болуы керек.


5. Велосипедтің қозғалысы электрониканы қолдану немесе басқаша көмексіз, шынжыр арқылы велосипедшінің аяқты қозғалтуымен (бұлшық еттердің жұмысы) берілетін, тек қана шатундардың айналуы арқылы жүзеге асады.

Бұл қағидадағы артықшылық, велосипед спортының кейбір спорттық пәндеріне арналуы мүмкін, бұл ретте нақты қағидалар тиісті пәндерде көзделген.

37-бап. Техникалық сипаттамалар

1. Тасжолдағы, тректегі және маунтинбайк-велокросста қолданылатын велосипедтің ерекше жағдайлардан басқа кезде, мынадай техникалық сипаттамалары болуы керек. Ерекше сипаттамалары бар велосипедтер маунтинбайк, БМХ және триал деген спорттық пәндерде қолданылады:

а) Өлшемдер («Өлшемдер (1)» деген суретті қараңыз)



Артынан қарағанда. Алдынан қарағанда

2. Велосипедтің ұзындығы 185 см-ден, ал ені 50 см-ден аспауы тиіс. Тандемнің ұзындығы 270 см-ден, ал ені 50 см-ден аспауы тиіс.

3. Ершіктің алдыңғы шеті тік сызықтан, ең азы 50 мм орналасуы, каретканың өсі арқылы өткен болуы тиіс.

4. Ершіктің ұшы каретканың өсі арқылы өтіп, тік сызыққа дейін ауысқан болуы керек, егер бұл артықшылық шеңберінде қажет болса.


5. Кез келген жарысушы осы себепке байланысты, велосипедті қолданған кезде азайтылған өлшемді қажет етеді, сондықтан бұл жайлы велосипедті тексеру кезінде төрешілер алқасына хабарлау керек. («Өлшемдер (2)» деген суретті қараңыз).

6. Тек қана (1) кейінгі екі (2) артықшылықтан жарысушы сұрауы керек және кейіннен оған ұсынылуы қажет;

1) Болмаса ердің алдыңғы шеті тік сызықтан, ең азы 50 мм немесе тең, алға қарай орналасуы.

2) Уақытқа жеке жарысқа арналып бекітілген рөлдің ұзын саптамасы 37-баптың 29,30,31-тармақшаларында айқындалған, жарысушылардың бойының санатына сәйкес бейімделуі керек.

«Өлшемдер (2)»



- 7.Ердің алдыңғы және артқы бөлігіндегі ең жоғары нүктелер арқылы өтетін жазықта, көлденеңінен 9 градус еңкейген ең үлкен бұрышы бар. Ердің ұзындығы 24 см-ден 30 см-ге дейінгі шекте болады.
- 8.Каретканың өсі мен жердегі жазықтықтың арасындағы алшақтық, ең азы 24 см және ең көбі 30 см болуы тиіс.
- 9.Каретканың өсі мен алдыңғы дөңгелектің өсі арқылы жүргізілген тік сызық арқылы өтетін, тік сызық арасындағы алшақтық, ең азы 54 см және ең көбі 65 см <1> болуы тиіс.
- 10.Каретканың өсі мен артқы дөңгелектің өсі арқылы жүргізілген, тік сызық арқылы өтетін тік сызық арасындағы алшақтық, ең азы 35 см және ең көбі 50 см болуы тиіс.
- 11.Алдыңғы вилканың ішкі жиегі арасындағы алшақтық 11,5 см-ден аспауы керек; Артқы вилканың ішкі жиегі арасындағы алшақтық 14,5 см-ден аспауы керек.
- 12.Велосипедтің дөңгелегінің диаметрі ең көбі 70 см-ден, ең азы 55 см болады, доңғалақтың тысын (покрышканы) қоса алғанда. Маунтинбайк – велокросстан жарыстарда қолданатын велосипедтер үшін доңғалақтың тысының ені 33 мм-ден аспауы керек. Бұл ретте доңғалақтың тысында қандай да бір бүртіктердің болуына тыйым салынады.
- 13.Тасжолдағы велоспорттан немесе велокросстан бұқаралық сипаттағы жарыстарда, UCI бекіткен конструкциядағы дөңгелектерді пайдалануға рұқсат етіледі. Дөңгелектерде кемінде 12 сымшабақ болуы тиіс; сымшабақтар дөңгелек, жазық немесе доғал болуы мүмкін., бұл ретте олардың ені 10 мм-ден аспауы тиіс. Дөңгелектің конструкциясын бекіту үшін UCI бекіткен зертханада UCI-дің талаптарына сәйкес беркітікке сыналады. Дөңгелекті сынақтан өткізудің нәтижелері қалыпты жағдайда соққы жүктемелеріне төтеп беруі тиіс. Бұл ретте келесі критерийлер сақталуы керек:
- 1) Соққы кезінде дөңгелектің бірде бір элементі дөңгелектен шығып кетпеуі немесе сыртқа шығып кетпеуі керек;
 - 2)Дөңгелектің жарылуы жарысушыға, жарысқа қатысушылар мен бөгде тұлғаларға қауіп төндіретін, онда өткір және кетік болып, оның элементтерінің толық шығуына әкелмеуі тиіс.
 - 3)Дөңгелектің жарылуы дөңгелектің төлкесінің қимадан шығуына әкелмеуі тиіс, бұл бүкіл дөңгелектің вилкадан шығуына алып келеді.
- 14.Сынақ талаптарын сақтаған кезде, стандартты (дәстүрлі) велосипед дөңгелектері жоғарыда сипатталған басқа қосымша беріктік сынақтарына түспеуі керек. Стандартты

велосипед дөңгелектері деп алынатын, кемінде 20 металл сымшабағы бар дөңгелекті айтады. Қиманың кесігі әр жағында 2,5 см-ден аспауы керек; барлық компоненттер сәйкес және коммерциялық тұрғыда қолжетімді болуы тиіс.

15.Трек жарыстарда қыртысты қоса алғанда, дөңгелектің алдыңғы дискілерін пайдалану тек уақытқа жарыста ғана рұқсат етіледі.

Осы баптың ережелеріне қарамастан, велосипед дөңгелектерін таңдау және пайдалану осы Қағиданың 33-баптағы ережелермен айқындалады.

16. Велосипедтің салмағы кемінде 6,8 кг болуы керек.

17.Тасжолдағы, тректегі велоспортта және велоқроста велосипедтің рамасы әдеттегі қалыпта болуы тиіс, яғни үшбұрышты жабық конструкция. Рама тік тұрба тәрізді элементтен жасалады, оның әртүрлі (дөңгелек, доғал, тікбұрышты және т.б.) кесіктері болады. Тұрба тәрізді элементтер бір-бірімен былайша қосылады: үстіңгі тұрба (1) рөлдік колонканың (2) үстіңгі бөлігімен, ердің астындағы тұрбаның үстіңгі бөлігімен қосылады; ердің астындағы тұрбаның төменгі бөлігі кареткамен қосылады; төменгі «еңкейген» тұрба (3) кареткамен (төменнен) және рөлдік колонканың төменгі бөлігімен жалғасады. Раманың артқы үшбұрышы ердің астындағы тұрбаның (4) үстіңгі және астыңғы бөлігімен жалғасатын, сәйкесінше (1 сызбаны қараңыз) вилкамен (5) және (6) қосылады. Ердің астындағы штырь, ердің астындағы тұрбаға қолданатын шектеулерге өлшем бойынша келуі тиіс және ердің астындағы тұрбаның кез келген жерінен және/немесе үстіңгі тұрбадан (2 сызбаны қараңыз) рамаға бекітілуі тиіс.

18.Тұрба элементтері қималарының ең биігі 1 см, ал ең аз ені -2,5 см болуы керек. Алдыңғы вилканың ең аз жуандығы 1см; вилка түзу немесе қисық формада болуы мүмкін (1 сызбаны қараңыз).

19. Раманың үстіңгі тұрбасы жоғарыға немесе төменге еңкіш болады, жоғарғы немесе төменгі тұрбаның арасы 16 см-ден артық болмауы тиіс.

20.Раманың үстіңгі тұрбасы жоғарыға немесе төменге еңкіш болады, егер бұл элемент ең биігі 16 см және жуандығы кемінде 2,5см болса көлденең шаблонға кіретін болса.


21.Рөлдегі стакан айналасының тиімді ені, ең тар жерде 16 см-ден аспауы керек, үстіңгі тұрба мен төменгі тұрбаның ішкі қосылулары арасында және рөлдегі стаканның алдыңғы бөлігінде.


22.Раманың қосымша компоненттері бас тұрба мен рөлдегі шток арасында қосылуы мүмкін. Олар бас тұрбадағы коробка габариттері шегінде болуы тиіс.

23.Үшбұрыштар рұқсат етілмейтін (3 сызбаны қараңыз) шынжырдың тіреулері мен ердің астындағы штырь арасындағы қималардан басқа, раманың элементтерімен арадағы қималарда екі жағынан 8 см-ден теңбедегерлік компенсациялық тікбұрыштарды пайдалануға рұқсат етіледі.


1-сызба.

Коробкалардың орналасуы мен қалау






Тұрбалар 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7: 1 см - минимум және 8 см - максимум




Straight or tapered tubular elements

Тік немесе конус тәрізді тұрбалық элементтер



Inclinaison of the Top Tube




The form of each element have to enclose a straight line


Үстіңгі тұрбаның еңкеюі

Әр элементтің формасы түзу келтірілген

2-сызба.


Қораптағы ердің астындағы штырьдің орналасуы





3-сызба.

Компенсациялық үшбұрыштардың қалпы.



24. Осы Қағиданың 37-баптағы ережелерінде көзделгендерден басқа жарыстарда, әдеттегі тұрпаттағы рөл қолданылады («Конструкция» (1а) сызбасын қараңыз).


Рөл былайша белгіленген аймақта орналасуы керек: үстінде – ердің (В) жазық тіреу нүктесіне көлденеңінен; төменде – екі дөңгелектің (бірдей диаметрдегі) (С) ең жоғарғы нүктесінен өтетін 100 мм төмен; артынан – рөлдің тұрбасының өсімен (Д) және алдында – алдыңғы дөңгелектің төлкесінің өсінен, 100 мм аралықта өтетін тік жазықта («Конструкция» (1а) сызбасын қараңыз).

Сонымен бірге рөлдердің бәрі мынадай талаптарға сай болуы керек:

- 1) рөлдің айқаспа қиығының максимальді өлшемі – 80 мм;
- 2) рөлдің айқаспа қиығының шығатын максимальді өлшемі – 80 мм;
- 3) вилкадағы барлық аксессуарлардың айқаспа қиығының максимальді өлшемі – 10 мм;

4) шығатын жері мен рөлдің расындағы бірігу теңбеделі компенсациялық үшбұрышпен екі жақтан, 40 мм-ден орнатуға рұқсат етіледі. Рөлге бекітілетін тежегіш тұтқаларды велосипедшілер тіреу ретінде қолданады. Тежегіш тұтқалардың конструкциясын кез келген ұзарту мен өзгертуге тыйым салынады. Тежегіш тұтқалардың конструкциясын берілісті ауыстыру жүйесімен қоса рұқсат етіледі.

Конструкция (1а)



25. Уақытқа тұратын) қосылуы немесе әдеттегі рөлге, болмаса базалық рөл жүйесіне кіріктірілуі тасжолдағы жарыста және қуып жету жеке жарыстарында, командалық қуып жету жарысында және тректегі 1 км/500м-ге уақытқа жарыста, уақытқа жарысуға арналған бекітілген созылған рөл (әр қол үшін секциялары бар 2 созылған және иыққа арналған екі тіреуден мүмкін. («Конструкция» (16) сызбасын қараңыз).

26. Әдеттегі рөлдің тұрпаты немесе базалық кернеу осы Қағиданың 37-баб 24-тармақшасында айқындалған ережеде, (А, В, С, Д, Ж) айқындалған аймақта орналасуы тиіс.

27. Каретканың өсі арқылы өтетін, тік жазық арқылы аралық пен ауыстыру тетіктерін қоса алғанда, уақытқа жеке жарысқа арналған ұзын рөлдің соңы немесе бекітілген тетігі 750 мм-ден аспауы керек.

Биіктегі және тіреудің ортаңғы нүктесі арасындағы айырма және ең жоғарғы және ең төменгі ұзартқыш (аксессуарларды қоса алғанда) нүктесі арасындағы айырмашылық кемінде 100 мм болуы тиіс.

28. Осы Қағиданың 36 және 37-баптарында көзделген тректегі және тасжолдағы жарыстарда стандартты 750 мм аралық, төменде көрсетілген жарысушының бойының үш (3) санатына негізделіп, артықшылық шеңберінде 850 мм-ге дейін көбеюі мүмкін.

29. 1-санат: бойы кемінде 180,0 см.

Жарысушылардың бойы 180,0 см-ден кем болса, кронштейннің төменгі өсі арқылы өтетін тік жазықтар және бүкіл аксессуарларды қоса алғанда, триал үшін рөлдің бекітілген ұзартқышының шеткі нүктесі арасындағы көлденең аралық 800 мм-ден аспауы керек.

Биікте білектің орта тіреу нүктесі мен ең биігі арасындағы немесе ең төменгі ұзартқыш (аксессуарларды қоса алғанда) нүктесі арасындағы айырма, кемінде 100 мм болуы тиіс.

30. 2-санат: бойы 180,0 см-ден 189,9 см-ге дейін.

Бойы 180,0 см-ден 189,9 см-ге дейін болса, каретканың өсі арқылы өтетін тік жазықтар, және аксессуарларды қоса алғанда, уақытқа арналған жарыс үшін рөлдің бекітілген ұзартқышының шеткі нүктесі арасындағы көлденең аралық 830 мм-ден аспауы керек.

Биікте білектің орта тіреу нүктесі мен ең биігі арасындағы немесе ең төменгі ұзартқыш (аксессуарларды қоса алғанда) нүктесі арасындағы айырма кемінде 120 мм болуы тиіс.

2-санаттың жарысушылары UCI-дің қолжетімді сайтына, жарысушының бойын растау үшін өтінім нысанын беруі тиіс.

31. 3-санат: бойы 190,0 см және одан үлкен.

Бойы 190,0 см және одан үлкен болса, қаретканың өсі арқылы өтетін тік жазықтар және аксессуарларды қоса алғанда, уақытқа арналған жарыс үшін рөлдің бекітілген ұзартқышының шеткі нүктесі арасындағы көлденең аралық 850 мм-ден аспауы керек. Биікте білектің орта тіреу нүктесі мен ең биігі арасындағы немесе ең төменгі ұзартқыш (аксессуарларды қоса алғанда) нүктесі арасындағы айырма кемінде 140 мм болуы тиіс.


3-санаттың жарысушылары UCI-дің қолжетімді сайтына, жарысушының бойын растау үшін өтінім нысанын беруі тиіс.

32. Бойы бойынша артықшылықты пайдаланған жарысушы велосипедті тексеру кезінде, бұл туралы төрешілерге хабарлауы тиіс. Түсінікті болу үшін жоғарыда келтірілген аралықтарды төрешілер алқасы, егер жарысушы тиісті бой санатындағы артықшылығын хабарламаса қолданатын болады.

33. Сонымен бірге, жарыс үшін рөлдің бекітілген барлық ұзартқышы және білекке арналған тіреуі бар шынтак тіреуіштері келесі талаптарға сай болуы керек:

- 1) білекке арналған тіреулер екі бөіктен тұрады (әр білек үшін бір бөліктен) және ұзартуды қосу керек болса ғана рұқсат етіледі;
- 2) білекке арналған әр тіреудің максимальды ені 125 мм құрайды;
- 3) білектің әр тіреуінің максимальды ұзындығы 125 мм құрайды;
- 4) білектің әр тіреуінің минимальды ұзындығы 60 мм құрайды;
- 5) білектің әр тіреуінің максимальды биіктігі 85 мм құрайды;
- 6) білектің шынтакты тіреуге арналған әр тіреуінің максимальды еңкеюі (қолдың тіреуімен өлшенеді) 15 градусты құрайды;
- 7) әрбір ұзартқыштың айқаспалы қимасының максимальды өлшемі -50 мм;
- 8) егер уақытқа жарыс үшін рөлдің бекітілген барлық ұзартқышы екі секциясы біріктірілсе, айқаспалы қимасының максимальды өлшемі 80 мм құрайды;
- 9) әрбір орнатылған аксессуардың айқаспалы қимасының максимальды өлшемі - 80 мм;
- 10) қоспалы құрал-жабдықтар үшін бір жағы 40 мм теңбедерлі компенсациялық үшбұрышты әрбір ұзартқыш пен белгіленген зат арасында пайдалану қажет;
- 11) Рөлдің негізі мен шығатын жері арасындағы кесікке бір жағы 40 мм екі теңбедерлі компенсациялық үшбұрышты пайдалануға рұқсат етіледі;
- 12) Рөлдің негізіндегі айқаспалы қиманың максимальды өлшемі 80 мм құрайды;
- 13) Вилканың барлық заттарының айқаспалы қимасының максимальды өлшемі 10 мм құрайды;
- 14) шығатын айқаспалы қиманың максимальды өлшемі 80 мм құрайды.

Конструкция (16)




34. Желге қарсылықты азайту немесе алға жылжуға ықпал ету үшін велосипедтің конструкциясына қосылатын, бекітілетін немесе орнататын кез келген құрылғылар, мысалы қорғаныш экраны, фюзеляж, ағуды жақсартатын және т.б. детальдарды қоюға тыйым салынады.

Конструкция 2




35. Қорғаныш экраны велосипедші қозғалған кезде, желдің қарсылығын азайтуға пайдаланатын бекітілген қозғалмайтын элемент ретінде анықталады.



36. Фюзеляждің формасы секцияларды ұзарту немесе ағызу ретінде анықталады. Бұл L ұзындық пен D диаметр арасындағы аралық 37-баптың 17-23 тармақтарында (раманың комплектілері) және 24-тармақта (рөл, базалық дөңгелектер және уақытқа арналған жарыстар үшін бекітілген ұзартқыштар) айқындалған өлшемдерге қойылатын талаптардан аспаса, рұқсат етіледі.

Конструкция 3



37. Велосипедтің детальдарын (бөлшектерін) пайдалану немесе бейімдеу үшін велосипедтің қозғалмалы бөліктерін (дөңгелек, шестерня және басқалары) оны жабатындай етіп, ағызбалы формаға келтіру қажет. Мұндай велосипедтің конструкциясы кезінде тексерудің келесі тәсілін қолдануға болады: жұқа пластинаны (мысалы, несие картасын) қозғалыссыз конструкция мен қозғалатын элементтің арасына қоюға тырысу керек.

38. Құтылар рамаға кіргізілмеуі тиіс, олар раманың төменгі және ердің астындағы тұрбада орналасуы мүмкін. Жарыста пайдаланатын құтының кесігінің өлшемі 10 см-ден аспауы немесе кемінде 4 см және олардың көлемі, кемінде 400 мл және 800 мл-ден аспауы керек.

39. Кез келген велосипедте ақпаратты алуға және беруге болатын және оның негізгі мақсаты деректерді, ақпаратты және суреттерді алу және беруге мүмкіндік беретін құрал-жабдықтар (соның ішінде телеметрия, жауаптарды қабылдау GPS қрылғылар мен бейнеокамералар) болады. Бұл құрал-жабдықтар мынадай шарттарға сәйкес велосипедте орналасады:

1) орнатылған жүйе оны велосипедке қатысты қолдануға болатындай ойластырылуы тиіс және велосипедтің кез келген бөлігіне қатысты сертификатталған құқыққа еш әсер етпеуі керек.

2) орнатылған жүйе жарыс кезінде құрал-жабдықты жөндеуге мүмкіндік бермеуі керек, осылайша құрал-жабдық «тұрақты бекітілген» деп есептеледі.

40. Құрастырылған технологиялардан алынған кез келген деректер жарыс кезінде команданың тарнспорт құралына, команданың персоналына немесе басқа жарысушыға берілмеуі тиіс, ол тек спорттық мақсатта қолданылады.

41.Команданың немесе жарысушының борттағы технологияны кез келген ықтималды пайдалануы ҚВСФ-дан алдын ала рұқсат алуды талап етеді, ол құрал-жабдыққа тең қолжетімділік, спорттық әділдік және біртұтастық, сондай-ақ осы Қағиданың 36-бабы 1-тармағына сәйкес болу керек деген критерийлер бойынша бағалануы тиіс.

42.ҚВСФ қатысушы паспорты иегерінің велосипедке орнататын қондырғылардың немесе оны пайдаланудың ықтимал салдары, қандай да бір ақаулары мен сәйкессіздігі үшін жауап бермейді. 37- баптың 2-тармағы жарысушының алмалы-салмалы компьютерлеріне/ ақпараттық жүйелерге қатысты емес.

43.Тректе қолданатын велосипедтерде жаттығу кезінде, сол сияқты жарыста еркін жүрісі бар дөңгелектерді, берілістер мен тежегішті ауыстыруларды қолдануға болмайды.

44.Тасжолдағы жарыста және велокросста дөңгелектің шынжырын бекітуді пайдалануға тыйым салынады. Екі дөңгелекке де тежегіш жүйе қажет.

38-бап. Жарысушылардың спорттық киімі (форма)

1.Жарысушылар жарысқа қатысу кезінде жеңі бар велосипед майкаларын, труси немесе комбинезон киюі тиіс. Велосипед трусилері дегеніміз - тізеге дейін киілетін іш киім. Жеңсіз майка киюге тыйым салынады.

2.Команда бір күнтізбелік жыл ішінде бір модельді (түсі, символдар мен жазбалардың орналасуы) пайдалануына болады.

3.Әрбір команда жыл басында түсі және негізгі демеушілердің аты-жөнінің орналасуына қатысты детальдарды көрсете отырып, спорттық киім туралы мәліметтерді ҚВСФ-ға хабарлауы тиіс. Команданың атауы веломайкада толық немесе қысқартылған түрде көрсетілуі мүмкін. Команданың жарысқа қатысатын барлық жарысушыларында, бірдей дизайндағы спорттық форма болуы тиіс.

4.Жарысушы жарыс кезінде атауы оның қатысушы паспортында көрсетілген өз өңірінің (өңірлік командалар үшін және ол сол команданың мүшесі болса) формасынан басқа, қандай да бір команданың (егер ол сол командаңын мүшесі болмаса) формасын пайдалана алмайды.

5.Қатысушылардың велосипед майкалары шатастырып алмас үшін әлем чемпиондарының майкаларынан, сондай-ақ Қазақстан чемпиондарының майкаларынан едәуір өзгеше болуы керек.

6. Ережеде (Регламентте) көзделген ерекше жағдайдан басқа, жарысушылар ешқандай ерекше велосипед майкаларын пайдалана алмайды.

7. Жарысушының спорттық формасының ешбір элементі, әсіресе жарыс кезінде немесе ресми рәсімдерде майкадағы жазбаны немесе нөмірді жасырмауы тиіс.

8.Жарысушыларды жаңбырдан қорғайтын желбегейлер (ветровкалар) мөлдір болуы немесе команданың велосипед майкасы түстес болуы керек. Команданың атауы желбегейде жазылуы керек.

9. Залдағы велосипед спорты мен «БМХ –фристайл-флэт» түрінен басқа, барлық спорттық пәндер үшін жарыс кезінде және ресми жаттығуда қатты қорғаныс дулығасын кию міндетті.

10.Жарыстан және ресми жаттығудан тыс кезде, тиісті спорттық пәндер үшін қатты қорғаныс дулығасын кию ұсынлады. Сондай-ақ, ҚВСФ ерлер және әйелдер үшін тасжолдағы жаттығу кезінде қатты қорғаныс дулығасын киюді ұсынады және юниорлар мен одан кіші жас санаттары үшін міндетті түрде киюді ұсынады.

11.Әрбір жарысушы келесі тармақтар бойынша жауап береді:

1) велосипед дулығының конструкциясы бекітілген және қауіпсіздік бойынша ресми стандарттарға қойылатын талаптарға сай болуы тиіс;

2) дулығы кию жарысушының толық қауіпсіздігін сақтау үшін қауіпсіздік талаптарына сай болуы керек, дулығы баста жақсы тұруы қажет, ал бекіту баулары тиісінше реттеліп отыруы тиіс;

3) жарысушы құлаған кезде, дулығының қорғаныс сипаттамаларын қиындататын іс-қимылдан аулақ болуы керек;

4) жарысушы тек қана конструкциясы бекітілген, соққы тиген кезде тұтастығы өзгермейтін дулығы пайдалануы керек;


5) жарысушы алып тасталған немесе қосылған элементтері бар дулығының құқылымын өзгертетін қасканы пайдаланбауы тиіс.

12. Тасжолдағы және тректегі спорт түрі үшін дулығының өлшемі (аксессуарды қоса алғанда) төменде көрсетілген өлшемдерден аспауы керек:

1) ұзындығы (L) 450 мм-ге тең немесе одан аз;

2) ұзындығы (W) 300 мм-ге тең немесе одан аз;

3) ұзындығы (H) 210 мм-ге тең немесе одан аз.



13. Ауаның қарсылығын төмендететін киімдердің элементін пайдалануға тыйым салынады.

14. Тасжолдағы және таулы велосипед жарыстарында, ауа-райына байланысты киім киюге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда киілетін форма, ауа-райының қолайсыздығынан жарысушыны тек қорғауы тиіс. Мұндай спорттық киім кию туралы шешімді жарыстың төрешілері қабылдайды.

15. Жарысушы киетін экипировка (дулығы, туфли, майка, трусы және т.б.) тек қана қарапайым киім үлгісі ретінде қызмет етеді және осы ереженің 34-бабына сәйкес техникалық жаңалық ретінде бекітілмеген, қосымша немесе құрастырылған электронды жүйелермен жабдықталмауы тиіс.

16. Киімдегі заттар жарысушының морфологиясын өзгертпеуі керек, ал мақсаты тек қана киім немесе қорғаныс болып табылмайтын, кез келген елеусіз элемент немесе құрылғыны қолдануға тыйым салынады.

17. Киімнің модификациясындағы кедір-бұдырлыққа рұқсат етіледі, бірақ ол тек матаның қиығы, тоқылуы немесе жиналуы болса ғана. Киімнің модификациясындағы кедір-бұдырлық бейіннің әртүрлігінде 1 мм-ден аспайтындай ғана болуы тиіс.



18. Кедір-бұдырлықты өзгерту шарасы киімді қыспайтын және тартпайтындай етіп жасалуы керек.

19. Барлық киім текстильдің түпнұсқалық кейпін сақтауы тиіс және форманы шектеуге бейімделмеуі тиіс. Сондықтан киім киілгенде, онда қандай да бір дербес элемент немесе қатаң бөлшектер болмауы тиіс.

20. Жарыста киілетін носкилер мен бахилалар тобықтың ортасынан бастап, толарсақтың ортаңғы басына дейінгі аралықта анықталатын биіктен аспауы керек.



21. Жарыс кезінде жарысушыларға қызмет көрсетуші персоналда, олардың командасының спорттық киіміне арналып бекітілгеннен басқа, өз униформасында жарнамалық жазулары болмауы тиіс.

39-бап. Көшбастаушының майкасы

1. Көпкүндік жарыстарды өткізу кезінде көшбастаушының майкасы команданың киетін веломайкаларынан, сондай-ақ Қазақстан құрама командасының, Әлем чемпиондарының майкасынан едәуір бөлек болуы (көзге түсуі) тиіс.

2. Уақыты бойынша бас сыныптамадағы көшбастаушының майкасы міндетті болып саналады.

3. Көшбастаушының майкасына жарнамалық жазбалар орналастыруға жарыс ұйымдастырушысы құқылы.

4. Алайда, майканың жоғарғы алдыңғы және артқы бөлігіндегі биіктігі 32 см және ені 30 см, төменгі тұсы 22 см болатын ақ түсті үшбұрыш командаға арналған. Бұл жерге команданың негізгі серіктесінің (серіктестерінің) логотипі немесе атауы жазылады.

5. Мұндай талап көшбастаушының комбинезонына да қатысты; комбинезонның төменгі жағы (труссы) – әр жағынан 9 см көлденең жолақ – команданың жарнамалық жазбалары үшін қалдырылады.

6. Көшбастаушы майкасының иесі осы майканың түсіне үйлесетін түстегі трусиді киюіне болады.

7. Көшбастаушылар уақытқа жеке жарыстың кезеңдерінде, егер жарысты ұйымдастырушы оларды тиісті комбинезондармен қамтамасыз етпесе, өз командасының аэродинамикалық майкаларын немесе комбинезондарын кие алады.

40-бап. Қазақстан құрама командасының спорттық киімі

1.UCI-дің Регламентінің 1.3.056-1.3.059-баптарына сәйкес

41-бап.Қазақстан чемпионының майкасы

1.UCI-дің Регламентінің 1.3.068-1.3.069-баптарына сәйкес

42-бап. Басымдық

1.Егер жарысушы бірнеше майканың иесі болса, оларды киюдегі басымдық былайша анықталады:

- 1) Көпкүндік жарыстағы көшбастаушының майкасы;
- 2) Әлем чемпионының майкасы;
- 3) UCI-дің серияларында, кубоктарында немесе сыныптамасындағы көшбастаушының майкасы;
- 4) Құрлық чемпионының майкасы;
- 5) Ұлттық чемпионның майкасы;
- 6) Ұлттық команданың майкасы.

43-бап. Жарысушыларды сәйкестендіру

1.Велоспорттан жарыстарды өткізу кезінде жарысушыларды сәйкестендіру үшін келесі ережелер қолданылады:

пән / мамандану	Жарысушының киіміндегі нөмір	велосипед тіңрамасындағы нөмір	Иығындағы нөмір	Рөлдегі нөмір
Тас жолдағы:				
Бір күндік жарыстар	2	1		
көпкүндік жарыстар	2	1		
уақытқа бөлек стартпен шығатын жарыстар	1			
Трек:				
Спринт	2			
Жеке із кесу жарыстары	1			
Командалық із кесу жарыстары	1			
Гит 1 км	1			
Гит 500 м	1			
Ұпайлар бойынша топтық жарыс	2			
Кейрин	2			
Командалық спринт	1			
Мэдисон	2			
Омниум (барлық жарыстар)	2			
BMX:		2 (бүйірінде)		
Маунтинбайк барлық түрлері	1			1
Маунтинбайк -велокросс	1		2	
<i>* Иықтағы нөмір алдынан көрінетіндей білекке бекітіледі.</i>				

2.Жарыстағы жарысушының жағдайын білу үшін велосипед немесе жарысушы электронды құрылғымен жабдықталуы мүмкін. Жарысушылар мен командалар, олардың жүрген жері туралы ұйымдастырушылардан және /немесе ҚВСФ-дан, олардың агенттері мен төрешілерден түскен кез келген сұраққа жауап беруі тиіс.

3.Қандай да бір ерекше нұсқаулар болмаса, қара түсті цифрлар ақ түсті нөмірлік пластинада (парақта) болуы мүмкін.

4.Қатысушының нөмірін көрсететін цифрлар, пластиналар немесе парақтардың мынадай өлшемі болуы тиіс:

	Жарысушының киіміндегі нөмір	велосипедтің рамасындағы нөмір	Иығындағы нөмір	Рөлдегі нөмір
биіктігі	18см	9см	11см	18см – маунтинбайк 20см - БМХ
ені	16см	13см	12 см	18см – маунтинбайк 25см - БМХ
Цифрлар	10см	6см	7см	8см – маунтинбайк 10см - БМХ
Қаріптің ені	1,5см	0,8см	0,8см	1,5см - маунтинбайк 1,5см - БМХ
жарнама	Төменгі бөлігіндегі биіктігі 6 см	Төменгі немесе үстіңгі бөлігіндегі өлшемі 11см x 2см тікбұрыш	Төменгі бөлігіндегі биіктігі 2см	БМХ-тің үстіңгі және төменгі бөлігіндегі биіктігі 6 см төменгі бөлігінде

5.Жарысушылар өздерінің нөмірлерінің жақсы көрінуін үнемі қадағалауы тиіс.

Нөмірдің өлшемін өзгертуге (кесуге, бүгуге және т.б.) тыйым салынады.

6.Ұйымдастырушылар жарысқа қатысушыларға нөмірлерді тегін береді. Төрешілер алқасы қатысушы паспорты мен қатысуға өтінімді тексерген соң нөмірді береді.

7.Қашықтықтан шығатын кез келген жарысушы, дереу қатысушы нөмірін шешуі тиіс.

II-бөлім. ТАСЖОЛДАҒЫ ВЕЛОСПОРТ – СПОРТТЫҚ ПӘН

5-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

44-бап. Күнтізбе және қатысу

1.«19 - 22 жастағы ерлер-андерлер» жас тобындағы жарысушылар, «ерлер элита» жас тобындағы жарыстарға қатысады. «19-22 жастағы әйелдер-андерлер» жас тобындағы жарысушылар, «әйелдер элита» жас тобындағы жарыстарға қатысады.

2.Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы чемпионатының Ережесінде (Регламентінде) кіші жас санатынан, үлкен жас санатына рұқсат туралы арнайы шарттарды көрсетуі керек, онда ерлер-әйелдер элита тобындағы жарыстарға 19-22 жастағы андерлер және 17-18 жастағы юниорлар мен юниор қыздар, ал юниорлар мен юниор қыздар тобындағы жарыстарға 15-16 жастағы жасөспірімдер мен қыздарға қатысуға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионатынан басқа, «17-18 жастағы юниорлар», 19 - 22 жастағы ерлер-андерлер және ерлер-элита жас тобындағы жарыстарға қатысады.

Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионатынан басқа, 17-18 жастағы юниор қыздар, 19-22 жастағы әйелдер-андерлер және әйелдер-элита ересектер жас тобындағы жарыстарға қатысады.

Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионатынан басқа, 17-18 жастағы юниорлар санаты үшін 15-16 жас тобындағы жасөспірім жарысушылар 17-18 жастағы юниорлар тобындағы жарыстарға қатысады.

Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионатынан басқа, 17-18 жастағы юниор қыздар санаты үшін 15-16 жас тобындағы жасөспірім қыздар 17-18 жастағы юниор қыздар тобындағы жарыстарға қатысады.

Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионатынан басқа, 15-16 жастағы жасөспірім санаты үшін 13-14 жас тобындағы жасөспірім жарысушылар 15-16 жастағы жасөспірімдер тобындағы жарыстарға қатысады.

Қазақстан Республикасының ұлттық чемпионатынан басқа, 15-16 жастағы жасөспірім қыздар санаты үшін 13-14 жас тобындағы жасөспірім қыздар, 15-16 жастағы жасөспірім қыздар тобындағы жарыстарға қатысады.

Осы көрсетілген ерекшеліктер, егер спортшылардың сыныптамасы жарыс туралы ережеде көрсетілген сыныптама деңгейіне сай келсе ғана рұқсат етіледі.

3.ҚВСФ өзінің республикалық күнтізбесін, оның құрылымын, республикалық жарыстардың сыныптамасын және Халықаралық велосипедшілер одағының ережелеріне сәйкес Қағиданы әзірлегені үшін жауап береді.

4.Тасжолдағы жарысқа (веложарыстан, Gran Fondo және т.б. басқа) қатысатын жарысушылардың саны 200 спортшымен шектелуі тиіс.

5.Егер қосалқы жарысушылар саны команданың негізгі құрамынан аспаса, командалар қосалқы қатысушыларды өтінімде көрсетеді. Тек қана ресми түрде өтінім берілген қосалқы жарысушылар, негізгі құрамдағы спортшыларды ауыстыра алады.

6.Командалар жарыстың ұйымдастырушыларына жазбаша нысанда, команданың негізгі құрамындағы жарысушыларды және екі қосалқы спортшыны, жарыстың басталуына 72 сағат қалғанда, одан кешіктірмей хабарлауы қажет. Осы өтінімге енгізілген жарысушылар ғана жарысқа жіберілетін болады.

7.Егер командадағы жарысушылардың жалпы саны қатысуға рұқсат етілген саннан асып кетсе, жарысушылардың саны әр командадағы жарысушылардың санына тең болғанға дейін қысқартылады.

8. Басқа жарыстарда командалар үшін басымдық, олардың берген өтінімдерінің мерзіміне қарай белгіленеді. Жарыстың ұйымдастырушысы барлық командаларға, сондай-ақ жарысқа қатысуға іріктелмеген жарысушыларға, қандай да бір қысқарған қатысушылар саны туралы дереу хабарлауы тиіс.

9.Қағидада көзделген тәртіптік жазадан басқа, қатысушы паспортының иесі немесе команда, егер ол велоспорттың немесе жарыстың беделін едәуір түсіретін болса, жарыстан алып тасталады/шығарылады. Жарыстан алып тастау/шығару жарысқа дейін де, кейін де болуы мүмкін.

10.Жарыстан алып тастау/шығару туралы шешімді бас төреші мен ұйымдастырушы бірлесіп қабылдайды. Қатысушы паспортының иесін немесе команданы тыңдау керек.

Егер Регламентте өзгеше анықталмаса, жарыстан алып тастау/шығару жүргізілген дерекке дейін алынған жүлделер мен бонустар қайтарып алынбайды.

45-бап. Ұйымдастыру

1. Ұйымдастырушы әрбір жарысты өткізген сайын жарыс туралы бағдарлама – техникалық анықтамалықты дайындауы тиіс.

2. Жарыстың бағдарламасы – техникалық анықтамалық жарысты ұйымдастырудың келесі бөліктерін қамтуы тиіс:

1) Аталған жарыстың UCI мен ҚВСФ-нің Қағидаларына сәйкес өткізілетіні туралы ескерту;

2) жарыс кезінде айыппұл санкциялары бойынша ҚВСФ-нің тек қана межесі қолданылатыны туралы ескерту;

3) допингке қарсы қағиданы көрсету;

4) жарыстың класы және ұпайларды бөлу межесі;

5) жарысушылар санаты;

6) командадағы жарысушылар саны (ең азы және ең көбі);

7) жарыс штабының жұмыс сағаты;

8) өтінім берілген жарысушылардың сөрелік орны мен уақыты және сөрелік нөмірлерді беру;

9) команда өкілдері кеңесінің өтетін орны мен уақыты;

10) жарыс штабы мен допингке қарсы бақылау өткізу қосынының орналасқан нақты орны;

11) радиотур үшін қолданылатын жиілік;

12) барлық қажетті ақпаратты қоса алғанда (ұпайлар, ұпай теңдігі ресімдері, т.б.) екінші сыныптама;

13) барлық сыныптамалар бойынша берілетін жүлделер;

14) уақыт бойынша бонификацияның кез келген түрі;

15) уақытша мәрелік лимиттер (шектеулер);

16) Осы қағиданың 100-бабының 1 және -тармақтарының ережелерін ескере отырып, таулы мәренің кезеңдері;

17) марапаттау рәсімі;

18) жекелей еместі анықтау үшін, уақытқа командалық жарыстың кезеңдеріндегі уақытты тіркеу реті;

19) мотоциклдерді немесе басқа транспорт құралдарын пайдаланған кезде ұсынылатын бейтарап көмектің болуы;

20) уақытқа жарысты немесе кезеңдерді өткізу кезінде, бар болса тамақтану орындары, сондай-ақ онымен байланысты ресімдер;

21) уақытқа жарыстың сөресін анықтау тәртібіне немесе жарыстың басталу уақытына қойылатын талаптар; команданың сөресін анықтау тәртібіне қойылатын талаптар; әр команда өзінің жарысушыларының сөредегі ретін анықтауы тиіс;

22) трассаның бейінін, ұзақтығын, тамақтану орындарының орналасқан жерін, қажет болса айналма трассаның сипаттамасын көрсете отырып, бағдарлама немесе жарыс кезеңдерін сипаттау;

23) қашықтықтағы кедергілер (туннельдер, өткелдер, қауіпті орындар және басқалар);

24) бағдардың егжей-тегжейлі бөліктері және болжамды кесте;

25) аралық мәрелер, таулы және арнайы сыйақылар;

26) қашықтықтың сызбасы және трассаның бейіні, қашықтықтың соңғы үш километріндегі бейіні, егер қажет болса;

27) сөре мен мәренің нақты орны;

28) медициналық көмек көрсету үшін ұйымдастырушымен келісілген аурухананың тізімі;

- 29) төрешілер алқасының құрамы;
- 30) жарыс директорының, сондай-ақ басқа ресми тұлғалардың аты-жөні, мекенжайы мен телефон нөмірі;
- 31) кезеңдері бар уақытқа жарыстар үшін: уақытқа жарысқа арналған велосипедтерге рұқсат немесе тыйым салу.
3. Ұйымдастырушы жарыстың немесе кезеңнің электронды нәтижелерін беру үшін төрешілерге қажетті құрал-жабдықтар, сондай-ақ ҚВСФ-ға сөреден шыққан жарысушылардың тізімін беруге міндетті.
4. Ұйымдастырушы жарысушылар мен жарыста қызмет көрсететін персоналға трассадағы қауіптің барлық түрі туралы арнайы ескерту белгілерінің көмегімен хабарлауы тиіс.
5. Сонымен қатар, ұйымдастырушы туннельдің өзінде, сол сияқты оған кірерде туннельді жарықтандыру бойынша арнайы шараларды қарастыруы керек. Жарықтандыру 10 м аралықта, автомобильдің нөмір белгісін жақсы көруді және 50 м аралықтан қара түсті автомобильді айқын көретіндей болуы тиіс.
6. Осы баптың ережесінде айтылған кедергілер, жарыстың бағдарламасы-техникалық анықтамалықта көрсетілуі тиіс. Команда менеджерлерінің отырысын өткізу кезінде, бұл кедергілерге ерекше көңіл бөлу қажет.
7. Ұйымдастырушы жарыстың жүру барысын трассадағы ықтимал кедергілер туралы жарысушыларға ескертіп отыратын, инспекциялық транспорт құралымен қамтамасыз етуі тиіс.
8. Мәреге дейін 300 м және мәрелік сызықтан 100 м кейін ұзақтық аймағы кедергімен қоршалуы керек. Бұл аймақта тек қана ұйымдастырушының өкілдері, медициналық қызметкерлер, команда өкілдері және бұқаралық ақпарат құралдарының аккредиттелген өкілдері болуы қажет.
9. ҚВСФ жарыстың кез келген бұзылған трассасы немесе трассадағы болатын оқиғаларға ешқандай жауап бермейді.
10. Жарыс кезіндегі медициналық көмекті ұйымдастырушы тағайындайтын дәрігер (дәрігерлер), жарысушылар жарыс алдындағы бақылау аймағына дейін, жарысушылар мәре аймағынан кеткен кезде көрсетуі тиіс.
11. Егер медициналық көмек трассаның таулы учаскесінде немесе көтерілгенде қажет болса, жарысушыға көмек көрсету үшін жарыс дәрігері оны тоқтатады. Дәрігер өзінің машинасына және ондағы тұлғаларға жауап береді. Ол қалған жарысушыларға оларды пелетонға (сүйреу, автомашинаның соңынан көш бастау және басқалар) қайтару мақсатында бөгде көмектің көрсетілмеуін қадағалауы қажет.
12. Ұйымдастырушы бас төрешінің автомашинасынан ақпарат беру үшін «радиотур» ұйымдастыруы тиіс. Ол жарыста келе жатқан барлық автомашиналарды радиотур бойынша ақпаратты тыңдау үшін ралдиоқабылдағыштармен жарақтандыруы тиіс.
13. Ұйымдастырушы мәредегі жарысушыларды қарсы алуды ұйымдастыру үшін командалардың үш автомашинасына мәрелік аймақта тұрақпен қамтамасыз етуі керек.
14. Уақытқа жарысы бар жарысты ұйымдастырушы конструкцияларға арналған қағидаға сәйкес (UCI-дің вебсайтын қараңыз) төрешілер алқасына, уақытқа жарыста велосипедтерді өлшеу мен тексеруге арналған конструкцияны ұсынуы тиіс.
15. Тек қана ұйымдастырушы конструкцияның UCI-дің ерекшелігіне сәйкестігіне жауап береді.
- Конструкция төрешілер алқасының президентіне беріледі, ол оны UCI-дің қағидасына сәйкестікке тексереді.

46-бап. Жарыстың ресімі

1. 17 жастан кіші жасөспірім ұлдар мен қыздарды тапсыру қатынасын, ҚВСФ басқарушы органының регламентімен жыл сайын айқындалады.
2. Жарысушылардың немесе жарысушылармен радио байланысты немесе басқа қашықтықтан басқарылатын байланыс құралдарын пайдалану, бөлек старты бар жарыстан басқа, сондай-ақ осы мақсаттар үшін жарыс уақытында кез келген құрал-жабдықты меңгеруге тыйым салынады.
3. Қауіпсіздік мақсатында және ақпараттық жүйе ретінде жоғарыда көрсетілген жағдайда, мына жағдайда ақпараттық жүйе (құлаққап) пайдаланылуы мүмкін:
 - 1) радиотаратушының қуаты 5 Ваттан аспаса;
 - 2) жүйенің диапазоны жарыс өтіп жатқан кеңістікпен шектелуі тиіс;
 - 3) жүйені пайдалану жарысушылар мен команда өкілдері арасында ақпарат алмасуды қарастырады.Мұндай жүйені пайдалану тиісті құқықтық шарттарға, сондай-ақ жарысушының әдебі мен шешімінің еркіндігін құрметтей отырып, парасатты және саналы түрде пайдалануға бағынуы тиіс.

Осы ережені бұзған кез келген жарысушы жарыстан шығарылады немесе шеттетіледі.

Осы ережені бұзған кез келген команда, команда өкілі және команданың барлық транспорты жарыстан шығарылады.

Жарысушының жасаған кез келген бұзушылығы оның командасы жасаған бұзушылық деп кінәлау бойынша бұлтартпас негіздерге алып келеді.

Жарысушыға және командаға қолданылатын санкциялар жиынтық болып саналады.
4. Олар осы бапта тыйым салынған құрал-жабдықта пайда болса, жарысушы немесе команда жасаған бұзушылық жасады деп саналады. Егер тыйым салынған құрал-жабдық жарыс алдындағы сөреде алынса, жарысушы немесе команда әрі қарай жарысқа шыға алады. Егер сол жарыстағы уақытта бұзушылық жасау қайталанса, нәтиже жойылады немесе шеттетілу қолданылады. Осы Қағиданың 31-бабы 4-6-тармақтарының да күші бар.
5. Жарысушылар сақтықты сақтамай, қайда болса сонда тамақтың қалдығын, сөмкесін, құтыны, киімін және т.б. лақтыруына болмайды.
6. Жарысушылар тасжолда не болса, соны тастамауы тиіс. Жарысушы жарыс кезінде қажет болса, жолдың шетіне шығып, қажет емес затты қауіпсіз етіп тастауы керек.
7. Өзімен бірге шыны заттарды алып жүруге және пайдалануға тыйым салынады.
8. Жарысушыларда екі нөмір болуы керек, тек қана уақытқа жарыста бір нөмір қолданылады.
9. Жарысушылар уақытқа жарыстан басқа жағдайда, өзінің веломайкасына сәйкес рамада нөмірі болуы тиіс, ол раманың көзге көрінетін, алдыңғы жеріне (егер бұлай болмаса, басқа жерге) бекітілуі тиіс.
10. Төрешілер алқасы осы Қағиданың 30-бабы 3-5-тармақтарына сәйкес айқындалады.
11. Жарыс кезінде немесе оның кезеңінде, жарысты өткізу барысын бұзатын кенеттен жағдайлар болса, жарыстың директоры төрешілер алқасымен келіскен және төреші - хронометражшыға хабарлаған соң, кез келген сәтте мынадай іс-әрекетті жасайды:
 - 1) жарыстың бағытын өзгертуді;
 - 2) жарысты немесе кезеңді уақытша тоқта тұру;
 - 3) кезеңнің тоқтағанын және оның нәтижелерінің жойылғанын хабарлау;

- 4) кезеңнің бөлігін және кез келген аралық сыныптаманың нәтижелерін жою, сондай-ақ кенеттен болған жағдайлар туындаған жерден бастап, жаңа старт беру;
- 5) нәтижелерді өзгеріссіз қалдыру;
- 6) оқиға туындаған сәттен бастап, алшақты ескере отырып, жарысқа немесе кезеңге қайтадан старт беру.

47-бап. Жарыстан шығу

1. Жарыстан шығып қалған жарысушы дереу өз нөмірін шешуі тиіс және төрешіге немесе «жарыстың соңы» деген автомобильдің (жарыстың соңынан келе жатқан және қашықтықтан шыққан жарысушыларды алып жүретін автобус) жүргізушісіне белгі беруі тиіс.
2. Жарыстан шығып қалған жарысушы мәре сызығын кесіп өте алмайды.
3. Егер жарыстан шығып қалған жарысушы ауыр жарақат алмаса және өзін жақсы сезінсе, автобуста мәреге дейін бара алады.

48-бап. Транспорт құралдары

1. Жарыс қашықтығына жіберілген кез келген транспорт құралында, тиісті айрықша белгі болуы керек.
2. Уақытша жарыстан басқа, жарыс қашықтығына жіберілген барлық транспорт құралдарының максималды биіктігі 1.66 м болуы тиіс.
3. Транспорт құралы арқылы көруге немесе басқа айрықша белгілердің көрінуіне кедергі келтірмеу және ұйымдастырушының берген таңбасы келесі автомобильдерді тануға қиындық туғызбас үшін, керуендегі барлық автомобильдің терезелері желімделген болуы керек.
4. Транспорт құралдары жол қозғалысы қағидасына сәйкес қашықтық бойынша жүруі қажет.
5. Жарысты ұйымдастырушы мүмкіндігінше, әрбір төрешіге радиобайланыс құралдарымен жарақтанған люк ашылатын автомобильдерді беруі керек.
6. Жарысты ұйымдастырушы жарысқа ілесіп келе жатқан мотоциклдегі барлық тұлғалармен, телевидение және полиция өкілдерімен, дикторлармен және төрешілер алқасының қатысуымен кеңес өткізуі тиіс. Бұл кеңес команда өкілдерімен өткен кеңестен кейін немесе жарыс өтетін күні таңертең өткізіледі.

49-бап. Ілесу

1. Жүргізуші болып табылмайтын, аккредиттелген журналистер мен құрметті қонақтардан басқа, жарысқа ілесетін барлық тұлғаларда тиісті қатысушы паспорты болуы тиіс. Команданың машинасында тиісті қатысушы паспорты бар және жарыстың трассасы бойынша машинаның қозғалысына жауап беретін оның өкілі отыруы тиіс.
2. Жарысқа ілесетін барлық тұлғалар жарыс кезінде, тасжолға қандай да бір зат тастамауы тиіс.
3. Жарысқа ілесетін машиналар жарысушыларға су шашпауы тиіс.

50-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған қағида

1. Бұл қағида жарысқа автомобильде немесе мотоциклде ілесетін бұқаралық ақпарат құралдарының барлық өкілдеріне (журналистер, телеперортерлар, фототілшілер және т.б.) арналады.
2. Ұйымдастырушы ұлттық федерация ұсынған нысанға сәйкес аккредитация нысанын, барлық бұқаралық ақпарат құралдарының мекемелеріне жіберуі тиіс.

3. Ұйымдастырушы жарыстың атауы мен күнін көрсете отырып, әрбір бұқаралық ақпарат құралының өкіліне аккредитациялық картаны жіберуі тиіс.

51-бап. Жарыс алдында ұсынылатын ақпарат

1. Ұйымдастырушы барлық бұқаралық ақпарат құралдарының мекемелеріне алда өтетін жарыс туралы барынша мағлұмат беруі тиіс: жарыстың бағдары, қатысушылар тізімі, старттың рәсімі және т.б. Әсіресе, бұл аккредиттелген журналистерге беретін ұйымдастырушының (жарыс штабынан факс немесе электронды пошта арқылы) жарысқа жіберілген қатысушылардың тізіміне қатысты.

52-бап. Жарыс кезінде ұсынылатын ақпарат

1. Аккредиттелген журналистерге жарыс әкімшілігі бекіткен орында, жарыстың барысы туралы барлық ақпарат пен түсініктемелер берілуі тиіс.

2. Жарыс әкімшілігі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, жарыс туралы ақпарат беру үшін үздіксіз байланысты қамтамасыз ету кезінде пресса өкілдері бар машиналарды жарыс трассасында емес, параллель жолда, немесе жарыс алдында бірнеше километр алдында жүруді міндеттеуге құқылы.

53-бап. Пресса керуені

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының әрбір өкілінің жарыс ұйымдастырушысымен алдын ала келіспейінше, трассада бір немесе одан да көп ілеспе автомашина және мотоцикл болмауы тиіс.

2. Пресса өкілдері бар машиналарда, олардың жарыс соңынан ілесуіне рұқсат беретін аккредиттеу табиқкасы болуы тиіс.

3. Барлық машиналар «радиотурдан» тұрақты хабарлама алып тұру үшін радиоқабылдағышпен жарақтандырылуы тиіс.

4. Жарысты ұйымдастырушылар пресса өкілдерінен велоспортты білетін және жарыс кезінде жолда бұрылулар жасай алатын тәжірибелі жүргізушінің, олардың машинасын жүргізгенін талап етуге құқылы. Бұл жүргізушілерде тасжолдағы жарыстарға арналған транспорт құралдарының жүргізушісі қатысушысының паспорты болуы тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдарының әрбір өкілі өз автомашинасы мен мотоциклін жүргізетін жүргізушінің дағдылары үшін жауапты болады.

54-бап. Жарыс кезіндегі қозғалыс

1. Автомашина және мотоцикльдің жүргізушілері өздерінің транспорт құралдарына жауап береді және төрешілер мен жарысты ұйымдастырушылар тарапынан берілетін бұйрықтар мен нұқсауларды дереу орындауға міндетті.

2. Пресса өкілінің ешбір машинасының қашықтықтың соңғы километрінде, мәреге дейін жарысушыға ілесуге құқы жоқ, егер мұндай артықшылық жарыс старты уақытында жасалмаса.

3. Төрешілер алқасының барлық мүшелері кез келген жағдайда, қауіпті бұрылыстар немесе қауіпсіздікке қауіп төндіретін іс-әрекет жасағаны үшін жүргізушіні жарыстан дереу шығара алады.

4. Көпкүндік жарыс кезінде аккредиттеу табиқкасын тәркілеу кезінде пресса өкілінің машинасы немесе мотоциклі бір немесе бірнеше кезеңге керуеннен шығарылуы мүмкін.

5. Егер пресса транспорт құралының жүргізушісі, жарысушыға автомобиль немесе мотоциклдің артынан жүруге мүмкіндік берсе, онда бұл транспорт құралы ұзақтығы бұзушылықтың ауырлығымен анықталатын кезеңге жазалануы мүмкін.

55-бап. Автомашиналар

- 1.Пелотоннан кейін келе жатқан пресса керуені, жарнамалық ұрандары бар автомашиналарды немесе жарысқа қатысатын командалардың машиналарын қоспауы керек.
- 2.Бұқаралық ақпарат құралдарының әрбір өкілі, автомашинасы бар пресса керуенінде жарыс ұйымдастырушысы шақырған қонақтар мен басқа да тұлғаларға басымдық беріледі.
- 3.Пресса өкілдерінің машиналары жарыс кезінде төрешілер мен жарыс ұйымдастырушысының барлық нұсқауларын орындауы тиіс.
- 4.Қозғалып келе жатқан пресса өкілдерінің машиналарынан фотоға түсіру мен бейнетүсіруге тыйым салынады.
- 5.Пресса өкілдерінің транспорт құралдары жол қозғалысы ережелерін сақтауы тиіс. Транспорт құралдары бас төрешінің рұқсатымен және оның өтініші бойынша қуып жетуден басқа жағдайда, екі қатар болып жүрмеуі тиіс.

56-бап. Фототілшілердің мотоциклдері

- 1.Мотоциклдер алда келе жатқан жарыс төрешісі машинасының алдында жүруі тиіс, сол арқылы қозғалмалы «экранның» жасайды.
- 2.Фототілшілер бар мотоциклдер фотоға түсіру үшін жарысушылар алдында баяу жүруі керек; фотоға түсіргеннен кейін мотоциклші өзінің мотоциклшілер тобына оралуы тиіс.
- 3.Бірде бір мотоциклші жарысушылар тобы мен жарыс төрешісі машинасының арасындағы аймақта қалмауы тиіс. Айрықша жағдайда, егер мотоцикл жарысушыларға кездейсоқ жақындап қалса, тежегішті басып, жарысушыларға қуып жетуге жағдай жасауы керек. Өз тобына қайта оралуына тек қана төреші рұқсат береді.
- 4.Мотоциклшілер бас төрешінің машинасынан кейін бір қатарда қозғалуы мүмкін. Бұл ретте олар пелотонға жақындауға немесе жарысушыларды қуып жетуге ниетті автомашиналарды өткізуге міндетті.
- 5.Трассаның таулы учаскелерінде және көтерілгенде мотоциклшілер сақтық шараларын сақтауы және жарысушылардың немесе жарыстың ресми машиналарының жүрісіне кедергі болмауы тиіс. Мұндай учаскелерде фотоға түсіру кезінде фототілшілер қозғалыста болмауы керек.
6. Мәреде фототілшілер арнайы униформаны (ашық түсті жамылғы) киюі және 64-баптың 2-тармағында көрсетілген сызбаға сәйкес жолдың екінші жағында орналасуы керек.

57-бап. Мотоциклдегі радио және телевидение тілшілері (репортерлар)

- 1.Бұл мотоциклдер жарыстың алдында және «экранның» алдында фототілшілері бар мотоциклдер тобын құрап жүруі тиіс. Олар қандай жағдайда болмасын, жарысушылар тобы мен жарыс төрешісі машинасының арасындағы аймақта қалмауы тиіс.
- 2.Мотоциклдегі радио және телевидение тілшілері төрешінің рұқсатынсыз, жарысушылар тобы мен жарыс төрешісі машинасының арасындағы аймақта болмауы тиіс.
3. Мотоциклшілер команда өкілдерінің автомашинасымен бір қатарда, жарыстың соңында қозғалуы керек. Бұл ретте олар пелотонға жақындауға немесе жарысушыларды қуып жетуге ниетті автомашиналарды өткізуге міндетті.
4. Жарысушылар жарыс кезінде өзінен кейін келе жатқан тілшілерге интервью бере алмайды. Команда өкілдері тек мәреге соңғы он километр қалған жерден басқа жағдайда, жарыс кезінде өзінен кейін келе жатқан тілшілерге интервью бере алады.

58-бап. Мотоциклде келе жатқан кинооператорлар

1.Жарыс кезінде трассаға кинокамераларды стационарлы орнатылған үш мотоцикл және дыбыс жазу құрылғысы бар бір мотоцикл жіберіледі. Бұл мотоциклдер жарыс кезінде жарысушыларға ешқандай көмек бермеу, сондай-ақ олардың алға қарай қозғалысына кедергі жасамау үшін үнемі маневр жасап отырады.

2.Мотоциклшілер пелотонға жақындауға немесе жарысушыларды қуып жетуге ниетті автомашиналарды өткізуге міндетті.

3.Операторлар жарысушыларға профильде немесе артынан $\frac{3}{4}$ кино түсірілімдер жүргізеді. Операторлар жол әбден кеңейгенше, жарысушылар тобын қуып жету кезінде кино түсірілім жүргізе алмайды.

Таулы учаскелермен көтерілгенде, кинооператор артта болған кезде кино түсірілім жасалады.

4.Мотоциклшілер өздерінің жолаушысы кинотүсірілім, бейнежазба немесе дыбысжазба жасамаған кезде жарысушыларға тікелей жақындап, өздерінің маневрларын жасамауы керек.

5.Мәреге 500 метр қалғанда, жүріп келе жатқан мотоциклден кино түсіруге тыйым салынады.

59-бап. Мәре

1.Ұйымдастырушылар жарысқа аккредиттелген тұлғалар үшін мәре сызығынан әрі жеткілікті кеңістікпен қамтамасыз етуі керек. Бұл аймақ жарыс ұйымдастырушылары, медицина қызметкерлері, команда өкілдері мен бұқаралық ақпарат құралдарының аккредиттелген өкілдерінен басқа, бөгде адамдар үшін жабық болуы тиіс. Бұл аймақтағы тиісті тәртіпті жарыс ұйымдастырушысы тағайындаған арнайы қызметші жүзеге асырады.

60-бап. Прессаға арналған бөлмежай

1.Прессаға арналған бөлмежай мәре сызығына барынша жақын болуы тиіс. Егер ол мәре сызығынан алысырақ болса, оған қолжетімділікке белгі қойылып, көлік қозғалысы үшін жабық болуы тиіс.

2.Жарысты ұйымдастырушылар бұқаралық ақпарат құралдарының аккредиттелген өкілдеріне жақсы жабдықталған қажетті аумағы бар (үстелдер, орындықтар, электр және телефон розеткалары және басқалары) бөлмежайды ұсынуы керек.

3.Прессаға арналған бөлмежай, тек қана аккредиттелген пресса өкілдері мен жарысты ұйымдастыру комитетінің мүшелері үшін ашық болуы керек.

61-бап. Байланыс құралдары

1.Жарысты ұйымдастырушылар прессаға арналған бөлмежайды қажетті барлық байланыс құралдарымен (телефон, факс, интернет) жабдықтауы қажет. Байланыс құралдарына деген қажеттілік, пресса өкілдеріне арналған аккредиттеу нысанын толтыру кезінде көрсетілген мәліметтер бойынша анықталады.

62-бап. Баспасөз конференциясы

1.Алғашқы үш орынды иеленген жарысушылар жарысты ұйымдастырушылармен бірге баспасөз конференциясына қатысуы тиіс. Баспасөз конференциясы прессаға арналған бөлмежайда немесе басқа бекітілген орында өтуі мүмкін.

63-бап. Қатысушылардың тізімі және нәтижелері

1.ҚВСФ нысанына сәйкес жасалған және толтырылған қатысушылардың тізімі және нәтижелердің хаттамалары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне тез арада берілуі тиіс.

64-бап. Аккредиттеуге өтінім

1.Аккредиттеуге өтінімнің нысаны

Фирма - Басылым - Агенттік:		
Арнаулы өкілдер:		
Тегі және аты	Лауазымы	Пресса өкілінің картасы N. (ксерокөшірмесін қоса беру)
Автомобиль - маркасы		Тіркеу нөмірі
Мотоцикл - маркасы		Тіркеу нөмірі
Радиоқабылдағыштың болуы		Ия/жоқ
Жарысты ұйымдастырушы машинасында қосымша орынның болуы:		Ия/жоқ
Прессаға арналған бөлмежай:		Ия/жоқ
Қажет орындар саны:		
Қажетті байланыс құралдары:	- телефон	Ия/жоқ
	- телефакс	Ия/жоқ
	- интернетке қолжетімді компьютер	Ия/жоқ
Фирма - Басылым - Агенттік: (мөр басу):		Күні + қолы:
Біздің жарыс туралы ақпарат мына мекенжайға жіберілуі тиіс:		
Өтінімді берудің соңғы мерзімі:		
Сауалнама парағы мына уақыттан кешіктірмей қайтарылуы тиіс:		

2. Мәрелік қайырманның ар жағындағы фотографтарға арналған кеңістік жолдың 40%-нан аспауы керек. Мәрелік сызықтан бастап, фотографтар орналасқан жерге дейінгі аралық кемінде 15 метр болуы тиіс. Ұйымдастырушы қашықтықты бас төреші және фотографтардың өкілімен бірге жарыстың сипатына қарай бекітеді.

6-тарау. БІР КҮНДІК ЖАРЫСТАР

1. Бір күндік жарыстар – бұл бір күнде бір сәре мен бір мәреден тұратын жарыстар.

65-бап. Қашықтықтар

1. Бір күндік жарыстардағы ең көп қашықтық былайша анықталады:

Санаты	қашықтық
Ерлер	Максимальды 240 км
Ерлер андерлер (19 - 22 жас)	Максимальды 180 км
Әйелдер	Максимальды 140 км
Әйелдер андерлер (19-22 жас)	Максимальды 140 км
Юниорлар (17 - 18 жас)	Максимальды 140 км
Юниор қыздар (17 - 18 жас)	Максимальды 80 км

17 жастан кіші жарысушылар үшін ҚВСФ-нің басшылық органы максимальды қашықтықты белгілейді.

66-бап. Трасса

1. Ұйымдастырушы арнайы қалқанда мынадай ақпаратты көрсетуі керек: нөлдік километр (жарыстың нақты сәресі), отызыншы километр, одан кейін соңғы 25, 20, 10, 5, 4, 3 және 2 км деген қашықтықтың белгілері. Айналма трассада аяқталатын жарыстарда тек қана соңғы 3, 2, 1 км деген қашықтықтың белгілері қарастырылады және өткен айналымдар саны белгіленеді.

Ұйымдастырушы мәрелік сызыққа дейін мына аралықты белгілеуі тиіс: 500м, 300м, 200м, 150м, 100м және 50м.

2. Қашықтықтың соңғы километрі қызық түсті үшбұрышпен белгіленуі тиіс. Мәредегі баннерді санамағанда, басқа ешқандай баннер қызыл түсті үшбұрыштан жоғары ілінбеуі тиіс.

3. Ұйымдастырушы жарыс ұйымдастырушысының, төрешілердің, жарыстың ресми дәрігерінің және жарыс жеңімпазы командасы өкілінің машинасынан басқа, жарысқа ілесіп келе жатқан барлық машиналар (мотоциклдерді қоса алғанда) үшін трассадан мәреге шығар алдындағы жолды қарастыруға міндетті.

Команда өкілі, егер өзінің жарысушысы қалған топтан кемінде бір минутқа ұзап кетсе ғана, оның соңынан жүріп отыруы тиіс.

4. Егер жарыс айналма трассада өтіп жатса, бір айналымның ұзақтығы кемінде 10 м болуы тиіс.

5. Ұйымдастырушы ҚВСФ-ға трассаның ұзақтығына артықшылық беру немесе қысқартуды сұрауы мүмкін. Өтініште мұндай өзгертудің себептеріне негізделген, трассаның егжей-тегжейлі сипаттамасы қоса беріледі.

6. Келесі шарттар сақталса, жарыстың бір бөлігі айналма трассада өтеді: Айналым ұзақтығы кемінде 3 км;

Ең көп айналым саны мынаны құрауы керек:

- 1) ұзақтығы 3-тен 5 км-ге дейінгі айналым үшін 3;
- 2) ұзақтығы 5-тен 8 км-ге дейінгі айналым үшін 5;
- 3) ұзақтығы 8-ден 10 км-ге дейінгі айналым үшін 8.

7.Төрешілер жарыс барысының қалыпты болуы үшін, әсіресе соңғы айналымда жарыс жағдайы өзгерген кезде шаралар қабылдауы керек.

67-бап. Жарыстың сөресі

1.Жарысушылар мен олардың командасының өкілдері, сөрелік параққа қол қою үшін белгіленген орында барлығы жиналуы тиіс.

2.Сөрелік параққа қол қою үшін жарыс киімінде (ресми веломайка және команданың велотрусиі) қатысулары керек.Олар старт орнына шыққанға дейін 15 минут қалғанда, одан кешікпей бірге жиналуы керек.

3. Сөрелік параққа қол қою рәсімі, жарысушылардың старт орнына шығуына 10 минут қалғанда аяқталады. Жарысушылар сөрелік параққа қол қоюға міндетті, әйтпесе жарыстан шығады. Алайда, төрешілер алқасы әрбір нақты жағдайда, жарысушыға жарысқа шығуына рұқсат беруі мүмкін.

4.Нақты старт сол орыннан немесе жарысушылар жиналған қосыннан 10 км-дей жерде беріледі.

68-бап. Жарысушылардың құқықтары мен міндеттері

1.Барлық жарысушылар тамақ, сусын, кілт және басқаларын беру түрінде бір-біріне елеусіз көмек көрсете алады.

2.Тек қана бір және сол команданың жарысушыларына дөңгелектерді беру немесе алмастыру, велосипедін басқа жарысушыға беру, сондай-ақ қалып қойған жарысушыны күту және көмек көрсетуге рұқсат етіледі.

3.Бір жарысушыны басқасының итеруіне барлық жағдайда тыйым салынған. Бұл қағиданы бұзғандар шеттетуге ұшырайды.

4.Жарысушылар жарыс кезінде бас төрешінің машинасының соңынан келе жатқан команда өкілінің машинасынан жауын өткізбейтін жамылғыны қабылдап, өз формасының бір бөлігін бере алады.

5.Команданың бір мүшесі осы шарттарды сақтаған кезде, командалас жолдасына осындай көмекті көрсете алады.

6.Айналма трассада жарыс аяқталған кезде, жарысушылар бір-біріне көмектесе алады, егер бұл ережеде (регламентте) рұқсат етілсе және олар бір аралықтан өтіп келе жатса.

69-бап. Ілесетін машиналар

1.Машиналардың ілесу тәртібі осы Қағиданың 76-бабымен айқындалады.

2.Әрбір аралас командаға техникалық көмек көрсету бейтарап транспорт арқылы жүзеге асырылады. Ұйымдастырушы жарысушыларға техникалық көмек көрсету үшін трассада ең аз дегенде үш бейтарап және жарақталған транспорт құралдарының (автомашина немесе мотоцикл) болуын, сондай-ақ қалып қойған немесе қашықтықтан шығып қалған жарысушыларды жинау үшін автобустың («жарыстың соңы») болуын қарастыруы тиіс.

3.Топтың соңынан команданың бір ғана машинасы ілесе алады.

4.Командалардың машиналарының жарыста ілесу тәртібі былайша болады:

- 1) команда өкілдерінің кеңесінде таныстырылған және көрсетілген мерзімде өзінің қатысуын растаған командалардың машиналары;

- 2) команда өкілдерінің кеңесінде таныстырылған, бірақ көрсетілген мерзімде өзінің қатысуын растамаған командалардың машиналары;
 - 3) команда өкілдерінің кеңесінде таныстырылмаған командалардың машиналары.
5. Әр топтағы машиналардың ілесу тәртібі команда өкілдерінің кеңесінде өткізілетін жеребе тартумен анықталады.
6. Барлық жарыстарда жеребе тарту команданың атауы көрсетілетін карточканың көмегімен өткізіледі. Бірінші таңдаған командаға автотранспорттың бірінші болып ілесуі, екіншіге-екінші және солай кете береді.
7. Жарыс кезінде автомашиналар керуені бас төрешінің немесе ол тағайындаған төрешінің соңынан ілесіп жүруі тиіс. Автомашиналардағы жолаушылар кез келген жағдайда, жарыс төрешілерінің нұсқауларын орындауы тиіс, олар өз кезегінде транспорт құралдарының маневрларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек.
8. Жарыс төрешісінің машинасын өз бетінше басып озғысы келген кез келген жүргізуші, төрешінің машинасына жақындап келіп, өзінің өтінішін айтуы керек. Тек төрешінің рұқсатын алған соң ғана басып озуға құқылы. Жүргізуші өзінің міндетін орындаған соң, дереу қайтадан керуендегі өз орнына баруға міндетті.
9. Тек бір ғана автомашинаға өлшеміне қарамастан, бір мезетте жарысушылар тобын басып озуына болады.
10. Жарысушылар тобы пелотоннан озып кетсе, ілесуші машиналар, егер мұндай әрекет үшін айырма жеткілікті деп санаса, төрешінің рұқсатынсыз алдағылар мен негізгі топтың арасында қалып қоймауы тиіс.
11. Бірде бір автомашинаның қашықтықтың соңғы 10 км-де жарысушыларды басып озуына құқығы жоқ.
12. Қазақстан чемпионаттарын өткізу кезінде, төмендегі транспорт құралдары жарысқа қатыса алады:
- 1) Бас төрешінің машинасы;
 - 2) Екінші төрешінің машинасы;
 - 3) үшінші төрешінің машинасы;
 - 4) төртінші төрешінің машинасы;
 - 5) ҚВСФ-нің үш машинасы;
 - 6) Жарыс дәрігерінің машинасы;
 - 7) Екі жедел жәрдем машинасы;
 - 8) Қажет болса, полицияның машинасы;
 - 9) Техникалық көмек көрсету үшін командалардың машиналары плюс төрт бейтарап транспорт құралы;
 - 10) Кинокамерасы бар үш мотоцикл және дыбыс жазатын бір мотоцикл;
 - 11) Төрешілер бар екі мотоцикл;
 - 12) Фотограф бар екі мотоцикл;
 - 13) Қажет болса, жол қозғалысы басшысы бар мотоцикл;
 - 14) Екі ақпараттық мотоцикл;
 - 15) Дәрігердің мотоциклі;
 - 16) Ақпарат тақтасы бар мотоцикл;
 - 17) Полицияның мотоциклі;
 - 18) Жарыстың соңындағы автобус («жарыстың соңы»).
13. Транспорт құралдары 76-бапқа сәйкес жарыс керуенінің диаграммасына сәйкес қозғалуы керек.
14. Қазақстан чемпионаттарын өткізу кезінде команда машиналарының ілесу тәртібі былайша анықталады:
- 1) Жарысқа қатысуға он және одан көп жарысушыға, өтінім берген командалардың машиналары;
 - 2) Жарысқа қатысуға бестен онға дейін жарысушыға, өтінім берген командалардың машиналары;

- 3) Жарысқа қатысуға бестен аз жарысушыға, өтінім берген командалардың машиналары;
- 15.Әр топтағы командалардың машиналарының жарыста ілесу тәртібі команда өкілдерінің кеңесінде өткізілетін жеребе тартумен анықталады.
- 1) команда өкілдерінің кеңесінде таныстырылған және көрсетілген мерзімде өзінің қатысуын растаған командалардың машиналары;
 - 2) команда өкілдерінің кеңесінде таныстырылған, бірақ көрсетілген мерзімде өзінің қатысуын растамаған командалардың машиналары;
 - 3) команда өкілдерінің кеңесінде таныстырылмаған командалардың машиналары.
- 16.Барлық жарыстарда жеребе тарту команданың атауы көрсетілетін карточканың көмегімен өткізіледі. Бірінші таңдаған командаға автотранспорттың бірінші болып ілесуі, екіншіге-екінші және солай кете береді.

70-бап. Тамақтану

- 1.Жарысты немесе ұзақтығы 150 км-ге дейін кезеңді өткізу кезінде жарысушыларды тамақ және сусындармен тек команда автомашинасынан қамтамасыз ету ұсынылады. Тамақ және сусындар сөмкеде немесе құтымен (флягпен) берілуі тиіс.
- 2.Жарысушылар тамақты беру кезінде өз командасының машинасымен қатар жүруі және тамақ пен сусындарды автомашинадан алуы тиіс. Тамақ және сусындарды беру жарысушылар тобының соңынан ілесіп келе жатқан, тек қана төрешінің машинасынан жүзеге асырылады.
- 3.Жарысушылар 15 адам және одан көп болып алысқа ұзап кеткенде, тамақ пен сусындарды беру, сол топтың соңында жүзеге асырылады.
- 4.Жарысты ұйымдастырушы жарысты немесе кезеңді өткізу кезінде арнайы қосындарда тамақ беруді қарастыруы тиіс. Тамақ беру аймағының тиісті белгісі болуы керек. Тамақ беру аймағы жарысушыларға тамақ және сусындарды дұрыс беру үшін жеткілікті аралықта болуы керек.
- 5.Тамақ пен сусындарды команданың арнайы қызмет көрсетуші персоналы ғана жүзеге асырады. Бұл персонал жолдың тек бір жағынан ғана орналасады.
- 6.Мынадай кез келген тамақтандыруға (машинадан немесе жерден) тыйым салынады:
 - 1) жарыстың алғашқы 30 және соңғы 20 км-де;
 - 2) нәтижесі екінші сыныптамаға есептелетін (ұпай сыныптамасы, тау королінің сыныптамасы және т.б.) мәре алдындағы соңғы километрде, бонификациялық мәре, тамақтану аймағы;
 - 3) нәтижесі екінші сыныптамаға есептелетін (ұпай сыныптамасы, тау королінің сыныптамасы және т.б.) мәреден кейінгі 500 метрде, бонификациялық мәре, тамақтану аймағы;
 - 4) тау сыныптамасындағы таудан түсерде;
 - 5) бас төрешінің айқындаған кез келген аймағында.
- 7.Бас төрешілер алқасы ауа-райына және жарыстың санаты, тұрпаты және ұзақтығына байланысты жоғарыда көрсетілген қашықтықты қысқартуы мүмкін. Мұндай шешім жарыс алдында немесе команда менеджерлерінің жиналысында, радотур бойынша мүдделі барлық тараптарға жеткізілуі тиіс.

71-бап. Техникалық көмек көрсету

- 1.Жарысушылар өз командаларының механиктерінен немесе бейтарап транспорт құралынан, сондай-ақ керуен соңындағы автобустан («жарыс соңы») техникалық көмек алуына болады.

2.Жарыс кезінде велосипедті ауыстырған жағдайда, бұзылған велосипед жарысқа ілесуші машинамен болмаса бейтарап транспорт құралымен, болмаса жарыс соңындағы машинамен жөнделуі тиіс.

3.Велосипедтерді рұқсат етілген аймақта ауыстыратын айналым бойынша жарыстан басқа жарыстарда, техникалық көмек көрсету трассаның бекітілген қосындарында дөңгелекті ауыстырумен шектеледі.

4.Осы бапқа сәйкес кез келген дұрыс көрсетілмеген техникалық көмек, жарысушыны дереу болмаса төрешілердің дәлелдері мен растамасы болған жағдайда, жарыстан кейін шеттетуге алып келеді.

5.Жарыстағы жарысушының қандай да бір жағдайына қарамастан, ол тек қана топтың соңында, велосипедтен түсіп, механикалық тексеру көмегін (мысалы, тежегіш) алуы мүмкін. Қозғалып келе жатқан автомобильдегі механиктің шынжырды майлауына тыйым салынады.

Құлаған жағдайда, төрешілер шешім шығарады.

6.Жарысушыға арналған құрал-жабдықтың ешқайсысы ілесу машинасынан тыс болмауы керек. Ілесу машинасындағы жолаушылар машинадан басын сұқпауы тиіс.

7. Егер жарыс ережесінде (регламентінде) мотоциклдан техникалық көмек көрсетуге рұқсат етілсе, мотоциклші өзімен бірге тек қана қосалқы дөңгелек алып жүруі керек.

72-бап. Теміржол өткелдері

1.Шлагбаум түсіп тұрған кезде, теміржол өткелдерінен өтуге қатаң тыйым салынады.

2.Бұл ережені бұзғандарды заңда көзделген жазадан басқа, төрешілер жарыстан шығарады.Бұл жағдайда мынадай ережелер қолданылады:

1) Негізгі топтан озып кеткен бір немесе одан көп жарысушылар, бірақ шлагбаум топ оларды қуып жеткенде, ашылғанға дейін теміржол өткелінде тоқтайды. Бұл ретте ешқандай іс-әрекет қолданылмайды, бұл жағдай жарыс уақытында болған оқиға ретінде қарастырылады.

2) Негізгі топтан 30 секундқа озып кеткен бір немесе одан көп жарысушылар теміржол өткелінде тоқтайды және негізгі топ ұзап кеткен жарысушыларды шлагбаум ашылғанша қуып жетеді. Бұл жағдайда, жарыс жарысушы немесе топтың, теміржол өткеліне дейін ұзап кеткен жарысушылар арасындағы айырманы ескере отырып тоқтатылады және есептеу үшін қайта ашылады. Жарыс старты жарыстың ресми өкілдерінің машиналары өткен соң беріледі.

3) Егер ұзап кету 30 секундтан аз болса, шлагбаумды жабу жарыстағы қалыпты жағдай ретінде қаралады.

4) Егер ұзап кеткен бір немесе одан көп жарысушы теміржол өткелін шлагбаум жабылғанша өтіп кетсе, онда негізгі топ теміржол өткелінде тоқтайды, басқа ештеңе істемейді және мұндай оқиға жарыс кезінде болған әдеттегі жағдай ретінде қабылданады.

5) Егер жарысушылар теміржол өткелі жабылуына байланысты екі топқа бөлінсе, бірінші топ жылдамдықты азайтады, сондай-ақ шлагбаум жабылғанша, үлгірмеген екінші топтың бірінші топқа қайта оралуы үшін тоқтауы да мүмкін.

6) Басқа күтпеген жағдайда (мысалы шлагбаум ұзақ уақытқа жабылса және т.б.) шешімді

төрешілер қабылдайды.

3.Бұл бап жарыстағы ұқсас жағдайларға (көпірдің ашылуы, жолда күтпеген жағдайлар туындаған кезде және т.б.) да таратылады.

73-бап. Мәреге келу

1.Жарысушылар басқа жарысушыларға қауіпті жағдай тудырмас үшін мәреде түзу сызықты сақтауы тиіс.

74-бап. Мәре және хронометраж

1.Сыныптама барлық кезде жарысушылар мәре сызығынан өту тәртібімен анықталады. Жұлделер мен ұпайларды бөлу сыныптамаға сәйкес жүргізіледі. Мәредегі сыныптама жарысушыларды екінші жеке сыныптамада бөлу үшін қолданылады.

2.Міндетті түрде хронометраждың электронды таспасымен фотомәрені пайдалану қажет.

3.Жеңімпаздың уақытынан 8%-дан көп мәреге келген кез келген жарысушы, сыныптамада орын алмайды. Мәреге келу уақытының лимиті төрешілер алқасының шешімімен және жарыс ұйымдастырушысының кеңесі бойынша ерекше жағдайда көбеюі мүмкін.

4.Қазақстан чемпионатында көшбастаушылардан бір айналымға қалып қойған кез келген жарысушы, олар соңғы айналымға кіргенше, жарыстан шығып кетуге міндетті. Қалған барлық жарысушылар, мәреде алған орындарына сәйкес сыныптамада орындарды иеленеді.

5.Бір топта мәреге жеткен барлық жарысушылар сол топтағы мәреге бірінші келген жарысушының уақыты бойынша анықталатын бірдей және сол уақытты алады. Төреші-хронометражшылар жарыста қалған және шығып қалғандармен бірге «жарыс соңы» автобусының келуіне дейін өздерінің жұмысын жалғастыруы тиіс. Хронометражшылар бекітілген уақыт лимиті қолданысқа енгеннен кейін, жарысушылардың мәредегі уақытын бекітуі тиіс және мәредегі уақытты көрсете отырып, бас төрешіге хаттаманы ұсынады.

6.Жарысушылардың мәреге келу уақыты бір секундке дейін нақты көрсетіледі.

7.Егер жарыстың мәресі велотректе өткізілсе, мәре үшін оның бүкіл полотносы қолданылуы мүмкін. Жарысушылардың мәреге келу уақыты, олар тректің полотносына кірген кезде тіркеледі. Сонымен қатар, әртүрлі топта мәреге келген жарысушылар арасында шатасу болмас үшін төрешілер трекке кірген кезде, жарысты тоқтату туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Егер тректегі мәре мақсатқа сай емес деп саналса, ол басқа орынға ауыстырылады. Барлық жарысушылар бұл туралы қолжетімді құралдармен хабардар етілуі тиіс.

8.Егер барлық қолжетімді құралдарды пайдаланған соң, Қазақстан чемпионатындағы жарыстың үш жеңімпазының біреуін анықтау мүмкін болмаса, онда осы жарысушылардың әрқайсысы бірдей орынды иеленеді. Бұл ретте қалған екі (үш) жарысушы марапатталмайды.

9. Командалық сыныптама қосымша болып табылады және командалардың үш үздік жарысушысының жарыста жүріп өткен уақытының сомасымен анықталады.

10.Егер ұпай тең болса, сыныптамадағы команданың жағдайы оның қатысушыларының жарыста иеленген орындарының сомасымен анықталады.

11.Егер бұдан кейін де теңдік сақталатын болса, сыныптамадағы команданың жағдайы жарыста жоғары орын иеленген жарысушымен анықталады.


75-бап. Шеттету (Дисквалификация)

1.Егер жарысушы жарыс нәтижелерін бекіткенге дейін шеттетілсе, жеке сыныптама, қажет болса командалық сыныптама қайта қаралады.

2.Егер жарысушы жарыс нәтижелерін бекіткеннен кейін шеттетілсе, жеке сыныптама, қажет болса алғашқы 20 орынға дейін қайта қаралуы тиіс. Басқа жарысушылар үшін

шеттетілген жарысушының орны бос болып қала береді. Қажет болса, командалық сыныптама толық қайта қаралады.

76-бап. Жарыс керуенінің сызбасы



7-тарау. УАҚЫТҚА ЖЕКЕ ЖАРЫС

77-бап. Қашықтықтар

1. Келесі қашықтықтар қолданылады:

санаты	қашықтық
Ерлер	Максимальды 80 км
Ерлер андерлер 19-22 жас	Максимальды 40 км
Әйелдер	Максимальды 40 км
Әйелдер андерлер 19-22 жас	Максимальды 40 км
Юниорлар (17 - 18 жас)	Максимальды 30 км

2.17 жастан кіші жарысушылар үшін максимальды қашықтықты ҚВСФ-нің басшы органы белгілейді.

78-бап. Трасса

- 1.Жарыс трассасы қауіпсіз және жақсы белгіленген болуы тиіс.
- 2.Старт басталған сәттен бастап, трассада тек жарысушылар өздерінен кейін ілесіп келе жатқан машиналармен болуы тиіс.
- 3.Өткен аралық ең аз дегенде, әр 5 км қашықтық сайын анық көрсетілуі керек. Тауға шығатын жарыстарда өткен аралық әрбір километр сайын анық көрсетілуі керек.
- 4.Ұйымдастырушы сөре аймағына жақын кемінде 800 метрде қатысушылардың қыздырынуы үшін орын (айналым) қарастыруы тиіс.

79-бап. Сөренің тәртібі

- 1.Жарысты ұйымдастырушы жарыс бағдарламасында - техникалық анықтамалықта келтірілген объективті талаптарға сәйкес сөренің тәртібін белгілейді.
- 2.Жарысушылар бірдей аралықта сөреден шығуы тиіс. Дегенмен, бұл аралық соңғы болып шығатын жарысушылар үшін көбеюі мүмкін.
- 3.Уақытқа жеке жарыстың кезеңдерінде сөреден шығу тәртібі осы Қағиданың 97-бабының ережелерімен анықталады.
- 4.Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионатында ҚВСФ сөреден шығу тәртібін белгілейді.

80-бап. Старт (Сөре)

- 1.Барлық жарысушылар өзінің стартына дейін 15 минут қалғанда, одан кешікпей, өзінің велосипедтерімен бірге тексеру үшін сөредегі орынға шығуы тиіс. Жарысқа шығар алдында қосымша тексеру болуы мүмкін.
- 2.Спортшының жарыстағы сөресі орнынан басталады. Сөредегі төреші жарысушыны қозғалмай ұстап тұрады, старт болған сәтте итермей жібереді. Жарыстағы жарысушыларды сөреде тек бір ғана және сол адам ұстап тұруы тиіс.
- 3.Егер старттың уақыты электронды жолақпен тіркелетін болса, велосипедтің алдыңғы дөңгелегі шинасының электронды жолақпен байланысатын нүктесінің арасы 10 см болуы керек. Старт сөрелік рампадан беріледі.

81-бап. Хронометраж

- 1.Жарысушы кері есепті жүргізетін төрешінің дабылы бойынша жарысты бастауы тиіс. Кері есеп аяқталғаннан кейін секундсанағыш қосылады. Сөреге кешіккен әр жарысушының уақыты, кесте бойынша оның сөредегі уақытынан бастап есептеледі.
- 2.Сөре велосипедтің алдыңғы дөңгелегі шинасының, сөре сызығына бекітілген таспаға тиген кезде тіркеледі. Егер жарысушы кері есеп аяқталғанға дейін немесе одан кейінгі 5 секундта сөреден шықса, оның уақыты электронды таспаға тиген сәттен бастап есептеледі. Егер жарысушы 5 секунд кідіргеннен кейін немесе электронды хронометражда техникалық ақаулар болған кезде сөреден шықса, жарысушының уақыты кері есеп аяқталғаннан кейінгі қол хронометраж бойынша есептеледі.
- 3.Хронометраж жарыс қашықтығының бірнеше нүктесінде жүзеге асырылуы тиіс, сол арқылы жарысушылар мен көрермендер жарыстың барысы туралы тұрақты ақпарат алып отырады.
- 4.Мәреге келу уақыты, бір ондық секундқа дейін минимум дәлдікпен тіркеледі.
- 5.Қазақстан Республикасының чемпионаттарында уақыт, бір жүздік секундқа дейін минимум дәлдікпен тіркеледі.

82-бап. Жарыстан өту

- 1.Егер бір жарысушы басқаны басып озса, оның көш бастауға құқы жоқ және өзі қуып жеткен жарысушының «дөңгелегінде отыруы» тиіс.
 - 2.Өзін қуып жету кезінде жарысушы, оны қуып жеткен жарысушыдан кемінде 2 метрдей аралықта болуы тиіс.
 - 3.Өзін қуып жеткен жарысушы 1 км-ден кейін, алдында келе жатқан жарысушыдан кемінде 25 метр қашықтықты ұстап отыруы тиіс.
 - 4.Жарыс төрешісі қажетіне қарай, көзделген айыппұл санкцияларын қолданудан басқа, қатар келе жатқан жарысушыларды 2 метр немесе 25 метр аралықта жүруді міндеттейді.
- Жарысушылардың бір-біріне көмек көрсетуге құқығы жоқ.
- 5.Уақытқа жеке жарыста жарысушыларға тамақтану мен тамақ беру шарттары арнайы регламентпен айқындалады.

83-бап. Ілесетін машиналар

- 1.Ілесетін машина жарысушының соңында 25 метр аралықта жүріп отыруы тиіс. Ілесетін машина жарысушыны басып озбауы және онымен қатар жүрмеуі тиіс. Егер дөңгелек жарылса немесе велосипед бұзылса, жарысушы велосипедтен түскен сәттен бастап қана техникалық көмек көрсетілуі тиіс. Бұл ретте машина оған кедергі болмауы керек.
- 2.Жарысушының ілесетін машинасын жарысушылар арасында кемінде 100 метр болса, басқа жарысушы қуып жетеді, бұл жағдайда басқа жарысушыға ілесетін машинаға жол беруі тиіс.
- 3.Басқа жарысушыны қуып жеткен жарысушыға ілесетін машина, егер олардың арасындағы қашықтық кемінде 50 метр болса, олардың арасында қалмауы тиіс. Бұл аралықты едәуір қысқартқан кезде, бұл жарысушының ілесетін машинасы екінші жарысушының соңында жүруі тиіс.
- 4.Ілесетін машина дөңгелекті немесе велосипедті ауыстыруға арналған құрал-жабдықтармен жарақтандырылуы керек.
- 5.Жарысушыға арналған кез келген құрал-жабдықты машинадан тыс дайын ұстап тұруға тыйым салынады. Ілесетін машинаның жолаушылары одан басын сұқпауы тиіс.
- 6.Егер мотоциклден техникалық көмек көрсетуге рұқсат етілсе, мотоциклші өзімен бірге қосалқы дөңгелекті алып жүре алады.
- 7.Мегафондар ен дауыс күшейткіштерді пайдалануға болады.

84-бап. Шеттету (дисквалификация)

- 1.Егер жарысушы жарыс нәтижелерін бекіткенге дейін шеттетілсе, сыныптама қайта қаралатын болады.
2. Егер жарысушы жарыс нәтижелерін бекіткеннен кейін шеттетілсе, жеке сыныптама, қажет болса алғашқы 20 орынға дейін қайта қаралуы тиіс. Басқа жарысушылар үшін шеттетілген жарысушының орны бос болып қала береді.

8-тарау. КОМАНДАЛЫҚ ЖАРЫСТАР

- 1.Әр командадан сөреден шығатын жарысушылар саны – 4. Команда 4-ден аз жарысушымен де сөреден шыға алады.

2. Аралас командалық эстафета үшін әр командадан сөреден шығатын жарысушылар саны 2-ден 6 адамға дейін, әр команда үшін әр жыныстан жарысушылардың саны тең болуы керек.
3. Командадағы ең көп адам саны 12, бірақ одан асырмау керек, әр команда үшін әр жыныстан жарысушылардың саны тең болуы керек.
4. Аралас командалық эстафета үшін толық құраммен сөреден жарысқа шығуы керек.

85-бап. Қашықтықтар

1. Командалық жарыстарды өткізу кезіндегі максимальды қашықтық:

санаты	қашықтық
Ерлер	Максимальды 100 км
Ерлер андерлер 19-22 жас	Максимальды 80 км
Әйелдер	Максимальды 50 км
Әйелдер андерлер 19-22 жас	Максимальды 40 км
Юниорлар (17 - 18 жас)	Максимальды 70 км
Юниор қыздар (17 - 18 жас)	Максимальды 30 км

Аралас команда:

Ерлер/әйелдер элита	Максимальды 30 км
Ерлер/әйелдер андерлер 19-22 жас	Әр жыныстағылар үшін

Аралас команда:

Юниорлар (17 - 18 жас)	Максимальды 15 км
Юниор қыздар (17 - 18 жас)	Әр жыныстағылар үшін

2.17 жастан кіші жарысушылар үшін максимальды қашықтықты ҚВСФ-нің басшы органы белгілейді.

86-бап. Трасса

1. Жарыс трассасы қауіпсіз және жақсы белгіленген болуы тиіс.
2. Старт басталған сәттен бастап трассада тек жарысушылар өздерінен кейін ілесіп келе жатқан машиналармен болуы тиіс.
3. Өткен аралық ең аз дегенде, әр 10 км қашықтық сайын анық көрсетілуі керек. Қашықтықтың соңғы шақырымы қызыл түсті үшбұрышпен белгіленуі тиіс. Тауға шығатын жарыстарда өткен аралық әрбір километр сайын анық көрсетілуі керек.
4. Ұйымдастырушы сөре аймағына жақын кемінде 800 метрде қатысушылардың қыздыруы үшін орын (айналым) қарастыруы тиіс.

87-бап. Сөренің тәртібі

- 1.Жарысты ұйымдастырушы жарыс бағдарламасында- техникалық анықтамалықта келтірілген объективті талаптарға сәйкес сөренің тәртібін белгілейді.
- 2.Эстафеталық командалық жарыста ер жарысушылар бірінші болып сөреден шығады және өз командасының әйел қатысушысына эстафетаны береді.
- 3.Уақытқа көпкүндік жарыстың уақытқа командалық жарыста сөреден шығу тәртібі осы Қағиданың 98-бабы 1-тармағының ережелерімен анықталады.
- 4.Командалар бірдей аралықта сөреден шығуы тиіс. Дегенмен, бұл аралық соңғы болып шығатын командалар арасында көбеюі мүмкін.

88-бап. Старт (Сөре)

- 1.Барлық командалар өз командасының хаттамасы бойынша, өзінің стартына дейін 15 минут қалғанда, одан кешікпей, өздерінің велосипедтерімен бірге тексеру үшін сөредегі орынға шығуы тиіс.
- 2.Стартқа кешіккен команданың қашықтықты өту уақыты хаттамада көрсетілген старт уақытынан бастап есептеледі. Егер команданың жарысушысы стартқа кешіксе, команда оны күтеді немесе кешіккен жарысушысыз стартқа шығады. Кешіккен қатысушы жеке өзі сөреден шығады. Бұл ретте оның уақыты кесте бойынша сөредегі уақыттан бастап есепке алынады.
- 3.Старт сызығына қаз қатар тізілген жарысушылардың сөреде стартердің дабылы бойынша оарды итерусіз жіберетін төрешілер ұстап тұрады. Старттағы барлық командаларды бір және сол төрешілер ұстап тұрады. Бұл ресім аралас эстафеталық жарыста стартқа шығатын жарысушының бірінші жынысына да қатысты қолданылады.
4. Эстафетаны алатын жарысушылар сөрелік сызықпен айқындалған старт жолдарында орналасуы тиіс.
- 5.Қазақстан Республикасының чемпионаты үшін үш старт жолы қарастырылуы тиіс.
- 6.Сөреде жарысушыларды сөре сызығында ерекше қызметшілер (ұстаушылар) ұстап тұрады, сосын старт дабылы бойынша жіберіледі, бірақ итеріспейді. Ұстаушылар әрбір сөре жолында барлық командалар үшін бірдей болуы керек. Жарысушылар эстафета аймағын бақылайтын және сөре жолын тағайындайтын төрешілер берген нұқсауларды сақтауы тиіс.
- 7.Фальстарт осы Қағиданың 89-бабы 3-6-тармақтарына сәйкес жарысушылардың біреуі, оның командасындағы тиісті жарысушы эстафета сызығын қиып өткенге дейін қозғала бастаса (старт алса) болады. Фальстарт санкция кестесіне (UCI регламентінің 2.12.007-бабы) сәйкес жазаланады.

89-бап. Хронометраж және сыныптама

- 1.Хронометраж жарыс қашықтығының бірнеше нүктесінде жүзеге асырылуы тиіс, сол арқылы жарысушылар мен көрермендер жарыстың барысы туралы тұрақты ақпарат алып отырады.
- 2.Мәреге келу уақыты бір ондық секундқа дейін минимум дәлдікпен тіркеледі.
- 3.Команданың қашықтықты өту уақыты, үшінші жарысушының мәре сызығын алдыңғы дөңгелегімен қиып өткен кезде анықталады.
- 4.Аралас эстафета үшін команданың қашықтықты өту уақыты және қандай жарысушының мәре сызығын алдыңғы дөңгелегімен қиып өтіп эстафетаны беру жарыс регламентімен (ережесімен) анықталады.
5. Аралас эстафетаның нәтижесі деп екі жыныстағы жарысушылардың қашықтықты үздіксіз уақыты саналады.

6. Егер жарыс ұйымдастырушылары ұсынған релейлік жүйеде ерте немесе кеш стартқа алып келетін механикалық ақаулар болса, төрешілер алқасы нақты тіркелген уақытты ескеріп, соңғы нәтижелерді түзетуі мүмкін.

90-бап. Жарыс кезіндегі командалардың мінез-құлқы

1. Егер бір команда басқаны басып озса, бірде бір команданың «көш бастаушы» артықшылығын пайдаланбайы тиіс. Бұл ереже қалып қойған жарысушыларға да қатысты. Қалып қойған қатысушы өзін қуып жеткен командаға қосыла алмайды және одан қандай да бір көмек алуға немесе оған көмек көрсетуге құқығы жоқ.

2. Егер команданы басқа команда қуып жетсе, ол 2 метр аралықта қапталда жүріп отыруы тиіс.

Аралас эстафетада өздерінің эстафетасын қабылдаған командалар, бір мезетте олардың арасындағы 2 метрдегі қапталдағы соңылауды ескеруі керек.

3. 1 км-ден кейін өзін қуып жеткен командадан қалып қойған команда, одан кемінде 25 метр аралықта жүріп отыруы керек.

4. Аралас эстафетада төреші 1 километрден кейінгі жағдайды ескеріп, қандай команданың басқа командадан кемінде 25 метр аралықта жүріп отыратындығын шешеді.

5. Жарыс төрешісі қажетіне қарай, көзделген айыппұл санкцияларынан қолданудан басқа (UCI-дің регламентінің 2.12.007-бабы), қатар келе жатқан жарысушыларды 2 метр немесе 25 метр аралықта жүруді міндеттейді.

6. Тіпті бір команданың жарысушылары бір-бірін итере алмайды.

7. Бір және сол команданың жарысушылары арасында командалық жарыс кезінде тамақ, сусындар беруге, құрал-жабдықтар, дөңгелектер немесе велосипедтер беруге рұқсат етіледі.

8. Уақытқа командалық жарыс кезінде тамақ беру және тамақ берудің басқа шарттары арнайы регламентпен айқындалады.

91-бап. Ілесетін машиналар

1. Ілесетін машина жарысушының соңында кемінде 10 метр аралықта жүріп отыруы тиіс. Ілесетін машина жарысушыны басып озбауы және онымен қатар жүрмеуі тиіс. Егер дөңгелек жарылса немесе велосипед бұзылса, жарысушы велосипедтен түскен сәттен бастап қана техникалық көмек көрсетуі тиіс.

2. Басқа жарысушыны қуып жеткен жарысушыға ілесетін команданың машинасы егер жарысушының (жарысушылардың) арасындағы қашықтық кемінде 50 метр болса, олардың арасында қалмауы тиіс. Қалып қойған жарысушылар қандай жағдайда болмасын, жарыс кезінде өзін желден қорғау үшін ілесетін машинаның соңында жүрмеуі тиіс.

3. Командаға ілесетін машина командалар арасында кемінде 100 метр болса, басқа команда қуып жетеді, бұл жағдайда басқа жарысушыға ілесетін команданың машинасына жол беруі және соның соңынан жүруі тиіс.

4. Басқа команданы қуып жеткен командаға ілесетін машина басып озған кезде, егер олардың арасы кемінде 60 метр болса, командалар арасында қалып қоймауы керек. Бұл аралық едәуір қысқарса да, осы командаға ілесетін машина екінші команданың соңында жүруі тиіс.

5. Ілесетін машина дөңгелекті немесе велосипедті ауыстыруға арналған қажетті құрал-жабдықтармен жарақтандырылуы тиіс.

6. Жарысушыға арналған кез келген құрал-жабдықты машинадан тыс дайын ұстап тұруға тыйым салынады. Ілесетін машинаның жолаушылары одан басын сұқпауы тиіс.

7. Егер мотоциклден техникалық көмек көрсетуге рұқсат етілсе, мотоциклші өзімен бірге қосалқы дөңгелекті алып жүре алады.

8. Мегафондар ен дауыс күшейткіштерді пайдалануға болады.

92-бап. Шеттету (дисквалификация)

1.Егер жарысушы шеттетілсе, оның командасы да шеттетіледі. Бұл ретте сыныптама қайта қаралатын болады.

9-тарау. КӨПКҮНДІК ЖАРЫСТАР

1.Көпкүндік жарыстар жалпы уақыт бойынша сыныптамасымен, ең аз дегенде екі күн болады. Көпкүндік жарыстар тасжолдағы топтық жарыстар және уақытқа жарыс кезеңдерін өткізетін кезеңдерді қамтиды.

2.Топтық жарыстардың кезеңдері ерекше ережелер болмағанда, тасжолдағы бір күндік жарыстар сияқты өткізіледі, ал уақытқа жарыс оған бекітілген регламентке сәйкес өтеді.

3.Уақытқа командалық жарысты өткізудің кезеңдері көпкүндік жарыстың үштен бірі ішінде өткізіледі.

93-бап. Қатысу

1.Көпкүндік жарыстарға тек қана командалар қатысады.

2.Пролог көпкүндік жарыстарда мына жағдайда қосылуы мүмкін:

1) Прологтің қашықтығы әйелдер/ерлер элита және әйелдер/ерлер андерлер 19-22 жас аарсындағы жарыстар үшін 8 км-ден аспауы керек, прологтің қашықтығы юниторлар/юниор қыздар 17-18 жас арасындағы жарыстар үшін 4 км-ден аспауы тиіс.

2) Пролог уақытқа жеке жарыс ретінде ұйымдастырылуы қажет. Прологқа 60-тан аса жарысушы қатысса, екі жарыс қатысушының арасы бір минуттан аспауы тиіс.

3) Прологтің нәтижелері бас сыныптамада есепке алынады

4) Пролог уақытында құлаған және қашықтықтан шыққан қатысушы келесі күнгі жарысқа жіберілуі мүмкін. Бұл жағдайда, оған прологта соңғы орынды иеленген қатысушының уақыты беріледі.

5) Прологтің бірде бір қатысушысы пролог күні қайталама жарысқа жіберілмейді.

6) Пролог жарыс күні болып саналады.

3.Кезеңнің ұзақтығы

Күнтізбе	Максимальды орташа күндік қашықтық *	Максимальды кезеңнің ұзақтығы	Уақытқа жеке жарыстағы максимальды кезеңнің ұзақтығы	Уақытқа командалық жарыстағы максимальды кезеңнің ұзақтығы
Ерлер элита ерлер андерлер 19-22 жас	180 км	240 км	60 км	60 км
Юниорлар 17-18 жас	100 км	120 км	30 км Жартылай кезең: 15 км	40 км Жартылай кезең: 25 км

Әйелдер элита	100 км	130 км	40 км	50 км
әйелдер андерлер 19-22 жас				
Юниор қыздар	60 км	80 км	15 км	20 км

<*> Прологтің қашықтығы орташа күндік қашықтықты анықтау кезінде есепке алынбайды.

4.17 жастан кіші жарысушылар үшін максимальды қашықтықты ҚВСФ-нің басшы органы белгілейді.

94-бап. Демалыс күні

1. Он (10) немесе одан да көп күнге созылатын жарыстарда бір демалыс күні көзделеді, содан кейін кемінде 5 жарыс күні өтеді.

95-бап. Сыныптама

1.Әртүрлі сыныптамалдар қолданылады, оны таңдау тек қана спорттық сипаттағы критерийлермен анықталады.

2.Уақыт бойынша бас жеке сыныптама, міндетті болып табылады.

Осы сыныптамалардың негізінде көшбастаушылар сыныптамасының майкалары, ең көп дегенде, көшбастаушылар сыныптамасының алты (6) майкасы қарастырылады. Уақыт бойынша бас жеке сыныптамада көшбастаушылар майкасы міндетті болып табылады.

3.Төреші-хронометражшының тіркеген қашықтықты өту уақыты, уақыт бойынша бас сыныптамаға есептеледі. Бонификациялау тек қана уақыт бойынша бас жеке сыныптамада есептеледі.

4.Егер екі немесе одан көп жарысушы уақыт бойынша бас сыныптаманың сомасында бірдей нәтиже көрсетсе, орынды анықтау үшін уақытқа жеке жарыста (прологті қоса алғанда) көрсеткен секундтің ондық үлесін ескере отырып, уақытқа жеке жарыста (прологті қоса алғанда) көрсеткен нәтижелер есепке алынады.

5. Егер бұдан кейін де нәтижелердің теңдігі сақталса, немесе жарыс кезінде уақытқа жеке жарыстың кезеңдері өткізілмесе, командалық жарыс кезеңдерінен басқа, жарысушылардың әр кезеңде иеленген орындары есепке алынады. Әбден болмаса, сол жарысушылардың соңғы кезеңде иеленген орындары есепке алынады.

6.Уақытқа командалық жарыстан басқа, әр күн бойынша командалық сыныптама әр команданың үш үздік жарысушысының нәтижелерінің сомасы бойынша анықталады, ол жарыстың арнайы ережесімен реттеледі. Нәтижелер сомасы тең болса, сыныптама кезеңде әр команданың үш үздік жарысушысының иеленген орындарының сомасы бойынша анықталады. Егер бұдан соң да теңдік сақталса, кезеңде сыныптама бойынша команданың ең үздік жарысушысының алған орны есепке алынады.

7.Командалық бас сыныптама жарыстың әр кезеңіндегі әр команданың үздік үш нәтижесінің сомасы бойынша анықталады. Даулы жағдайда, сыныптамада командалардың орнын анықтау үшін келесі критерийлер алынады:

- 1) кезеңдер бойынша командалық сыныптамадағы бірінші орындар саны;
- 2) кезеңдер бойынша командалық сыныптамадағы екінші орындар саны және т.б.;

8.Егер бұдан кейінде сұрақ ашық қалса, команданың орны бас жеке сыныптамадағы команда жарысушысының ең үздік нәтижесі (орны) бойынша анықталады.

Жарыс кезінде қатысушы саны кемінде үш адамға дейін қысқарған кез келген команда, бас командалық сыныптамадан шығарылады.

9. Ұпайлар бойынша орны бас жеке сыныптамадағы нәтижелер тең болса, жарысушыларды бөлу үшін мынадай критерийлер қолданылады:

- 1) Жарысушылардың жеңген кезеңдерінің саны;
- 2) Ұпайлар бойынша бас сыныптамадағы ұпай беретін аралық мәредегі жеңістердің саны;
- 3) уақыт бойынша бас жеке сыныптама.

10. Егер бас жеке таулы сыныптамада нәтижелер тең болса, жарысушыларды бөлу үшін мынадай критерийлер қолданылады:

- 1) жоғары санаттағы өрге көтерілудегі жеңістердің саны;
- 2) жоғары санаттағыдан және т.б. кейінгі өрге көтерілудегі жеңістердің саны;
- 3) уақыт бойынша бас жеке сыныптама.

11. Әр сыныптамадағы көшбастаушы тиісті ерекшелігі бар майканы киеді.

12. Егер жарысушы бірнеше сыныптамада көшбастаушы болса, көшбастаушының майкасын киюде мынадаған басымдық беріледі:

- 1) уақыт бойынша бас жеке сыныптама.
- 2) ұпайлар бойынша бас сыныптама.
- 3) бас таулы сыныптама.
- 4) Басқа сыныптама түрлері (жас жарысушылар және басқалары); майка киюдегі басымдықты жарыс ұйымдастырушысы анықтайды.

13. Ұйымдастырушы тиісті сыныптамада келесі орынды иеленетін жарысушыдан сол сыныптамада көшбастаушының пайдаланбаған майкасын кию туралы өтініш айтады.

14. Командалық сыныптамада көш бастаған команданың жарысушыларында өздерінің майкаларында айрықша белгілері болуы керек.

96-бап. Бонификация

1. Бонификация келесі жағдайда берілуі мүмкін:

Аралық мәселер:

Жартылай кезеңдер: 1 максимальды мәре

Кезеңдер: 1 максимальды мәре

Бонификация:

Аралық мәселер: 3»-2»-1»

Мәре: жартылай кезеңдер: 6»-4»-2»

Кезеңдер: 10»-6»-4»

2. Кезеңдерде немесе жартылай кезеңдерде егер жарыстың мәресінде бонификация көзделмесе, ешқандай бонификация берілмейді.

3. Бонификация тек қана бас жеке сыныптамада есепке алынады. Уақытқа жеке немесе командалық жарыстағы кезеңдерде бонификация берілмейді.

97-бап. Уақытқа жеке жарыстың кезеңдері

1. Уақытқа жеке жарыстың кезеңдеріндегі сөре уақытқа бас сыныптамадағы жарысушының иеленген орнына сәйкес, бірақ кері тәртіппен жүзеге асырылады. Алайда төрешілер алқасы команданың бір жарысушысының стартын одан кейінгі жарысушының стартын болдырмау үшін жарысушылардың старт тәртібін өзгертуі мүмкін.

2. Пролог кезінде немесе бірінші кезеңде уақытша жеке жарыс өткізілсе, әр командадағы жарысушылардың стартының тәртібі н төрешілер алқасымен келісіп, жарысты ұйымдастырушы белгілейді; әр команда өзінің жарысушыларының стартын белгілеуі тиіс.

98-бап. Уақытқа командалық жарыстың кезеңдері

1. Уақытқа командалық жарыстың кезеңдеріндегі команданың сәресі уақытқа бас командалық сыныптамадағы команданың иеленген орнына сәйкес, бірақ кері тәртіппен стартқа соңғы шығатын көшбастаушы команданы есепке алмай жүзеге асырылады. Командалық сыныптама болмаған жағдайда, командалардың старты жеребе арқылы анықталады.

2. Бұл кезеңдердегі сыныптама уақытқа бас жеке сыныптамадағы және сол сияқты уақытқа бас командалық сыныптамадағы сияқты есепке алынады. Жарыс регламенті қалып қойған жарысушыларды қоса алғанда, қатысушылардың уақыты қалай тіркелетінін анықтауы тиіс.

99-бап. Жарыстан шығу

1. Өзі шығып қалған көпкүндік жарыс өтіп жатқан кезде, қашықтықтан шығып қалған жарысушы велоспортан басқа жарыстарға қатыса алмайды. Осы ережені бұзу жарысушыны 15 күнге шеттетеді.

2. ҚВСФ бас төрешімен кеңескен соң, жарысушының өтініші бойынша және команда өкілінің келісімімен оған артықшылық беруі мүмкін.

100-бап. Мәре

1. Топтық жарыстың кезеңдеріндегі қашықтықтың соңғы үш километрінде құлаған, дөңгелегі жарылған немесе велосипеді бұзылған жағдайда, жарысушы немесе жарысушылар оқиға болған сәтте өздерінен кейін келе жатқан жарысушы немесе жарысушылардың мәреге келу уақытын алады. Бұл жарысушы немесе жарысушылардың орны, оның (олардың) мәре сызығын кесу тәртібі бойынша анықталады.

2. Егер қашықтықтың соңғы үш километрінде құлаған, дөңгелегі жарылған немесе велосипеді бұзылған жағдайда, жарысушы мәре сызығын кесе алмайды, ол кезеңде соңғы орында қалады және оның уақыты оқиға болған сәтте өзінен кейін келе жатқан жарысушы немесе жарысушылардың мәреге келу уақытындай болады.

3. Уақытқа командалық жарыста қызыл түсті үшбұрыштан соң (мәреге дейінгі 1 км) құлаған, дөңгелегі жарылған немесе велосипеді бұзылған жағдайда жарысушы немесе жарысушылар, оқиға болған сәтте өздерімен бірге болғандардың мәредегі уақытын алады.

4. Егер қызыл түсті үшбұрыштан соң (мәреге дейінгі 1 км) құлаған, дөңгелегі жарылған немесе велосипеді бұзылған жағдайда жарысушы мәре сызығын кесе алмаса, оқиға болған сәтте өздерімен бірге болғандардың мәредегі уақытын алады.

5. Осы баптың 1,2- тармақтарының ережелері оқиға көтерілгенге дейін (құлау, жарылу, бұзылу) болған жағдайдан басқа, таудағы мәре, таудың басында көзделген жағдайда қолданылмайды. «Таудың басында» және «көтерілгенге дейін» деген мағыналарды төрешілер алқасы белгілейді.

101-бап. Айналма трассадағы мәре

1. Егер жарыс айналма трассада аяқталса да, мәренің уақыты мәRELİK сызықтан тіркелуі тиіс.

2. Көпкүндік жырыстарда соңғы айналымдардың санының ұзақтығы 5-тен 8 км-ге дейінгі айналма трассалар үшін 5-ден аспауы керек, тек жарыстың соңғы кезеңінде ғана. Бұл жағдайда жарыстың жалпы қашықтығы 100 км-ден аспауы керек.

102-бап. Мәре кезіндегі уақыт шегі

1. Мәре кезіндегі уақыт шегі кезеңнің сипаттамасына сәйкес әр жарыс үшін арнайы регламентпен айқындалады.
2. Айрықша, күтпеген және форс-мажор жағдайда, төрешілер алқасы жарысты ұйымдастырушымен кеңескен соң, мәре кезіндегі уақыт шегін қосуы мүмкін.
3. Жарысушылар мәре кезіндегі уақыт шегіне үлгермесе және бас төреші оларға тағы да бір мүмкіндік берсе, ұпай сыныптамасында есепті ұпайлары бар спортшылардан, егер олардың ұпай балансы теріс болса да, сол кезеңнің жеңімпазына берілетін сияқты ұпайлар алынады.

103-бап. Командалардың машиналары

1. Команданың бір ғана машинасы жарыс керуенінде жүруі тиіс.
2. Бірінші кезеңнің уақытында команда машиналарының ілесу тәртібі, прологтің нәтижелері бойынша бас жеке сыныптамадағы әр команданың бірінші жарысушысының жағдайына қарай анықталуы тиіс. Мұндай сыныптама жоқ болса, келесі шарттарды ескеріп, жеребе арқылы анықталады:
 - 1) Өзінің қатысуын растаған және команда өкілдерімен өткізілген кеңеске қатысқан командалардың автомобильдері;
 - 2) Өзінің қатысуын уақытылы растамаған және команда өкілдерімен өткізілген кеңеске қатысқан командалардың автомобильдері;
 - 3) Команда өкілдерімен өткізілген кеңеске қатыспаған командалардың автомобильдері.
3. Келесі кезеңдерде команда машиналарының ілесу тәртібі, уақыты бойынша бас жеке сыныптамадағы әр команданың бірінші жарысушысының жағдайына қарай анықталады.

104-бап. Нәтижелерді хабарлау

1. Ұйымдастырушы командалардың мәредегі нәтижелерін хабарлауы немесе оны электронды пошта арқылы дереу жіберуі тиіс.

105-бап. Шеттету

1. Егер жарысушы жарыс нәтижелерін бекіткенге дейін шеттетілсе, барлық сыныптама қайта қаралады.
2. Егер жарысушы жарыс нәтижелерін бекіткеннен кейін шеттетілсе, бас жеке сыныптама тек қана алдыңғы 3 орынға дейін қайта қаралуы тиіс. 4-ші орын бос қалады.
3. Егер жарысушы өзі жеңіске жеткен кезеңде, өзі жасаған бұзушылығы үшін шеттетілсе, кезеңдегі бірінші орын, екінші орын алған жарысушыға беріледі.
4. Егер басқа сыныптамадағы (жеке бас сыныптамадан бөлек) шеттетілсе, сол сыныптаманың екінші жарысушысы бірінші орынды иеленеді.
5. Басқа жағдайда шеттетілген жарысушының орны бос қала береді.
6. Егер жарысушы уақытқа командалық жарыс кезіндегі бұзушылығы үшін шеттетілсе, нәтижені сақтау және бас командалық сыныптамада плюс 10 минут айыппұл кезінде, кезеңдегі соңғы орын беріледі.
7. Егер бұзушылық үшін командадағы бір және көп жарысушы шеттетілсе, команда шеттетілуі тиіс.
8. Барлық командалық сыныптамалар қайта қаралады.

10-тарау. КРИТЕРИУМДЕР

1. Осы бөлімде белгіленбеген басқа жағдайда, бір күндік жарыстарды өткізудің регламенті ережелерін басшылыққа алу керек.

106-бап. Қағидааттар

1. Критериум дегеніміз - басқа қозғалыс үшін жабық, айналма трассада өткізілетін тас жолдағы жарыс, ол келесі қағидааттардың біріне сәйкес өткізіледі:

1) Соңғы айналымның мәресіндегі сыныптама;

2) Жүріп өткен айналымдары мен аралық мәрелерде жинаған ұпай саны бойынша сыныптама.

2. Егер критериум бірнеше жарыстан тұратын болса, жеке жарыс ең соңында өткізілуі тиіс. Критериумді өткізген кезде 150 м аймақ, мәреге дейінгі аймақ және мәреден кейінгі 50 м кедергілермен (қалқандармен) қоршалуы тиіс. Бұл аймақ жарыс ұйымдастырушылары, жарысушылар, медицина қызметкерлері, команда менеджерлері және аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін ашық болады.

3. Мәре алдындағы аймақ, егер мәрелік түзу сызықтың ұзындығы кемінде 300 метрді құраса, мәрелік қақпадан бастап, кедергілермен қоршалуы тиіс.

4. Егер жарыс күн батқан соң, кешке аяқталатын болса, жарыс трассасы жақсы жарықталуы тиіс. Олай болмаса, ымырт түскенде жарыс тоқтатылады және жойылады.

107-бап. Қашықтық

1. Айналма трассалардың ұзындығы 800-ден 10000 метрге дейін болады.

2. Жарыстың максималды қашықтығы былайша анықталады:

Айналма трассаның ұзындығы	максималды қашықтық
800 -1599 м	80 км
1600-2999 м	110 км
3000-3999 м	132 км
4000-10000 м	150 км

108-бап. Аралық мәрелері бар жарыс

1. Жарыстың бағдарлама - регламентінде аралық мәрелердің жүйелері және автоматты қолданылатын 108-баптың ережелерін ескере отырып, мәредегі ұпайларды бөлу сипатталып берілуі тиіс.

2. Аралық мәрелер жарысушылар бірнеше айналымды өткеннен кейін мәрелік сызықта ойнатылады. Бұл ретте екі аралық мәрелер арасындағы айналымдар саны, қашанда өзгеріссіз қалады.

3. Ұпайлар бейтарап айналымдарды (аралық мәрелерсіз) өткен кезде, мәре сызығын кескен бірінші жарысушыға беріледі. Мұндай ұпайлар саны аралық мәредегі жеңімпаздың алған ұпайлар санының 40%-нан аспауы тиіс.

4.Қалып қойған кез келген жарысушы немесе 20 жарысушыдан тұратын топ немесе бір айналымға көшбастаушыларды қуып жететіндер, жарыстан шығарылады және жарыстан кетуі тиіс.

5.Егер мұндай топ 20 және одан көп жарысушыдан құралса, төрешілер алқасы олардың жарысты одан әрі жалғастыруы немесе жарыстан шығарылуы туралы шешім қабылдауы тиіс.

6.Тректегі жарыс регламентінде көзделгендей, танылған оқиғалар (құлау, жарылу, велосипедтің бұзылуы) жағдайында, төрешілер алқасының шешімі бойынша айналымның ұзындығы ескеріле отырып, жарысушыға бір немесе екі бейтарап айналым беріледі. Бейтарап айналымнан кейін жарысушы жарысқа қайта қосылады, бұл ретте ол келесі аралық мәреде ұпайлар алмайды.

7.Сыныптама былайша анықталады:

Ең көп айналым санын жасаған жарысушы жеңімпаз атанады;

1) айналым санын көп өткен жарысушы жеңімпаз атанады;

2) Айналым тең болған жағдайда, жарыс жеңімпазы жинаған ұпай саны бойынша анықталады;

3) Айналым және жинаған ұпай саны бойынша тең болған жағдайда, жарыс жеңімпазы аралық мәрелердегі жеңіс саны бойынша анықталады;

4) Егер бұл жағдайда да жарыс жеңімпазы анықталмаса, онда жеңіс соңғы мәредегі нәтижелер бойынша беріледі.

8.Алға кеткен және негізгі топтың соңын қуып жеткен жарысушы, қашықтықтағы айналым артықшылығын алады.

11- тарау. ЖҰПТЫҚ ЖАРЫСТАР

109-бап. Қатысу

1.Әр командадан жарысқа шығатындардың саны -2 жарысушы.

2. Команда 2-ден аз жарысушымен де жарысқа шыға алады.

110-бап. Қашықтық

1.Уақытқа жұптық жарыстарды өткізу кезіндегі максималды қашықтықтар:

Санаты	Қашықтық
Ерлер	Максималды 100 км
Ерлер андерлер 19-22 жас	Максималды 80 км
Әйелдер	Максималды 50 км
Әйелдер андерлер 19-22 жас	Максималды 40 км
Юниорлар (17 - 18 жас)	Максималды 50 км
Юниор қыздар (17 - 18 жас)	Максималды 30 км

2.17 жастан кіші жарысушылар үшін максималды қашықтықты ҚВСФ-нің басқарушы органы белгілейді.

111-бап. Трасса

- 1.Трасса қауіпсіз және жақсы белгіленген болуы керек.
- 2.Жүріп өткен аралық ең аз дегенде, әр 10 км қашықтық сайын анық көрсетілуі тиіс.
- 3.Қашықтықтың соңғы километрі қызыл түсті үшбұрышпен белгіленуі тиіс. Тауға шығатын жарыстар кезінде жүріп өткен аралық, қашықтықтың әрбір километрінде көрсетілуі тиіс.
- 4.Ұйымдастырушы старт аймағына жақын, кемінде ұзындығы 800 метр жерде қатысушылардың қыздырынуы үшін орын (айналым) қарастыруы керек.

112-бап. Старттың тәртібі

1. Жарыс бағдарламасында-регламентте келтірілген шынайы критерийлерге сәйкес жарыстың ұйымдастырушысы старт тәртібін белгілейді.
- 2.Командалар бірдей аралықта жарысқа шығуы тиіс. Дегенмен, бұл аралық сөреден соңғы болып шығатын командалар арасында ұлғаюы мүмкін.

113-бап. Старт

- 1.Командалардың барлық жарысушылары хаттама бойынша стартқа 15 минут қалғанда, одан кешікпей, велосипедтерімен бірге тексеру үшін старт орнына шығуы тиіс.
- 2.Стартқа кешіккен команданың қашықтықты өту уақыты хаттамада көрсетілген старт уақытынан бастап есептеледі. Егер команданың жарысушысы стартқа кешіксе, команда оны күтеді немесе кешіккен жарысушысыз стартқа шығады. Кешіккен қатысушы жеке өзі сөреден шығады. Бұл ретте оның уақыты, кесте бойынша сөредегі уақыттан бастап есепке алынады.
- 3.Старт сызығына қаз қатар тізілген жарысушыларды, сөреде стартердің дабылы бойынша оларды итерусіз жіберетін төрешілер ұстап тұрады. Старттағы барлық командаларды бір және сол төрешілер ұстап тұрады.

114-бап. Хронометраж және сыныптама

- 1.Хронометраж жарыс қашықтығының бірнеше нүктесінде жүзеге асырылуы тиіс, сол арқылы жарысушылар мен көрермендер жарыстың барысы туралы тұрақты ақпарат алып отырады.
- 2.Команданың қашықтықты өту уақыты, бір ондық секундқа дейін минимум дәлдікпен тіркеледі.
- 3.Қашықтықты өту уақыты, екінші жарысушының мәре сызығын алдыңғы дөңгелегімен қиып өткен кезде анықталады.

115-бап. Жарыс кезіндегі командалардың мінез-құлқы

- 1.Егер бір команда басқаны басып озса, бірде бір команданың «көш бастаушы» артықшылығын пайдаланбауы тиіс. Бұл ереже қалып қойған жарысушыларға да қатысты. Қалып қойған қатысушы өзін қуып жеткен командаға қосыла алмайды және одан қандай да бір көмек алуға немесе оған көмек көрсетуге құқығы жоқ.
- 2.Егер команданы басқа команда қуып жетсе, ол 2 метр аралықта қапталда жүріп отыруы тиіс.
- 1 км-ден кейін өзін қуып жеткен командадан қалып қойған команда, одан кемінде 25 метр аралықта жүріп отыруы керек.

3. Жарыс төрешісі қажетіне қарай, көзделген айыппұл санкцияларын қолданудан басқа (UCI-дің регламентінің 2.12.007-бабы), қатар келе жатқан жарысушыларды 2 метр немесе 25 метр аралықта жүруді міндеттейді.
4. Тіпті бір команданың жарысушылары бір-бірін итере алмайды.
5. Бір және сол команданың жарысушылары арасында командалық жарыс кезінде тамақ, сусындар беруге, құрал-жабдықтар, дөңгелектер немесе велосипедтер беруге рұқсат етіледі.
6. Жұптық жарыс кезінде тамақ беру және тамақ берудің басқа шарттары арнайы регламентпен айқындалады.

116-бап. Ілесетін машиналар

1. Ілесетін машина жарысушының соңында, кемінде 10 метр аралықта жүріп отыруы тиіс. Ілесетін машина жарысушыны басып озбауы және онымен қатар жүрмеуі тиіс. Егер дөңгелек жарылса немесе велосипед бұзылса, жарысушы велосипедтен түскен сәттен бастап қана техникалық көмек көрсетілуі тиіс.
2. Басқа жарысушыны қуып жеткен жарысушыға ілесетін команданың машинасы, егер жарысушының (жарысушылардың) арасындағы қашықтық кемінде 50 метр болса, олардың арасында қалмауы тиіс. Қалып қойған жарысушылар қандай жағдайда болмасын, жарыс кезінде өзін желден қорғау үшін ілесетін машинаның соңында жүрмеуі тиіс.
3. Командаға ілесетін машина, командалар арасында кемінде 100 метр болса, басқа команда қуып жетеді, бұл жағдайда басқа жарысушыға ілесетін команданың машинасына жол беруі және соның соңынан жүруі тиіс.
4. Басқа команданы қуып жеткен командаға ілесетін машина басып озған кезде, егер олардың арасы кемінде 60 метр болса, командалар арасында қалып қоймауы керек. Бұл аралық едәуір қысқарса да, осы командаға ілесетін машина екінші команданың соңында жүруі тиіс.
5. Ілесетін машина дөңгелекті немесе велосипедті ауыстыруға арналған қажетті құрал-жабдықтармен жарақтандырылуы тиіс. Жарысушыға арналған кез келген құрал-жабдықты машинадан тыс дайын ұстап тұруға тыйым салынады. Ілесетін машинаның жолаушылары одан басын сұқпауы тиіс.
6. Егер мотоциклден техникалық көмек көрсетуге рұқсат етілсе, мотоциклші өзімен бірге қосалқы дөңгелекті алып жүре алады.
7. Мегафондар мен дауыс күшейткіштерді пайдалануға болады.

117-бап. Шеттетуге (дисквалификация)

1. Егер жарысушы шеттетілсе, оның командасы да шеттетіледі. Бұл ретте сыныптама қайта қаралатын болады.

12-тарау. БАСҚА ЖАРЫСТАР

1. Басқа жарыстар, мысалға көшбастаушының соңынан жарысу, тауға шығу жарысы немесе марафондық қашықтықтарға арналған тасжолдағы жарыстар, оларды ҚВСФ бекіткеннен кейін республикалық күнтізбеге енгізген жағдайда ұйымдастырылуы мүмкін.

118-бап. Жарыстарды өткізу

1. Мұндай жарыстарды өткізу кезінде, бір күндік жарыстарды өткізу жөніндегі Қағиданың ережелерін басшылыққа алу керек.

ІІІ БӨЛІМ. СПОРТТЫҚ ПӘН-ТРЕК

13-тарау. Жалпы ережелер

1. Спорттық жарыстар арнайы спорттық нысан-велотректе өткізіледі. Велотректер әдетте бір километрге тең ұзындығына қарай, бөлінеді (250 м, 333,33м).

Тректегі веложарыстар арнайы доғал пішіндес, ұзындығы 133-тен 500 м. тректерде өтеді. Тректің бұрылу бұрышы – бүйір бөліктерінде (дөңгеленген) 42 градусқа және 12,4 – түзу бөліктерде. Тректің ені оның бүкіл ұзына бойына бірдей болуы тиіс және кемінде 5 м (жоғары санаттағы тректер үшін -7-ден кіші емес) құрайды. Тректе салынатын белгі (спринтерлік және стайерлік сызықтар, мәре сызығы және басқалар) әртүрлі түсте болуы тиіс. Нәтижелер (уақытқа жарыста) мыңға дейінгі секундтік үлестің дәлдігімен тіркелуі тиіс.

3. Ұйымдастырушы өзі өткізетін әрбір жарыс бойынша жарыс бағдарламасын жасайды.

4. Жарыс бағдарламасында мынадай ұйымдастырушылық шаралар қамтылуы тиіс:

- 1) Жарыстың ҚВСФ-нің қағидасына сәйкес өткізілетініне сілтеме;
- 2) Жарыстың ерекше регламенті (егер бар болса);
- 3) Жарыстың бағдарламасы мен кестесі;
- 4) Тректің сипаттамасы (ұзындығы, жабыны, конструкциясы);
- 5) Жарыс кеңсесінің, допинг бақылауға арналған бөлмежайдың және баспасөз бөлмесінің орналасуы;
- 6) Тіркеудің орны мен уақыты, жарысқа қатысушыларға нөмірлерді беру;
- 7) Команда менеджерлері кеңсесінің өтетін орны мен уақыты;
- 8) Ресми салтанатты өткізудің бағдарламасы;
- 9) Жұлделер;
- 10) Төрешілер алқасының құрамы;
- 11) Жарысты ұйымдастырушы директордың аты-жөні, мекенжайы және телефоны;
- 12) ҚВСФ-ның тек қана айыппұл шегі қолданылатыны туралы нұсқау;
- 13) допингке қарсы қолданатын регламент.

119-бап. Хатшылық

1. Жарысты ұйымдастырушы жарыс өтетін бүкіл уақыт ішінде жарыс хатшылығының жұмысына арналған тректегі арнайы жабдықталған бөлмежайды қарастыруы керек. Жарысты ұйымдастырушының өкілі үнемі осы бөлмежайда болуы тиіс.

2. Жарыс кеңсесі барлық нәтижелер ҚВСФ-ға жіберілгенше немесе төрешілер өз жұмысын толық аяқтағанша жалғастыратын болады.

3. Жарыс кеңсесі телефонмен, телефакспен, көбейткіш аппаратпен жабдықталуы және ғаламторға шығуы тиіс.

120-бап. Нәтижелер

1. Жарысты ұйымдастырушы жарыс нәтижелерін алған соң, жарысқа қатысқан жарысушылардың тізімі бар қосымшамен бірге бір жұмыс күні ішінде, оны дереу электронды поштамен немесе факспен ҚВСФ-ге жолдауы тиіс.

121-бап. Қауіпсіздік

1. Кәдімгі әкімшілік және құқық қорғау іс-шараларынан басқа, жарысты ұйымдастырушы тректе жарыстар өткізу кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдауы тиіс.

2.Жарысты өткізу кезінде ҚВСФ қосымша қауіпсіздік шараларын қолдануды талап етуге құқылы. Бұл талаптар ҚВСФ-ге қандай да бір жауапкершілік жүктемейді.

3.Жарыс кезінде тректегі жарысушылар саны бір мезетте келесі сандардан аспауы тиіс:

20 (15 команда –мэдисон) 200 метрлік тректе;

24 (18 команда –мэдисон) 250 метрлік тректе;

36 (20 команда –мэдисон) 333.33 метрлік тректе;

4.ҚВСФ ықтимал кемшіліктер мен жазатайым жағдайлар үшін қандай жағдайда болмасын, жауап бермейді.

5.Топтық жарыстарға мынадай тректегі жарыстар жатады:

1) Ұпайдар бойынша жарыс (осы Қағиданың 19-тарауына сәйкес)

2) Мэдисон (осы Қағиданың 22-тарауына сәйкес)

3) Скретч (осы Қағиданың 23-тарауына сәйкес)

4) Шығып қалу жарысы (осы Қағиданың 24-тарауына сәйкес)

5) Омниум (осы Қағиданың 25-тарауына сәйкес)

Қарқынды (темпо) (осы Қағиданың 27-тарауына сәйкес) жарыс.

122-бап. Қауіпсіздік аймағы

1.Командалық қуып жету жарысынан және жеке қуып жету жарысынан басқа, тректегі барлық жарыстар кезінде команданың бүкіл қызметшілері тректің ішкі кеңістігінде (қауіпсіздік аймағынан және трек полотносынан тыс) қалуы тиіс.

2. Командалық қуып жету жарысы және жеке қуып жету жарысы кезінде қауіпсіздік аймағында команданың тек бір жаттықтырушысының қалуына рұқсат етіледі.

3. Команданың нақты қызметшісі (яғни оқиғадан кейін механик) төрешілердің рұқсатымен ғана қауіпсіздік аймағына жіберілуі мүмкін.

4. Жоғарыда баяндалғанға қарамастан, Халықаралық велосипедшілер одағы регламентінің 3.6.072-бабы қолданылады.

123-бап. Тректегі жарыстар

1.Тректегі жарыстар осы Қағиданың 2-бабында айқындалған барлық жас топтары үшін өткізіледі.

2.Ерлер/әйелдер андерлер: 19 - 22 жас тобындағы жарысушылар, ерлер/әйелдер жас тобындағы жарыстарға қатысады.

3.Юниор ұлдар/юниор қыздар 17 - 18 жастағылар, ерлер/әйелдер және ерлер/әйелдер андерлер 19 - 22 жас тобындағы жарыстарға қатысады.

4.Жаөспірімдер/қыздар 15 - 16 жастағылар, юниор ұлдар/юниор қыздар 17 - 18 жас тобындағы жарыстарға қатысады.

5.Жаөспірімдер/қыздар 13 - 14 жастағылар, жаөспірімдер/қыздар 15 - 16 жас тобындағы жарыстарға қатысады.

Егер спортшылардың біліктілік деңгейі жарыс туралы көрсетілген Ережедегі (регламенттегі) біліктілік деңгейіне сәйкес келсе, онда жоғарыда көрсетілген артықшылықтарға рұқсат етіледі.

124-бап. Тректі уақытқа жарысқа дайындау

1. Ұзындығы 250 метрден асатын тректер үшін көк бейтарап жолақта («көк жағалау») онымен жүре алмайтындай ету керек, әрбір қуып жету сызығынан бастап, сол қуып жету сызығынан кейінгі екінші вираждың аяғына дейін, әр 5 метрде прокладкалар (валиктер) төселеді. Жүріп келе жатып 200 метрден жарыс үшін ғана валиктер, тек вираж шегінде ғана әр 5 метр сайын орналасады. Валиктердің ұзындығы 50 см,

максималды ені 10 см және биіктігі 10 см синтетикалық материалдан жасалған, ауа ағынымен араласуға мүмкін болу үшін барынша ауыр болғаны жөн.

2. Ұзындығы 250 метрлік тректе және «көк жағалауда», қысқасы валиктер қажет емес.

3. Командалық спринт үшін осы Қағиданың 159-бабы қолданылады.

4. Сағаттық рекорд жасау және кез келген ұзындықтағы тректе кез келген арнайы талпынысқа арналған жарыстар үшін тректің бүкіл ұзына бойына әр 5 метр сайын прокладка (валиктер) қою арқылы, бейтарап көк жолақ қозғалыс үшін қолжетімді болмауы тиіс.

125-бап. Жарысушылардың мінез-құлқы

1. Жарысушылар жарыс барысын бұзу немесе оның нәтижелеріне ықпал ету мақсатында кез келген ниеттен, әрекеттен немесе маневрдан бас тартуы тиіс.

2. Жарысушылар арасындағы өзара уәделесу болса, төрешілер сол жарысушыларды шеттетугі мүмкін.

3. Тректе жүрген кезде жарысушылар барлық уақытта велосипедін бақылауы тиіс және бір қолы рульде болуы керек.

4. Егер жарысушылар бір және сол жарыс кезінде бірдей киім киген, онда өзінің формасында ерекше белгісі болуы керек.

5. Жарысушыларға дулыға визорының немесе көзілдіріктің қараңғыланған түрін киюге рұқсат етілмейді, олар күту аймағында отырған кезде анық көруге кедергі жасайды. Жарысушылар трекпен жүрген кезде ғана, өздерінің қараңғыланған дулыға визорын немесе көзілдіріктерін киюі керек.

6. Жарысушыларға қатысы жоқ төтенше жағдайлардан басқа, жарыстың келесі турына өткен немесе «үміт» жарысына тап болған жарыстың барлық қатысушылары оларға қатысуға міндетті. Болмаған жағдайда, олар жарыстан шеттетіледі.

7. Жарысушыларда тректің полотносына құлауы мүмкін өздерінде немесе өз велосипедінде қандай да бір заттары болмауы тиіс. Жарысушыларда кез келген радио байланыс және музыкалық плеер болмауы тиіс және оларды қолданбауы керек.

Сонымен бірге кез келген дисплейі бар электронды құрылғы (мысалы спидометр (компьютер) немесе қуат өлшегіш) жасырын болуы тиіс және жарысушының оқуына қолжетімсіз болуы керек.

8. Жарысушы өзін қандай да бір бұзушылықтың құрбаны деп санаса да, жарысты тоқтата алмайды.

9. Құлаған немесе техникалық ақау алған жарысушы ерекше нұсқаулық болмаса, жарысты одан әрі жалғастыруға көмек алады. Бұл жарысушы өзі кеткен жерден, және құлауға немесе тректі қалдыруға дейінгі позицияда болды, сол жерден жарысқа қосылуы тиіс.

10. Жарысушылар бұл еріксіз болған жағдайдан басқа кезде, трек полотносының бөлшегі болып саналмайтын «көк жағалау» бойынша жүре алмайды.

11. Егер жарысушы көк жағалаумен, өз бетінше кетіп бара жатса және бұл ретте жарысушы артықшылық алды деп есептелсе, онда ол төмендетіледі немесе қатенің ауырлығына қарай шеттетіледі.

126-бап. Жарысушылардың нөмірлері

1. Жарысушылар, бір нөмірді пайдалануы мүмкін төменде көрсетілген жарыстардан басқа, екі нөмір пайдалануы тиіс:

- 1) гит 1 км уақытқа;
- 2) гит 500 м уақытқа;
- 3) жеке қуып жету жарысы;

- 4) командалық уақытқа жарыс;
- 5) командалық спринт.

127-бап. Төрешілер алқасы

1.Төрешілер алқасының құрамы осы Қағиданың 30-бабын сәйкес анықталады.

128 - бап. Төреші-арбитр (қазы)

1.Бас төреші алқа мүшелерінің арасынан біреуін төреші-арбитр етіп тағайындауы тиіс. Ол өзі бұл қызметті атқара алмайды. Төреші-арбитрдің лауазымы келесі жарыстар: спринт, кейрин және осы Қағиданың 121-бабы 5-тармағында көрсетілген барлық топтық жарыс кезінде міндетті.

2.Төреші-арбитр тек қана жарыс кезіндегі жарысушылардың мінез-құлқын және белгіленген регламенттің сақталуын бақылауы тиіс. Төреші-арбитр айыппұл салады және жарыс регламентіне сәйкес басқа да шешімдер қабылдайды.

3.Төреші-арбитр тректегі бүкіл полотноға жақсы шолу жасайтын, тректегі полотнодан тыс оқшау және тыныш аймақта отырады. Төреші-арбитрде бас төрешімен тікелей байланысу үшін қажетті барлық құралдар болуы қажет. Қазақстан чемпионаты мен Қазақстан кубогінің жарыстарын өткізген кезде, төреші-арбитрде жарыс кезінде түсірілген бейнежазбаларды баяу қарауды іске асыратын бейнежүйеге рұқсат болуы керек. Бұл жүйе төрешілер сызығына жақын жерде, бас төреші көріністі көруге мүмкіндік беретін теледидарға көріністі шығарумен байланысты болуы тиіс. Арнайы тағайындалған техника маманы төреші-арбитрдің нұсқауларына сәйкес бейнежүйеге қызмет көрсету үшін маман, төреші-арбитрдің жанында болуы тиіс.

129-бап. Ескерту-шеттету

1.Арнайы айыппұл санкциялары көзделмеген кез келген бұзушылық бойынша немесе спорттық емес мінез-құлық жағдайында, бұзған спортшыға сары жалауды көрсетіп ескерту немесе бұзушылықтың ауырлығына қарай және айыппұл салынбай, қызыл жалау көрсеткен кезде, жарысқа одан әрі қатысудан босату (шеттету) қаралады.

2.Егер жарысушыға жарыста төмендету берілсе, онда төмендетумен бірге ниетіне және іс-әрекетінің әсеріне қарай, ескерту де беріледі. Екінші рет ескерту алған жарысушы немесе үшіншіге ауыстыру шеттетуге алып келеді.

3.Әрбір бұзушылықты анықтаған кезде төрешілер, сол бұзушылықты жасаған спортшының нөмірін көрсетуі тиіс. Ескертудің мұндай түрлері мен шеттету тек нақты жарысқа ғана қатысты болады.

4. Қағидаға сәйкес, белгіленген өлшеу құралдары арқылы велосипедтер мен құрал-жабдықтарды тексерген жағдайда, төрешілер жарыстан кейін іріктеп, қосымша тексеруге құқылы. Егер велосипедтің конструкциясы немесе велосипедтегі жарысушының жағдайы өзгертілсе және осы Қағиданың талаптарына сай болмаса, жарысушы шеттетілетін болады.

130-бап. Хронометраж

1.Егер жарыс жеңімпазы уақыт бойынша анықталатын болса, нәтижелері мыңнан бір секундтік үлес бойынша дәлдікпен есептеледі.

131-бап. Сөре

1.Тректің ортасында тұратын сөредегі төреші (стартер) старт тапаншасы арқылы старт береді. Старт тетігі арқылы старт берілетін кезде келесі старт рәсімі қолданылады: тежегіштер электронды жүйенің көмегімен төмен түседі, бір мезетте хронометраж қосылады. Старт тетігіндегі велосипедті бекіткеннен кейін, жарысушылардың алдындағы электронды табло қосылады және 50 секундтан бастап, стартқа дейін кері есепті жүзеге асырады.

2.Стартер дәлелсіз деп санайтын, стартты себеп бойынша кешіктіретін кез келген жарысушы стартқа жіберілмейді.

132-бап. Айналымды есептегіш және қоңырау

1.Егер басқаша көрсетілмесе, жарыстың соңғы айналымын қоса алғанда, спритерлік айналымның (айналымдардың) басталуы қоңыраумен көрсетіледі.

2. Қоңырау көшбастаушы тректе мәрелік сызықты кесіп өткенде, бір-ақ рет ойналады. Ұпайлар есептеледі немесе келесіде тректегі көшбастаушы мәрелік сызықты кесіп өткенде, жарыс аяқталады.

3. Тректегі көшбастаушы кім деген түпкілікті шешімді бас төреші қабылдайды. Бас төреші немесе бас төреші тағайындаған төреші, топтық жарыстар кезіндегі тректегі көшбастаушыны көрсетуі тиіс.

4.Жарыс басталса болды, қалған аралық тіпті жалпы өткен аралық, жарыс қағидаларында көрсетілгенмен сәйкес келмесе де, айналым есептегіште көрсетілуі тиіс.

133-бап. Артықшылық айналым және қалып қою айналымы

1.Тректегі ең көп (негізгі) топтың артқы бөлігін ол немесе қыз қуып жеткенде, жарысушы немесе команда артықшылық айналым алды деп есептеледі. Дәл осылайша тәсілмен, тректегі ең көп (негізгі) топ оны немесе қызды қуып жеткенде, жарысушы немесе команда бір айналымға қалды деп есептеледі. Барлық жағдайда, тректе қандай топтың ең үлкен (негізгі) екені туралы түпкілікті шешімді бас төреші қабылдайды.

134-бап. Тоқтату

1.Тек қана стартшы фальстарт болғанда, жарысты тоқтату туралы шешім қабылдайды.

2.Жарысты тоқтату туралы дабыл старт тапаншасынан қосарлы оқ ату арқылы беріледі.

135-бап. Мойындалатын оқиғалар

1.Келесі оқиғалар мойындалады:

1) құлау;

2) дөңгелектің жарылуы;

3) велосипедтің маңызды бөлігінің бұзылуы.

Қалған басқа оқиғалар мойындалмайды.

135-бап. Сапқа тұрғызу

3.2.020–бапқа толықтыру

Барлық жарыстарда жарысушылар мен командалар UCI немесе ҚВСФ-нің тректегі жеке сыныптамасына сәйкес сапқа тұрғызылуы керек. Рейтингі жоқ жарысушылар мен командаларды төрешілер алқасы соңынан еркін түрде қояды. Егер топтық жарыстар үшін біліктілік жарыстары болса, жарысушылар келесі жарыста немесе финалда сол жарыстың нәтижелеріне сәйкес сапқа тұрғызылуы керек.

136-бап. Бейтараптандыру

1.Егер басқаша көрсетілмесе, мэдисонда, топтық жарыста жарысушы немесе команданың екі жарысушысы мойындалған оқиғада, жарысушы немесе команда 1250м-ге (250 м. тректе 5 айналым) жақын айналым саны ішінде бейтараптандыруға құқық алады, яғни оқиға болған сәттен бастап, ол оқиғаға дейінгі өзінің позициясын жаңалағанша саналады.

2. 1250 метрлік қашықтықтан кейін бейтараптандырылған жарысушылар немесе командалар оқиғаға дейінгі өзінің жағдайын қалпына келтіргенше, айналымдарын жоғалта бастайды.

3. Бейтараптандырылған жарысушы немесе командалар соңғы километр ішінде жарысқа (тректің полотносына) қайта орала алмайды. Егер осы соңғы километр мойындалған оқиғадан кейін, бейтараптандыру рұқсат етілген кезең ішінде басталса және жарысушылар соңғы километр басталғанға дейін оралмаса, онда бұл бейтараптандырылған жарысушы немесе командалар финалдық нәтижелерде оқиғаға дейінгі жинаған ұпайлары мен айналымдарына қарай оралуы тиіс.

137-бап. Орнында тұрып, сөреден жарысқа қайта старт алу

1.Командаға немесе жарысушыға орнында тұрып, сөреден жарысқа қайта старт алған жарыстың әр жарысында тек қана екі старт беріледі. Бір қайталама старт фальстарт нәтижесінде берілуі мүмкін, болмаса оқиға болған кезде.

2. Қайта фальстарт немесе біліктілік жарыста қайталама оқиғаға ұшыраған команда немесе жарысушы жарыстан шығуы тиіс (МЖ).

3. Қайта фальстарт немесе жарыстың бірінші сынында қайталама оқиғаға ұшыраған команда немесе жарысушы төмендетілуі тиіс.

4. Финал кезінде қайталама фальстарт жасаған немесе қайталама оқиғаға ұшыраған команда немесе жарысушы финалда жеңіледі.

14-тарау. ГИТ 200 МЕТРГЕ ЖҮРІП КЕЛЕ ЖАТЫП

1.«Гит 200 метрге жүріп келе жатып» дегеніміз - спринтке жарысушыларды іріктеу үшін өткізілетін, сөреден 200 метр қашықтыққа жүріп келе жатқан жарысты айтады.

138-бап. Жарыстың ресімі

1.Жарысушылар төрешілер белгілейтін тәртіпте старт қабылдайды.

2.Жарысушы алдыңғы жарысушы сөреден шыққанан кейін, старт алу үшін трекке шығуы керек.

3.200 метрге гитте трек полотносының ұзындығына қарай, жарысушы күш алуы үшін келесі қашықтықтар көзделген:

Тректің ұзындығы 250 метр немесе одан кіші: 3.5 айналым;

Тректің ұзындығы 285,714 метр: 3.0 айналым;

Тректің ұзындығы 333,33 метр: 2.5 айналым;

Тректің ұзындығы 400 метр және одан үлкен: 2.0 айналым.

4.Нәтижелер тең болған жағдайда, жарысушылар соңғы 100 метрдегі үздік нәтижесімен сыныпталуы тиіс. Егер соңғы 100 метрдегі уақыт анықталмаса немесе жарысушылардың уақыты бұрынғысынша бірдей болса, жарысушылар жеребе бойынша іріктеледі.

5.Қандай да бір оқиға болса, жарысушыға қайта старт беру мүмкіндігі ұсынылады. Тек бір ғана қайталама стартқа рұқсат етіледі.

15-тарау. СПРИНТ

1.Спринт дегеніміз - 2-ден 4-ке дейін жарысушы қатысатын 2 немесе 4 айналымдағы жарыс.

139-бап. Жарысты ұйымдастыру

1.Спринт бойынша жарыстар осы Қағиданың 142-бабы 3-тармағында көрсетілген кестеге сәйкес ұйымдастырылады.

2.Жарыс мыналарды қамтиды:

- 1) 8 жарысушы;
- 2) Гит 200м жүріп келе жатып;
- 3) 1 турдағы 1/4 финал;
- 4) 5-6 орындар үшін жарыс;
- 5) 2 (3) турдағы 1/2 финал;
- 6) 3-4 орындар үшін және 2 (3) турдағы 1-2 орындар үшін финал.

2.Спринттегі жарысты өткізу алдында 28 үздік жарысушыны анықтау үшін Гит 200м жүріп келе жатқандардың іріктеу жарыстары өтеді, олар спринтерлік жарыстарға бөлінеді.

3.Алғашқы 8 жарысушы өткен жылғы спринтерлік чемпионаттың біліктілігіне сәйкес іріктеліп алынады. Бұл жарысушылар соңғы кезекте, олардың біліктілігінің кері қарай тәртібімен жарысқа шығады.

140-бап. Спринтерлік жарыс

1.Тректің ұзындығы 333,33 метр болғанда, спринтерлік жарыс 3 айналым қашықтыққа өткізіледі. Тректің ұзындығы 333,33 метр және одан көп болғанда, спринтерлік жарыс 2 айналым қашықтыққа өткізіледі.

2.Егер жарысушы екі жарыстан тұратын спринтерлік жарыстан шығып қалса, оның қарсыласы ол жеңімпаз деп хабарлану үшін сөрелік сызыққа шығуы тиіс. Бұл жағдайда жарысушыға қашықтықты өту қажет емес.

3.Старттағы жарысушының позициясы жеребемен анықталады. Жеребе кезінде 1-ші нөмірді алған жарысушы тректің ішкі жағынан жарысқа шығады.

4. Екі жарыстан тұратын спринтерлік жарыста жарысушылар жарыстың стартында өз позицияларымен алмасады. Бірінші жарыста тректің ішкі жағынан стартқа шыққан жарысушы, екінші жарыста тректің сыртқы жағынан сөреден шығады.

Шешуші жарыста жаңа жеребе тартылады.

141-бап. Жарыстың ресімі

1.Спринтерлік жарыста ысқырықпен старт беріледі.

2.Тректің ішкі жағынан жарысқа шығатын жарысушы, өзінің қарсыласын алға жіберу үшін жаяу адамның жылдамдығымен бірінші болып қозғалады және тректің қарама қарсы жағындағы жарыстың қуалау сөрелік сызығына дейін көш бастайды. Әр жарыста екі сюрплясқа рұқсат етіледі. Сюрплястің ең көп ұзақтығы 30 секундті құрайды, содан кейін стартердің дабылы бойынша көш бастаған жарысушы қозғалысты жаңалауы қажет. Егер жарысушы дабылдан кейін қозғалысты жаңаламаса, стартер жарыс аяқталғаны және жеңістің басқа жарысушыға берілгені туралы хабарлайды. Екі немесе төрт жарысушының қатысуымен болатын спринтерлік жарыстағы мұндай жағдай туындағанда, бірақ қағиданы бұзған жарысушы шеттетілген соң, екі немесе үш жарысушының қатысуымен жарыс қайтадан өткізілуі тиіс.

3. Жарысушылар соңғы 200 метрге дейін немесе мәрелік спринттің басталуына шейін тректегі полотноның барлық енін пайдаланады, бұл ретте өзінің қарсыласының жүруі үшін жеткілікті кеңістік қалдырады және соқтығысуға, құлауға немесе кез келген жарысушыны тректен шығарып жіберуге алып келетін қандай да бір маневр жасамауы тиіс.

4. Мәрелік спринтті орындау кезінде, егер ол соңғы 200 метрге дейін басталса, әрбір жарысушы мәреге дейінгі қозғалыстың түзулігін сақтауы тиіс, егер басқа қатысушыны көру бір велосипедтің ұзындығындай болса, сондай-ақ қарсыласының жүріп өтуіне кедергі келтірмейтін маневрлар жасамаған кезден басқа.

5. Жарысушы спринтерлік дәлізде, сол жақтан келе жатқан қарсыласын айналып өте алмайды. Егер көш басындағы жарысушы спринтерлік дәлізден шықса, оның қарсыласы оны сол жақтан айналып өтуге тырысады, онда жарысушының қарсыласымен арадағы көру кеңістігі ең азы бір велосипедтің ұзындығындай болмайынша, қайтадан спринтерлік дәлізге орала алмайды.

6. Спринтерлік дәлізде өзінің қарсыласын оң жағынан айналып өткен жарысушы, оны «итеруге» немесе қарсыласының жылдамдығын тез жылғалтуына әкелетін маневр жасамауы тиіс.

7. Спринтерлік дәліздің шетінен спринтті бастайтын жарысушы, қарсыласын көру кеңістігі ең азы бір велосипедтің ұзындығындай болмайынша, қарсыласы алып қойған бұл дәлізге кіре алмайды.

8. Егер үш немесе төрт жарысушыдан тұратын жарыста қандай да бір жарысушы басқаға көмектесіп, тыйым салынған іс-қимыл жасаса, ол жарыста соңғы орын алады немесе шеттетіледі. Жарыс дереу қайталануы тиіс, бірақ екі немесе үш қатысушымен ғана болады.

142-бап. Жарысты тоқтату

1. Жарыс мынадай жағдайда тоқтатылуы мүмкін:

1) Құлаған жағдайда:

-егер құлауды жарыс қатысушысы қасақана жасаса, бұл жарысушы жарыста соңғы орын алады немесе оның кінәсінің ауырлығына қарай, одан әрі жарысқа қатысудан босатылады. Бұл жағдайда, басқа қатысушы жеңімпаз атанады. Мұндай жағдай үш немесе төрт жарысушыдан тұратын жарыста туындаса, жарысты қалған екі немесе үш қатысушы жалғастырып, дереу қайта өткізіледі.

-егер құлау вираждағы көш бастаушы жарысушының өте баяу жүрісінен болса немесе қасақана басқа әрекетпен болса, жарыс қайталануы тиіс және құлауға кінәлі жарысушы тректің ішкі жағынан жарысқа шығуы тиіс.

-егер құлау бір қатысушының қателігінен болса, онда төрешілер сол қатысушылар құрамымен қайта жарыс өткізуге шешім қабылдайды немесе құлау кезіндегі жарысушылардың позициясын шешуші ретінде қарастырады.

2) Дөңгелек жарылса;

3) Велосипедтің қажетті бөлшегі сынған жағдайда. Осы үш жағдайдың бәрінде төрешілер

жарысты қайталау туралы шешім қабылдайды немесе құлау кезіндегі жарысушылардың позициясын шешуші ретінде қарастырады.

Мына жағдайда:

- Егер жарысушы тепе-теңдікті жоғалтқан кезде құласа немесе қарсыласынан немесе тректің бортынан ұстаса, жарыс тоқтатылады және сол жарысушы қайта жарыста тректің ішкі жағынан жарысқа шығады;

- Егер стартер «қағида өрескел бұзылды» деп хабарласа және жарысушылар соңғы айналымды бастады деп белгі беретін, қоңырауды соққанша жарысты тоқтатса, төрешілер ережені бұзушыға жарыста соңғы орын береді немесе оны шеттетеді.

Бұл жағдайда басқа жарысушы жеңімпаз деп танылады. Үш немесе төрт қатысушымен болатын жарыста бұл жарыс, екі немесе үш қатысушымен болатын жарыс сияқты қайталанады.

2. Егер қағиданы бұзған жарысушы нәтижесімен төмендетілсе немесе шеттетілсе, жарыс қайталануы тиіс және қайталама жарыста оның қарсыласы старттағы қалпын таңдауы тиіс.

3. Егер жарыс қандай да бір себеппен тоқтатылса және оны жарыс аяқталғанға дейін қайта

жалғастыру мүмкін болмаса, комиссарлар алқасы төмендегі кестеге сәйкес шешім қабылдайды.

ШЕШІМ		
¼ финал аяқталғанға дейін тоқтатылса	¼ финал аяқталғаннан кейін тоқтатылса, бірақ жартылай финалдың алдында	жартылай финалдар аяқталғаннан кейін тоқтатылса
Қорытынды сыныптама өткізілмейді. Нәтижелер берілмейді және UCI ұпайлары есептелмейді.	Жартылай финалға өткен жарысушылар 4-ші орын алады. Қалған жарысушылар осы жарыста қолданылатын ережеге сәйкес сараланатын болады.	Алтын медаль үшін финалға өткен жарысушы 2-ші орынды алады, ал қол медаль үшін финалға өткен жарысушы 4-ші орынды алады. Қалған жарысушылар осы жарыста қолданылатын ережеге сәйкес сараланатын болады.

4. Спринтке арналған жарыстарда ұсынылатын кестелердің нұсқалары:

1-нұсқа.

28	4 үздік жарысушы 1/8 финалға ірктеледі 1/16 финал 12 X 2 → 1 = 12	1	N1 -	1A	Гит 200 м жүруден нәтижелеріне сәйкес 17-28 орындардың біліктілігі
		2	N2 -	2A	
		3	N3 -	3A	
		4	N4 -	4A	
		5	N5 – N28	5A	
		6	N6 – N27	6A	
		7	N7 – N26	7A	
		8	N8 – N25	8A	
		9	N9 – N24	9A	
		10	N10 – N23	10A	
		11	N11 – N22	11A	
		12	N12 – N21	12A	
		13	N13 – N20	13A	
		14	N14 – N19	14A	
		15	N15 – N18	15A	
		16	N16 – N17	16A	
16	1/8 финал 8 X 2 → 1 = 8	1	1A – 16A	1B	Гит 200 м жүруден нәтижелеріне сәйкес 9-16 орындардың біліктілігі
		2	2A – 15A	2B	
		3	3A – 14A	3B	
		4	4A – 13A	4B	
		5	5A – 12A	5B	
		6	6A – 11A	6B	
		7	7A – 10A	7B	

		8	8A – 9A	8B	
8	1/4 финал 4 X 2 \Rightarrow 1 = 4 (2 жарыс, 3 кажетіне қарай)	1	1B - 8B	1C	Гит 200 м жүруден нәтижелеріне сәйкес 5-8 орындардың біліктілігі
		2	2B - 7B	2C	
		3	3B - 6B	3C	
		4	4B - 5B	4C	
4	1/2 финал 2 X 2 \Rightarrow 1 = 2 (2 жарыс, 3 кажетіне қарай)	1	1C - 4C	1D1	1D2
		2	2C - 3C	2D1	2D2
4	финалдар 2 X 2 \Rightarrow 2 (2 жарыс, 3 кажетіне қарай)	1	1D1 - 2D1	1 орын (алтын)	2 орын (күміс)
		2	1D2 – 2D2	3 орын (қола)	4 орын

2-нұсқа

18	1/16 финал 9 X 2 \Rightarrow 1 = 9	1	N1 – N18	1A1	1A2	
		2	N2 – N17	2A1	2A2	
		3	N3 – N16	3A1	3A2	
		4	N4 – N15	4A1	4A2	
		5	N5 – N14	5A1	5A2	
		6	N6 – N13	6A1	6A2	
		7	N7 – N12	7A1	7A2	
		8	N8 – N11	8A1	8A2	
		9	N9 – N10	9A1	9A2	
9	Үміт жарысы 3 X 3 1 = 3	1	1A2 – 6A2 – 9A2	1B		Гит 200 м жүруден нәтижелеріне сәйкес 13-18 орындардың біліктілігі
		2	2A2 – 5A2 – 7A2	2B		
		3	3A2 – 5A2 – 8A2	3B		
12	1/8 финал 6 X 2 1 = 6	1	1A1 – 3B	1C1	1C2	
		2	2A1 – 2B	2C1	2C2	
		3	3A1 – 1B	3C1	3C2	
		4	4A1 – 9A1	4C1	4C2	
		5	5A1 – 8A1	5C1	5C2	
		6	6A1 – 7A1	6C1	6C2	
6	Үміт жарысы 2 X 3 1 = 2	1	1C2 – 4C2 – 6C2	1D		9-12 орындар
		2	2C2 – 3C2 – 5C2	2D		
8	1/4 финал 4 X 2 1 = 4 (2 жарыс, 3 кажетіне қарай)	1	1C1 – 2D	1F		5-8 орындар
		2	2C1 – 1D	2F		
		3	3C1 – 6C1	3F		
		4	4C1 – 5C1	4F		
4	1/2 финал 2 X 2 \Rightarrow 1 = 2 (2 жарыс, 3 кажетіне қарай)	1	1F – 4F	1G1	1G2	
		2	2F – 3F	2G1	2G2	
4	финалдар 2 X 2 1 = 2 (2 жарыс, 3 кажетіне қарай)	1	1G1 – 2G1	1 орын (алтын)	2 орын (күміс)	
		2	1G2 – 2G2	3 орын (қола)	4 орын	

16-тарау. ҚУАЛАУ (ІЗ КЕСУ) ЖЕКЕ ЖАРЫСЫ

1. Белгілі бір қашықтыққа екі қатысушымен өткізілетін жарыс. Жарысушылар тректің қарама-қарсы жағынан сөреден шығады. Өзінің қарсыласын қуып жеткен немесе қашықтықты өтуде үздік уақыт көрсеткен жарысушы жеңімпаз атанады.

143-бап. Жарысты ұйымдастыру

1. Қуалау жеке жарысы келесі қашықтықтар бойынша өткізіледі:

- 1) 4 км –ерлер;
- 2) 3 км- ерлер, әйелдер, юниорлар, юниор қыздар;
- 3) 2 км - әйелдер, юниорлар, юниор қыздар, жасөспірімдер, қыздар;

2. Қуалау жеке жарысы екі кезеңнен өткізіледі:

1) қашықтықты өту уақыты бойынша үздік төрт жарысушыны анықтау үшін өткізілетін біліктілік жарысы;

2) Финалдар

3. Екі үздік нәтиже көрсеткен жарысушылар бірінші және екінші орын үшін финалға өтеді, қалған екі жарысушы үшінші және төртінші орын үшін финалдық жарыста кездеседі.

4. Біліктілік жарыстарын өткізу кезінде төрешілер жарысушылардың деңгейін ескере отырып, құрамды анықтайды. Бұл ретте екі үздік жарысушы бір жарыста кездеспеуі керек.

5. Біліктілік жарыстарын өткізу кезінде тек қана қашықтықты өту уақыты ескеріледі.

6. Егер жарыс кезінде жарысушыны қарсыласы қуып жетсе, ол өзінің уақытын тіркету үшін қашықтықты аяқтауы керек.

7. Жарысушы қуып жеткен соң өз қарсыласының «дөңгелегіне жабыспауы» қажет. Ондай жағдайда жарысушы шеттетіледі.

Өз қарсыласын қуып жеткен жарысушы, сондай-ақ оның «дөңгелегіне жабыспауы» қажет. Ондай жағдайда сол жарысушы шеттетіледі.

8. Егер төртеуінің екеуі үздік қатысушы (финалдар) болған жарыста бір жарысушы, екіншісін қуып жетсе жарыс аяқталады.

9. Егер екі жарысушының велосипедтерінің қареткалары бір деңгейде болса, жарысушыны «қарсыласы қуып жетті» деп есептеледі.

10. Егер қандай да бір жарысушы финалдық жарыстың сөресіне шықпаса, жеңіс оның қарсыласына беріледі.

11. 1 және 2 орын үшін финалдық жарыстың сөресіне шықпаған жарысушыға, өздігінен екінші орын беріледі. 3 және 4 орын үшін финалдық жарыстың сөресіне шықпаған жарысушыға, өздігінен төртінші орын беріледі. Егер финалдық жарыстың сөресіне шықпаған жарысушының себебі дәлелсіз деп саналса, ол жарысушы шеттетіледі және оның орны бос қалады.

12. Егер жарысушылар бірдей уақыт көрсетсе, жеңіс соңғы айналымда үздік уақыт көрсеткен жарысушыға беріледі.

144-бап. Тректі дайындау

1. Екі жарысушы сөреде бір-біріне қарама қарсы нүктеде, тректің екі жағында диаметральді орналасады.

2. Басты мінберге қарама қарсы бірінші старттың нүктесі қызыл шеңбермен (жалаумен), ал тректің қарама қарсы жағындағы екінші старттың нүктесі жасыл шеңбермен (жалаумен) белгіленуі тиіс.

3. Мәренің әрбір нүктесінде әрбір жарыс қатысушысының шеңберді өтуін тіркеп отыратын жасыл және қызыл түсті индикаторы бар хронометраж құрылғы орнатылады.

4. Тректің әр жағында мәре сызығында айналымдарды есептегіш және қоңырау орнатылуы тиіс.

5. Жарысушылардың әр айналымды өту тәртібі, өткен айналымдар саны, қатысушылардың өту уақыты мен өту уақыты арасындағы айырмашылық, сондай-ақ қашықтықты өтудің қортынды нәтижелері электронды таблода көрсетілуі тиіс.

6. Бүкіл айналым саны ішінде қашықтықты өтуге ұзындығы мүмкіндік бермейтін тректе, қызыл шеңберден стартқа шығатын жарысушы үшін соңғы километрдің нүктесі қызыл вымпелмен белгіленеді, ал жасыл шеңберден шығатын жарысушы үшін жасыл вымпелмен белгіленеді. Юниор қыздарға арналған жарыстарда соңғы 500 метр белгіленуі тиіс.

7. Әрбір жарысушының старты сөрелік блоктан жүзеге асырылады.

145-бап. Жарыс ресімі

1. Старт трек полотносының ішкі жағынан қабылданады.

2. Сөренің тәртібі:

1) біліктілік жарыстарын өткізу кезінде әрбір жарысушы үшін сөренің тәртібін төрешілер анықтайды.

2) финалдық жарыстарды өткізу кезінде алдыңғы жарыста үздік уақыт көрсеткен жарысушы, бас трибунаға қарсы жақтан сөреге шығады.

3. Фальстарт болса, стартер жарысты старт тапаншасынан екі оқпен тоқтатуы тиіс. Содан кейін қайталама старт жүзеге асырылады.

4. Біліктілік жарыстарында екі рет фальстарт жасаған жарысушы, одан әрі жарысқа қатысудан босатылады.

5. Финалдық жарыстарда екі рет фальстарт жасаған жарысушы, финалда жеңілді деп саналады.

6. Старт тапаншасынан атылған оқ әрбір жарысушы мәре сызығын кескенде немесе бір жарысушы екінші жарысушыны (осы Қағиданың 143-абанының 8-тармағын қараңыз) қуып жеткенде жарыстың аяқталғанын білдіреді.

7. Егер жарыс қандай да бір себеппен тоқтатылса және оны жарыс аяқталғанға дейін қайта жалғастыру және аяқтау мүмкін болмаса, комиссарлар алқасы төмендегі кестеге сәйкес шешім қабылдайды.

ШЕШІМ	
Жарыс біліктілік раунды аяқталғанға дейін тоқтатылды.	Жарыс біліктілік раунды аяқталғаннан кейін тоқтатылды.
Қорытынды сыныптама жоқ	Біліктілік раундының нәтижелері бойынша сыныптама
Нәтижелер тапсырылмайды және UCI-дің ұпайлары есептелмейді.	

146-бап. Оқиғалар

1. Біліктілік жарыстары:

1) егер оқиға жарысушылар бірінші айналымның жартысын өту кезінде болса, жарыс

тоқтатылады және жарыс дереу қайталанады;

2) жарысушылар бірінші айналымның жартысын өткен кезде, жарыс тоқтатылмайды. Оқиға болған жарысушы біліктілік жарыстарының сериясы аяқталған

соң, жарысты (жалғыз өзі немесе дәл сондай оқиғаға тап болған басқа жарысушымен бірге) қайталауы мүмкін.

2.Финалдар:

1) егер оқиға жарысушылар бірінші айналымның жартысын өту кезінде болса, жарыс тоқтатылады және жарысушылар ең кеш дегенде, 5 минуттан кейін өз позицияларынан қайтадан сөреден шығуы тиіс;

2) бірінші жартысын өткеннен соң, ешқандай оқиға назарға алынбайды. Оқиға болған жарысушы, финалда жеңілді деп саналады.

17-тарау. КОМАНДАЛЫҚ ҚУАЛАУ ЖАРЫСЫ

1.Тректің қарама қарсы екі жағынан сөреге шығатын, екі команданың қатысуымен өтетін жарыс. Басқа команданы қуып жеткен немесе қашықтықты өтуде үздік уақыт көрсеткен команда жеңімпаз атанады.

Команда құрамы:

Спорттық пән (түр)

Саны (адам)

Трек – командалық қуалау жарыс	Өтінім берілген	Сөреге шыққан
	5	4

147-бап. Жарысты ұйымдастыру

1.Осы бөлімде көрсетілген ерекше детальдардан басқа, жеке қуалау жарысын өткізу қағидасы командалық қуалау жарысына да қатысты болады.

2.Командалар осы жарысқа өтінім берілген жарысушылардан тұрады. Команда құрамы жарыстың әр раундында ауысады. 16-тараудың 1-тармағында көрсетілген толық емес құрамдағы команда жарысқа шыға алмайды. Жеңімпаз және жүлдегер командалардың спортшылары, жарысушылары қай жарысқа шыққанына қарамастан, толық құрамда марапатталады.

3.Команда өкілі әр жарыстың стартына дейін 30 минуттан кешіктірмей, команда құрамындағы өзгерістер туралы төрешілерге хабарлауы тиіс.

4.Әр команданың нәтижесі мен сыныптамасы жарысты аяқтаған команданың үшінші қатысушысы бойынша анықталады. Қашықтықты өту уақыты команданың үшінші қатысушысының алдыңғы дөңгелегі бойынша тіркеледі.

5.Егер екі команда арасындағы кеңістік бір метр болса, команданы басқа команда қуып жетті (команданың үш жарысушысы бірге келе жатса) деп есептеледі.

6.Біліктілік жарыстары 4 үздік команданы, ал ұлттық чемпионатта 8 команданы анықтау үшін ұйымдастырылады.

7.Біліктілік жарыста және бірінші раундта командалар бөлек стартқа шығады.

8.Төрешілер алқасы қатысушы командалардың санына қарай, әр жарыста екі команданың қатысуымен біліктілік жарыстарын өткізуге шешім қабылдайды.

9.Жарыстар екі кезеңнен тұрады:

1) қашықтықты өту уақытын ескеріп, 4 үздік команданы анықтауға арналған біліктілік жарыстары;

2) финалдар.

10. Екі үздік нәтиже көрсеткен командалар бірінші және екінші орын үшін финалға шығады,

ал қалған екі команда үшінші және төртінші орын үшін финалдық жарыста кездеседі.

11.Қазақстанның Ұлттық чемпионатында (егер 8 үздік команда анықталса), біліктілік жарыста үздік уақыт көрсеткен 8 команда бірінші раундқа шығады:

- 1) алтыншы уақыт көрсеткен команда, жетінші уақыт көрсеткен командаға қарсы;
- 2) бесінші уақыт көрсеткен команда, сегізінші уақыт көрсеткен командаға қарсы;
- 3) екінші уақыт көрсеткен команда, үшінші уақыт көрсеткен командаға қарсы;
- 4) бірінші уақыт көрсеткен команда, төртінші уақыт көрсеткен командаға қарсы.

12.Жарыстар төменде көрсетілген кері тәртіппен өткізілуі тиіс.

1) Бірінші жарыс раундындағы соңғы екі жарыстың жеңімпаздары финалда бірінші және екінші орындар үшін қатысады.

2) Қалған алты команда бірінші жарыс раундындағы олардың көрсеткен уақытына сәйкес саралануы тиіс және финалда осылайша қарсыласады:

- екі ең тез келген команда финалда 3 және 4 орын үшін қатысады.

3) Бірінші жарыс раундындағы соңғы екі жарыста, егер бір команда екіншіні қуып жетсе, қуып жеткен команда жеңімпаз деп танылады және келесі команданың қашықтықты аяқтауы және уақыт көрсетуі үшін тезірек тоқтауы тиіс. Бұл жағдайда, егер бір немесе екі команда өзінің қарсыластарын қуып жетсе, іріктеу турындағы уақыт екі команданың қайсысы үйдегі тұзулікте бірінші болып мәреге жететінін анықтау үшін қолданылады.

4) Егер финалдық жарыста бір команда екіншісін қуып жетсе, жарыс аяқталады және қуып жеткен команда жеңімпаз деп танылады.

13.Жоғарыда сипатталған екі жағдайда тапаншадан атылатын оқ, команда бүкіл қашықтықты аяқтау бойынша өзінің мәре сызығын кесіп өткен сәтте немесе бір команда екіншісін қуып жетсе, жарыстың аяқталғанын білдіреді.

14.Толық емес командалар стартқа шықпайды. Сонымен бірге, іріктеу тураларында толық емес командалар шеттетіледі.

15.Егер команда бірінші раундта жарысқа шықпаса, ешқандай ауыстыру болмайды. Жарысқа шықпаған команда 8 орында қалады.

16.Егер бірнеше команда жарысқа шықпаса, онда олар біліктілік жарыста көрсеткен уақытына сәйкес 8-ші және одан жоғары орындарды алады. Стартқа шыққан команда финалдық жарыстағы құрамды анықтау үшін жалғыз өзі өтеді.

17.Егер қандай да бір команда финалдық жарыстың стартына шықпаса, жеңіс басқа командаға беріледі.

18. 1 және 2 орын үшін финалдық жарыстың стартына шықпаған командаға, өздігінен екінші орын беріледі. 3 және 4 орын үшін финалдық жарыстың стартына шықпаған командаға, өздігінен төртінші орын беріледі. Егер команданың стартқа шықпауының себебі дәлелсіз деп табылса, бұл команда шеттетіледі және оның орны бос тұрады.

19.Командалар стартқа қатыспаса, және бірдей уақыт көрсетсе, жеке қуалау жарысындағы қағида және UCI-дің 3.3.012 бабына сәйкес қолданылады.

148-бап. Тректі дайындау

1.Командадағы үшінші қатысушының мәре сызығын алдыңғы дөңгелегімен кесіп өтуі кезінде уақытты анықтау үшін мәре сызығына электронды байланыс таспасы желімделуі керек.

2.Хронометраа және әр жартылай айналымнан өтуді тіркеу командадағы үшінші қатысушының алдыңғы дөңгелегімен жүзеге асырылады.

149-бап. Жарыстың ресімі

1.Әр команданың жарысушылары стартта тұрған кезде сөрелік сызықтың бір сызығында тұруы тиіс. Жарысушылар арасындағы аралық бір метр болуы тиіс.

- 2.Тректің ішкі жағында стартта тұрған жарысушының велосипеді старт блогында болуы тиіс. Бұл жарысушы көш бастаушы болып табылады.
- 3.Стартер егер фальстарт немесе оқиға болса, старт тапаншасынан қосарлы оқ атып, жарысты тоқтатады. Мысалы, бір жарысушы стартты дабылдан бұрын бастаса немесе тректің ішкі жолағында тұрған бірінші жарысушы көш басындағы позицияда болмаса.
- 4.Жарыс кезінде команда мүшелерін итеруге тыйым салынады және біліктілік жарыстарында шеттетумен және бірінші раундта төмендетумен жазаланады. Финалдық жарыстарды өткізу кезінде мұндай бұзушылық болса, команда финалда жеңілді деп саналады.
- 5.Егер төрешілер бір команданы басқасы қуып жеткенін көрсе, олар жарысушылардың бір-бірімен соқтығысып қалуын болдырмас үшін басқа команданың оны қуып жетуі аяқталғанша, кезекті ауыстыруды тоқтату туралы қызыл жалаушамен белгі береді.
6. Бұл нұсқаулықтағы кез келген бұзушылық ережені бұзған команданы дереу шеттетуге алып келеді.
- 7.Егер команданың үшінші қатысушысы мәре сызығын кесіп өтсе, немесе финалдық жарыста бір команда (құрамында кемінде үш қатысушы) басқа команданы қуып жетсе, жарыс аяқталды деп саналады.
8. Егер жарыс қандай да бір себеппен тоқтатылса және оны жарыс аяқталғанға дейін қайта жалғастыру мүмкін болмаса, комиссарлар алқасы төмендегі кестеге сәйкес шешім қабылдайды.

ШЕШІМ		
біліктілік раунды аяқталғанға дейін тоқтатылса	біліктілік раунды аяқталғаннан кейін тоқтатылды, бірақ I раунд аяқталғанға дейін	I раунд аяқталғаннан кейін тоқтатылды
Қорытынды сыныптама өткізілмейді. Нәтижелер берілмейді және UCI ұпайлары есептелмейді.	Біліктілік раундының нәтижелері бойынша сыныптама.	Алтын медаль үшін финалға өткен жарысушы 2-ші орынды алады, ал қол медаль үшін финалға өткен жарысушы 4-ші орынды алады. Қалған жарысушылар осы жарыста қолданылатын ережеге сәйкес сараланатын болады.

150-бап. Оқиғалар

1.Біліктілік жарыстары:

- 1) егер оқиға командалар бірінші айналымның жартысын өту кезінде болса, жарыс тоқтатылады және жарыс дереу қайталады.
- 2) егер оқиға бірінші айналымның жартысын өту кезінде және тек бір ғана жарысушыға қатысты болса, онда команда үш қатысушымен жарысты жалғастыруына да, тоқтатуға да болады.Егер команда тоқтатуды таңдаса, ол бір айналым ішінде, сол оқиға болған жерден жүзеге асады, олай болмаса, команда шеттетіледі.
- 3) қатысушылардың бірімен болған оқиғадан кейін тоқтату жасаған команда, егер мүмкін болса, сондай жағдайға тап болған басқа командамен бірге, біліктілік жарыстарының соңында жарысқа шығады немесе төрешілер алқасының шешімі бойынша басқа командалардың дайындығын бұзбай ыңғайлы сәтті күтеді.

4) егер қайталама жарыста оқиға тағы қайталанса, онда 3 жарысушы әрі қарай жалғастырады, олай болмаса команда шеттетіледі.

2. Бірінші жарыс раунды және финалдар:

1) егер оқиға жарысушылар қашықтықтың бірінші айналымының жартысын өту кезінде болса, жарыс тоқтатылады және жарыс қайтадан дереу басталады.

2) бірінші айналымның жартысын өтіп болғаннан кейінгі оқиғалар назарға алынбайды. Егер оқиғадан кейін, оның құрамында ең аз дегенде үш қатысушы қалса, команда жарысты жалғастыруы тиіс.

3. Олай болмаса, команда тоқтауы тиіс және:

1) төмендетіледі және UCI регламентінің 3.3.012-бабына сәйкес бірінші жарыс раундында сыныпталады.

2) оған финалда жеңіліс есептеледі.

18-тарау. ОРНЫНАН 1 км-ге ГИТ және ОРНЫНАН 500 метрге ГИТ

1. Орнынан 1 км-ге және 500 метрге Гит дегеніміз - старт орнында тұрып басталатын, уақытқа жеке жарыс.

2. Қазақстан чемпионатын өткізу кезінде, ерлер үшін орнынан 1 км-ге (1000 м) гит ерлер және әйелдер элита, ерлер андерлер 19-22, әйелдер андерлер 19-22, юниорлар мен юниор қыздар үшін өткізіледі.

3. 500 метрге Гит жасөспірімдер мен қыздар үшін өткізіледі.

151-бап. Жарысты ұйымдастыру

1. Сегіз үздік жарысушыны анықтау үшін екі старттан біліктілік жарыстары өткізілуі тиіс. Финалда әр жарысушы жарысқа жеке шығады.

2. Старттың тәртібін төрешілер белгілейді.

3. Жарыс екі кезеңнен тұрады:

1) көрсеткен нәтижелері негізінде, біліктілік раундында 8 жылдам спортшы анықталады;

2) Финалдар.

3. Жарыс бір ғана финалдық жарыспен өтуі мүмкін.

4. Нәтижелер тең болса, соңғы айналымда үздік уақыт көрсеткен жарысушы жеңімпаз деп танылады.

5. Жарыстың барлық қатысушылары бір және сол күні жарысқа шығуы керек. Ауа-райына байланысты тоқтатылған жарыс келесі күні қайталанатын. Бұл ретте, жарысушылардың бірінші күні көрсеткен уақыты есепке алынбайды.

6. Егер жарыс қандай да бір себеппен тоқтатылса және оны жарыс аяқталғанға дейін қайта жалғастыру және аяқтау мүмкін болмаса, комиссарлар алқасы төмендегі кестеге сәйкес шешім қабылдайды.

ШЕШІМ	
Жарыс біліктілік раунды аяқталғанға немесе тікелей финал болған жағдайда финалға дейін тоқтатылды.	Жарыс біліктілік раунды аяқталғаннан кейін тоқтатылды.
Қорытынды сыныптама өткізілмейді. Нәтижелер тапсырылмайды және UCI-дің ұпайлары есептелмейді.	Біліктілік раундының нәтижелері бойынша сыныптама.

152-бап. Жарыстың ресімі

1. Жарысушы стартты сөрелік блоктан қабылдайды.

2. Старт тректің полотносының ішкі жағынан басталады.

153-бап. Оқиғалар

1. Фальстарт немесе оқиға болса, стартер тапаншадан қосарлы оқ ату арқылы жарысты тоқтатады.
2. Біліктілік раунды:
 - 1) Егер оқиға орын алса, басқа жарысушы болған жерден жарысты жалғастыруы тиіс.
 - 2) Егер трек бұғатталмаса, стартер жарысты тоқтатпауы керек. Жәбірленуші жарысушы егер төрешілер алқасы анықтаған білктілік рандтарының соңында немесе ыңғайлы уақытта рұқсат етілсе, қайтадан жарысқа шығады.
 - 3) Келесі старт кезінде оқиғадан жәбірленуші жарысушы шығып кеткен (мәреге жетпеген) болып есептеледі.
3. Финалдар
 - 1) Оқиға болса, жарыс тоқтатылады және жарыс қайтадан дереу басталады.
 - 2) Келесі старт кезінде екінші оқиғадан жәбірленуші жарысушы жеңілді деп саналады.

19-тарау. ҰПАЙЛАР БОЙЫНША ЖАРЫС

1. Ұпайлар бойынша жарыс дегеніміз - соңғы сыныптама жарысушылардың аралық мәрелерде немесе қашықтық айырмасындағы айналымдарда жинаған ұпай саны бойынша анықталатын жарыс.

154-бап. Жарысты ұйымдастыру

1. Төрешілер қатысушылардың санына қарай, финалда қатысатын үздік жарысушыларды іріктеу үшін біліктілік жарыстарын ұйымдастырады.
2. Ұзындығы 250м және одан кіші тректерде аралық мәре, әрбір 10 айналым сайын өткізіледі.
3. Басқа тректерде аралық мәре 2км-ге жақын барабар қашықтықтағы айналым санын жарысушылар өткен соң өткізіледі, мысалы:
 - 1) ұзындығы 285.714 метр тректе әрбір 7 айналым;
 - 2) ұзындығы 333.33 метр тректе әрбір 6 айналым;
 - 3) ұзындығы 400 метр тректе әрбір 5 айналым.
4. Жарыс ең аз дегенде, төменде көрсетілген кестеге сәйкес (250м трекке) келесі қашықтықтар, айналым саны және аралық мәреде өткізіледі:

	ЕРЛЕР ЭЛИТА			ӘЙЕЛДЕР ЭЛИТА			ЮНИОРЛАР			ЮНИОР ҚЫЗДАР		
	қашықтық (км)	айналым	спринт	қашықтық (км)	айналым	спринт	қашықтық (км)	айналым	спринт	қашықтық (км)	айналым	спринт
Білік/к	15	60	6	10	40	4	10	40	4	10	40	4
финал	30	120	12	20	80	8	20	80	8	15	60	6

5. ӘЧ, Әлем кубоктары және ҚР ұлттық чемпионатын өткізу кезінде келесі қашықтықтар, айналым саны және аралық мәреде өткізіледі:

	ЕРЛЕР ЭЛИТА	ӘЙЕЛДЕР ЭЛИТА	ЮНИОРЛАР	ЮНИОР ҚЫЗДАР
--	-------------	---------------	----------	--------------

	қашы қтық (км)	айна лым	спр инт	қашы қтық (км)	айна лым	спр инт	қашы қтық (км)	айна лым	спр инт	қашы қтық (км)	айна лым	спр инт
Білі к/к	20	80	8	15	60	6	15	60	6	10	40	4
фи нал	40	160	16	25	100	10	25	100	10	20	80	8

6. Барлық аралық мәрелер арасындағы айналым саны финалдыктан бастап, бірдей болуы тиіс, мынаған сәйкес:

- Трек кемінде 200 м - 15 айналым
- Трек 200 м-ден 333,3 м-ге дейін - 10 айналым
- Трек 333,3 м - 6 айналым
- Трек 400 м және одан үлкен - 5 айналым.

7. Егер айналым саны аралық мәрелер арасындағы көрсетілген жалпы айналым санына бөлінбейтін болса, «қосымша айналымдар» бірінші аралық мәреге дейін өтуі тиіс. (Мысалы, 285,7 м тректе аралық мәрелер әр 10 айналым сайын өткізіледі. Егер жарыс 56 айналымнан тұратын болса, бірінші мәре 16 айналымнан кейін, содан соң әр 10 айналымнан кейін өткізіледі).

8. Аралық мәрені жеңген жарысушы 5 ұпай, екінші жарысушы 3 ұпай, үшінші жарысушы 2 ұпай және төртінші – 1 ұпай алады. Соңғы мәреде ұпайлар екі еселенеді (10 ұпай, 6 ұпай, 4 ұпай, 2 ұпай).

9. Финиште (аралық немесе негізгі) ұпай саны тең болса, жарысушыларға сол позициясына тиісті ұпайларға сәйкес бірдей позиция беріледі (мысалы, егер екі жарысушы фиништегі бірінші орын үшін таласса, екуі де 5 ұпайдан алады; бірақ бұл жағдайда екінші орын болмайды). Негізгі топтан қашықтық артықшылығымен айналым алған, кез келген жарысушы 20 ұпай алады. Негізгі топтан бір айналым қалып қойған, кез келген жарысушыға 20 ұпай айыппұл салынады.

10. Екі немесе одан көп жарысушының ұпайлары тең болса, жарыс жеңімпазы соңғы фиништегі нәтижесі бойынша анықталады.

155-бап. Жарыс ресімі

1. Жарыс алдында қатысушылардың жартысы тректегі борттың жанында, ал екінші жартысы спринтерлік дәліздегі тректің полотнаның жанында тұрады.

2. Жарысушылар бейтарап бір айналым жасаған соң, жүріп бара жатып старт қабылдайды.

3. Аралық мәрелер спринтерлік жарысты өткізу қағидасына сәйкес өткізіледі.

4. Негізгі топтан қалып қойған жарысушы, оны басқа жарысушы қуып жеткеннен кейін көш бастай алмайды. Олай болмаса, ол шеттетіледі.

5. Егер айналымда кезекті аралық мәре ойнатылса, жарысушы (жарысушылар) негізгі топты қуып жетсе, ол (олар) 20 ұпай алады. Бұл аралық мәреде негізгі топты әлі қуып жетпеген, мәре сызығын өту кезінде көшбасшы топтағы жарысушылар немесе негізгі топтың алдындағы жарысушылар ұпай алады.

6. Алға кеткен топтан бір немесе бірнеше жарысушы оларды қуып жеткен, негізгі топтан қалып қойған бір немесе бірнеше жарысушы алға шықпауы немесе олардың топты қуып жетуіне көмектеспеуі тиіс. Олай болмаса, ол (олар) шеттетіледі.

7. Негізгі топтан бір немесе бірнеше айналымға қалып қойған жарысушылар, төрешілер алқасының шешімі бойынша жарыстан алынуы мүмкін.

8.Егер жарыста жартысынан көп қатысушы құлап қалса, жарыс тоқтатылады және төрешілер үзілістің ұзақтығын белгілеуі тиіс. Жарыстың жаңа старты, оқиға болған сәтте жарысушылардың алған позицияларына сәйкес берілуі тиіс.

9.Егер қандай да бір себеппен, тректе жарыстар өткізуге мүмкін болмаса, төрешілер келесі шешімдерді қабылдайды:

ҚАШЫҚТЫҚ	ШЕШІМДЕР		
	Жарыстың қайталама старты Сол күні	Ұпайлар бойынша білктілікті сақтап, жарыс қайта жалғастыру	Нәтижелерді түпкілікті деп санау
	Жарыс тоқтады, дейін:	Жарыс тоқтады, кейін:	Жарыс тоқтады, кейін:
10 км	8 км	/	8 км
15/16 км	10 км	/	10 км
20 км	10 км	10-15 км	15 км
24/25 км	10 км	10-20 км	20 км
30 км	15 км	15-25 км	25 км
40 км	15 км	15-30 км	30 км

20-тарау. КЕЙРИН

1.Кейрин дегеніміз – спринтерлік жарыс, жалпы қашықтығы шамамен 1,5 км, онда трек полотносынан финишке дейінгі 3 айналым бұрын (250м трек үшін) кетіп қалған мотоциклдің артынан бірнеше айналым жүру үшін жарысушылар таласады. Басқа ұзындықтағы тректер үшін мотоцикл трек полотносынан, шамамен финишке дейін 750 м бұрын шығуы тиіс.

2.Мотоциклсіз айналымдар саны мотоциклден кейінгі айналымдар санына тең болуы керек.

156-бап. Жарысты ұйымдастыру

1.Тректің ұзындығы 250 метр. Айналым саны – 6. Дерниден кейінгі айналым саны – 3.

2. Жарыс келесі кестеге сәйкес ұйымдастырылады:

	1 тур		
Жарысушылар саны	Жарыс саны	Жарыстағы жарысушылар саны	
10-14	2	5-7	1-6 орындар үшін финалға алғашқы 3; 7-12 орындар үшін финалға 4-6

	1 тур			«Үміт» жарысы			1/2 финал		
Жарысушы ар саны	Жарыс саны	Жарыстағы Жарысушылар саны	1/2 финалдағы қатысушылар саны	Жарыс саны	Жарыстағы Жарысушылар саны	1/2 финалдағы Жарысушылар саны			1-6 орындар үшін финалға алғашқы 3; қалғандары 7-12 орындар үшін финалға
15-21	3	5-7	2	2-3	5-7	2-3	2	6	
22-28	4	5-7	2	4	3-5	1			
29-42	6	5-7	1	6	3-6	1			

Жа ры су	1 тур	«Үміт» жарысы	1/4 финал	«Үміт» жарысы	1/2 финал	
----------------	-------	---------------	--------------	---------------	-----------	--

	Жарыс саны	Жарыстағы жарысушылар саны	¼ финалдағы жарысушылар саны	Жарыс саны	Жарыстағы жарысушылар саны	½ финалдағы жарысушылар саны	Жарыс саны	Жарыстағы жарысушылар саны	½ финалдағы жарысушылар саны	Жарыс саны	Жарыстағы жарысушылар саны	½ финалдағы жарысушылар саны	Жарыс саны	Жарыстағы жарысушылар саны	
43-49	7	6-7	1	6	6-7	2	3	6-7	2	2	6-7	3	2	6	1-6 орындар үшін финалға алғашқы 3; қалғандары 7-12 орындар үшін
50-56	8	6-7	1	7	6-7	2	4	5-6	2	2	7	2			
57-63	9	6-7	1	8	6-7	2	4	6-7	2	4	4-5	1			
64-70	10	6-7	1	9	6-7	2	4	7	2	4	5	1			

3. Жарыс мыналарды қамтиды:

- 1) 10 жарысушы;
 - 2) біліктілік раунд, 2 жарыс 5 жарысушыдан;
 - 3) финал 6-10 орындар үшін;
 - 4) финал 1-5 орындар үшін.
4. Жарыс келесі кестеге сәйкес ұйымдастырылады:

28 ЖАРЫСУШЫ ҚАТЫСҚАН КЕЗДЕГІ, КЕЙРИНДЕГІ ЖАРЫСТАРДЫ ҚҰРУДЫҢ ҮЛГІСІ					
1 Тур	Композиция:	7 жарысушыдан 4 жарыс			
		A	B	C	D
		R1	R2	R3	R4
		R8	R7	R6	R5
		R9	R10	R11	R12
		R16	R15	R14	R13
		R17	R18	R19	R20
		R24	R23	R22	R21
		R25	R26	R27	R28
		Қысқарту: R – UCI –дің соңғы жеке тректегі сыныптамасындағы рейтинг. Рейтингте орын болмаса, жеребе бойынша.			
Нәтижелер:		*QA1	*QB1	*QC1	*QD1
		*QA2	*QB2	*QC2	*QD2
		QA3	QB3	QC3	QD3
		QA4	QB4	QC4	QD4
		QA5	QB5	QC5	QD5
		QA6	QB6	QC6	QD6
		QA7	QB7	QC7	QD7
		* 2-ші турға (жартылай финал) қатысуға іріктелген жарысушылар			
Үміт жарысы	Композиция:	4 жарыс 5 жарысушыдан			
		QA3	QB3	QC3	QD3
		QD4	QC4	QB4	QA4
		QC5	QB5	QA5	QD5
		QB6	QA6	QD6	QC6
		QA7	QD7	QC7	QB7
	Нәтижелер:	*RA1	*RB1	*RC1	*RD1
		*2-ші турға (жартылай финал) қатысуға іріктелген жарысушылар			
	2 Тур	Композиция:	2 жарыс 6 жарысушыдан		
		FA	FB		
		QA1	QB1		

Нәтижелер	QD1	QC1
	QB2	QA2
	QC2	QD2
	RA1	RB1
	RD1	RC1
	*FA1	*FB1
	*FA2	*FB2
	*FA3	*FB3
	**FA4	**FB4
	**FA5	**FB5
	**FA6	**FB6
	* финалда қатысуға іріктелген жарысушылар – 1-6 орын	
	** финалда қатысуға іріктелген жарысушылар – 7-12 орын	


5. Көшбастаушы жарыс кезінде бастапқы 30 км/сағат жылдамдықпен және бірте-бірте 50 км/сағат жылдамдыққа дейін көбейтіп, спринтерлік дәлізбен жүруі тиіс, ол финишке (трек 250 м) дейін 3 айналым қалғанда, сөрелік түзулікте қуып жету сызығынан кейін трек полотносынан мотор шыққанда жетуі тиіс.



157-бап. Жарыс ресімі

1. Старттағы жарысушылардың позициясы жеребемен анықталады. Жарысушылар қуалау жарысының старт сызығында бір-бірімен қатарласып, спринтерлік дәлізден әрі тұрады. Стартта жарысушыларды старт кезінде оларды итермеуі тиіс асситенттер ұстап тұрады.

2. Мопедтегі көшбастаушы қуалау жарысының старт сызығына жақындағанда, старт беріледі. Стартта жарысушылар дерниден кейінгі жеребемен анықталған, бірінші айналымнан өту кезіндегі өзінің позициясын білуі тиіс. Олай болмағанда, жарыс тоқтатылады, ал бұл ережені бұзған жарысушылар шеттетіледі. Қайталама жарыста қалған жарысушылар, көшбастаушыдан кейінгі тиісінше өз позицияларын алуы тиіс.

3. Егер қандай да бір жарысушы немесе жарысушылар мопедтегі көшбастаушының алдыңғы дөңгелегін (алдыңғы дөңгелектің шеткі нүктесі) қуалау сызығына дейін, ол трек полотносынан кеткенге дейін басып озса, жарыс тоқтатылады және шеттетуге жататын бұзушыларсыз, қайтадан жарыс басталады.





4. Жарыс спринтерлік жарысты өткізу қағидасына сәйкес өткізіледі.

5. Егер бір немесе бірнеше жарысушы мопедтен (дерни) кейін өз позицияларын алған кезде, спорттық әдепке сәйкес келмейтін әрекеттер жасаса немесе ережені бұзса, жарыс тоқтатылады. Бұл жағдайда, жарыс сол ережені бұзғандарсыз қайталануы керек, ал оларға оқиғаның ауырлығына қарай (ескертіп төмендету немесе шеттету) айыппұл салынады.

6. Айналымның бірінші жартысын өту кезінде оқиға орын алса, жарыс дереу өткізілуі тиіс. Айналымның бірінші жартысынан өтіп болған соң, оқиғалар назарға алынбайды.

7. Егер жарыс қандай да бір себеппен тоқтатылса және оны жарыс аяқталғанға дейін қайта жалғастыру және аяқтау мүмкін болмаса, комиссарлар алқасы төмендегі кестеге сәйкес шешім қабылдайды.

ШЕШІМ	
Жарыс біліктілік раунды, ¼ финал*, ½ финал* аяқталғанға дейін тоқтатылды. *Егер қолданылса	Жарыс біліктілік раунды, ¼ финал*, ½ финал* аяқталғаннан кейін тоқтатылды, бірақ финал аяқталғанға дейін. *Егер қолданылса
Қорытынды сыныптама өткізілмейді. Нәтижелер тапсырылмайды және UCI-дің ұпайлары есептелмейді.	Тиісті финалдардағы соңғы бос орындар финалға біліктіліктен өткен жарысушыларға беріледі.

21-тарау. КОМАНДАЛЫҚ СПРИНТ

1.Командалық спринт дегеніміз – 3 жарысушыдан тұратын команда қатысатын жарыс, бұл ретте әрбір қатысушы бір айналым көш бастауы керек. Қашықтық 3 айналымнан тұрады.

2.Команда құрамы:

Спорттық пән (түр)
(адам)

Саны

Трек-командалық спринт	Өтінім берілгендер	Жарысқа шыққандар
	4	3

3. Командалар біліктілік жарыстарында, жарыста біреуден шығуы тиіс. Өтінім берілген командалардың санына қарай төрешілер алқасы әр жарыста екі командамен, біліктілік жарысын өткізуге шешім қабылдауы мүмкін.

158-бап. Жарысты ұйымдастыру

1.Бұл жарыстар Әлем кубоктарында, әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындарында үш кезеңде өткізіледі:

1) Қашықтықты өту уақыты негізінде 8 үздік команданы анықтау үшін біліктілік жарыстары;

2) Бірінші раунд: 8 үздік команда үшін жарыстар келесі тәртіпте өткізіледі:

-төртінші уақыт көрсеткен команда, бесінші уақыт көрсеткен командаға қарсы;

-үшінші уақыт көрсеткен команда, алтыншы уақыт көрсеткен командаға қарсы;

-екінші уақыт көрсеткен команда, жетінші уақыт көрсеткен командаға қарсы;

-бірінші уақыт көрсеткен команда, сегізінші уақыт көрсеткен командаға қарсы.

3) финалдар:

-бірінші раундтың жеңімпаздары –төрт команда финалға шығады. Үздік екі уақыт көрсеткен команда финалда бірінші және екінші орындар үшін жарысқа шығады, ал қалған екі команда 3-4 орындар үшін жарысқа шығады.

-бірінші раундта жеңілген командалар, жартылай финалда көрсеткен уақыты бойынша 5-8 орындар үшін сыныпталады.

4) Бірінші раундта жеңілген төрт команда, финалда 5-8 орындар үшін жарысады.

5) 5 және 6 нәтиже көрсеткен командалар, 5-6 орындар үшін, қалған екі команда 7-8 орындар үшін жарысады.

2.Нәтижелер тең болса, жарыстағы жеңімпаз соңғы айналымдағы үздік уақыт бойынша анықталады.

3.Егер команда финалда стартқа шықпаса, ол басқа командамен ауыстырылады. Жеңімпаз басқа команда болады.

4.Егер команданың стартқа шықпауының себебі дәлелсіз болса, бұл команда шеттетіледі.

5.Егер команда жарыстың бірінші турында стартқа шықпаса, ол ауыстырылмайды. Жарысқа шықпаған команда 8 орынмен сыныпталады. Егер жарысқа бірнеше команда шықпаса, олар біліктілік нәтижелері бойынша 8 орын және одан жоғары орындармен сыныпталады. Егер төрешілер алқасы жарысқа шықпаған команданың себебін қабылдаса, жарысқа шықпаған команда шеттетілуі тиіс және оның орны бос болады. Старт қабылдаған команда, финалдағы құрамды анықтау және уақыт көрсету үшін жалғыз өзі шығуы тиіс.

6.Командалар осы жарысқа қатысуға өтінім берілген жарысушылардан құралуы тиіс. Команда құрамы әр жарыста өзгеруі мүмкін. Толық емес құрамдағы команда


жарысқа жіберілмейді. Жеңімпаз және жүлдегер командалардың спортшылары, жарысушылар қай жарысқа қатысқанына қарамастан, толық құрамда марапатталады. 7.Команда өкілі командадағы өзгерістер турлаы жарыстың тиісті раунды басталуға 30 минут қалғанда хабарлауы тиіс.


159-бап. Тректі дайындау

1.Көк бейтарап жолақ («көгілдір жағалау») қуалау сызығынан 5 метр, 10 метр және 15 метр аралықта синтетикалық материалдан ұзындығы 50 см үш прокладкадан (валииктен), тректің екі жағына орналастырып, өте алмайтындай жасалады. Басқа ешқандай прокладкалар көк бейтарап жолақта орналаспауы тиіс.

160-бап. Жарыстың ресімі

- 1.Старт тректің әр түзулігінің ортасында беріледі. Біліктілік жарыстары кезінде старттағы әр команданың орнын төрешілер анықтайды. Одан әрі біліктілік жарыстарында үздік уақыт көрсеткен команда, бас трибунаға қарсы жақтан жарысқа шығады.
- 2.Әр команданың жарысушылары бір сөрелік сызықтың бойында тұруы тиіс. Жарысушылар арасындағы аралық 1,5 метр болуы керек. Тректің ішкі жағынан стартқа тұрған жарысушының велосипеді старт блогында болуы тиіс. Бұл жарысушы көш бастаушы болып саналады.
- 3.Жарысқа бірінші болып шыққан жарысушы, бір айналым бойы көш бастайды, сосын ауысады және басқа команданың өтуіне кедергі жасамау үшін трек полотносынан кетеді.
4. Стартта екінші позиция алған жарысушы, екінші айналымда көш бастайды, сосын жоғарыдағыдай тәртіпшен трек полотносынан кетеді.
- 5.Үшінші жарысушы қашықтықтың соңғы айналымын жалғыз өтеді.
- 6.Айналымды аяқтаған соң жетекші жарысушының артқы дөңгелегінің артқы бөлігі, келесі жарысушының алдыңғы дөңгелегінің алдыңғы шетіндегі қиып өту сызығынан өтуі тиіс. Сосын жетекші жарысушы дереу кетуі керек және қуып жету сызығынан кейінгі 15 метр шегінде, спринтерлік сызықтан жоғары жүруі тиіс. Бір команда мүшелері арасында итермелеуге қатаң тыйым салынады.
- 7.Егер көрсетілген шарттар толық орындалғанына күмән бар болса, қолжетімді құралдарды пайдаланып, жарысты қайта қарау керек. Егер күмән расталса, команда осы жарыстағы соңғы орынға дейін төмендетіледі.





161-бап. Оқиғалар

1. Егер жарыс қандай да бір себеппен тоқтатылса және оны жарыс аяқталғанға дейін қайта жалғастыру және аяқтау мүмкін болмаса, комиссарлар алқасы төмендегі кестеге сәйкес шешім қабылдайды.

ШЕШІМ		
Жарыс біліктілік раунды аяқталғанға дейін тоқтатылса	Жарыс біліктілік раунды аяқталғаннан кейін тоқтатылды, бірақ I раунд аяқталғанға дейін	Жарыс I раунд аяқталғаннан кейін тоқтатылды
Қорытынды сыныптама өткізілмейді. Нәтижелер берілмейді және UCI ұпайлары есептелмейді.	Біліктілік раундының нәтижелері бойынша сыныптама.	Алтын медаль үшін финалға өткен жарысушы 2-ші орынды алады, ал қол медаль үшін финалға өткен жарысушы 4-ші орынды алады. Қалған жарысушылар осы жарыста қолданылатын ережеге сәйкес сараланатын болады.

2. Біліктілік жарыстары:

Оқиға орын алса, командалар біліктілік жарыстары сериясын өткізу аяқталған соң, стартқа қайта шығуы мүмкін. Бақталас командамен болған оқиғаның нәтижесінде жәбірленуші команда, төрешілер алқасының шешімі бойынша біліктілік жарыстары сериясын өткізу аяқталған соң, стартқа қайта шығуы мүмкін.

3. Бірінші раунд және финалдар:

1) Жарыс кезінде оқиға орын алса, жарыс тоқтатылады және жарыс қайтадан дереу қайталануы тиіс.

2) Айналымның бірінші жартысын өткеннен кейінгі оқиға назарға алынбайды. Бұл жағдайда команда тоқтатылады және:

- төмендетіледі және Халықаралық велосипедшілер одағы (UCI) Қағидасының 3.3.012-бабына сәйкес жарыстың бірінші турында соңынан қойылады;

- финалда жеңілді деп саналады.

22-тарау. МЭДИСОН

1. Мэдисон дегеніміз - 2 жарысушыдан тұратын командалар қатысатын жарыс, онда

финалдық орындар командалардың аралық мәреде және артық айналымдар үшін жинаған ұпайларына сәйкес анықталады.

162-бап. Жарысты ұйымдастыру

1. Егер өтінім берілген командалардың саны белгіленген шектен асып кетсе, біліктілік

жарыстары төмендегі кестеге сәйкес өткізіледі. Жарыстарды, ең көп команда саны трассаға шығатындай етіп өткізу қажет, бірақ ең көп рұқсат етілген команда санына қарай емес.

2. Жарысты ең аз дегенде, төменде келтірілген кестеге сәйкес немесе (250 м. трек үшін)

одан көп келесі қашықтықта, айналым санында өткізу керек:

	ЕРЛЕР ЭЛИТА			ӘЙЕЛДЕР ЭЛИТА			ЮНИОРЛАР			ЮНИОР ҚЫЗДАР		
	қашық тық (км)	айнал ым	сприн т	қашық тық (км)	айнал ым	сприн т	қашық тық (км)	айнал ым	сприн т	қашық тық (км)	айнал ым	сприн т
Білік/ к	15	60	6	10	40	4	10	40	4	10	40	4
фина л	30	120	12	20	80	8	20	80	8	15	60	6

2. Әр командадағы екі жарысушыда бірдей сөрелік нөмір болады, бірақ түстері әртүрлі.

3. Қазақстан чемпионатын өткізу кезінде аралық мәрелер тректің ұзындығына қарамастан, әр 10 айналым сайын ұйымдастырылады. Ерлер үшін жарыстың жалпы ұзақтығы шамамен 50 км, ал юниорлар санатындағы ерлер үшін шамамен 30 км, төменде келтірілген кестеге сәйкес.

Әлем кубогы, ӘЧ және ОО үшін:

	ЕРЛЕР ЭЛИТА			ӘЙЕЛДЕР ЭЛИТА			ЮНИОРЛАР			ЮНИОР ҚЫЗДАР		
	қашық тық (км)	айнал ым	сприн т	қашық тық (км)	айнал ым	сприн т	қашық тық (км)	айнал ым	сприн т	қашық тық (км)	айнал ым	сприн т
Білік/ к	25	100	10	15	60	6	15	60	6	10	40	4
фина л	50	200	20	30	120	12	30	120	12	20	80	8

4. Барлық аралық мәселер арасындағы айналымдар саны финалдықтаң бастап, бірдей болуы тиіс, келесіге сәйкес:

Трек кемінде 333,33 м - 10 айналым
Трек 333,3 м - 6 айналым
Трек 333,33 м-ден үлкен - 5 айналым.

5. Егер айналымның жалпы саны көрсетілген аралық мәселік фиништердің айналым санына бөлінбесе, «қосымша» айналымдар бірінші аралық финишке дейін өтуі тиіс. (Мысалы 285,7 м. тректе аралық фиништер, әр он айналым сайын өткізіледі. Егер жарыс 56 айналымнан тұрса, бірінші мәре 16 айналымнан кейін өтуі тиіс, сосын әр 10 айналым сайын.)

6. Аралық мәреде бірінші орын алған командаға 5 ұпай, екінші орын алған командаға 3 ұпай, үшінші орын алғанға-2 ұпай, төртінші орынға-1 ұпай беріледі. Соңғы мәреде ұпайлар еселенеді (10 ұпай, 6 ұпай, 4 ұпай, 2 ұпай).

7. Егер мәреде тең болса, командаларға осы позицияға берілген тиісті ұпайларымен бірдей позиция беріледі (мысалға, егер екі команда финиште бірінші боп келсе, екеуі де 5 ұпайдан алады, екінші орын бұл жағдайда болмайды).

8. Командадағы екі жолдас арасындағы ауысу финиш уақытының сызығында болмауы тиіс. Егер солай болса, екінші жарысушының алдыңғы дөңгелегі есепке алынады.

Егер екі жарысушы да бір-бірімен сөйлесуді тоқтатса, ауысу болды деп саналады.

9. Негізгі топтан қашықтық артықшылығымен айналым алған жұп, 20 ұпай алады.

Негізгі топтан бір айналымға қалып қойған жұпқа, 20 ұпайға айып салынады.

163-бап. Жарыстың ресімі

1. Құрамында әр командадан бір жарысушы бар жарысушылардың бірінші тобы, стартта сөрелік парақта көрсетілген тәртіпте тұрады. Бұл топтың жартысы борттың жанында, екінші бөлігі ассистенттермен бірге спринтерлік дәлізде тұрады.

2. Олардың серіктестері екінші топты құрады, олар борттың қарама-қарсы жағында орналасады.

3. Жарысушылардың бірінші тобы бір бейтарап айналымды өткеннен кейін, жүріп келе жатып, жарысқа шығады. Бейтарап айналым кезінде жарысушылардың екінші тобы қозғалысты бастамауы керек.

4. Бір команданың жарысушылары бір-бірін алмастырып, кезектесіп жұмыс істейді. Ауысу жарысушының қолына немесе велотрусиіне қолын тигізіп орындалады.

5. Аралық мәселерде жету спринт бойынша жарыстарды өткізу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Негізгі топтан қалып қойған жарысушы (жарысушылар) көш бастай алмайды, сол арқылы қашықтық артықшылық айналымын құруға тырысқан жарысушыға (жарысушылар) көмектесе алмайды. Олай болмаса, бұл жарысушы (сондай-ақ оның серігі) шеттетіледі.

7. Егер финиш айналымында бір немесе бірнеше жарысушы негізгі топты қуып жетсе, оларға 20 ұпайдан беріледі. Осы аралық мәредегі ұпайлар, көшбастаушы трассада мәре сызығын кесіп өткен сәтте (мысалға, алға шығып кеткен жарысушыларға немесе негізгі топтың басында келе жатқандарға) жарысушыларға дереу беріледі.

8. Негізгі топтан бір немесе бірнеше айналымға қалып қойған командаларды, төрешілер жарыстан алып тастауы мүмкін.

9. Команданың жарысушысы оқиғаға ұшырады деп танылса, басқа жарысушы оны жарыста дереу алмастырады. Бұл жағдайда бейтарап айналымдар беру көзделмеген.

10. Командалардың тең жартысынан көбі құлап қалса, (бір командаға бір жарысушы есебінен) жарыс тоқтатылады және төрешілер үзілістің ұзақтығын белгілейді.

Үзілістен кейін жаңа старт беріледі және әр команда өткен айналымдарының саны мен алған ұпайларының санын сақтап қалады. Егер жарыс сол сессияның барысында қайта жалғастырылса, ол келесідей болуы тиіс:

1) командалар бұған дейін динаған ұпайларымен (немесе жарыстың түріне қарай өткен айналымдарымен) шығады;

2) жарыста қалған айналымдардың саны, бұған дейін өткізілген спринттен (мысалы, егер алдыңғы спринтте 40 айналым қалса, ал жарыс мәреге дейінгі 33 айналымда тоқтатылса, жарыс финишке дейінгі 39 айналымда жалғасуы керек) кейінгілердің санына қарай түзетіледі;

3) Қайталама жарыс кәдімгі Мэдисон стартындағыдай өткізіледі. Тоқтатқан сәтте негізгі топтың алдында немесе соңында келе жатқан командалар есепке алынбайды. Жарысушылар бір топ ретінде жарысқа шығуы керек.

4) жарысты сол сессияда қайта жалғастыру мүмкін болмаса, комиссарлар алқасы төмендегі кестеге сәйкес шешім қабылдайды:

ШЕШІМ		
Жарыс 40%-ға дейін тоқтатылды:		Жарыс қайталанады
Жарыс 40-80% арасында тоқтатылды:		Жарыс өткен айналымдарының саны мен алған ұпайларының санын сақтап, қайталанады.
Жарыс 80%-дан кейін тоқтатылды:		Нәтижелер өзгеріссіз.

5) Егер жарыс соңында қашықтықтың 80% кем өтілсе, онда қорытынды сыныптама болмайды. Нәтижелер берілмейді және UCI ұпайлары есептелмейді.

23-тарау. СКРЕТЧ

1. «Скретч» дегеніміз – белгілі бір қашықтыққа өтетін жеке жарыс.

164-бап. Жарысты ұйымдастыру

1. Скретч келесі қашықтыққа өткізіледі:

САНАТЫ	ҚАШЫҚТЫҚ
Юниор қыздар 17 - 18 жас	7,5 км
Юниорлар 17 - 18 жас	7,5км
Әйелдер андерлер 19-22 жас	10км
Ерлер андерлер 19-22 жас	10км
Әйелдер элита	10км
Ерлер элита	10км

2. Егер өтінім берілген жарысушылар саны осы Қағиданың 121-абы 3-тармағында

көрсетілген тректің шегінен асып кетсе, төмендегі кестеге сәйкес жарысушылар санын азайту үшін біліктілік жарысы өткізіледі. Жарыстар тректе барынша рұқсат етілген жарысушылар санын іріктеу бойынша өткізіледі, бірақ аз да болуы мүмкін. Әр жарыстан тең жарысушылар шығып отырады, сөреден шыққандар арасынан кемінде 2 жарысушыдан.

САНАТЫ	ҚАШЫҚТЫҚ
Юниор қыздар 17 - 18 жас	5 км
Юниорлар 17 - 18 жас	5км
Әйелдер андерлер 19-22 жас	7,5км
Ерлер андерлер 19-22 жас	7,5км
Әйелдер элита	7,5км
Ерлер элита	7,5км

165-бап. Жарыс ресімі

- 1.Старт алдында жарысушылардың жартысы трек бортының жанында тұрады, ал екінші жартысы спринтерлік дәліздегі тректің ішікі жағындағы бровкада қатарласып тұрады. Старт бір бейтарап айналым өткен соң, жүріп келе жатқанда беріледі.
- 2.Негізгі топ қуып жеткен, қалып қойған жарысушылар, дереу трек полотносынан шығып кетуі тиіс.
- 3.Жарыстағы түпкілікті орындар жарысушылардың алған қашытық артықшылық айналымдарын ескере отырып, соңғы фиништің нәтижелері бойынша анықталады.

166-бап. Оқиғалар

- 1.Қашықтықты аяқтамаған кез келген жарысушы, жарыста орын алмайды.
- 2.Егер жарыс қандай да бір себеппен тоқтатылса, комиссарлар алқасы үзілістің ұзақтығын белгілейді. Егер жарыс, сол жарыс сессиясы барысында қайта жалғастырылса, ол былайша болуы тиіс:
 - 1) жарысушылар алдында өткен немесе ұтылған айналымдарынан сөреден шығады;
 - 2) жарыста қалған айналымдар саны жарысты тоқтатқан сәттегідей (мысалы, егер жарыс 15 айналым қалғанда тоқтатылса, жарыс 15 айналым қалғаннан жалғасуы керек) болуы керек. Егер тоқтатқан сәтте 10 айналымнан аз қалса, жарыстың қалған айналымдар саны қалған көрсетілген 10 айналымға түзетілуі тиіс (мысалы, егер жарыс 4 айналым қалғанда тоқтатылса, жарыс 10 айналым қалғаннан жалғасуы керек);
 - 3) Барлық жарысушылар сөреден бір топ болып шығады. Комиссарлар алқасы ерекше жағдайда, өтінім берілген негізгі топтан жарты айналымнан аса бұрын болса, оларға трассадағы қалған жарысушылардан жарты айналым ерте шығуға рұқсат етеді. Егер жарысты, сол жарыс сессиясы барысында қайта жалғастыру мүмкін болмаса, жарыс толықтай қайтадан басынан басталады.
- 3.Жарыста топтық құлау орын алса, тоқтатылады. Төрешілер бүкіл қашықтыққа жаңа старт ұйымдастыру немесе оқиға орын алған кездегі жарысушылардың позициясын сақтай отырып, құлағаннан кейінгі қалған қашықтыққа жарысты жалғастыру туралы шешім қабылдайды.
- 4.Мұндай ережелер ауа-райының қолайсыздығына байланысты, жарысты жалғастыру мүмкін болмаса да қолданылады.

24-тарау. ШЫҒЫП ҚАЛУ ЖАРЫСЫ

- 1.Шығып қалу жарысы дегеніміз - әрбір аралық мәре сызығын, соңғы болып кескен жарысушы жарыстан шығатын жеке жарыс.

167-бап. Жарысты ұйымдастыру

1. Жарыс жарыстың арнайы регламентіне сәйкес өткізіледі.
2. Егер өтінім берілген жарысушылар саны рұқсат етілгеннен көп болса, қатысушылардың санын азайту үшін біліктілік жарыстарын өткізу керек. Жарысқа қатысуға өтінім берілген барлық жарысушылар скретч жарысының біліктілік жарыстарына арналған қағидаға сәйкес қашықтыққа біліктілік жарыстарына қатысуы керек. Жарыс негізгі жарысқа дейін көп қатысушы қалу үшін өткізіледі, рұқсат етілген жарысушылардың ең көп санын іріктеу міндетті емес.
3. Шығып қалу жарысының финалына қатысуға іріктеп алынған барлық жарысушылар, барлық соңғы орындарға сыныпталады. Бірде бір іріктеу турын аяқтамаған, кез келген қатысушы сыныпталмайды (мәреге жетпейді).

168-бап. Жарыстың ресімі

1. Старт үшін жарысушылардың бір жартысы борттың жанында мәрелік түзулікте, ал екінші жартысы -спринтерлік дәлізде жайғасады.
2. Жарысушылар бір бейтарап айналымды қалыпты жылдамдықпен шағын топ болып өткен соң, жүріп бара жатып старт қабылдайды.
3. Аралық финиш ұзындығы 200 м-ден кіші тректе әрбір үшінші айналымда, ұзындығы 200 м және кемінде 333.33 м тректе әрбір екінші айналымда, ұзындығы 333.33 м және одан үлкен тректе әрбір айналымда ойнатылады. Ұзындығы кемінде 333.33 м тректе әрбір фиништік айналымның басталуы қонырауға соққы беру арқылы хабарланады.
4. Әрбір аралық фиништен кейін соңғы жарысушы, оның дөңгелегі мәрелік сызықты кесіп өту ережесіне сәйкес, жарыстан шығып отырады.
5. Топтан қалып қойған және төрешілер оларды аралық мәре басталғанға дейін, айналымның жартысында әрі қарай жарысты жалғастыра алмайды деп танылған жарысушылар да, жарыстан алынуы тиіс.
6. Жекелеген жағдайда төрешілер аралық финиште (мысалға, егер жарысушы бейтарап сызықта келе жатса) соңғы жарысушыны шығару туралы шешім шығаруы мүмкін. Шығатын спортшы туралы түпкілікті шешімді бас төреші қабылдайды. Бұл ретте оның шешімі, төреші-арбитр мен басқа төрешілерден келіп түскен ақпаратқа негізделуі тиіс.
7. Шығатын жарысушы туралы барлық жағдайдағы шешім аралық фиништен кейін, артқы түзу қуып жету сызығын кесіп өту уақытына дейін қабылданған және хабарланған болуы тиіс. Егер шешім бұл уақытқа дейін қабылданбаса, бірде бір жарысушы келесі аралық финишке дейін жарыстан алынбайды. Бұл старт сызығындағы жасыл жалаушамен белгіленуі тиіс.
8. Шығарылған жарысушы трек полотнсынан дереу шығуы тиіс, олай болмаса жағдайдың ауырлығына (ескертіп төмендету немесе шеттету) қарай, оған айыппұл салынады. Жарысушы жарыстан бірден шықпаса, бас төреші сол жарысушыны шығару үшін жарысты тоқтатуға шешім қабылдауы мүмкін.
9. Шығып қалған жарысушылар оларды шығару уақытына (мысалы, бірінші болып шыққан жарысушы соңғы орын, екінші болып шыққан – соңғының алдындағы орын және т.б.) сәйкес кері тәртіпте орындарын алады.
10. Қалған екі жарысушы финалдық спринтті ойнайды. Олардың фиништегі позициясы, велосипедтің алдыңғы дөңгелегі бойынша анықталады.
11. Бұл жарыста қашықтық артықшылығы бар айналымдар есепке алынбайды.
12. Оқиға жарыстың бас төрешісінің шешімімен, бір немесе бірнеше жарысушымен орын алды деп саналса, жәбірленуші жарысушылар жарысқа қайта оралуы үшін 1250 м-ге жақын айналым санының ең көп аралығында дереу бейтараптандырылады. Орын алған оқиғаның нәтижесінде тректе барлық жарысушылар қиналса, жарыс 3 минутқа дейін жәбірленуші жарысушылар, жарысқа қайта оралуы үшін бейтараптандырылады.

Бейтараптандыру сөре сызығында сары жалаушамен белгіленеді және тректегі барлық жарысушылар қалыпты жылдамдықпен шағын топ болып жиналуы тиіс. Оқиға кезінде кез келген жарысушының топтың алдында немесе артында болғаны есепке алынбайды. Жарыс барлық жарысушылар трекке келген кезде қайтадан жіберіледі немесе бейтараптандыру сары жалауша шығарып, және стартер тапаншасынан оқ ату арқылы аяқталады. Жарысқа сол сәтте қайта оралмаған кез келген жарысушы, шығып қалған деп қарастырылады және оның жағдайы оны жойған уақытына қарай анықталады. Қоңыраудың дыбысы спринтерлік айналымның басталғанын білдіреді. Тректегі барлық жарысушылар болған оқиғадан қиналған кезден басқа жағдайда, тек төрт немесе одан аз жарысушы тректе қалса, бейтараптандыру болмайды және финишке келмеген, кез келген жарысушы шығарылады және оның жағдайы оның жойған уақытына қарай анықталады.

25-тарау. ОМНИУМ

1. Омниум дегеніміз – тректің сыйымдылығына сәйкес (3.1.009 бап) көп жарысушы санымен өткізілетін, жарыстың 4 (төрт) түрін қамтитын жеке жарыс.

2. Омниум бір күн ішінде келесі тәртіпте өткізіледі:

1.Скретч	10 км	ерлер элита, әйелдер элита
	10 км	ерлер андерлер 19-22, әйелдер андерлер19-22
	7,5 км	Юниорлар 17 - 18 жас, Юниор қыздар 17 - 18 жас
2.Темпо	10 км	ерлер элита, әйелдер элита
	10 км	ерлер андерлер 19-22, әйелдер андерлер19-22
	7,5 км	Юниорлар 17 - 18 жас, Юниор қыздар 17 - 18 жас
3.Шығып қалу		
4.Ұпайлар бойынша жарыс	25 км	ерлер элита, ерлер андерлер 19-22
	20 км	әйелдер элита, әйелдер андерлер19-22
	20 км	Юниорлар 17 - 18 жас
	15 км	Юниор қыздар 17 - 18 жас

3.Трек нормаларынан асатын, өтінім берілген жарысушылар саны бар және қатысатын жарысушылардың санын белгілеу үшін тиісті біліктілік жүйесі жоқ жарыстарда, олар былайша іріктеліп алынады:

4. Барлық өтінім берілген жарысушылар ұпай бойынша қашықтыққа және ұпай бойынша ережеге сәйкес аралық фиништер саны бойынша өткізілетін біліктілік жарыстарына қатысуы тиіс. Жарыстар ең көп жіберілген жарысушылар санының біліктілігіне қарамастан, ең көп жарысушылар санын іріктеу үшін өткізіледі. Омниумге қатысу үшін әр жарыста саны тең жарысушылар іріктелуі тиіс.

5. Омниумге қатысуға іріктелмеген барлық жарысушылар, соңғы позицияға дейін бірге орналасады. Біліктілік раундта жарысты аяқтамаған жарысушылар, мәреге жетпеді (МЖ) деп саналады.

169-бап. Жарысты ұйымдастыру

1. Мүмкіндігіне қарай, жарыс арасындағы үзіліс, ең аз дегенде 30 минут болуы тиіс.

2. Жарыстың біреуінде стартқа шықпаған жарысушы конкурстан тыс қатысуға жіберілмейді және жарыстан шықты деп саналады. Осылайша, финалдық сыныптамада ол соңғы позицияда МЖ деп белгіленеді.

3. Барлық жарыста жарысқа қатысушылар бір сызықтың бойына периланың жанында тұруы және старт парағындағы тізім тәртібімен спринтерлік сызықта тұруы тиіс. Бұл тәртіп ағымдағы нәтижеде омниум үшін негіз болады: темпо жарысы, шығып қалу жарысы және ұпайлар бойынша жарыс.

170-бап. Рейтинг

1. Алдыңғы үш жарыс үшін нәтижелерімен бірге, толық хаттама толтырылады. Тек қана осы үш жарыс үшін әрбір жеңімпаз 40 ұпай алады, әр екінші 38 ұпай, әр үшінші 36 ұпай және т.б.

2. 21-ші орыннан бастап және төмендегі жарысушылар әрқайсысы 1 ұпайдан алады.

3. Ұпайлар бойынша жарыс алдындағы старт алдында алдыңғы үш түр үшін әр спортшыға жиынтық санымен жалпы ағымдағы рейтинг шығарылады.

Жарысушылар алған артық және қалып қойған айналымдарына, сондай-ақ ұпайлар бойынша аралық фиништерге сәйкес ұпайлар жинауы және жоғалтуы тиіс.

4. Омниумның соңғы рейтингі жиынтық қортындыға ұпайлар бойынша жарыстың ұпайларын тікелей қосқаннан кейін жасалады.

5. Омниумның жеңімпазы деп, ең көп ұпай жинаған жарысушы танылады.

6. Кез келген түрден шығып қалған жарысушы хаттаманың финалдық сыныптамасында соңғы сыныпталған спортшы мен мәреге жетпеген (МЖ) жарысушыдан кейін, соңында Халықаралық велосипедшілер одағының (UCI) қағидасының 3.3.012-бабында көрсетілгендей орынсыз тұрады.

7. Скретч жарысы және темпо жарысында екі айналымға қалған жарысушы жарыстан шығарылуы тиіс. Бұл жарысушыға омниум сыныптамасындағы 40 ұпайын алып, айыппұл салынады және ол сол сәтте тректе қалған жарысушылар санымен анықталатын келесі қолжетімді орынға жайғасады. Егер қандайда бір себеппен жарысушы шықпаса, егер ол екінші айналымға (ұпайларын шегеріп) қалып қойған сәтте болды деп, оны сыныптайды.

8. Скретчте құлаумен байланысты финишке келмеген немесе соңғы шақырымда жетуге мүмкіндігі болмаған жарысушы, сол сәтте трек полотносында қалған қатысушылардың санына қарай, келесі қолжетімді орынды (және сол орынға сай ұпай санын) алады.

9. Финалдық рейтингте ұпайлар тең болса, соңғы фиништік жарыста ұпайлар бойынша жақын болған жарысушы артықшылыққа ие болады.

10. Омниум кезінде, егер қандай да бір себеппен жарыстың біреуі тоқтатылса және омниум жарыс аяқталғанға дейін бітпесе, комиссарлар келесі шешімді қабылдауы тиіс:

1) ұпайлар бойынша финалдық жарыс кезінде UCI қағидасының 3.3.133-бабы қолданылады. Ұпайлар бойынша жарыстың кемінде 80% қашықтығы өтсе, бірақ

қайтадан өту мүмкін болмаса, іріктеу жарысынан кейінгі аралық есеп Омниумнің түпкілікті сыныптамасы болып табылады.

2) Егер іріктеу жарысы аяқталғаннан кейін трек жарамсыз болса, бірақ ұпайлар бойынша финалдық жарыс басталғанға дейін, аралық есеп Омниумнің түпкілікті сыныптамасы болып табылады.

3) Егер іріктеу жарысы аяқталғанға дейін трек жарамсыз болса, Омниумға қатысу үшін қорытынды сыныптама есепке алынбайды. Соның нәтижесінде, нәтижелер ұсынылмайды және Омниумға қатысу үшін UCI-дің ұпайлары есептелмейді.

26-тарау. Жүріп келе жатқандағы айналым

1. Жүріп келе жатқандағы айналым дегеніміз –мәре сызығынан жүріп келе жатып, старт алуды қамтитын уақытқа жарыс.

171-бап. Жарыс ресімі

1. Жарысушылар төрешілер белгілеген тәртіпте старт алады.

2. Жарысушы қатысушының уақытын белгілейтін байланыс жолағы бойынша, алдыңғы жарысушы өткеннен кейін, стартқа шығу үшін трекке шығуы тиіс.

3. Жүріп келе жатып, 1 айналым қашықтыққа өту үшін жарысушыға трек полотносының ұзындығына қарай, келесі қашықтықтар көзделген:

Тректің ұзындығы 250 м немесе одан кіші: 3,5 айналым;

Тректің ұзындығы 285,714 м: 3,0 айналым;

Тректің ұзындығы 333,33 м: 2,5 айналым;

Тректің ұзындығы 400 м немесе одан үлкен: 2,0 айналым.

4. Жарысушылардың көрсеткен нәтижелері тең болса, жарысушылардың сыныптамасы соңғы 200м бойынша анықталады.

5. Қандай да бір оқиға орын алса, жарысушыға қайталама старт мүмкіндігі беріледі. Қайталама старт бір-ақ рет беріледі.

27-тарау. Темпо жарысы

1. «Темпо» жарысы дегеніміз - бұл спорттық пән, онда түпкілікті орын жарысушылардың аралық фиништер мен артықшылық айналымдар үшін жинаған ұпайларына сәйкес анықталады.

172-бап. Жарысты ұйымдастыру

1. Бұл бөлімде баяндалған ерекше детальдардан (тіпті айқын) басқа, темпо жарысына «ұпайлар бойынша жарыстың» қағидасы қолданылады.

2. Жарыс келесі қашықтықтарда өткізіледі:

Ерлер, Әйелдер -10 км;

ерлер андерлер 19-22, әйелдер андерлер 19-22 - 10 км;

Юниорлар, Юниор қыздар 17-18 жас - 7,5 км;

3. Алғашқы 4 айналымнан кейінгі әрбір айналым, аралық фиништерде ойнатылады.

Төртінші айналым аяқталған соң, аралық мәрелердің ұтысы басталғанын хабарлайтын қоңырау соғылады.

4. Әрбір аралық финиште (соңғыны қоса алғанда), мәрелік сызықты кесіп өткен бірінші жарысушы 1 ұпай алады. Артықшылық айналым алған жарысушы 20 ұпай алады. Негізгі топтан бір айналымға қалып қойған жарысушы, 20 ұпайын жоғалтады.

173-бап. Жарыс ресімі

1. Старт алдында жарысушылардың жартысы борт ардында, ал екінші жартысы спринтерлік дәлізде тұрады.
2. Старт бейтарап айналым аяқталған соң жүріп келе жатып беріледі, оның кезінде жарысушылар қалыпты жылдамдықпен шағын топ болып жүруі тиіс.
3. Егер жарыс қандай да бір себеппен тоқтатылса, соның ішінде жарысушылардың жартысынан көбі құласа, комиссарлар комиссиясы үзілістің ұзақтығын белгілейді. Егер жарыс, жарыстың сол сессиясы барысында қайта жалғасса, ол былайша болуы тиіс:
 - 1) жарысушылар жаңадан жинаған баллдарымен жарысқа шығады;
 - 2) жарыста қалған айналымдар саны көрсетілген жалпы санға (мысалы, егер тоқтаған кезде қалған айналым саны 11 болса, жарыс қалған 16 айналыммен жалғасуы тиіс) 5 айналымды қосып түзетіледі;
 - 3) Старт кәдімгі темпо жарысындағыдай өткізіледі. Алғашқы 4 айналымнан кейін спринт әр айналымда өткізілуі тиіс. 4 айналым аяқталғаннан кейін спринтерлік жарыстардың басталуы туралы дабыл беріледі.
 - 4) Барлық жарысушылар сөреден бір топ болып шығады. Жарыс тоқтаған сәтте негізгі топтың алдында немесе соңында болған жарысушылар назарға алынбайды.
 - 5) Егер жарысты сол сессиясы барысында қайта жалғастырмаса, жарыс толығымен қайталануы тиіс.

28-тарау. БАСҚА ЖАРЫСТАР

1. Тректегі жарыстарға қатысты бөлімде баяндалмаған жарыстар, қазақстандық спорт түрлерінің тіркеліміне және республикалық күнтізбеге ҚВСФ бекіткеннен кейін, қосылған жағдайда ұйымдастырылуы мүмкін.
2. Мұндай жарыстарды өткізу кезінде, тиісті жарыстарды өткізу туралы Қағиданың ережелерін басшылыққа алу қажет.

29-тарау. СЫНЫПТАМАНЫҢ ТӘРТІБІ

1. UCI-дің нақты Қағидасымен мәреден өтті деп есептелген велосипедшілер 29-тарауда көрсетілген нақты қағидаға сәйкес рейтинг пен UCI-дің ұпайын алады.
2. Егер UCI-дің Регламентінің арнайы ережесімен өзгеше көзделмесе, қандай да бір жарыстың түрінен стартқа шықпаған және мәреге келмеген жарысушылар өз нәтижелерінде көрсетіледі және жарыстың тұрпатына негізделген келесі қағидаларға сәйкес UCI-дің ұпайларын алады. Спортшының не себепті мәреге келмегені келесі белгілермен көрсетіледі:
 - 1) DNS - Did Not Start: жарысушы стартқа шықпады және жарысты бастамады.
 - 2) DNF - Did Not Finish: жарысушы жарысты бастады, бірақ оны мына себептермен аяқтамады: мойындалған оқиға, комиссарлар алып тастады, жарыстың дәрігері алып тастады.
 - 3) ABD - Abandon: жарысушы жарысты бастады, бірақ оны мына себептермен аяқтамады: мойындалған оқиға немесе өзінің шешімімен жарысты аяқтамады.
 - 4) DSQ - Disqualified: жарысушы жарысты бастауы немесе бастамауы мүмкін еді, бірақ комиссарлар оны тәртіп бұзғаны немесе UCI-дің Регламентінің қандай да бір бабын қолдануға қатысты сыныптамадан шығарды.

174-бап. Бұқаралық (Масстарт) жарыстар

1. Біліктілік жарыстарын аяқтамаған жарысушылар, мәреге жетпеуінің себебіне қарай келесі

санаттың біреуімен белгіленеді: DNF-мәреге жетпеді; қашықтықтан шығып қалды (DNS); шеттетілді (DSQ). Бұл жарысушылар жарыстың келесі раундына өтпейді.

2. Спорт түрінің қорытынды сыныптамасы топтарда келесі тәртіппен өткізіледі:

1) Финалға қатысқан және мәреге жеткен (UCI-дің Қағидасы негізінде) барлық Жарысушылар сараланады және UCI-дің Регламентіне сәйкес UCI-дің ұпайларын алады.

2) Финалға қатысқан және мәреге жеткен (UCI-дің Қағидасы негізінде) барлық жарысушыларды комиссарлар алып тастады немесе мойындалған оқиғасы бар (DNF деп белгілейді), 1-топтағы жарысушылардан кейін келесі қолжетімді позициядан бірдей орын алады және сол позиция үшін UCI-дің ұпайларын алады.

3) Финалға қатысқан және жарыстан шығып қалу себепті мәреге жетпеген (ABD деп белгілейді) барлық қатысушыларға іріктеу жарысы өткізілген жағдайда, жарыстағы соңғы қолжетімді позиция рейтингі беріледі, және олар сол позиция үшін UCI-дің ұпайларын алады. Қалған барлық жағдайда (біліктілік жарыстары ұйымдастырылмаса), финалға қатысқан және жарыстан шығып қалу себепті мәреге жетпеген (ABD деп белгілейді) барлық қатысушыларға орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

4) финалға қатысқан және жарыстан бас тарту себепті мәреге жетпеген (ABD деп белгілейді) барлық қатысушыларға іріктеу жарысы өткізілген жағдайда, жарыстағы соңғы қолжетімді позиция беріледі және олар сол позиция үшін UCI-дің ұпайларын алады. Қалған барлық жағдайда (біліктілік жарыстары ұйымдастырылмаса), финалға қатысқан және жарыстан бас тарту себепті мәреге жетпеген (ABD деп белгілейді) барлық қатысушыларға орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

5) Біліктілік жарыстары арқылы финалға өткен, бірақ сөреден жарысқа шықпаған барлық қатысушылар (DNS деп белгілейді), 3-топтағы жарысушылардан кейін келесі қолжетімді позициядан бірдей орын алады және сол позиция үшін UCI-дің ұпайларын алады.

6) Финалға шыққан, бірақ шеттетілген (DSQ деп белгілейді) барлық қатысушыларға орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

7) Біліктілік жарыстарына қатысқан және мәреге жеткен, бірақ финалға өте алмаған барлық қатысушылар, 3-топтағы жарысушылардан кейін келесі қолжетімді позициядан бірдей орын алады және сол позиция үшін UCI-дің ұпайларын алады.

8) Қандай да бір себеппен (басында DNF, ABD-топтарында, кейін DNS, одан кейін DSQ) біліктілік жарыстарын аяқтамаған барлық қатысушыларға, орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

175-бап. Кейрин

1. Жарысқа шықпаған немесе шеттетілген жарысушылардан басқа, кезеңдердің бірде біреуін аяқтамаған барлық қатысушылар, өздері қатысқан жарыстарда соңғы орынды алады. Олар UCI-дің Регламентіне сәйкес жарыстың келесі раундына өте алады. Спорт түрінің қорытынды сыныптамасын жасаған кезде, бірде бір жарысушы өзі күреспеген орын үшін ауыстырылмайды. Сондықтан бірқатар орындар бос қалуы мүмкін.

2. Кейриннің түпкілікті сыныптамасы келесі тәртіппен топтарда жасалады:

1) негізгі финалға қатысқан және мәреге жеткен (UCI-дің Қағидасы негізінде) жарысушылар, UCI-дің Регламентіне сәйкес UCI-дің ұпайларын алады.

2) негізгі финалға қатысқан және оқиғаның себебінен мәреге жетпеген (DNF деп

белгілейді), 1-топтағы жарысушылардан кейін, келесі қолжетімді позициядан бірдей рейтинг алады және сол орны үшін UCI-дің ұпайларын алады.

3) негізгі финалға іріктелген, бірақ сөреден жарысқа шықпаған барлық қатысушылар

(DNS деп белгілейді), өзінің раундында соңғы қолжетімді позиция үшін бірдей рейтинг алады және оларға сол позиция үшін UCI-дің ұпайлары есептеледі.

4) негізгі финалға қатысқан және шеттетілген (DSQ деп белгілейді) барлық қатысушыларға рейтинг берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды. Бұл жарысушылар алуы мүмкін барлық рейтингтік позициялар бос қалуы мүмкін.

5) кіші финалға қатысушы жарысушылар, жоғарыдағы 1-4 топтарға қатысты қолданылатын қағидаттарға сәйкес іріктеледі және келесі орындарды алады. 1-5 топтағылардан басқа, жарыстың әр раунды үшін келесі раундқа өтпеген жарысушылар былайша бөлінеді: бұрынғы ертерек раундтарға қатысатын жарысушыларға қарағанда, кейінгі кеш раундтарға қатысушылар барынша жоғары орындарды иеленеді;

6) мәреге жеткен (UCI-дің Қағидасы негізінде) барлық жарысушылар, мәре тәртібіне

сәйкес әр жарыста іріктеледі және UCI-дің барабар ұпайларын алады.

7) мәреге жетпеген барлық жарысушылар (DNF деп белгілейді), басқа жарыстарда олардың алдында мәреге жетуі мүмкін жарысушыларды ескере отырып, жарыстың әр раунды

үшін келесі қолжетімді орын бойынша іріктеледі және UCI-дің барабар ұпайларын алады.

8) стартқа шықпаған барлық жарысушылар (DNS деп белгілейді), жарыстың осы түрі

үшін рейтингтегі соңғы қолжетімді орын алады және UCI-дің барабар ұпайларын алады, бірінші раундтан басқа, стартқа шықпаған жарысушыларға орын берілмейді және олар UCI-дің барабар ұпайларын алмайды.

9) жарысқа қатысқан және шеттетілген (DSQ деп белгілейді) барлық қатысушыларға

орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды. Осыған тең жарыстарда рейтинг алуы мүмкін жарысушыларды ескере отырып, бұл жарысушылардың алуы мүмкін барлық рейтингтік позициялар бос қалуы мүмкін.

176-бап. Спринт

1. 200 м-ге жүріп келе жатып біліктілік жарысында мәреге жетпеген жарысушылар, өздерінің не себепті мәреге жетпеуіне қарай былайша белгіленеді: мәреге жетпеді (DNF), сөреден шықпады (DNS), шеттетілді (DSQ деп белгілейді). Бұл жарысушылар алдымен DNF, кейін DNS және содан кейін DSQ деп топқа бөлінеді. Олар спринт жарысының келесі раундына өтпеуі тиіс.

2. UCI-дің Регламентінде көзделген жағдайлардан басқа, жарысты бастаған, бірақ аяқтамағандар (DNF), DSQ-дан басқалар, өз жарысында жеңілді деп саналады. Мұндай кез келген жарысушы UCI-дің Регламентіне сәйкес, егер ол өз жарысында кәдімгі жағдайда жеңілсе, UCI-дің барабар ұпайларын алады.

3. Өз жарысында сөреден шықпаған (DNS) кез келген жарысушы, шеттетілді дегеннен басқа жағдайда, өз жарысында жеңілді деп саналады. Екі жеңіс бойынша өткізілетін жарыстың кез келген раундында сөреден шықпаған жарысушылар, жарыстың осы түрінде жеңілді деп саналады. Мұндай жарысушылар UCI-дің Регламентіне сәйкес, егер ол өз жарысында кәдімгі жағдайда жеңілсе, UCI-дің барабар ұпайларын алады.

4. Жарыста шеттетілген (DSQ деп белгілейді) барлық қатысушыларға рейтингте орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды. Бұл жарысушылардың алуы мүмкін барлық рейтинг позициялары бос қалуы мүмкін.

177-бап. Орнынан 1 км-ге Гит

1. Біліктілік кезеңін аяқтамаған жарысушылар, өздерінің не себепті мәреге жетпеуіне қарай былайша белгіленеді: мәреге жетпеді (DNF), сөреден шықпады (DNS), шеттетілді (DSQ деп белгілейді). Бұл жарысушылар жарыстың келесі раундына өтпейді.

2. Жарыстың бұл түрінен түпкілікті сыныптама топтарда келесі тәртіппен жасалады:

1) негізгі финалға қатысқан және мәреге жеткен (UCI-дің Қағидасы негізінде) барлық жарысушылар UCI-дің Қағидасына сәйкес іріктеледі және UCI-дің ұпайларын алады.

2) финалға қатысқан және себеппен мәреге жетпеген (DNF деп белгілейді), бірақ шеттетілгендерден басқалар, 1-топтағы жарысушылардан кейін келесі қолжетімді позициядан бірдей орын алады және сол орны үшін UCI-дің ұпайларын алады.

3) финалға іріктелген, бірақ сөреден жарысқа шықпаған барлық қатысушылар (DNS деп белгілейді), финалдық раундта соңғы қолжетімді позиция үшін бірдей орын алады және оларға сол орны үшін UCI-дің ұпайлары есептеледі.

4) финалға қатысқан және шеттетілген (DSQ деп белгілейді) барлық қатысушыларға, рейтингте орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды. Бұл жарысушылар алуы мүмкін барлық рейтингтік позициялар бос қалады.

5) біліктілік раундқа қатысушы және мәреге жеткен барлық жарысушылар, бірақ іріктелмегендер 3 топтан кейінгі сыныптамада келесі қолжетімді орындарға сыныпталады және UCI-дің барабар ұпайларын алады.

6) қандай да бір себептермен (алдымен DNF тобында, кейін DNS, одан кейін DSQ тобында) біліктілік жарыстарын аяқтамаған барлық қатысушыларға орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

178-бап. Командалық із кесу жарысы

1. Біліктілік жарысын аяқтамаған командалар, өздерінің не себепті мәреге жетпеуіне қарай мынадай санаттар алады: мәреге жетпеді (DNF), сөреден шықпады (DNS), шеттетілді (DSQ деп белгілейді). Бұл командалар алдымен DNF, кейін DNS және содан кейін DSQ деп топқа бөлінеді. Бұл командалар жарыстың келесі раундына өтпейді.

2. Командалар қортынды сыныптамада жарыс түрінің регламентіне сәйкес бөлінеді.

3. Финалдық сыныптама келесі тәртіпке сәйкес жасалады:

1) финалдық раундқа қатысатын қандай да бір себепті сөреден шықпады (DNS) немесе мәреге жетпеді (DNF) деген барлық командалар, өз жарысында жеңілді деп есептеледі. Бұл командалар UCI-дің Регламентіне сәйкес өз жарысында жеңілді деп саналады және UCI-дің ұпайларын алады. Кез келген шеттетілген команда (DSQ деп белгілейді) хаттамада орын алмайды және UCI-дің ұпайларын алмайды. Бұл командалардың алуы мүмкін барлық рейтинг позициялары бос қалуы мүмкін.

2) Бірінші раундтағы жағдайда, осы раундқа қатысқан және мәреге жеткен, бірақ шеттетуден басқа, финалға өтпеген барлық командалар, олардың осы раундта көрсеткен уақыттарына сәйкес бөлінетін болады.

3) Бірінші раундтағы жағдайда, осы раундқа қатысқан және сөреден шықпаған (DNS) немесе мәреге жетпеді (DNF) деген барлық командалар, UCI-дің Регламентіне сәйкес 2-топтан кейін сыныпталады және UCI-дің барабар ұпайларын алады.

4) Бірінші раундтағы жағдайда, шеттетілген (DSQ деп белгілейді) командаларға рейтингте орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды. Бұл командалардың алуы мүмкін барлық рейтинг позициялары бос қалуы мүмкін.

5) біліктілік раундқа қатысушы және мәреге жеткен барлық командалар, бірақ

іріктелмегендер 4 топтан кейін немесе жағдайға қарай 1-ші топтан кейінгі сыныптамада келесі қолжетімді рейтингтік позицияларға сыныпталады және UCI-дің барабар ұпайларын алады.

- 6) мойындалған оқиға бойынша, болмаса қайталама стартқа жіберілмеу себепті, біліктілік раундты аяқтамаған (DNF деп белгілейді) барлық командаларға орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.
- 7) біліктілік раундта сөреден шықпаған (DNS) барлық командаларға орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.
- 8) біліктілік раундта шеттетілген (DSQ деп белгілейді) барлық командаларға орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

179-бап. Жеке із кесу жарысы

1. Біліктілік жарысын аяқтамаған велосипедшілер, өздерінің не себепті мәреге жетпеуіне қарай мынадай санаттар алады: мәреге жетпеді (DNF), сөреден шықпады (DNS), шеттетілді (DSQ деп белгілейді). Бұл жарысушылар жарыстың келесі раундына өтпейді.

2. Жарыс түрінің қортынды сыныптамасы былайша жасалады:

3. Финалдық сыныптама келесі тәртіпке сәйкес жасалады:

1) финалдық раундқа қатысатын қандай да бір себепті сөреден шықпады (DNS) немесе мәреге жетпеді (DNF) деген барлық жарысушылар үшін өз жарысында жеңілді деп есептеледі. Бұл жарысушылар, UCI-дің Регламентіне сәйкес өз жарысында жеңілді деп саналады және UCI-дің барабар ұпайларын алады. Кез келген шеттетілген жарысушылар (DSQ деп белгілейді) рейтингте орын алмайды және UCI-дің ұпайларын алмайды. Бұл жарысушылардың алуы мүмкін барлық рейтинг позициялары бос қалуы мүмкін.

2) Біліктілік раундына қатысқан және мәреге жеткен, бірақ біліктіліктен өтпеген барлық жарысушылар, 1-ші топтан кейінгі сыныптамада келесі қолжетімді рейтингтік позицияларға бөлінеді және UCI-дің барабар ұпайларын алады.

3) Мойындалған оқиға бойынша, біліктілік раундты аяқтамаған (DNF деп белгілейді) барлық жарысушыларға, орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды

4) біліктілік раундта сөреден шықпаған (DNS) барлық жарысушыларға орын берілмейді және

олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

5) біліктілік раундта қатысқан және шеттетілген (DSQ деп белгілейді) барлық жарысушыларға орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

180-бап. Командалық спринт

1. Біліктілікті аяқтамаған командалар, өздерінің не себепті мәреге жетпеуіне қарай мынадай жазбалар алады: мәреге жетпеді (DNF), сөреден шықпады (DNS), шеттетілді (DSQ деп белгілейді). Бұл командалар алдымен DNF, кейін DNS және содан кейін DSQ деп топқа бөлінеді. Бұл командалар жарыстың келесі раундына өтпейді.

2. Нәтижелердің қортынды сыныптамасы топтарда былайша өткізіледі:

1) финалдық раундқа қатысатын қандай да бір себепті сөреден шықпады (DNS) немесе мәреге жетпеді (DNF) деген барлық командалар үшін өз жарысында жеңілді деп есептеледі. Бұл командалар UCI-дің Регламентіне сәйкес өз жарысында жеңілді деп саналады және UCI-дің барабар ұпайларын алады. Кез келген шеттетілген команда (DSQ деп белгілейді) хаттамада орын алмайды және UCI-дің де ұпайларын алмайды. Бұл командалардың алуы мүмкін барлық рейтинг позициялары бос қалуы мүмкін.

2) Бірінші раундтағы жағдайда, осы раундқа қатысқан және мәреге жеткен, бірақ шеттетуден басқа, финалға өтпеген барлық командалар, олардың осы раундта көрсеткен уақыттарына сәйкес бөлінетін болады.

4) Бірінші раундтағы жағдайда, осы раундқа қатысқан және сөреден шықпаған (DNS) немесе мәреге жетпеді (DNF) деген барлық командалар, және біліктілік раундындағы көрсеткен уақыттарына сәйкес 2-топтан кейін сыныпталады және UCI-дің барабар ұпайларын алады.

4) Бірінші раундтағы жағдайда, шеттетілген (DSQ деп белгілейді) командаларға рейтингте орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды. Бұл командалардың алуы мүмкін барлық рейтинг позициялары бос қалуы мүмкін.

5) біліктілік раундқа қатысушы және мәреге жеткен барлық командалар, бірақ олардың осы раундта көрсеткен уақыттарына сәйкес іріктелмегендер 4 топтан кейін немесе жағдайға қарай 1-ші топтан кейінгі сыныптамада келесі қолжетімді рейтингтік позицияларға сыныпталады және UCI-дің барабар ұпайларын алады.

1) мойындалған оқиға бойынша, болмаса қайталама стартқа жіберілмеу себепті біліктілік

раундты аяқтамаған (DNF деп белгілейді) барлық командаларға орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

2) біліктілік раундта сөреден шықпаған (DNS) барлық командаларға орын берілмейді және

олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

3) біліктілік раундта шеттетілген (DSQ деп белгілейді) барлық командаларға орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды.

4) Бірінші раундтағы жағдайда, шеттетілген (DSQ деп белгілейді) командаларға рейтингте орын берілмейді және олар UCI-дің ұпайларын алмайды. Бұл командалардың алуы мүмкін барлық рейтинг позициялары бос қалуы мүмкін.

5) біліктілік раундқа қатысушы және мәреге жеткен барлық командалар, бірақ іріктелмегендер 4 топтан кейін немесе жағдайға қарай 1-ші топтан кейінгі сыныптамада келесі қолжетімді рейтингтік позицияларға сыныпталады және UCI-дің барабар ұпайларын алады.

6) мойындалған оқиға бойынша, болмаса қайталама стартқа жіберілмеу себепті біліктілік

раундты аяқтамаған (DNF деп белгілейді) барлық командаларға орын берілмейді және оларға ұпайлар есептелмейді.

7) біліктілік раундта сөреден шықпаған (DNS) барлық командаларға орын берілмейді

және оларға ұпайлар есептелмейді.

8) біліктілік раундта шеттетілген (DSQ деп белгілейді) барлық командаларға орын

берілмейді және олар UCI-дің ұпайлары есептелмейді.

VI - БӨЛІМ. СПОРТТЫҚ ПӘН –МАУНТИНБАЙК

30-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

181-бап. Жарыстың түрлері

1. Маунтинбайк төменде көрсетілген форматты қамтитын, келесі спорттық пәндерді біріктіреді:

А.

Кросс-кантри: ХС (кросс-кантри)

Кросс - кантри: XCO
Кросс - кантри марафон: XCM
Кросс-кантри шығып қалу жарысымен: XCE
Тауға шығу жарысы (бір пункттен екіншісіне дейінгі қашықтық бойынша кросс-кантри): XCP
Көпкүндік жарыс: XCS
Кросс-кантри – қысқа айналым: XCC
Эстафета: XCR
B.
Жылдам түсу: DH (Жылдам түсу)
Жылдам түсу: DHI
C.
Байкер-кросс 4-х: 4X (4 қатысушыдан жарыстары бар жарыс)

182-бап. Жас топтары және қатысу

1. Маунтинбайктан жарыстар төменде келтірілген жарыстардан басқа, осы Қағиданың 182-бабы 4)-тармақшасының ережесіне сәйкес жас топтары бойынша ұйымдастырылады.

1) Кросс-кантри - XCO

ҚВСФ –нің шешімі бойынша жарысушылар ерлер/әйелдер андерлер 19-22 жас, егер олардың деңгейі жарыс туралы көрсетілген Ережедегі (регламенттегі) біліктілік деңгейіне сәйкес келсе, онда ерлер элита және әйелдер элита жас тобындағы жарыстарға жіберіледі.

1) Кросс-кантри марафон - XCM

"Кросс-кантри марафон" спорттық пәндегі жарыстарға 19 жас және одан үлкен жарысушылардың барлығына қатысуға болады. Ерлер/әйелдер андерлер 19-22 жас және ерлер элита және әйелдер элита жас тобындағылар үшін нәтижелерді бөлуге болмайды.

3) Кросс-кантри - қысқа айналым - XCC

"Кросс-кантри - қысқа айналым" спорттық пәндегі жарыстарға 17 жас және одан үлкендердің барлығына қатысуға болады. Юниорлар (17-18 жас) жас тобындағылар үшін ерлер/ андерлер 19-22 жас және ерлер элита, сәйкесінше юниоркалар (17-18 жас) жас тобындағылар үшін әйелдер андерлер 19-22 және әйелдер элита жас тобындағылар үшін нәтижелерді бөлуге болмайды.

16 жас және одан кішілер үшін жарыстар осы Қағиданың 2-бабының ережесіне сәйкес жас топтары бойынша ұйымдастырылады.

4) Кросс-кантри шығып қалумен - XCE

"Кросс-кантри шығып қалумен" спорттық пәндегі жарыстарға, 17 жас және одан үлкендердің барлығына қатысуға болады. Юниорлар (17-18 жас) жас тобындағылар үшін ерлер/ андерлер 19-22 жас және ерлер элита, сәйкесінше юниоркалар (17-18 жас) жас тобындағылар үшін әйелдер андерлер 19-22 және әйелдер элита жас тобындағылар үшін нәтижелерді бөлуге болмайды.

16 жас және одан кішілер үшін жарыстар осы Қағиданың 2-бабының ережесіне сәйкес жас топтары бойынша ұйымдастырылады.

5) Тауға шығу (бір пункттен екіншісіне дейінгі қашықтық бойынша кросс-кантри) (XCP)

"Тауға шығу" спорттық пәндегі жарыстарға 19 жас және одан үлкен жарысушылардың барлығына қатысуға болады. Ерлер/әйелдер андерлер 19-22 жас және ерлер элита және әйелдер элита жас тобындағылар үшін нәтижелерді бөлуге болмайды

18 жас және одан кішілер үшін жарыстар осы Қағиданың 2-бабының ережесіне сәйкес жас топтары бойынша ұйымдастырылады.

6) Жылдам түсу - DH

"Жылдам түсу" спорттық пәндегі жарыстарға 19 жас және одан үлкен жарысушылардың барлығына қатысуға болады. Ерлер/әйелдер андерлер 19-22 жас және ерлер элита және әйелдер элита жас тобындағылар үшін нәтижелерді бөлуге болмайды.

18 жас және одан кішілер үшін жарыстар осы Қағиданың 2-бабының 4-тармағының ережесіне сәйкес жас топтары бойынша ұйымдастырылады.

7) Байкер-кросс 4-х

"Байкер-кросс 4-х" спорттық пәндегі жарыстарға 17 жас және одан үлкен жарысушылардың барлығына қатысуға болады. Юниорлар (17-18 жас) жас тобындағылар үшін ерлер/ андерлер 19-22 жас және ерлер элита, сәйкесінше юниоркалар (17-18 жас) жас тобындағылар үшін әйелдер андерлер 19-22 және әйелдер элита жас тобындағылар үшін нәтижелерді бөлуге болмайды.

8) Көпкүндік жарыстар - XCS

«Көпкүндік жарыстар – XCS» спорттық пәндегі жарыстарға 19 жас және одан үлкен жарысушылардың барлығына қатысуға болады. Ерлер/әйелдер андерлер 19-22 жас және ерлер элита және әйелдер элита жас тобындағылар үшін нәтижелерді бөлуге болмайды.

18 жас және одан кішілер үшін жарыстар осы Қағиданың 2-бабының ережесіне және олардың жасына қарай қашықтыққа сәйкес жас топтары бойынша ұйымдастырылады.

Көпкүндік жарыстың шеңберінде кросс-кантри уақытқа-ХСТ жарысы өткізілуі мүмкін.

183-бап. Күнтізбе

1.Маунтинбайктен жарыстар келесі сыныптамаға сәйкес республикалық күнтізбеде тіркеледі:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты
- Қазақстан Республикасының чемпионаты
- Қазақстан Республикасының Кубогі
- республикалық жарыстар.

184-бап. Техникалық делегат

1.Қазақстан Республикасының чемпионатын, Қазақстан Республикасының Кубогін өткізу кезінде ҚВСФ техникалық делегатты тағайындайды.

2.Техникалық делегат ұйымдастырушының құқығын бұзбай, жарысқа дайындық кезіндегі техникалық тұстарына бақылау жасайды және ҚВСФ-мен қажетті байланысты қамтамасыз етеді.

3.Егер жарыс жаңа орында өтетін болса, техникалық делегат жарыс өтетін орынға алдын ала инспекция (трасса, қашықтық, тамақтандыру орындары мен техникалық көмек көрсету аймағының орналасуы, трассаны белгілеу, қауіпсіздік) жүргізеді. Техникалық делегат жарысты ұйымдастырушымен хабарласады және уақтылы есеп дайындайды.

4.Техникалық делегат жарыс өтетін орынға бірінші ресми жаттығу сессиясына дейін, кемінде бір күн бұрын келуі тиіс және бас төреші және жарыс ұйымдастырушысымен бірге трассаға инспекция жүргізеді. Техникалық делегат жарыстың техникалық дайындығын үйлестіреді және өзінің жүргізген инспекциялық есебіндегі ұсынымдардың орындалуын бақылайды. Техникалық делегат трассаның нақты нұсқасына және оның барлық өзгерістеріне жауап береді. Техникалық делегат тағайындалмаған жағдайда, оның міндетін бас төреші атқарады.

5.Техникалық делегат командалар өкілдерімен болатын жиналысқа қатысуға міндетті.

185-бап. Маршалдар

1.Барлық ұйымдастырушылар жұмысқа маршалдардың үйлестірушісін шақыруы керек. Бас төреші мен техникалық делегат жарысқа дейін маршалдарға нұсқаулықты (шұғыл жоспарлар, құрал-жабдықтар, ысқырықтар, құтылар, рациялар және т.б.) беруді оңтайландыру үшін маршалдардың үйлестірушісімен кездеседі.

2.Жарыс ұйымдастырушысы жарыс кезінде және ресми жаттығу сессиясында жарысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін іс-шараны жеткілікті маршалдар санымен қамтамасыз етуі тиіс.

3.Барлық ұйымдастырушылар жарысқа арналған маршалдардың нақты картасын жасауы керек. Техникалық делегат тағайындалмаған жарыстар үшін, маршалдар картасын мақұлдау үшін бас төрешіге ұсынады.

4.Маршалдың ең кіші жасы, ресми кәмет жасына толған болуы тиіс.

5.Жарыс кезінде маршалдар арнайы бөлек киім киеді және сәйкес бейдж тағады.

6.Маршалдарда ысқырық пен рация (тек қана өзекті стратегиялық жерлерде тұратын маршалдар үшін техникалық делегаттың немесе бас төрешінің нұсқауымен) болуы керек. Маршалдар жарыс кезінде бүкіл трасса бойындағы радиобайланысты қамтамасыз ету позициясын ұстанады.

7.Маршалдарға оқиға болуы мүмкін жерлерді көрсетуге арналған трассаның схемасын беріп, олардың алдында тұрған міндеттер қысқаша түсіндірілуі тиіс.

186-бап. Жарыс ресімі

1.Жарыс кезінде және ресми жаттығу сессиясында тек жарысушылар үшін трасса ашық болады. Маршалдар мен медицина қызметкерлері ресми жаттығу кезінде болуы тиіс. Бөгде адамдарға трасса жабық болады.

187-бап. Жарысты болдырмау

1.Бас төреші ауа-райы бұзылған кезде, техникалық делегатпен, ол болмаса жарыс ұйымдастырушысымен ақылдасып, жарысты болдырмау туралы шешім қабылдайды.

2.Жарыс басталар алдында трасса анық белгіленуі тиіс.

3. Трассаның сызбасы тіркеу орнында ілініп қойылады. Трассаға қолжетімділік техникалық делегат, ол болмаса бас төреші трассаға инспекциямен келген сәттен бастап, бақылауда болуы тиіс.

4. Олар келгенге дейін трассаға қолжетімділік жарыс өтетін аумақтағы (ұйымдастырушының регламенті және/немесе өңірлік федерацияның регламенті) қолданыстағы жергілікті қағидалармен реттеледі. Ұйымдастырушы қандай да бір басқа себептермен, трассаға қолжетімділікті жаба алмайды.

5.Техникалық делегат ресми жаттығу кезеңі басталар алдында, трассадағы белгілердің дұрыстығы мен қауіпсіздігін тексеруі тиіс. Бұл тексеру бойынша есеп бас төрешіге және ұйымдастырушыға беріледі. Техникалық делегат болмаған жағдайда, бұл есепті бас төреші жасайды.

6.Қазақстан чемпионаты мен Қазақстан кубоктарында және республикалық жарыстарда команда өкілдері немесе олардың өкілдері жиналыстарға қатысуы тиіс. Жиналыс жарыстың ресми бағдарламасында көрсетілуі керек.

7.Қатысушылардың паспорттарын тексеру және бақылау мен тіркеу жарыс кеңсесінде өткізіледі. Қатысушылардың паспорттарын тексеру ресімі өткен соң, басқа да тіркеу шаралары аяқталып, рульге нөмірлер берілген соң ресми жаттығуларға рұқсат етіледі.

8.Қатысушылардың нақты тізімі жарыстың сәресіне дейін жасалуы керек. Жарысушылардың тегінен басқа, тізімде басқа да ақпарат болуы тиіс, мысалға,

команданың аты, UCI ID, туған жылы, күні, айы, санаты, жарыс түрі, қашықтық және старт уақыты.

9. Жарыс ұйымдастырушысы қалыпты байланысты қамтамсыз етуге қажетті төрешілер алқасы үшін кемінде 6 (алты), егер бар болса, техникалық делегат үшін 1 (бір) радиобайланыс құралын беруі тиіс. Бұл құралдардың бір байланыс арнасы тек қана төрешілер алқасына резервтелуі тиіс және жарыс директорымен байланыс үшін қолданылады. 4X жарыстары үшін ұйымдастырушы рациялар үшін құлапқаптар беруі тиіс.

188-бап. Сөре

1. Қазақстан чемпионаты мен Қазақстан кубоктарын өткізу кезінде іс-шараның ұйымдастырушысы, қатысушыларды шақыру үшін үлкен аймақ қарастыруы керек, онда сөре аймағымен қатар жаттығуға мүмкін болу керек. Ұйымдастырушылар басқа жарыстарды ұйымдастырған кезде, шақыру аймағының ыңғайлы орналасуына да көңіл бөлуі керек.

2. Жарысушыларды жалпы сөреге шақыратын жарыстарда шақыру, кесте бойынша стартқа 20 минут қалғанда болуы керек. Егер жарысушылар саны жеткілікті болса, бұл кезеңді қысқартуға болады. Стартқа дейін бес минут қалғанда, хабарлау жүйесі бойынша тиісті хабарландыру жасау керек, сосын стартқа үш минут қалғанда тағы да қайталау керек.

3. Жарысушылар сөре сызығында өздері стартқа қалай шақырылады, сол тәртіппен орналасады. Бір қатардағы жарысушылар санын бас төреші анықтайды және төрешілер бақылайды. Жарысушы стартта қандай позиция алу керегін өзі шешеді.

4. Жарысушылар стартқа тұрғаннан кейін, старт аймағындағы ішкі және сыртқы кез келген қыздырынуға (станокта, тренажерда және т.б.) тыйым салынады.

5. Стартты төреші мынадай рәсімде береді: стартқа дейінгі 3,2,1 минут және 30 секунд үшін ескерту. Сосын старт соңғы 15 секундта беріледі деп хабарлау.

6. Старт старт тапаншасынан немесе старт оттарынан ату бойынша немесе ол болмаса ысқырықпен беріледі.

189-бап. Жарысушылардың мінез-құлқы

1. Жарысушы өзін спорттық әдеппен көрсетуі тиіс және жарыс кезінде өзін қуып келе жатқан жарысушыларға кедергі жасамауы керек.

2. Егер жарысушы қандай да бір себеппен трассада шығып кетсе, ол өзі шығып кеткен жерге қайтып келіп, сол жерден жарысты қайтадан жалғастыруы керек.

3. Жарысушылар табиғатты қорғауы тиіс және трассада қоқыс қалдырмауы керек.

4. Қашықтықты өзгерту кезінде көзге түскен ұл/ қыз аккредитациядан айрылады немесе егер ол жарысушы болса, онда шеттетіледі.

190-бап. Құрал-жабдықтар

1. Жарысушыларға рацияларды және басқа қашықтықтан байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

2. Металл шиптары бар дөңгелек тысын пайдалануға рұқсат етілмейді.

3. Маунтинбайктан жарыста дәстүрлі тасжолдағы рульдер қолданылмайды. Ұзартатын саптамаларға тыйым салынған, бірақ дәстүрлі «мүйіздерге» рұқсат етіледі.

4. Маунтинбайктан жарыстар кезінде Е- маунтинбайк велосипедтері (электрвелосипедтер), Е- маунтинбайк велосипедтеріндегі маунтинбайк бойынша жарыстардан басқа, жаттығулар мен жарыс кезінде трассаға жіберілмейді.

191-бап. Құрылғылар

- 1.Егер қатты тіреумен бекітілмесе, трассаны кесіп өтетін үрлемелі аркаларға тыйым салынады.
- 2.Ұйымдастырушы велосипедтерді жуу үшін аймақ беруі тиіс.

192-бап. Трасса

- 1.Кросс-кантри, байкер-кросс 4-х және жылдам түсу үшін бірнеше пәннің бір орында өткізу уақытын, барынша бір-бірінен бөлек өткізу қажет. Егер бұл мүмкін болмаса, жаттығу кестесі трассаны бір уақытта пайдаланбайтындай етіп, құрастырылуы қажет.
- 2.Сөре мен мәре аймағында бір-бірімен соқтығысу және құлауға алып келетіндей, еш кедергілер болмауы тиіс.

31-тарау. КРОСС-КАНТРИ ЖАРЫСТАРЫ

193-бап. Крос-кантри -ХСО

- 1.Әртүрлі сыныптағы «Крос-кантри» спорттық пәніндегі жарыстардың ұзақтығы мен айналым ұзындығы төмендегі кестеде келтірілген, олар келесі шекте немесе жарыс ұзақтығына барынша жақын (сағаттар мен минуттар) етіп көрсетілген:

	ҚР Ұлттық чемпионаты ҚР чемпионаты		ҚР кубогы		Республикалық жарыстар	
	Жарыстың ұзақтығы	Айналым ұзындығы	Жарыстың ұзақтығы	Айналым ұзындығы	Жарыстың ұзақтығы	Айналым ұзындығы
Жасөс пірімдер\қыздар 13-14 жас	0:30-0:45	4-6км	0:30-0:45	4-6км	0:30-0:45	4-6км
Жасөс пірімдер\қыздар 15-16 жас	0:45-1:00	4-6км	0:45-1:00	4-10км	0:45-1:00	Ешқандай шектеулер мен кез келген формат жоқ
Юниорлар\Юниор қыздар 17-18 жас	1:00-1:15	4-6км	1:00-1:15	4-10км	1:00-1:15	
ерлер\әйелдер андерлер 19-22	1:15-1:30	4-6км	Қолданылмайды <*>	4-10км	қолданылмайды<*>	
ерлер\әйелдер элита	1:20-1:40	4-6км	1:30-2:00	4-10км	шектеулер жоқ	

<*> ерлер\әйелдер элитамен бірге жүреді.

- 2.Кросс-кантри олимпиялық жарысының айналма трассасы, көрермендер мен телевидениенің көруіне ыңғайлы болу үшін дұрыс жоспарланған болуы тиіс.
- 3.Қосалқы тамақтану және техникалық көмек көрсету аймағының болуын барынша ұсынамыз.
- 4.Трассаның әрбір шақырымы финишке дейін қалған километражды көрсететін нұсқамаларды пайдалану кезінде белгіленуі тиіс.
- 5.Жарысушылар бір топ болып сөреден шығады.

194-бап. Кросс-кантри марафон-ХСМ

- 1.Кросс-кантри марафонның ең аз қашықтығы 60 км және ең көбі 160 км-ді құрайды.
- 2.Белгіленген шектен асатын қашықтықты пайдалануға ниетті кез келген ұйымдастырушы, ҚВСФ-ден алдын ала рұқсат алуы керек.
- 3.Трассаның әрбір 10 км қалған километражды көрсететін нұсқамаларды пайдалану кезінде белгіленуі тиіс.
- 4.Жарыс бір айналымда немесе ең көбі 3 (үш) айналымда өткізілуі мүмкін.
- 5.Бір айналымдағы жарыс трассасында екі рет өтетін учаскелер болмауы тиіс.
- 6.Тек қана сөре мен мәренің аймағы бір орында орналасуы мүмкін.
- 7.Көп айналым жасалатын жарыстарда әйелдерге арналған қысқа айналымдарға тыйым салынады.
- 8.Жарыстардың біреуі екіншісіне кедергі келтірмес үшін екі старт арасындағы аралықты жеткілікті болып, жарысушылар санатқа (әйелдер және ерлер) бөлінген, бір топ болып стартты бастайды.

195-бап. Тауға жарыс (бір пункттен екіншісіне дейінгі қашықтық бойынша кросс-кантри) –ХСР

- 1.Бір пункттен екіншісіне дейінгі қашықтық бойынша өткізілетін трасса бір орында басталуы, ал мәре басқа (тауға жарыс) жерде аяқталуы тиіс.
 - 2.Тауға жарыс кросс-кантри жарысы ретінде қарастырылады, сондықтан кросс-кантриден ұлттық чемпион кросс-кантри жарысындағы өз майкасымен, ал кросс-кантриден жарыстағы әлем чемпионы, өзінің кросс-кантри жарысындағы әлем чемпионы өз майкасымен қатысуы тиіс.
- Жарысушылар бір топ болып стартқа шығады.

196-бап. Кросс-кантри-қысқа айналым-ХСС

- 1.Жарыстың сөресі мен мәресі бір жерде орналасады. Айналма трассаның ұзақтығы 2 км-ден аспауы тиіс. Жарыстың ұзақтығы 20-дан 30 минут аралығында болуы керек.
- 2.Егер ҚВСФ техникалық делегатты немесе ол болмағанда, бас төреші мақұлдаса табиғи және/немесе жасанды кедергілер болуы мүмкін.

197-бап. Кросс-кантри- шығып қалу жарысы-ХСЕ

1. Кросс-кантри - шығып қалу жарысының трассасы 500 м-ден 1000 м-ге дейін болуы тиіс және 4.2.009-бапқа сәйкес табиғи және/немесе жасанды кедергілерді қамтиды. Бүкіл трасса 100% жүріп өтетіндей болуы керек, тар учаскелерден аулақ болу қажет. Мүмкіндігінше, трассада 180 градусқа бір ғана бұрылыс болуы керек. Сөре мен мәре аймақтары бөлек болуы тиіс.
- 2.Ағаштар, баспалдақтар (төмен/жоғары), тік ылдилар, көпірлер немесе ағаш құрылғылар сияқты кедергілер қарқынды қысқа жарыс жасауы мүмкін.
- 3.Жарыс трассасы осы қағиданың 201-бабына сәйкес болуы керек.
- 4.Сөре/мәре аймағы осы қағиданың 202-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес болуы керек.
- 5.Біліктілік раунд үшін ең азы 6 жарысушы іріктеліп алынады, олай болмаса, жарыс өтпейді.
6. Бүкіл бағдарлама, іріктеу туры және бас жарыс бір күнде ұйымдастырылуы керек.
- 7.Сауал дәлелді болса, ҚВСФ жарыс бағдарламасын 2 күнге (бір күн іріктеу раунды үшін және бір күн бас жарыс үшін) рұқсат етуі мүмкін.

8. Біліктілік раунд бас жарыстың бір айналымы үшін жеке жарыс түрінде өткізіледі. Үздік 32 (8x4) жарысушы бас жарысқа өтеді (қосымша).
9. Егер жарысушыларда біліктілік раундында бірдей нәтиже болса, олар ҚВСФ-нің соңғы ХСО жеке рейтингі бойынша сыныпталады. Егер жарысушыларда рейтинг болмаса, олардың сыныптамасы жеребе бойынша анықталады.
10. Біліктілік раундқа арналған нөмір старт тәртібінде 33-тен басталады, ол ҚВСФ –ның ХСО соңғы жеке рейтингіне негізделеді және келесі тәртіпте:
 - 1) Сыныпталған жарысушылар ерлер\әйелдер элита және ерлер\әйелдер андерлер 19-22 рангі жоғарылаған сайын;
 - 2) Сыныпталған жарысушылар юниорлар\юниор қыздар 17-18 жас рангі жоғарылаған сайын;
 - 3) Сыныпталмаған ерлер\әйелдер элита және ерлер\әйелдер андерлер 19-22 жеребе бойынша;
 - 4) Сыныпталмаған юниорлар\юниор қыздар 17-18 жас жеребе бойынша.
11. Жарысушылар жарысушылар нөмірінің тәртібі бойынша сөреден шығады, ең үлкен нөмір бірінші болып стартқа шығады.
12. Әйелдер ерлерден кейін стартқа шығады.

198-бап. Негізгі жарыс

1. Бас жарыс үшін жарысу нөмірлері біліктілік раундының нәтижелері негізінде таратылады, 1 нөмірді біліктілік раундының жеңімпазы алады.
2. Бас жарыс шығып қалу жарыстарынан тұрады, онда ХСЕ қосымшасында көрсетілгендей, жарысушылар тобы қосылған-жарысу форматы.
3. Жарыс тәртібі:
 - 1) әйелдер жарыстың тең жүйесіне келгенше, ерлер бірінші;
 - 2) финалдар: әйелдердің кіші финалы, сосын ерлердің кіші финалы;
 - 3) әйелдердің үлкен финалы, сосын ерлердің үлкен финалы; қасақана байланыс, итеру немесе жарысушының басқа жарысушыны құлауға немесе трассадан шығуға итермелейтін басқа құралға рұқсат етілмейді және шеттетуге (ДСКВ) алып келеді. Жарысушыға төрешілердің шешімімен төмендетілді (ауыстырылды, ПОН) деп хабарланады және оған оның нақты финишінен бөлек позиция беріледі.
4. НФ (финишке келмеді), ДСКВ (шеттетілді) немесе НС (сөреден шықпады) деген жарысушылар кіші финалға қатыспайды.
5. Жарыстың финалдық сыныптамасы келесі тәртіпте топтарға жасақталады:
 - 1) Нәтижесі бойынша үлкен финалда жарысқан барлық жарысушылар;
 - 2) Нәтижесі бойынша кіші финалда жарысқан барлық жарысушылар;
 - 3) Жартылай финалдық нәтижелердегі НФ немесе НС жарысушылар;
 - 4) Басқа жарысушылардың орындары раундтағы жетістігіне, жарыстағы орнына, жарысушының нөміріне қарай анықталады.
6. Жоғарыдағы топтардың әрқайсысының өз ішіндегі НФ жарысушылар НС-ке дейін сыныпталады. Егер НФ мен НС көбейіп кетсе, теңдікке жарысушының нөмірі бойынша рұқсат етіледі.
7. НФ немесе НС жарысушылар бас жарыстың бірінші раундында сыныпталмайды.
8. ДСКВ жарысушылар бас жарыста сыныпталмайды.
9. Бас жарысқа іріктелмеген жарысушылар финалдық сыныптамада іріктелмейді. Түсініктеме: шеттету болса, келесі жарысушылар финалдық сыныптамаға ауысады. Мысал үшін, үлкен финалда шеттету болса, кіші финалдың жеңімпазы финалдық сыныптамада төртінші болады.

10.Сөрелік тор жерге сызылады. Жарысушылар бір сызық бойында бір-бірімен қатарласып тұрады. Әр жарыстағы жарысушылар өздерінің сөрелік позициясын, өздерінің старт нөмірлері тәртібінде таңдауына болады. Саны ең аз нөмірлі жарысушы бірінші болып таңдайды.

199-бап. Кросс-кантри уақытқа –ХСТ

1.Кросс-кантри уақытқа жарыстары тек қана көпкүндік жарыстарда (ХС) өткізіледі.

200-бап. Эстафета-ХСR

1.Әр команда 6 жарысушыдан тұрады: 1- ерлер элита жас тобындағы жарысушы, 1- ерлер андер (19-22 жас) тобындағы жарысушы, 1 юниорлар (17-18 жас) тобындағы жарысушы, 1- әйелдер элита жас тобындағы жарысушы, 1- әйелдер андер (19-22 жас) тобындағы жарысушы, 1 юниоркалар (17-18 жас) тобындағы жарысушы.Алайда, келесі ауыстыруларға рұқсат етіледі:

- 1) ерлер элита жас тобындағы жарысушы, әйелдер элита жас тобындағы, ерлер андер (19-22 жас) тобындағы жарысушы, әйелдер андер (19-22 жас) тобындағы, юниорлар (17-18 жас) тобындағы, юниоркалар (17-18 жас) тобындағы жарысушымен ауыстырылады;
- 2) әйелдер элита жас тобындағы жарысушы, әйелдер андер (19-22 жас) тобындағы, юниоркалар (17-18 жас) тобындағы жарысушымен ауыстырылады;
- 3) ерлер андер (19-22 жас) тобындағы жарысушы, юниорлар (17-18 жас) тобындағы, әйелдер андер (19-22 жас) тобындағы, юниоркалар (17-18 жас) тобындағы жарысушымен ауыстырылады;
- 4) юниорлар (17-18 жас) тобындағы жарысушы, юниоркалар (17-18 жас) тобындағы жарысушымен ауыстырылады;
- 5) әйелдер андер (19-22 жас) тобындағы, юниоркалар (17-18 жас) тобындағы жарысушымен ауыстырылады.

2.Кіші жас тобындағылар (жас топтары мен команданың сандық құрамы) үшін эстафета ҚВСФ-нің бекіткен ерекше регламенті бойынша өткізіледі.

3.Эстафетада жарыстар өткізу үшін команда өкілі команда қатысушыларының аты мен санаты көрсетілген арнайы форманы, сондай-ақ олардың старт тәртібін пайдалануы керек және жарысқа бір күн қалғанда, команда өкілдерімен өткізілетін кеңестің соңында бас төрешіге толтырылған осы форманы тапсыруы қажет.

Толтырылған осы форма тапсырылғаннан кейін, қатысушылардың старт тәртібі өзгертілмейді. Старт бокстары алдыңғы Қазақстан чемпионатындағы эстафетаның нәтижелері негізінде бөлінеді. Рейтингі жоқ командалардың тәртібі жеребе бойынша анықталады. Рейтингтегі бірінші команда бокста 1 нөмір және әрі қарай.

4.Кросс-кантри жарысының трассасында мүмкіндігінше орман жолдары, егіндіктер, топырақ жолдар, қиыршық тасы бар учаскелер, сондай-ақ аздаған көтерілетін және түсетін жерлер де болуы мүмкін.

5.Тас төселген немесе асфальт жолдар жалпы трассаның ұзақтығының 15%-нан аспауы керек.

6.Трасса рельеф пен ауа-райының қолайсыздығына қарамастан, жүріп өтетіндей болуы керек. Трассаның жеңіл бұзылатын учаскелеріне параллель секциялар төселуі керек.

7.Трассаның бойындағы тар учаскелер, кең бөліктермен кезектесіп отырылу керек.

8.Жарысты өткізу кезінде трассада көрермендерге арналған, кемінде 6 өту орындары қарастырылу керек. Көрермендердің өту аймағында екі жағынан, маршалдардың қосыны болуы керек.

201-бап. Трассаны белгілеу

1. Жарыстың барлық трассасы келесі жүйе бойынша белгіленуі және көрсетуі тиіс.
2. Бағыттағыштар (ақ немесе жасыл қалқандағы қара түсті бағыттағыштар) қозғалыстың бағытын, қиылыс және барлық қауіпті учаскелерді көрсетуі тиіс. Нұсқаманың ең аз мөлшері – биіктігі 40 см, ені 20 см. Бағыттағышы бар нұсқамалар жер деңгейінен 1,5 м-ден жоғары қойылмауы керек.
3. Нұсқамалар оң бұрылысы бар учаскелерден басқа, трассаның оң жағынан қойылады. Бұл ретте нұсқамалар сол жағынан қойылады.
4. Нұсқамалар барлық қиылыстарға дейін 10 м жерде, қиылыстарда, және бағдарды жалғастыру үшін қиылыстан кейінгі 10 м жерде қойылу керек. Теріс бағыт «X» деген нұсқамамен белгіленуі тиіс.
5. Өте қауіпті ықтимал учаскелерде төмен қаратып, бір немесе одан да көп бағыттағышпен нұсқама қою керек, ол кедергіге дейін немесе өте қауіпті ықтимал учаскеге дейін 10-20 м-де және нақты қауіпті аймаққа қойылады.
6. Өте қауіпті учаскелерде төмен қаратып, екі бағыттағышы бар нұсқама қойылады.
7. Өте қауіпті учаскелер барынша сақтықты сақтауды және төмен қаратылған үш бағыттағышы бар нұсқамалар қоюды талап етеді.
8. Трассаны белгілеу үшін келесі белгілер қолданылады:



9. Тік құламалы және ықтимал қауіпті ылдилары бар кросс-кантри жарысы трассасының учаскелері металл қоршаулармен қоршалып, белгіленуі тиіс, мысалы биіктігі 1,5-2 метр бамбук немесе пластмасса сырықтар (слалом сырықтары).
10. Техникалық делегат, ол болмағанда бас төрешінің белгілеп берген трассаның жылдам учаскелерінде төмендегі сызбаға сәйкес, тартылған қоршалған ленталар болуы тиіс. (Лента телевизиялық түсірілімге кедергі келтірмей, жерден 50 см биіктікте тартылып тұруы тиіс). «Б аймағындағы учаскелердің ені кемінде 2 метр болуы керек.



11. Егер трасса учаскелерінде кедергілер болса, айталық қабырғалар, құлап қалған ағаштар немесе томарлар, онда жарысушыларды қорғау үшін шөп маялары немесе басқа қолайлы құралдар қолданылуы керек. Мұндай қорғаныс құралдары трассадан өтуге кедергі болмауы тиіс.
12. Кейбір қауіпті учаскелерде, айталық, құламалы жерлерден өткен кезде, қауіпсіздік стандарттарына сәйкес қорғаныс торын пайдалану қажет. Қоршалған тордың, егер жабық болмаса, кемінде 5 смх 5 см өлшемдегі ұяшығы болуы керек.

13.Кез келген ағаш көпірлер немесе өткелдер сырғымайтын материалмен (кілем жабын, майда сым тор немесе сырғанауға кедергі болатын арнайы бояу) жабылуы тиіс. Егер көпірде немесе рампта құлдылау болмайтын болса, сым торды пайдалануға болады.

14.Қазақстанның кросс-кантриден чемпионатында трасса (тіреулер, дабыл лентасын немесе баннерлерді пайдаланып) белгіленуі керек немесе ұзына бойына қорғалуы тиіс.

15.Кросс-кантри марафон жарысындағы трасса, одан қиналмай өту үшін жақсы белгіленуі тиіс.

16.Таулы учаскелерде жиі кездесетін ағаштың томарлары, құлаған ағаштар және басқалары, мүмкіндігінше, флуоресцентті биобояумен бөлек белгіленуі тиіс.

202-бап. Сөре мен мәре аймақтары

1.Сөре және/немесе мәренің баннерлері старт және финиш сызығының тікелей үстінде жер деңгейінен биіктігі 2,5 метр, ені бүкіл трасса бойымен тартылып тұруы тиіс.

2.Кросс-кантри (бұқаралық старт алатын жарыс) барлық жарыстары үшін сөре аймағы мынадай болуы керек:

1) Сөре сызығының алдында кемінде ұзындығы 50 метр, ені кемінде 6 метр;

2) Сөре сызығынан кейін кемінде ұзындығы 100 метр, ені кемінде 6 метр;

Барлық жарыстар үшін старт трассаның жазық немесе таулы учаскесінде орналасуы тиіс.

Старттан кейінгі трассаның бірінші тарылуы, жарысушылардың бірге жеңіл жүріп өтуіне мүмкіндік береді.

3.Кросс-кантриден (жалпы старты бар жарыс) жарыс өткізу кезінде, мәре аймағына қойылатын талаптар:

1) Мәре сызығының алдында кемінде ұзындығы 50 метр, ені кемінде 4 метр;

2) мәре сызығынан кейін кемінде ұзындығы 20 метр, ені кемінде 4 метр;


3) мәре трассаның жазық немесе көтерілетін учаскесінде орналасуы тиіс.

4.Қоршалатын кедергілер сөрелік және мәрелік сызыққа дейін, кемінде 100 метр және 50 метрден кейін екі жағынан орнатылуы керек.


5.Қашықтықтың соңғы километрі анық көрсетілуі және белгіленуі тиіс.

203-бап. Тамақтану/техникалық көмек көрсету аймағы


1.Диаграмма 1: бір жағынан тамақтану/техникалық көмек көрсету аймағы



2. Диаграмма 2: қарама-қарсы жақтан тамақтану/техникалық көмек көрсету аймағы



3. Диаграмма 3: тамақтану/техникалық көмек көрсету қосарлы аймағы



4. Жарыс кезінде жарысушыларды тамақтандыру арнайы белгіленген тамақтану аймақтарында рұқсат етіледі, сондай-ақ ол орындар техникалық көмек көрсетуге де пайдаланылады.

Бұл аймақтар тамақтану/техникалық көмек көрсету аймағы деп аталады.

5. Әрбір тамақтану/техникалық көмек көрсету аймағы трассаның жазық немесе аздаған еңіс көтерілетін учаскесінде орналасуы тиіс және ені де жеткілікті болуы керек. Бұл аймақтардың ұзақтығы жеткілікті және трассаның бүкіл өне бойында біркелкі орналасуы қажет. Жарыстарды өткізу кезінде қосарлы тамақтану/техникалық көмек көрсету аймағын жасау ұсынылады.

6. Кросс-кантри (ХСО) бойынша жарыстарды ұйымдастыру кезінде, трассада бір қосарлы аймақ немесе екі бірдей аймақ орнатылады. Кросс-кантри марафон бойынша жарыстарда кемінде 3 аймақ қойылады. Ұйымдастырушылар команда персоналына кросс-кантри марафонынан жарыстар уақытында барынша қолжетімділікті қамтамасыз етуі керек.

7. Эстафетаны өткізу кезінде тамақтану/техникалық көмек көрсету аймағы бас төрешінің ұйғарымы бойынша, тек қана техникалық көмек көрсету үшін құрылуы мүмкін. Тамақтану/техникалық көмек көрсету аймағында эстафетаны өткізу кезінде тамақтануға тыйым салынады.

8. Техникалық делегат, ол болмағанда бас төреші жарыс директорымен бірге тамақтану/техникалық көмек көрсету аймағын ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды.

9. Тамақтану/техникалық көмек көрсету аймағы, аймақты аялдаусыз өтіп бара жатқан, басқа жарысушыларға кедергі болмау үшін ені кең болуы керек.

10. Жарысушыларға қызмет көрсетушілер командалық форманы киюі тиіс.

11. Тамақтану/ техникалық көмек көрсету аймағы анық белгіленуі және нөмірленуі тиіс. Бұл аймақтар көрермендерден толық қоралуы керек. Бұл аймаққа қолжетімділік төрешілер және/немесе маршалдармен бақыланады.
12. Қазақстан чемпионаттарын өткізу кезінде, аккредитациясыз бірде бір тұлғаның тамақтану/ техникалық көмек көрсету аймағына кіруге құқығы жоқ.
13. Жоғарыда келтірілген жарыстар үшін аккредитацияны, команда өкілдерімен кеңестен соң төрешілер алқасы береді.
14. Тамақты таратуға жауапты тұлғалар мен механиктермен өзара байланыс, тек қана тамақтану/ техникалық көмек көрсету аймағында ғана рұқсат етіледі.
15. Суы бар құты мен тамақты берген кезде, оны беретін адам жарысушымен қатар жүгіріп отыруы тиіс.
16. Механиктерге немесе тамақ беруге жауаптыларға, жарысушыларға немесе велосипедтерге су шашуға тыйым салынады.
17. Тамақтану/ техникалық көмек көрсету аймағында ғана күннен қорғайтын көзілдіріктерді ауыстыруға рұқсат етіледі. Көзілдіріктерді алмастыру аумағы аймақтың соңғы жағында орналасады.
18. Бірде бір жарысушыға трассадан бұрылуға немесе айналып келуге және тамақтану/ техникалық көмек көрсету аймағына баруына құқығы жоқ. Бұлайша әрекет еткен жарысушы шеттетіледі. Тек қана тамақтану/ техникалық көмек көрсету аймағының ішінде ғана жарысушы басқаларға кедергі жасамай, бұрыла алады.

204-бап. Техникалық көмек көрсету

1. Жарыс кезінде техникалық көмек көрсетуге, келесі шарттарды сақтағанда ғана рұқсат етіледі.
2. Жарыс кезінде жарысушыға рамадан басқа, велосипедтің кез келген бөлшегін ауыстыру бойынша техникалық көмек көрсетіледі. Велосипедті ауыстыруға рұқсат жоқ және жарысушы мәре сызығын өзі старртан шыққан рульдегі нөмірімен кесіп өтуі тиіс.
3. Тамақтану/ техникалық көмек көрсету аймағында ғана техникалық көмек көрсетіледі.
4. Қосалқы құрал-жабдықтар мен жөндеуге арналған аспаптар осы аймақта болуы тиіс. Жөндеу және құрал-жабдықтарды ауыстыруды жарысушының өзі немесе оның командалас жолдасының көмегімен, команда механигімен немесе бейтарап техникалық көмекпен жүзеге асырады.
5. Жарысушылар жарыс кезінде өзіне және жарыстың басқа қатысушыларына қауіпсіз болып табылатын қажетті аспапты немесе қосалқы заттарды алып жүруіне болады.

205-бап. Қауіпсіздік

1. Маршалдар көзге көрінетіндей жерде, трассада орналасуы қажет. Маршалдар жарысушының жақындап келе жатқанын қысқа ысқырықпен бір-біріне хабарлайды.
2. Трассаның ықтимал қауіпті аймақтарында жүрген барлық маршалдар жарысушы құлдаған жағдайда, жарыстың басқа қатысушыларына ескерту үшін сары түсті жалаушаны бұлғап көрсетуі тиіс.
3. Барлық жарыстарды өткізу кезінде, кемінде бір жедел жәрдем машинасы және алғашқы көмек көрсету үшін бір қосын көзделген.
4. Әрбір жарысты өткізу кезінде бір (1) дәрігер және алты (6) орта медициналық қызметкер болуы тиіс.
5. Алғашқы көмек көрсету қосыны трассада ыңғайлы жерде орналасуы және жарыстың барлық қатысушылары үшін тез таныс жерде болуы керек.

6. Алғашқы көмек көрсету қосыны және сол көмекті көрсететін тұлғалар бір-бірімен, жарыс ұйымдастырушыларымен, маршалдардың үйлестірушісімен және бас төрешімен радио байланыста болуы қажет.

7. Алғашқы көмек көрсететін медициналық қызметкерлерде арнайы киім болуы және тез танитындай болуы керек.

8. Алғашқы көмек көрсететін медициналық қызметкерлер трассаның маңызды жерлерінде орналасуы және жарыстың барлық күнінде болуы тиіс.

9. Алғашқы көмек көрсететін бригада жарыс алдындағы жаттығу сессиялары кезінде трассада болуы қажет.

10. Жарыс ұйымдастырушысы трассаның кез келген жерінен, зақымданғандарды тез алып кетуді қамтамасыз ету бойынша барлық шараларды қабылдауы керек. Трассаның қиын учаскелеріне жету үшін қажетті учаскеге тез жеткізе алатын тәжірибелі жүргізушілер басқаратын, барлық жерде жүре алатын (мотоциклдер, квадроциклдер және т.б.) транспорт құралдарын пайдалануы тиіс.

11. Бқтимал қауіпті учаскелер анық белгіленуі және жедел жәрдем машиналарының (қажет болса, төрт дөңгелекті транспорт құралдарын пайдалануды) кіре алатындай қарастыру қажет.

12. Жарыс басталар алдында жарыс директорының, алғашқы көмек көрсетуге жауапты тұлғалардың, маршалдар мен бас төрешінің қатысуымен брифинг өткізілуі керек. Трассаның сызбасы медициналық бригада мүшелері арасында таратылуы қажет.

13. Ұйымдастырушы жарыстың басталғанын («алдыңғы мотоцикл») және жарыстың аяқталғанын («артқы мотоцикл») білдіру үшін кросс-кантри марафон жарысына мотоцикл беруі қажет. Кросс-кантри жарыстары үшін тек қана алдыңғы мотоцикл болу керек және онда мәреге дейін қалған айналымдардың санын көрсетуі қажет.

206-бап. Жарыстың ресімі

1. Жарыс ұйымдастырушысы трассаны түгел белгілеуді және бірінші жарыстың стартына дейін 24 сағат қалғанда, одан кешіктірмей, жаттығу үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуі керек.

2. Ресми жаттығулар кезінде жарысушыларда рульде нөмірлер болуы тиіс.

207-бап. Старт кестесі

1. Старт тәртібі келесідей болады:

1) Кросс-кантри жарыстары (ХСО) және кросс-кантри марафон жарыстары (ХСМ):

- кросс-кантриден соңғы жарияланған жеке рейтинг бойынша.

- сыныптамадан тыс жарысушылар: жеребе бойынша.

208-бап. Сыныптама

1. Жарыстан шығып қалған жарысушылар осы жарыста ұпай алмайтын НФ - финишке келмегендер (МЖ) ретінде іріктеледі.

2. Бір айналымға қуып жеткен жарысушылар айналымды аяқтауы және егер аталған ереже қолданыста болса, финиш алдында немесе 80% аймақта белгіленген тесік арқылы қашықтықтан шығып кетуі тиіс. Бұл жарысушылар мәрелік хаттамада олардың аяқталмаған айналымдарын көрсете отырып, оларды жарыстан алып тастады деп тіркеледі.

3. Кросс-кантри (ХСО) жарысында 80% ережесін қолдану туралы шешімді, ұйымдастырушымен талқылаған соң бас төреші қабылдайды. Көрсеткен уақыты бірінші айналымдағы көшбасшыдан, 80% -дан баяу кез келген жарысушы жарыстан шығарылады. Ол жарысушы соңғы айналымда болған жағдайдан басқа, осы

мақсатқа (80% аймағы) арнайы ойластырылған аймақтағы, айналымның соңында жарыстан шығуы тиіс. Бұл ереже Қазақстанның кросс-кантриден чемпионаты мен кубогында қолданылуы керек.

4. Осы Қағиданың 207-бабы 3-тармағына сәйкес жарыстан шығарылған жарысушылар мәрелік хаттамада, олардың аяқталмаған айналымдарын көрсете отырып, оларды жарыстан алып тастады деп сыныпталады.

32-тарау. КӨПКҮНДІК ЖАРЫСТАР

209-бап. Жалпы ережелер

1. Маунтинбайктен көпкүндік жарыс, кросс-кантри бойынша жарыс серияларынан тұрады. Жарысушылар келесі кезеңдегі стартқа жіберілу үшін, әр кезеңді жарыс регламентіне сәйкес аяқтауы тиіс.

2. Ұйымдастырушылар тіркеу барысында мақұлдау үшін, ҚВСФ-ге өздерінің жарыстағы нақты техникалық гидін (нұсқаулықты) ұсынуы керек. Мұндай мақұлдау жоқ болса, жарысқа қосылмайды.

3. Көпкүндік жарыстар кросс-кантри жарыстарына (ХСО) жатады.

4. Көпкүндік жарыстардың ұзақтығы кемінде 4 күнге және көп дегенде 9 күнге созылады.

5. Тек бір күнде бір кезең ұйымдастырылады.

6. Сонымен бірге, көпкүндік жарыстарды ұйымдастырушы ұзақ қашықтыққа бір кезеңді ұйымдастыруы мүмкін, ол осы Қағиданың 194- бабына сәйкес марафондық жарыстың ең аз қашықтығына сәйкес болуы тиіс.

7. Жарыстың кезеңдерін өткізу үшін шығып қалу жарысынан (ХСЕ) басқа, осы Қағиданың 194,195,196 және 199-баптарында көрсетілген кросс-кантри бойынша әртүрлі түрі таңдап алынуы мүмкін.

8. Жарыстың әрбір түрі (ХСО, ХСМ, ХСР, ХСС, ХСТ, уақытқа командалық жарыс) үшін техникалық басшылыққа сәйкес дистанция алынады.

9. Уақытқа командалық жарысқа келер болсақ, командаға екінші жарысушының уақыты алынады және бас сыныптаманың командалық есебіне есептеледі.

10. Кезең айналымда мәреге жетсе, мәрелік сызықтың айналымдарын аяқтау үшін уақыт алынады.

210-бап. Сыныптама

1. Уақыт бойынша жеке ерлер және әйелдердің бас сыныптамасы міндетті болып табылады. Рейтингтің ұпайларын тек қана бас сыныптама бойынша алады.

2. Жеке есептегі бас сыныптама әр кезеңді өткен уақыттың сомасы бойынша анықталады.

3. Егер екі немесе одан көп жарысушы жеке бас сыныптамада бірдей уақыт жинаса, онда уақытқа жеке жарыста (соның ішінде прологта) тәртіпті анықтау үшін, тіркелген секундтің үлесі жалпы уақытқа қайтадан қосылады. Егер нәтижелер әлі де тең болса, немесе уақытқа жеке жарыс болмаса, әрбір кезеңде жиналады, мүлдем болмағанда сыныптама соңғы кезеңмен анықталады.

4. Ұпай бойынша, бас сыныптама, таулы бас сыныптама сияқты ерлерге және әйелдерге арналған басқа бас сыныптамалар міндетті емес.

4. Уақыт бойынша бонустар мен айыппұлдар есептеледі. Бонустар тек қана уақыт бойынша бас сыныптамада көрсетіледі. Уақытқа жеке және командалық жарыстарда бонустар жоқ.

211-бап. Техникалық іс-шаралар

1.Үш күн ішінде өткізілетін көпкүндік жарыста, көлік құралдарын бір алмастырудан артық жасауға болмайды. Әрбір мұндай алмасулардың ұзақтығы үш сағаттан аспауы тиіс. Ұзақтығы кемінде бір сағат алмасулар есепке алынбайды.

2.Бейтарап секциялар кезеңнің 75%-да пайдаланылады.

3.Бейтарап секциялармен өтетін кезеңдердің ұзақтығы 35 км-ден аспауы тиіс.

Жарысушылар тобының алдында келе жатқан ілеспе машина, спортшылардың сөре сызығына дейінгі қозғалысының жылдамдығын бақылауы тиіс. Старт орнынан басталады. Старт ілеспе машина келгеннен кейін 30 минут ішінде берілуі тиіс.

4.Уақытқа жеке және командалық жарыстардан басқа, барлық кезеңдерде трассада екі мотоцикл (көшбастаушы және «сыпырғыш мотоцикл») жүруі тиіс.

5.Ұйымдастырушы ерлер және әйелдердің бас сыныптамасында көшбастаушыға айрықша форма (киім) беруі тиіс.

33-тарау. Спорттық пән МАУНТИНБАЙК - ЖЫЛДАМ ТҮСУ

212-бап. Жарысты ұйымдастыру

1.Жеке жарыстың форматы қолданылуы тиіс.Ол:

1) біліктілік жарысы болуы мүмкін, біліктілік раунд деп аталады, жарыстың нақты ережесі белгіленген финалға жіберілген жарысушылар санын анықтайды. Финалдың ең жылдам жарысушысы жеңімпаз атанады.

2) сапқа тұрғызу жарысы, онда дара жарыс үшін старт тәртібі анықталады, мұнда ең үздік уақыты бар жарысушы жеңімпаз атанады.

2.Әрбір ұйымдастырушы өзінің жарысы туралы техникалық гидке ақпаратты барынша нақтылауы тиіс.

3.Екі талпынысы (екі талпыныстан үздігі есепке алынады) бар жүйе ҚВСФ-мен келісілгеннен кейін ғана ерекше жағдайда қолданылады.

4.Нәтижесі екі талпыныс бойынша орташа уақыт ретінде анықталса, немесе екі талпыныстың нәтижелері қосылса, екі талпынысы бар жүйеге рұқсат етілмейді.

5.Уақыты белгіленген үздік уақыттан 100%-ға уақыты қалып қойған әрбір жарысушы, нәтижесі МЖ («мәреге жетпеді») деп белгіленеді және ұпайлар алмайды. Бұл ереже біліктілік жарысы мен финалдарға қатысты қолданылады. Басқа ерекше жағдайда, мәреге жету үшін рұқсат етілген уақыттың ең көп шегі жарыс барысында өзгертілуі мүмкін. Мұндай шешімді техникалық делегатпен кеңескен соң, бас төреші қабылдайды.

213-бап. Трасса

1.Жылдам түсу трассасы еңіс бойынша жасалады.

2.Трассада әртүрлі рельефтегі учаскелер болуы мүмкін: тар және кең бөліктер, орман жолдары мен соқпақтар, ашық далалық учаскелер және құзды учаскелер. Трасса жылдам да, сол сияқты техникалық жағынан қиын учаскелерден тұруы мүмкін. Трассаның рельефі жарысушылардың техникалық машықтары мен олардың физикалық даярлығын қамтамасыз етуі керек.

3.Трассаның ұзындығы мен жарыстың ұзақтығы былайша анықталады:

	Ең көбі
Трассаның ұзындығы	3500м
жарыстың ұзақтығы	5 минут

	ҚР Ұлттық чемпионаты, ҚРЧ		ҚР Кубогы және республикалық жарыстар		Басқа жарыстар
	Ең азы	Ең көбі	Ең азы	Ең көбі	
Жарыстың ұзақтығы	2 минут	5 минут	1 минут	5 минут	шектеусіз

4. Жылдам түсетін барлық қашықтық белгіленуі және биіктігі 1.5-2 м PVC-дан (слалом тіреулер) металл тіреулерді қолданумен қорғалуы тиіс. Өте жылдам және қауіпті секцияларда, жарысушының қозғалысына қашықтық шекарасы жабық сызықта, «Б» сызығы мына әр диаграммадағы сияқты орнатылуы керек:



5. Трассаны белгілеу үшін шөп маяларын пайдалануға тыйым салынады.

6. Старт аймағының ені 1-ден 2 метрге дейін болуы керек. Ыңғайлы таяныштар қойылуы керек, еденде сырғымайтын жабын болуы тиіс және старт аймағының төбесі болуы керек.

Мәселік аймақтың ені кемінде 6 метр болуы тиіс.

7. Мәселік аймақтың артында кемінде 35-50 метр көрермендерден қорғалған және толық қоршалған қосымша тежегіш аймақ болуы керек. Жарысушылар ең аз жылдамдықпен келуі тиіс. Бұл аймақта ешқандай кедергі болмауы керек.

214-бап. Киім және қорғаныс заттары

1. Лайкра матадан тігілген, денені толық тартып тұратын киімге тыйым салынады.

2. Тіркелген конструкциядағы толық жабық дулыға жарыс кезінде де, жаттығу кезінде де тиісінше пайдаланылуы керек. Дулығаның күнқағары болуы керек. Ашық дулығаға рұқсат етілмейді.

3. UCI мен ҚВСФ жарысушыларға мынадай қорғаныс заттарын қолдануды ұсынады:

- 1) арқаға, тізеге, шынтақ пен иыққа арналған, мықты материалдан тігілген қорғаныс заттары;
- 2) мойын-желке бөлігі мен мойын омыртқаны қорғауға;
- 3) тізе мен бөксені жұмсақ қорғау;
- 4) тізесі мен балтырын қорғау үшін мықты матадан, қосып тігілген ұзын кең рейтуздар; немесе мықты матадан тігілген шортилар және мықты матадан тігілген тізе мен балтырды қорғауға арналған қосымша қорғаныс;
- 5) ұзын жеңді веломайка;
- 6) ұзын саусақтары бар қолғап.

Түсініктемелер:

Жарысушылар ұлттық федерациялардың қолданатын қандай да бір ережелері туралы білуі тиіс. Қорғаныс дулығасынан басқа, қорғаныс заттарын пайдалану, сондай-ақ ұлттық заңнамамен жауапқа тартылуы мүмкін. Жарысушының бұл туралы да білгені жөн. Мұндай заңнаманы сақтау жарысушыға ерекше жауапкершілік

жүктейді. Нарықта ұсынылған және қорғаныс тетігі ретінде сатылатын кең ауқымдағы керек-жарақтар бар.

Олардың көбі сапалы өнімнен шағарылуы күтілетін, белгілі өнім берушілердікі болуы да мүмкін.

Дегенмен, дулығадан басқа, оларда жоғарыдағы бапта көрсетілгендей, қорғаныс киімі үшін қандай да бір ресми техникалық нормалары жоқ.

Сондықтан қазіргі уақытта қорғаныс тетігі түрінде сатылатын, элементтердің қандай дәрежеде екені белгісіз, тиімді қорғанысты қамтамасыз ететін концепциясы, сапасы және т.б. тексерілмеген және ресми техникалық стандартпен қолданылуы салыстырылмаған.

Белгілі бір апат кезінде немесе басқа апат түрі кезінде күтілетін, қорғанысты қамтамасыз ететін тетік бар ма, жоқ па, ол жағы да белгісіз.

Қорғаныстың әртүрлі түрлерін үйлестіру мүмкін емес. Мысалы, мойынды қорғау арқаны қорғаумен сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан жарысушылар қорғаныстың сапасы мен сипаттамасына назар аударуы керек, тәжірибелі жарысушылардан, жаттықтырушылардан, механиктерден кеңес алуы керек, кәсіби және сенімді өнім берушілерден қорғаныс заттарын сатып алу және өзінің жеке пайымдауына да сүйенуі керек.

Жарысушы қорғаныс заттары үшін және оны пайдаланғаны үшін осы қағиданың 33-бабына сәйкес жауап береді.

4. Біліктілік жарыстары мен финалда камералар ұстауға тыйым салынады.

5. Жарысушылар өзі және басқа үшінші тұлғалар үшін кез келген қауіпті болдырмау мақсатында, жаттығу кезінде камераларды тіркеудің қауіпсіздігі үшін жауап береді.

Түсініктемелер:

Сондай-ақ, осы қағиданың 33 және 38-баптың 13-19-тармақтарын қараңыз;

Камералар осы қағиданың 217-бабы 1-тармағында айтылған жағдайларда, жаттығу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

215-бап. Маршалдар

1. Маршалдар бір-бірін тура көре алатындай аралықта орналасуы тиіс. Олар бір-біріне ысқырықтың қысқа дыбысымен, жарысушының жақындағаны туралы хабарлайды.

2. Маршалдарда қауіпсіздік жүйесіне сәйкес пайдаланатын жалаушалары болуы керек.

3. Трассада реми жаттығуларды өткізу кезінде, маршалдарда сары түсті жалауша болады, оны басқа спортшыларға жылдамдықты азайту туралы ескерту беру үшін жарысушы құлаған кезде қолданады.

4. Жарыстың ұйымдастырушы мен үйлестірушісі арнайы тағайындайтын кейбір маршалдарда, қызыл түсті жалауша мен бас төрешінің, жарыс директорының, техникалық делегат пен медицина бригадасының таратқыштарының жиілігіне бапталған радиотаратқыш болуы керек. Қызыл түсті жалаушалары бар маршалдар трасса бойында бір-бірімен радио байланыс орнату үшін тұрады.

5. Қызыл жалаушалар жарыс кезінде де, жаттығу кезінде де пайдаланылады.

6. Егер елеулі оқиға орын алса, қызыл жалаушасы бар маршалдар радио арқылы бас төрешіні, жарыс директорын, техникалық делегат пен медицина бригадасын хабардар етуі керек.

7. Қызыл түсті жалаушалары бар маршалдар, жарысушының құлау себебін анықтап, бұл жайында хабарлайды.

8. Оқиғаның тікелей куәгері болып табылмайтын қызыл түсті жалаушалары бар маршалдар радиомен жағдайды байқап отырады және нұсқаулық бойынша әрекет етеді. Егер олар маршалдардың бірі қызыл жалаушаны сермегенін көрсе, олар да дереу дәл солай жасауы керек.

- 9.Қызыл жалаушамен берілген дабылды көрген жарысушылар дереу тоқтауы тиіс.
- 10.Тоқтағаннан кейін қашықтықты баяу аяқтайды және мәрелік төрешіге қайталама жарыс туралы өтініші айтады, содан кейінгі нұсқауды күтеді.

216-бап. Алғашқы көмек көрсету (ең аз талаптар)

1. Алғашқы көмек көрсету осы қағиданың 205-бабы 3-12-тармақтарына сәйкес ұйымдастырылады. Бұл ретте орта медицина қызметкерлерінің саны кемінде жетеу болуы керек.
2. Медицина қызметкерлеріне жарыс кезінде, мәрелік ортаға шығу үшін орын ұйымдастырылады. Ұйымдастырушы эвакуациялық және медициналық жоспарды ұсынады. Медициналық үйлестіруші техникалық делегатпен, ол жоқ болса, бас төрешімен бірінші жаттығуға дейін кездесуі қажет.

217-бап. Жаттығу

1. Мынадай жаттығу сессиялары ұйымдастырылуы керек:
- 1) бірінші жаттығу сессиясы алдында трассаны жаяу аралау ұйымдастырылады. Жылдам түсу трассасын жаяу аралаған кезде велосипедпен жүруге тыйым салынады;
 - 2) жарыс алдында бір күн бұрын жаттығу сессиясы;
 - 3) жарыс болатын күні таңертең қосымша сессия. Жарыс уақытында қандай да бір жаттығуға рұқсат жоқ.
2. Әр жарысушы трассадағы жаттығу кезінде кемінде екі рет шеттетілемін деген қауіппен түсуі керек. Старттағы төреші бұл ереженің орындалуын бақылауы тиіс.
3. Жарысушылар өздерінің жаттығу жарыстарын ресми старт қақпасынан жүзеге асыруы керек. Сөрелік сызықтан жаттығу түсуді бастаған, кез келген жарысушы жарыстан шығарылады.
4. Жарысушыларда біліктілік раундта да, сол сияқты финалда, жаттығу жарыстары кезінде рульде өзінің старт нөмірі болуы, сондай-ақ арқада нөмірі болуы керек.

218-бап. Көлік

1. Жарысты ұйымдастырушы 100 жарысушыны бір сағат ішінде сөре орнына жеткізуді қамтамасыз ететін транспорт құралдарының болуын қарастыруы керек.

34-тарау. СПОРТТЫҚ ПӘН - МАУНТИНБАЙК –БАЙКЕР-КРОСС 4 (бұдан әрі - 4X)

219-бап. Жарыстың сипаттамасы

1. Төрт қатысушының бір уақытта старт алып жарысуы дегеніміз - шығып қалу жарысы, онда 3 немесе 4 жарысушы (жарыста) бір және сол жылдам түсетін трассада сөреден шығады. Бұл жарыстың сипаттамасы қатысушылар арасында абайсызда байланыстың болу мүмкіндігін қарастырады. Егер бас төрешінің пікірі бойынша, шын және жарыс ережесін бұзбай жасалса, мұндай байланыстарға рұқсат етіледі.

220-бап. Жарысты ұйымдастыру

1. Іріктеу жарыстары финалдық жарыстар өтетін күні өткізілуі мүмкін.
2. Мүмкіндігінше, біліктілік жарыстары негізгі жарыстармен бірге бір күнде өткізілгені дұрыс.

3.Біліктілік жарыстары дегеніміз - уақытқа жарыстар, онда жарысқа әрбір қатысушының қашықтықты өту уақыты есепке алынады. Біліктілік жарыстарда нәтижелер тең болса, 4X-та соңғы жарияланған рейтинг бойынша орын анықталады. Егер спортшылардың рейтингтік ұпайлары болмаса, онда орын жеребемен анықталады.

4.Мәреге жетпеген, шеттетілген немесе біліктілік раундта стартқа шықпаған спортшылар, бас жарысқа қатыса алмайды.

5.Жарысушылар старттердің пәрмені бойынша сөрелік хаттамада анықталған кезек бойынша жарысқа шығады. Әйелдер ерлерден бұрын шығады.

6. Біліктілік жарыстары үшін қолданатын нөмірлер 33-тен бастап, кезектесу тәртібімен немесе 4X бойынша соңғы жарияланған жеке рейтингке сәйкес 65-тен басталуы мүмкін.

7.Негізгі ұтыстың алғашқы раундында іріктелетін жарысушылар саны 3 немесе 4 жарысушыдан, сызба бойынша жарыстар санымен анықталады.

8.Ең көп жарыс саны – 16 (64 жарысушы).

9.Егер біліктілікке кемінде 64 жарысушы қатысса, онда жарыс саны, әр жарысқа кемінде 3 жарысушыдан болса, 16, 8, 4 немесе 2 болады.

10.Жарыс тәртібі (ерлер әйелдердің жарыс жүйесіндегі теңдікке дейін бірінші болып жүреді. Финалдар: әйелдер кіші финал, содан кейін үлкен финал, сосын ерлер кіші финал, сосын үлкен финал).

Біліктілік раундына жарысушылар саны	іріктелген сызба
48+	64 жарысушы
24-27	32 жарысушы
12-23	16 жарысушы
6-11	8 жарысушы

11. Іріктеудегі жарысушылар саны алтаудан кем болмауы керек, басқаша болса 4X бойынша жарыс өткізілмейді.

12.Негізгі ұтысқа арналған старт нөмірлері біліктілікте (іріктеуде) көрсеткен нәтижелеріне сәйкес таратылады. Бірінші сөрелік нөмірді біліктілік раундында және т.б. үздік уақыт көрсеткен жарысушы алады.

13.Негізгі жарысқа қатысуға іріктелген жарысушылар тобы былайша құралады (төмендегі кестені қараңыз): біліктілікте бірінші және екінші орындарды алған жарысушылар тек қана финалда кездесетіндей етіп жасалады.

64,1,33,32	17,49,16,48	40,25,57,8	41,24,56,9	29,4,36,61	45,20,13,52
28,37,5,60	44,21,12,53	34,31,63,2	47,18,50,15	39,26,7,58	10,55,23,42
30,35,62,3	19,46,51,14	38,27,6,59	43,22,11,54		

32-1-17-16	25-8-24-9	29-4-20-13	28-5-21-12	31-2-18-15	26-7-23-10	30-3-19-14	27-6-22-11
------------	-----------	------------	------------	------------	------------	------------	------------

1-16-8-9	4-13-5-12	2-15-7-10	3-14-6-11
----------	-----------	-----------	-----------

1-5-4-8	2-7-3-6
---------	---------

5-6-7-8
1-2-3-4

Ерлер және әйелдер

14. Жарысушылардың әр тобы тек бір рет қана стартқа шығады. Үшінші және төртінші орын алғандар жарыстан шығып қалады. Бірінші және екінші жарысушы келесі кезеңге өтеді.

15. Финалдық жарыстан басқа, 5-тен 8-ші орынға дейін анықтау үшін жартылай финалдан шығып қалған жарысушылар үшін жарыс өткізілуі мүмкін. Финишке келмеген, шеттетілген және жартылай финалда стартқа шықпағандар кіші финалға қатыса алмайды.

16. Финалдық сыныптама мынадай тәртіпте, топқа бөлініп жасалады:

1) Үлкен финалда жарысқан барлық спортшылар мәреге келуі бойынша, шеттетілгендер басқа;

2) Кіші финалда жарысқан барлық спортшылар мәреге келуі бойынша, шеттетілгендер басқа;

3) Жартылай финалда финишке келмеген және стартқа шықпағандар;

4) Басқа жарысушылардың дәрежесі раундта, содан кейін жарыс тәртібіндегі дәрежесі, сосын олардың нөмірлері бойынша анықталады.

Жоғарыда көрсетілген әр топта ФК (мәреге жетпегендер) жарысушылар СШ (сөреге шықпағандар) алдында тұрады. ФК мен НС көп болса, іріктеу сызбасы жарысушылардың нөмірі бойынша жасалады.

17. Бірінші раундта финишке келмегендер және стартқа шықпағандар бас жарыста дәрежесіз есептеледі.

Шеттетілгендер бас жарыста дәрежесіз есептеледі.

Бас жарысқа іріктелмеген жарысушылар финалдық сыныптамаға кірмейді.

18. 4X (шығып қалу жарысы) жарысын қандай да бір себеппен болдырмау қажет болса, біліктілік раундындағы нәтиже финалдық болып есептеледі.

19. Әр жарыста жарысушылар өзінің нөмірі бойынша өзінің позициясын таңдайды. Ең аз нөмірі бар жарысушының бірінші болуға құқығы бар.

20. Жарысушылар стартты өз орындарында тұрып қабылдайды.

21. Кез келген жарысушының велосипедінің алдыңғы дөңгелегі стартердің дабылынан бұрын сөрелік сызықты басып кетсе, бұл жарысушы төмендетіледі (оның жарысқа шығу тәртібі өзекті мәреден басқаша болады).

22. Жарысушылар әр қақпаны рұқсатсыз өтуі тиіс, яғни велосипедтің екі дөңгелегі әр қақпаның ішкі траекториясы бойынша өтуі тиіс. Қақпадан өтудің дұрыстығын трассадағы төрешілер немесе егер бар болса, ТВ қадағалайды. Егер жарысушы қайта оралмаса және сол қақпаны дұрыс өтпесе, онда қақпадан дұрыс өтпеу төмендетуге алып келеді.

23. Егер барлық төрт қатысушы да трассада құлап қалса немесе мәрелік сызықты алдын ала жарыс кезінде кесіп өтпесе, қашықтықтың ең көп бөлігін өткен жарысушы жеңімпаз деп танылады.

221-бап. Трасса

1. Қалыпты түсу бойынша тұрақты еңіс жері бар трасса, ең жақсысы деп есептеледі. Трассада аяқ астынан алмасулар, төмпешіктер, шақпақтастар, үймелер, құламалар, табиғи жазық учаскелер және басқа да кедергілер болуы мүмкін. Трассада шақпақтасыз айналымдар да болуы мүмкін. Трассада жарысушының педальді басатын төбешіктер болмауы тиіс.

2. Трасса барлық төрт жарысушы бір қатарда жүретіндей және бір бірін қуып жететіндей, барынша кең болуы керек.

- 3.Трасса осы қағиданың 201-бабы 9-10-тармақтарына сәйкес (А аймағы және Б аймағы) толық белгіленуі керек. А аймағы трассадан 2 метрдей жерде, оның ені кемінде 2 метр болуы тиіс.
- 4.Қашықтықты өту уақыты 30-60 секунд аралығында, біліктілік жарысы жеңімпазының уақыты 45-60 секунд болуы керек.
- 5.Трассадағы алғашқы 5 метрде төрт жолақты қозғалысты (таспа, биобояу немесе ұнтақты пайдалану кезінде), белгілеу үшін тең сызықтар жүргізілуі керек. Белгіні кесетін немесе онымен келе жатқан кез келген жарысушы төмендетіледі. Егер жарысушы белгі сызығын қиып өтсе немесе ол қарсыластарынан кейін онымен жүріп келе жатса және оларға кедергі болмаса, төмендету ескертуге ауыстырылады.
- 6.Старт жолының ұзындығы кемінде 30 метр болуы керек. Алғашқы 30 метрдегі кедергілер трассаның бүкіл енін бірдей кесіп өтуі тиіс.
- 7.Трассадағы қақпалар металл емес сырықтан (слалом сырықтар), мүмкіндігінше, пластмассадан (PVC) болуы және биіктігі 1.5-2 метр болуы тиіс.
- 8.Қақпаларды өте төмен бөлігімен ішке қарай және аса биік жағын сыртқа қаратып қою қажет.
- 9.Соңғы қақпалар алысырақ, мәре сызығына дейін 10 метр қалғанда орналасуы тиіс.
- 10.Ұйымдастырушы бүкіл трассаны кедергісіз бақылау үшін төрешілерді орналастыруға арналған тұғырнаманы пайдалануды қарастыруы керек. Тұғырнама көрермендер бара алмайтын аймақта орналасуы тиіс.

222-бап. Көлік

- 1.Ұйымдастырушы қатысушыларды старт орнына тез жеткізу үшін көлік құралдарының болуын қарастырады. Бұл мақсатқа еніс немесе фуникулер бойына жүргізілген канат-отырғыш жолды пайдаланған дұрыс.

223-бап. Киім және қорғаныс заттары

- 1.Тіркелген конструкциядағы толық жабылмалы дулыға жарыс кезінде де, сол сияқты жаттығу кезінде де пайдаланылуы тиіс. Дулығаның күнқағары болуы керек. Ашық дулығаларды киюге болмайды.
- 2.ҰФ (ұлттық федерация) жарысушыларға осы қағиданың 207-бабында көрсетілген киімдер мен заттарды 4X жарыстары кезінде киюді қатаң ұсынады.

224-бап. Алғашқы көмек көрсету (ең аз талаптар)

- 1.Алғашқы көмек көрсету осы қағиданың 205-бабы 3-12-тармақтарына сәйкес ұйымдастырылады. Бұл ретте орта медицина қызметкерлерінің саны кемінде сегіз (8) болуы керек.
2. Медицина қызметкерлеріне жарыс кезінде, мәселік ортаға шығу үшін орын ұйымдастырылады. Ұйымдастырушы эвакуациялық және медициналық жоспарды ұсынады. Медициналық үйлестіруші техникалық делегатпен, ол жоқ болса, бас төрешімен бірінші жаттығуға дейін кездесуі қажет.

225-бап. Жаттығу-жарыс

- 1.Келесі жаттығу сессиялары ұйымдастырылуы тиіс:
 - 1) жарыс алдында бір күн бұрын жаттығу сессиясы;
 - 2) жарыс өтетін күні жаттығу сессиясы.
2. 4X жарыс түнде өткізілсе, жарысушылар үшін түнгі жаттығу сессиясы өткізілуі керек. Жарыс кезінде трассада ешқандай жаттығулар өткізілмейді.

3.Жарысушыларда жаттығу жарыстары кезінде, біліктілік раундта да, сол сияқты финалдағы сияқты рульде өзінің старт нөмірі болуы, сондай-ақ арқада нөмірі болуы керек.

226-бап. Карточкалық рәсім

1.Бас жарыстың кезінде мәредегі төрешілер түрлі-түсті карточкалар жүйесін пайдаланады. Оның шешімін бас төреші растауы керек.

Карточка	мағынасы	Код	Код
Сары	Ескерту Жарысушы артықшылық алмады. Бірақ оның әрекеті ережеге қайшы.	ЕС	1-ші рет айыппұлсыз
Көк	Төмендету (орын алмастыру) Мына баптарда көрсетілген: 4.4.011, 4.4.012 және 4.4.016	ТӨМ	Жарыстағы орны нақты мәредегіден өзгеше болады.
Қызыл	Шеттету (Дисквалификация) 4.2.012-бапта көрсетілген	ШЕТ	Алдағы жарыстарға қатыса алмайды, нәтиже жоқ.

- 1) Кез келген түстегі екінші карточканы алған жарысушы, сол жарыстан шеттетіледі;
- 2) Төреші бас төреші растаған соң карточканы көрсетуі тиіс және ТВ арқылы тікелей көрсетіліп, жарыс дикторы хабарлауы қажет.

5- тарау. «МАУНТИНБАЙК –ВЕЛОКРОСС» (бұдан әрі - велокросс)

227-бап. Велокросстан жарыстар

1.Жарыстар «маунтинбайк» пәніне /түріне қатысты осы қағиданың 2-бабы 4-тармағының ережелеріне сәйкес жас тобы бойынша ұйымдастырылады.

2.ҚВСФ-нің шешімі бойынша ерлер/ әйелдер 19-22 жастағы жарысушылар, егер біліктілік деңгейі жарыс туралы ережеде көрсетілген біліктілік деңгейіне сәйкес келсе, ерлер/ әйелдер элита жас тобындағы жарыстарға жіберіледі.

3.Жарыс бағдарламасы – техникалық нұсқаулық жазылуы тиіс және онда мынадай ақпараттар болуы қажет:

- 1) Жарысқа арналған арнайы ереже;
- 2) Жарыстың кестесі мен уақыты;
- 3) Жұлделер тізімі;
- 4) Айналым ұзындығы және бейіні, сөре мен мәре, тамақтану аймақтары мен кедергілерді көрсетіп, нақты карта-сызбаны сипаттау;
- 5) Хатшылықтың орналасқан жері, аккредитацияның, баспасөз орталығының орны және допингке қарсы бақылаудың орналасқан жері;
- 6) Тайминг және фотофиниште қолдану;
- 7) Полиция, қауіпсіздік қызметі және жедел жәрдем қызметі.

228-бап. Күнтізбе

1.Бірыңғай ұлттық күнтізбеде тіркелген, велокросстан республикалық жарыстар мына сыныптамаға сәйкес:

- 1) Қазақстан чемпионаты;
- 2) Қазақстан кубогы;

3) Республикалық жарыстар.

229-бап. Қорғалған даталар:

1.Қазақстан чемпионаты мен Қазақстан кубогы: Велокросстан бірде бір республикалық жарыс, Қазақстан чемпионаты мен Қазақстан кубогы өтетін күндері басқа жерде ұйымдастырылмауы керек.

230-бап. Техникалық делегат

1.ҚВСФ техникалық делегаттарды тағайындайды. Ұйымдастырушының жауапкершілігіне кедергі келтірмей, техникалық делегат жарыстың техникалық жағының дайындығын қадағалайды және байланысушы буын ретінде әрекет етеді.

2.Егер жарыс жаңа жерде өткізілсе, техникалық делегат алдын ала қарап, қажетті өлшеулер жүргізеді. Трассаны (бағдарды), аралықты тексереді, қосарлы тамақтану аймағы және қауіпсіздікті анықтайды. Ұйымдастырушымен кездеседі және ҚВСФ-ге ұсыну үшін инспекциялық баянат дайындайды.

3.Ол бірінші ресми жаттығуға дейін орнында болуы тиіс, ұйымдастырушы және бас төрешімен бірге жарыс өтетін орынды тексереді. Ол бұл жарысқа тезникалық дайындықты үйлестіреді және инспекция туралы есептегі ұсынымдардың орындалуын қамтамасыз етеді. Түпкілікті нұсқа мен кез келген өзгертулер, егер олар бар болса, техникалық делегаттың жауапкершілігінде болады. Егер техникалық делегат **5.1.006-бапқа** сәйкес тағайындалмаса, оның міндеті бас төрешіге жүктеледі.

4.Техникалық делегат команда өкілдерімен болатын кеңеске қатысады.

231-бап. Қауіпсіздік

1.Мәреге дейінгі кемінде 100 метр және мәреден кейінгі 50 метр аймақтар кедергілермен қорғалуы тиіс. Бұл аймақтар ұйымдастырушының қызметкерлеріне, жарысушыларға, дәрігерге, команда өкілдері мен аккредиттелген баспасөз өкілдеріне ғана қолжетімді болуы тиіс. Ұйымдастырушы бұл аймаққа кіруді қатаң бақылауы тиіс. Жарысушылар өтетін екі бағыттағы трассаға жақын бөлігі, қауіпсіздік торымен қоршалуы тиіс. Қоршалатын тордың тесігі 1 смx1 см-ден үлкен болмауы керек.

Көрермендер көп жиналатын жарыстар үшін трассаның техникалық бөлігінде көрермендер мен трассалар арасында төменде көрсетілгендей, қауіпсіздік аймағы болуы керек:



Бөлу аймағының ені кемінде 75 см болуы керек.

Трассада сыммен (тікенек немесе өзге) және металл тіреулермен (соның ішінде жарнамалық баннерлер үшін қолданылатын) қоршау сияқты қауіпті заттарды пайдалануға тыйым салынады. Трассадағы кедергілер жарысушыларға қауіп төндірмейтіндей етіп жасалуы керек.

Жарысқа 5 минут қалғанда, трассада сол жарыстың жарысушыларынан басқа ешкім болмауы тиіс.

Ұйымдастырушы трассада көрермендер үшін өтетін 4 орын ұсынады. Әрбір кесіп өтетін жерде 2 біржақты өту жолы болады. Өткелде бір жағынан маршалдар тұруы тиіс.

Жарысты ұйымдастырушы жарыс кезінде және ресми жаттығуда жарысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті маршалдарды қоюы керек.

232-бап. Алғашқы көмек

1. Барлық жарыстарда бір жедел жәрдем машинасы мен бір негізгі алғашқы медициналық көмек көрсету қосыны болуы керек. Елдің заңнамасына сәйкес, әр жарыста бір (1) дәрігер және кемінде төрт (4) алғашқы медициналық көмек көрсете алатын білікті қызметкер болуы қажет.

2. Барлық ресми жаттығуда, сондай-ақ, егер олар жарыс күндері жоспарланса, негізгі медициналық қызметкерлердің болуы міндетті.

233-бап. Үрлемелі аркалар

1. Трассаны кесіп өтетін үрлемелі аркаларды пайдалануға тыйым салынады.

234-бап. Ғимараттар

1. Мәредегі төрешілерге арналған баспалдақ жабық және трассаның сол жағында, мәрелік сызыққа қарама-қарсы болуы міндетті. Ұйымдастырушы төрешілер алқасын аз дегенде, төрт радиостанциямен қамтамасыз етуі керек. Бұл радиостанцияларда бір арна тек қана төрешілерге, екіншісі ұйымдастырушымен байланысатындай болуы керек.

2. Ұйымдастырушы жарысушыларды жылытылатын, ыстық және суық суы бар жуынатын

және құрал-жабдықтарды тазалауға арналған сумен жабдықталған бөлмежаймен қамтамасыз етуі керек. Бұлар мәреден 2 км алыс жерде болмауы тиіс.

235-бап. Трасса

1. Велокростың трассасы бір-бірімен кезектесіп отыратын, жарыстың қарқынын өзгертіп, жарысушыға ауыр учаскелерден кейін қалпына келуге мүмкіндік беретін, тас жолдарды, топырақ, орманды және далалық сүрлеулерді қамтиды.

2. Велокростың трассасын, егер бұл Қазақстан чемпионаты, Қазақстан кубогы, республикалық жарыс болатын болса, бас төреші трассаға жауапты ұйымдастырушының өкілімен, жарысқа бір күн қалғанда барып көреді. Велокростан басқа жарыстар үшін бірінші жарысқа дейін 2 сағат бұрын, бірақ одан кешіктірмей барып қарау керек.

3. Трасса ауа-райы қандай болса да, барлық жағдайда пайдаланылуы керек. Батпақ немесе

тез су басатын аудандар мен ауыл шаруашылығы үшін пайдаланылатын жерлерден аулақ болған жөн.

4. Егер трасса республикалық күнтізбедегі жарыстарға ғана пайдаланылмаса, ұйымдастырушы трассаны республикалық күнтізбедегі жарыстарға жақсы күйінде сақтаудың барлық амалдарын қарастыруы керек.

5. Ұйымдастырушы көрермендердің трассаны бүлдіруіне жол бермеуі керек. Әр жарыс басталмас бұрын, ұйымдастырушы трассаның жағдайын тексереді және қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Қазақстан чемпионаты үшін жеңіл бұзылатын, қосарлы курсы бар трассаның учаскелері талап етіледі. 65.1.016

6.Трасса ең аз ұзындығы 2,5 км, ең көбі 3,5 км болатын жабық контурдан құралуы тиіс, оның кемінде 90%-ы жүріп өту үшін жарамды болуы керек.

7.Трассаның ені барлық жерде кемінде 3 метр болуы керек және анық белгіленген және екі жағынан қоршалған болуы керек.

236-бап. Бұрылу (180 градусқа)

1.Трассадағы бұрылулар белгіленген және жарысушылар бағандардан немесе бұрылудың ортасындағы кедергіден ұстамас үшін, қоршалған болуы керек.

237-бап. Шақыру аймағы

1.Стартқа шығатын жарысушыларға арналған алаң (шақыру аймағы) ұсынылады және сөрелік сызық үшін кедергілермен қоршалады.

2. Жарысушыларды старт тәртібіне үйрету мақсатында, сөре сызығына тік бұрыш жерде белгіленген ені 75 және ұзындығы 10 м сегіз жолақ болуы тиіс.

238-бап. Сөрелік (старт) секция

1.Сөрелік (старт) секция қатты жерде, асфальт жолда болғаны дұрыс. Оның ұзындығы кемінде 150 метр, ені кемінде 6 метр болады. Ол барынша түзу және ылдисыз болғаны жөн. Старттардан кейінгі алғашқы жолдың тарылуы немесе кедергі қатты болмауы керек, ол барлық жарысушылар жеңіл өтетіндей болғаны жөн. Бірінші бұрылыстың бұрышы 90 градустан асуы тиіс. Бұрылуға рұқсат етілмейді.

2.Егер сөрелік секция мәселік секцияны пайдаланады немесе егер кедергілер старт секциясында қолданылса, онда кедергілер үздіксіз болуы және бір-біріне бекітілуі керек. Саңылауларға (кедергілер арасындағы бөліктерге) тыйым салынады.

3.Көрсеткіштер мен ресми тұлғалар өтетін қақпа жүйесі орнатылуы мүмкін, бірақ мәселік сызықтан кейін. Старт секциясы үшін жеңіл кедергілерді (мысалы, пластиктен жасалған) пайдалануға тыйым салынады. Кедергілер қатты желден немесе көрсеткіштер мен басқа күштің әсерінен ұшып кетпейтіндей, ауыр болуы керек.

239-бап. Мәселік секция

1.Мәселік секция түзу, ең аз дегенде 100 метрдей болуы керек.

2. Оның ені кемінде 4 метр болуы тиіс. Секция жазық немесе көтерілетін жерде болады. Мәселік баннер, мәреде жердің үстінде кемінде 2,5 метр орналасуы тиіс және мәселік сызықтың бүкіл енін алып жатады.

240-бап. Кедергілер

1. Сөрелік және мәселік секциялар кедергілерден бос болуы керек.

2.Трассада алтыдан аспайтын, жасанды кедергілер болады. Кедергілер жарысушылар асығатын (бірақ міндетті емес) трассаның кез келген бөлігінде орналасуы тиіс.

3.Осы қағиданың 240-бабы 6-8-тармақтарында көрсетілгендей, тақтайдан жасалған кедергілер сол кедергінің бірі ретінде қарастырылады.

4.Кедергінің ұзындығы 80 метрден, ал биіктігі 40 см-ден аспауы керек. Кедергілерден жалпы ұзындығы трассаның 10%-нан аспауы тиіс.

5.Құмы бар табиғи емес секциялар кемінде 40 метр, ұзындығы 80 метрден аспайтын және ені кемінде 6 метр болуы тиіс. «Құмды жер» түзу учаскеде және бір деңгейде болуы керек. Ылдида баспалдақтарды қолдануға болмайды.

6.Трасса тақтайлары бар бір секцияны қамтиды. Бұл кедергі бір-бірінен кемі 4 м және 6 метрден аспайтын екі тақтай, бір түзулікте жатады. Тақтайлар ұзына бойы шеті өткір емес, болмаса металдан жасалмаған қатты болуы тиіс. Олардың биіктігі 40 см болады және ені бүкіл бойында орналасады.

7. Егер трасса сырғанайтындай болса, егер қатысып отырса, ұйымдастырушы және техникалық делегатпен келіскен соң, бас төрешінің шешімімен тақтай секция алып тасталады.

8.Жоғарыда келтірілген тақтайдың кез келген біреуі, жағдайға қарай, бір немесе екі бөренемен алмастырылуы мүмкін. Егер бөрене қолданылса, оның қалыңдығы кемінде 40 см болуы тиіс. Болмаған жағдайда, тақтайлардың ерекшеліктеріне қатысты барлық ережелер, бөренелерге де қолданылуы керек.

9.Трасса ені 3 метр және екі жағынан қорғаныс кедергілері бар, ұзына бойына көпірде немесе жаяу жүргіншелердің көпірлерде өтуі мүмкін. Көпір немесе жаяу жүргіншілердің көпірлері тайғанамайтын жабынмен (маттар, торлар немесе тайғанамайтын бояумен) жабылуы тиіс. Сонымен бірге, көрермендерге арналған бөлек жаяу көпір болуы керек.

241-бап. Пит аймағы

1.Пит аймағы жарысушылардың велосипедтерін, дөңгелектерін ауыстыруы мүмкін, трассаның бөлшегі болып табылады.

2.Пит аймағы түзу болуы және онда ешқандай кедергі болмауы тиіс. Олар топырақ секциялары мен ылдидан басқа, жылдамдығы аз трассаның учасклерінде орналасады.

3.Қазақстан чемпионаты үшін қосарлы пит аймағы ұйымдастырылады. Егер трассаны қосарлы пит аймағымен дайындау мүмкін болмаса, екі бөлек пит аймағы ұйымдастырылады.

4.Қосарлы пит аймағы бір-біріне жақын орналасқан трассаның екі бөлігіне қойылуы мүмкін. Пит аймақтар арасындағы аралық тең болуы тиіс.

5.Қазақстан чемпионаты үшін қосарлы пит аймағының орналасуын техникалық делегат белгілейді.

6. Осы қағиданың 241-бабы 3-тармағында көрсетілген жарыстан басқа, ұйымдастырушы қосарлы пит аймағын және трасса бойында тиісті аралықта орналасқан екі бөлек аймақты да қарастыруы керек.

7. Пит аймағының өне бойына жарысу жолағы мен пит аймағы кедергілер және маркер таспа арқылы бөлінуі тиіс. Пит аймағы арнайы белгімен белгіленіп, басында және қозғалыстың екі жолағының арасын бөлудің соңында сары жалаушамен көрсетіледі.

8.Пит аймағының бір жағында кемінде 2 метр жерде механиктер мен олардың құрал-жабдықтарына арналған орын болады.

9.Қосарлы пит аймағында құрал-жабдықтарды жууға арналған сумен жабдықтау орны болады. Бөлек тамақтану аймағында сумен жабдықтау жақын жерде болуы тиіс, механиктер оған бару үшін трассдан өтпеуі тиіс. Суға арналған резервуар немесе жоғары қысымдағы тазалау аппаратурасына арналған қосылу, еркін қол жететіндей болуы керек.

242-бап. Бокстар

1.Қазақстан чемпионатында пит аймағы ұзына бойына кемінде 50 метрде болуы тиіс.

2.Пит аймағының ұзына бойына ені 5 метрлік кедергілермен белгіленген 15 бокс жасалады.

3. Республикалық жарыстар үшін пит аймағы ұзындығы кемінде 40 метр болуы тиіс және онда кемінде 12 бокспен қамтамасыз етіледі.
4. Жарысушының тек қана аккредиттелген екі көмекшісі осы жарысушының аймағына өте алады.

243-бап. Бокстарды бөлу

1. Қазақстан чемпионаттарында пит бокстары команда өкілдерімен кездесуде бөлінеді, атап айтқанда:
 - 1) ағымдағы маусымға ҚВСФ –нің соңғы жарияланған сыныптамасының негізінде әрбір санаттағылар үшін бөлек, тиісті санатқа (немесе алдыңғы маусымдағы түпкілікті сыныптамаға, егер сыныптама ағымдағы жылы жарияланбаса);
 - 2) тиісті сыныптамада жоқ командалардың бокстарын бөлу жеребемен анықталады;
 - 3) топ жетекшілері өз бокстарын белгілі тәртіппен таңдауы тиіс.

244-бап. Құрал-жабдықтарды ауыстыру

1. Жарысушы өзінің велосипедін, дөңгелегін (дөңгелектерін) ауыстыруы мүмкін және пит аймақта басқа да механикалық көмекті алады.
2. Егер жарысушы пит аймаққа кез келген басқа себеппен кірсе, төрешілер шешім қабылдайды және шешім түпкілікті болып саналады.
3. Құрал-жабдықтарды ауыстыру пит аймақтың шегінде және сол нүктеде жүзеге асырылады.
4. Пит аймаққа соңынан келген жарысушы, велосипедін немесе дөңгелектерін ауыстыру үшін келесі пит аймаққа дейін баруы керек. Жарысу жолағындағы жарысушы, пит аймаққа өзінің жарысу жолағында болған кезде кіре алады және басқа жарысушыларға кедергі жасамай, оның басында басқа қатарға кіреді.
5. Жарысушылар арасында велосипедін, дөңгелегін (дөңгелектерін) ауыстыруға тыйым салынады.

245-бап. Қызмет көрсетуші персонал

1. Әрбір жарысушыға медициналық көмекші және екі механик ілесе алады.
2. Медициналық көмекші және механиктерді ұйымдастырушы тегін аккредитациямен қамтамасыз етуі керек, ол олардың лауазымына қарай бөлінген орындарға кіруіне рұқсат береді.
3. Аккредитация трассадан тыс, көрсетілген орынға қатаң түрде бөлінеді.
4. Жарысушыларға, пара-медициналық ассистенттерге және екі механикке арналған аккредитацияны төрешілер тек қана әрбір пара-медициналық ассистентті және екі механиктің қатысушы паспорттарын тексерген соң береді.

246-бап. Жарыс ресімі

1. Жарысушылар осы қағиданың 237-бабында көрсетілген шақыру аймағында стартқа 10 минут қалғанда жиналады. Олар стартты бір аяғын жерге қойып стартты күтуі тиіс, олай болмаса, өздерінің сөре сызығындағы соңғы орынға ауыстыру арқылы айып салынады.
2. Бас төрешінің ысқырығымен, дыбыс немесе жарық жүйесімен бас төреші старт береді.
Дыбыс немесе жарық жүйесін пайдаланған жағдайда, бастөрешінің өзі старт беруі тиіс, ешқандай техникалық аралық әрекеттерге жол берілмейді.

3.Старт алдындағы соңғы секундтарда қатты дыбыс немесе қатты жарық болмауы тиіс. Мысалға:

1) дыбыс жүйесінде дыбыс тыныштықтан старт дыбысына өтеді, гуіл немесе старт бірнеше секундтан соң беріледі деген басқа дыбыс жоқ;

3) жарық жүйесі жағдайында, жарық қызыл түстен жасылға немесе қосылғаннан ажыратылғанға ауысады, бірақ бірнеше секундтан соң старт болады дегенді көрсететін қандай да бір үдеріссіз.

4.Старт тәртібі былайша анықталады:

А) Қазақстан чемпионаты, Қазақстан кубогы:

Ерлер және әйелдер

1) ҚВСФ-нің ағымдағы жылғы жекелей есептегі (немесе алдыңғы маусымның түпкілікті сыныптамасымен, егер сыныптама осы маусымға әлі жарияланбаса) велокросстан жарияланған соңғы сыныптамасына сәйкес;

2) Сыныпталмаған жарысушылар: командаларымен ротацияда <*>.

<*> сыныпталмаған жарысушылар үшін командадағы тәртіпті команда өкілі, жарысушыларды растаған кезде растайды.

Б) Басқа жарыстар:

1) ҚВСФ-нің ағымдағы жылғы жекелей есептегі (немесе алдыңғы маусымның түпкілікті сыныптамасымен, егер сыныптама осы маусымға әлі жарияланбаса) велокросстан жарияланған соңғы сыныптамасына сәйкес;

2) Сыныпталмаған жарысушылар: жеребе тарту арқылы.

5. Командалар арасындағы старт тәртібі жеребемен анықталады.

Командалар (жоғарыда көрсетілгендей) команданың бірінші жарысушысы, сосын команданың екінші жарысушысы және т.б. болып басталып, кезек бойынша алынады.

247-бап. Жарысу нөмірлерін бөлу

1.Қазақстан чемпионаты мен кубоктарына арналған нөмірлер былайша бөлінеді:

1)Жарысу нөмірлері 1-ден бастап, одан әрі Қазақстан чемпионы деген кезекпен;

2) Санатына қарай, №1 тек қана Қазақстан чемпионына тиесілі болады;

3) Жарыстың басқа нөмірлері төрешілер алқасының жеребесі бойынша командаларға беріледі.

248-бап. Фальстарт

1.Фальстарт жасаған жарысушыларға, өздерінің сөре тәртібіндегі соңғы орынға ауыстыру арқылы айып салынады.

2.Фальстарт болған жағдайда, жаңа шақырту ресімі мен стартқа тұру өткізіледі.

249-бап. Жарыстың ұзақтығы

1.Жарыстың ұзақтығы мыналарға жақын болуы керек:

1) 17-18 жасар юниор қыздар үшін 40 минут;

2) 19-22 жасар андер әйелдер үшін 45 минут;

3) 17-18 жасар юниорлар үшін 40 минут;

4) 19-22 жасар андер ерлер үшін 50 минут;

5) элита әйелдер үшін 50 минут;

6) элита ерлер үшін 60 минут.

2.17 жастан кіші жарысушылар үшін жарыстың ұзақтығын ҚВСФ-нің басшы органы белгілейді.

3. Бір күнге жоспарланған барлық жарыстар үшін мынадай тәртіп болуы тиіс:

- 1) юниорлар (17-18 жас);
- 2) юниор қыздар (17-18 жас);
- 3) андер ерлер (19-22 жас), егер қажет болса;
- 4) элита әйелдер;
- 5) элита ерлер.

4. Элита әйелдер және элита ерлер үшін жарыстар жеке жарыс ретінде ұйымдастырылуы керек. Бұған басқа ешқандай санаттар қосылмайды және элита әйелдер және элита ерлер үшін басқа жарыстар немесе санаттар үшін кейінге қалдырылған қандай да бір стартқа **рұқсат етуге болмайды** деген сөз.

250-бап. Соңғы айналым

1. Жарыстағы соңғы айналым қоңыраумен хабарланады.

251-бап. Сыныптама

1. Жеңімпаздан кейін мәре сызығын кесіп өтетін барлық жарысушылар жарысты аяқтауы тиіс және сондағы жағдайларының негізінде сыныпталатын болады.
2. Қашықтықтан шығып қалған жарысушы трассадан бірден кетуі тиіс және мәрелік сызықты кесіп өтуге құқығы жоқ. Ол нәтижелерде (МЖ (мәреге жетпеді) деп көрсетіледі және бұл жарыс үшін ұпай алмайды.
3. Айналымдағы жарысушылар оларды қуып жеткен айналым ішінде жарыстан шығуы тиіс және мәрелік түзулік алдында орналасқан шығыс арқылы трассадан немесе егер бұл ереже қолданылатын болса, 5.1.050-бапта көрсетілгендей «80%» деген аймақтан шығады. Олар жарыстан шыққан тәртіпте және аяқтаған айналым санын қосып, нәтижелерде көрсетіледі.
4. «80%» деген ережені қолдауға қатысты шешімді ұйымдастырушымен талқылаған соң бас төреші қабылдайды. Кез келген жарысушы бірінші айналымда көшбастаушының уақытынан 80% баяу болса, ол жарыстан шығады. Ол жарысушы соңғы айналымда болғаннан басқа, бұл мақсат үшін көзделген («80%» аймақ) аймақта өз айналымының соңында жарыстан шығып кетуі тиіс. Қазақстан чемпионаты мен кубогында «80%» деген ереже қолданылмайды.

252-бап. Ресми салтанат

1. Ресми салтанат бірінші жарысушы мәреден өткеннен кейін 15 минуттан соң, одан кешіктірілмей ұйымдастырылуы керек.
2. Ресми салтанатқа қатысатындарға қосымша киім киюге рұқсат етіледі.

253-бап. Нәтижелер

1. Бас төреші электронды поштамен толық нәтижелерді ҚВСФ-ге дереу жолдауы тиіс.
2. Өңірлік федерация ҚВСФ –ны ұйымдастырушының хабарлаған кез келген нәтижедегі өзгерістер туралы жедел хабардар етеді.

254-бап. Жою

1. Ауа-райы қолайсыз болғанда (мысалы, қатты жел, қардың қалың түсуі, -15 градустан төмен температура) бас төреші техникалық делегатпен, ұйымдастырушымен де, қажет болса, іс-шараны өткізбеуге шешім қабылдауы мүмкін.

255-бап. Жарыстағы байланыс

1. Жарысушылармен радиобайланыстарды немесе қашықтықтан байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

V БӨЛІМ. СПОРТТЫҚ ПӘН –БМХ

36-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

256-бап. Санаттар және қатысу

1. БМХ бойынша жарыстарға қатысу үшін тіркелген жарысушылар олардың жасы, жынысы, велосипедтің моделі және жарыс деңгейіне сәйкес сыныпталады. Кейбір санаттар үшін сол қағидада көрсетілген түрлі жарыс ерекшеліктері белгіленеді.

2. Жарысқа қатысу үшін спортшылардың санаты жарысушылардың жасымен анықталады, ол жарыс өтетін жыл мен жарысушының туған жылы арасындағы алшақтықпен анықталады.

3. Жарысқа қатысушылардың жас топтары:

Ресми жарыстарға қатысатын спортшылар келесі жас тобына бөлінеді:

- 1) ерлер және әйелдер элита;
- 2) ерлер және әйелдер андерлер 19-22 жас;
- 3) юниорлар мен юниор қыздар 17-18 жас;
- 4) жасөспірімдер мен қыздар 15-16 жас;
- 5) жасөспірімдер мен қыздар 13-14 жас;
- 6) ұлдар мен қыздар 11-12 жас;
- 7) ұлдар мен қыздар 10 жас;
- 8) ұлдар мен қыздар 9 жас;
- 9) ұлдар мен қыздар 8 жас;
- 10) ұлдар мен қыздар 7 жас;
- 11) ұлдар мен қыздар 6 жас.

4. Ерлер андерлер (19-22 жас) және әйелдер андерлер (19-22 жас), егер олардың спорттық сыныптамадағы деңгейі жарыс туралы ережеде көрсетілген сыныптама деңгейіне сай келсе, онда ерлер және әйелдер элита жас тобындағы жарыстарға жіберіледі.

257-бап. Велосипедтің тұрпаты

1. БМХ-тен жарыстар кезінде велосипедтің екі тұрпаты пайдаланылады, олар осы қағиданың 303-бабында көрсетілгендей, дөңгелектерінің өлшемдеріне қарай сараланады:

а. «СТАНДАРТ» велосипедтер – 20 дюйм;

б. «КРУЗЕР» велосипедтер – 24 дюйм.

2. БМХ-тен жарыстар кезінде дөңгелектері 24 дюйм «КРУЗЕР» велосипедтерімен тек республикалық санаттағы жарыстар өткізіледі.

3. Спорттық жарыстар арнайы спорт объектілерінде өткізіледі.

258-бап. Жарыс ерекшеліктері

1. 20 дюйм стандартты велосипедтер үшін келесі жарыс ерекшеліктері белгіленеді:

- 1) БМХ – уақытқа жарыс;
- 2) БМХ – жарыс- «Классик» «немесе «Классик» -аралас);

- 3) БМХ – эстафета;
- 4) БМХ – уақытқа жарыс, командалық.

259-бап. Санат комбинацияларының ережесі

1. Санат қалыптасу үшін бес жарысушы тіркелуі және жарысушылар расталғаннан кейін сол санатқа мақұлдануы керек.
2. Егер жарысушылар расталғаннан кейін, кемінде бес жарысушы сол санатқа өтінім берсе, олар келесі аға санатқа біріктірілуі мүмкін. Дегенмен, 24 дюймдік велосипедтер үшін крузер санатындағы ең үлкен жас – 34 жастан асса, ол келесі кіші санаттағылармен біріктірілуі мүмкін.
3. Стандартты 20 дюймдік велосипедтер санаты, 24 дюймдік крузер велосипедтеріне арналған және керісінше санаттармен біріге алмайды.
4. Егер қажетті бес (5) жарысушы тіркелді және жарысушыларды растау кезінде мақұлданса, егер стартқа жарақат немесе аурулы себебіне қарамастан, аз жарысушы шығатын болса, бұл санаттағы жарыс өткізіледі.

260-бап. Санат комбинациялары және нәтижелер

1. Екі немесе одан көп санаттар біріктірілген барлық жағдайда, біріктірілген санаттардың нәтижелері аралас санаттағы нәтижелердің негізінде бастапқы жеке санаттар бойынша қайтадан бөлінуі тиіс.
 2. ҚВСФ БМХ-тан рейтингтегі ұпайларды тек қана бөлінген нәтижелер негізінде есептейді.
 3. Сондай-ақ, жүлделер де жарысушыларға олардың бөлінген нәтижелеріндегі орындардың негізінде беріледі.
- Мысалы, жарыс - әйелдер мен юниор қыздар біріктірілген санат:

Жарыстағы нәтиже	Спортшының санаты	БМХ-тан ҚВСФ-гі юниор қыздың ұпайлары	БМХ-тан ҚВСФ-гі әйел элитаның ұпайлары
1	Юниор қыздар	30 (юниор қыздар арасында 1 орын)	
2	әйелдер элита		50 (әйелдер элита арасында 1 орын)
3	Юниор қыздар	20 (юниор қыздар арасында 2 орын)	
4	әйелдер элита		45 (әйелдер элита арасында 2 орын)

4. Осы Қағиданың 259 және 260 бабының 1-3-тармақтарында көрсетілген санаттар комбинациясының ережесінен басқа, жарысушылардың ешқайсысына өз жас және жыныс тобынан тыс, ҚВСФ –нің жарыстарына қатысуға рұқсат етілмейді.

261-бап. Жарыс ерекшеліктері

1. БМХ уақытқа жарыс екі кезеңнен тұрады:
 - а) біліктілік
 - б) Суперфинал.

2.Бөлек стартпен уақытқа БМХ жарысының кез келген кезеңінде жарысқа шықпаған әрбір жарысушы шеттетілді (ДСКВ) деп хабарланады және әрі қарай БМХ-тің топтық жарысына қатыспайды. Бөлек стартпен уақытқа суперфинал жарыста осындай шеттету болса, шеттетілген жарысушының орны, бөлек стартпен уақытқа БМХ жарысының финалдық сыныптамасындағы келесі жарысушыға беріледі, осылайша бұл сыныптамадағы барлық орындар бөлінеді.

3. Уақытқа БМХ жарысының сыныптамасы өтінім берілген әр жарысушы үшін бір жарыстан тұрады.

4.БМХ уақытқа суперфинал жарыс 12 және одан көп жарысушы өтінім берген барлық санаттар үшін өткізіледі. 12 жарысушыдан кем өтінім берілген санатта, суперфинал өткізілмейді. Егер суперфинал өткізілсе, ол бөлек стартпен уақытқа БМХ жарысының соңғы кезеңі болып саналады.

5.Бөлек стартпен уақытқа БМХ жарысының суперфиналы, осы суперфиналға өткен әр жарысушы үшін бір жарыстан тұрады.

6.Әр санатта тіркелген және расталған жарысушылар санын мына біліктіліктен суперфиналға өткен жарысушылар саны анықтайды:

1) 24 және одан көп жарысушы өтінім берсе, оның 16-сы біліктіліктен суперфиналға өтеді;

2) 16-13 жарысушы өтінім берсе, оның 8-і біліктіліктен суперфиналға өтеді;

3) 12-15 жарысушы өтінім берсе, оның 6-ы біліктіліктен суперфиналға өтеді.

262-бап. Финалдық сыныптама

1.Уақытқа БМХ жарысы аяқталғаннан кейін финалдық сыныптама жасалады, онда әр жас тобы үшін финалдық нәтижелер анықталады және қажет болса рейтингтік ұпайларды беру үшін пайдаланылады.

2. Егер қандай да бір жас тобында, уақытқа БМХ жарыстың суперфиналы өткізілмесе, онда финалдық сыныптама біліктілік нәтижелері бойынша анықталады.

3. Егер уақытқа БМХ жарысы өткізілсе, онда уақытқа БМХ жарысының финалдық сыныптамасы БМХ жарыстан осы Қағиданың 268 - бабының 10-тармағында жазылған мото немесе финалдық кезеңнің жарыстарын қалыптастыру үшін пайдаланылады.

37-тарау. БМХ ЖАРЫС

263-бап. Жарыстар

1.БМХ жарыстың барлық кезеңдері сегіз немесе одан аз жарысушылардың жарысынан тұрады.

2.Әр санатқа өтінім берілген жарысушылар расталғаннан кейін, 1-қосымшада баяндалғандай, жарысушылар ең көп саны 8 жарысушыдан жарыстар санын анықтау үшін қойылады. Егер осы Қағиданың 262- бабында жазылғандай, екі немесе одан көп санат біріктірілсе, мото жарыс осы біріктірілген санаттағы жарысушылардан құралады.

3.БМХ жарыс осы Қағиданың 263 - бабының 5-тармағында, 264-267 баптары мен 268-баптың 1-8-тармақтарында жазылғандай, үш кезеңнен, сол сияқты осы Қағиданың 268 - бабының 10-11-тармағында және 269-бапта жазылғандай екі кезеңнен тұрады.

4.Жарысты өткізу форматы арнайы регламентпен белгіленеді.

5.БМХ жарыс үш кезеңнен тұрады:

а) Мото

б) біліктілік

в) финал.

264-бап. Мото кезеңі

1. Барлық санатта Мото кезеңі үш раундтан тұрады. Әр раундта жарысушылар әр санат үшін анықталған жарыстар санын бір рет қана өтеді.
2. Бұл үш раунд аяқталған соң әр санаттағы жалпы үздік нәтижесі бар жарысушылар, жарысушыларды растағаннан кейін осы санатқа өтінім берген тіркелген және расталған жарысушылар санына қарай, біліктілікке немесе финалға өтеді.
3. Жарысушыларды растағаннан кейін кемінде сегіз жарысушы тіркелген және мақұлданған барлық санатта Мото фазасының үш кезеңі аяқталғаннан кейінгі ұпай санының жиынтығы финалдық нәтижені анықтайды. Бұл жағдайда финал өтпейді.

265-бап. Біліктілік кезеңі (фазасы)

1. BMX жарыстағы біліктілік кезеңі – бұл шығып қалу фазасы. Ол жарысушыларды растағаннан кейін, 17 және одан көп жарысушы тіркелген және расталған санатта өткізіледі.
2. Біліктілік кезеңі бірнеше раундтан тұрады, олар бір-бірімен финалдан қашықтық дәрежесімен ерекшеленеді және қатысушылар санына қарай 1/32, 1/16, 1/8, 1/4 және 1/2 финалды қамтиды. Әрбір осындай раунд шеңберінде жарысушылар осы санатқа белгіленген жарыс санын бір реттен өтеді.
3. Біліктілік кезеңінің әр раунды аяқталған соң, әр жарыстың үздік 4 жарысушысы біліктілік фазасының келесі кезеңіне өтеді және осы раундтағы жарыстар бойынша қойылады.
4. 1/2 финалдағы үздік 4 жарысушы UCI-дің регламентінің 1-қосымшасында жазылғандай, финалға өтеді.

266-бап. Финал

1. Финал – бұл BMX жарыстың соңғы кезеңі. Финалда бір жарыс болады және ол UCI UCI-дің регламентінің 1-қосымшасына сәйкес тіркелген және расталған тоғыз және одан көп қатысушымен барлық санатта өткізіледі.

267-бап. Финалдық сыныптама

1. BMX жарыс аяқталған соң финалдық сыныптама жасалады, ол финалдық нәтижелерді белгілейді. Финалдық сыныптаманы жасау үшін қолданылатын әдіс осы Қағиданың 280 - бабының 1-тармағында көрсетілген.
2. Мото фазасындағы жарыстар бойынша жарысушыларды орналастыру:
 - а) BMX бойынша соңғы рейтингтегі спортшылардың орындары;
 - б) BMX жарысқа дейін өткізілген, уақытқа BMX жарыстың нәтижелері, 267 - баптың 1-тармағында көрсетілгендей.
 - в) жеребе бойынша орналастыру;
 - г) орналастырудың аралас тәсілі.Бұл қолданылған әдіс техникалық гидте жазылған.
3. BMX бойынша соңғы рейтингтегі немесе уақытқа BMX жарыстың нәтижелері бойынша спортшылардың орындарына сәйкес Мото фазасындағы жарыстар бойынша жарысушыларды орналастыру рейтингтегі үздік жарысушылар біліктілік фазасына және финалға дейін бір-бірімен жарыспауы керек деген қағидатқа сәйкес өткізіледі. Төменде мысал келтірілген.

Мысалы, төмендегі кестеде көрсетілгендей (1 саны – рейтингтегі бірінші жарысушы, 2 саны - рейтингтегі екінші жарысушы, 3 саны - рейтингтегі үшінші жарысушы және әрі қарай), 32 жарысушы 8 қатысушыдан 4 жарысқа қойылады.

1-ші жарыс	2-ші жарыс	3-ші жарыс	4-ші жарыс
1	2	3	4
8	7	6	5
9	10	11	12
16	15	14	13
17	18	19	20
24	23	22	21
25	26	27	28
32	31	30	29

268-бап. Жеребе бойынша қою

1.Жеребе бойынша қою дегеніміз – Мото фазасының жарыстарының құрамы 1-ші қосымшаға сәйкес анықталады, алайда әр санатты құрайтын жарыстар бойынша жарысушыларды бөлу жеребе бойынша анықталады. Мұндай орналастырудан кейін әр санатқа арналған жарыстың құрамы Мото фазасының барлық үш раунды үшін бірдей болып қалады.

2.Қоюдың аралас тәсілі - бұл Мото жарыстары кезінде әр санат үшін жарыс құрамын кездейсоқ тәсілмен анықтау, ол жарысушыларды растағаннан кейін тіркелген және расталған жарысушылар санына негізделеді.

3.Қоюдың мұндай аралас тәсілін қолдану, сондай-ақ жарыстың барлық фазалары кезінде сөрелік қақпадағы позицияларды анықтау үшін қолданылады, Мото фазасынан Біліктілік фазасына өту әдісі, Біліктілік фазасының барлық раундындағы жарыс құрамы және барлық жоғарыда санамаланғандарды тең бөлу үшін қолданылады. Осылайша, 268 - баптың 7-11 тармағы қоюдың аралас тәсілінде қолданылмайды.

4. Мыналар бірыңғай талаптар болып табылады:

1) 10 немесе одан көп жарысушысы бар барлық санаттар үшін жарыстар, 8 жарысушыдан тұратын бір финалмен аяқталуы тиіс;

2) 9 жарысушы бар барлық санаттар үшін жарыстар, 7 жарысушыдан тұратын бір финалмен аяқталуы тиіс;

3) 5-8 жарысушысы бар барлық санаттар үшін жарыста финал болмайды, тек Мото жарыстың 3 раунды болуы тиіс;

4) Біліктілік фазасының әр жарысындағы 4 үздік жарысушы Біліктілік фазасының келесі раундына немес жағдайға қарай финалға өтуі тиіс;

5) финалдың қортындысы осы Қағиданың 280 – бабының 1-2-тармақтарына сәйкес жасалады;

6) БМХ бойынша Қағиданың қалған барлық бөлігі, соның ішінде санаттардың комбинациялары, есептелмеген нәтижелер және ұпайларды санау жүйесі сақталады.

5. Қоюдың аралас тәсілінде қолданылатын барлық аспектілерді жарыстың техникалық басшылығы түсіндіруі тиіс.

Сонымен бірге, Мотода қажет емес (әділетсіз) жарыс комбинациялары мен старт қақпасындағы позициялардан бас тартуы да мүмкін.

6.Мото фазасындағы жарыстар бойынша жарысушыларды қою бір және сол команданың жарысушылары бір жарыста шықпауы керек деген қағидатпен жүзеге асырылады. Қойғаннан кейін жарысушылардың келесі фазаларға және жарыс топтарына өтуі 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

7.Жарысушыларды сөрелік төбеге және сөре қақпасына қою, жарыстағы старт қақпасындағы жарысушылардың орналасу тәртібі 2-қосымшаға сәйкес анықталады және старт хаттамаларында жазылады.

8.Егер Мото фазасында жеребе бойынша қойылса, старт қақпаларындағы позициялар былайша анықталады:

а) Мото фазасының 1 раунды: жеребе бойынша;

б) Мото фазасының 2 және 3 раунды: алдыңғы раундтағы ең жылдам мәре тәртібі бойынша. Егер айналымды өту уақыты белгісіз болса, алдыңғы раундтағы мәрелік позиция қолданылады.

9. Біліктілік жарыстары (қатысушылар санына қарай, 1/32,1/16,1/8,1/4,1/2 финал) мен финалда старт қақпаларындағы жарысушылардың орналасу тәртібі былайша анықталады:

а) Алдыңғы раундтағы айналымның немесе стадияның (ең үздік жарысушы қақпадағы старт позициясында бірінші болу құқығын иеленеді) уақыты бойынша анықталады;

б) Алдыңғы раундтың немесе стадияның (бірінші орын алған жарысушы бірінші болуға құқылы) финалдық орны бойынша.

10.БМХ жарыс 2 фазадан тұрады:

а) біліктілік;

б) финалдар (А,В,С,Д және т.б.).

11.Біліктілік жарыстарының нәтижелері бойынша финалдық жарыстар өткізіледі. Біліктілік жарыстарының қатысушыларының санына қарамастан, финалдық жарыста барлық жарыстағы сияқты қатысушылар саны тең қалыптасады. Қатысушыларды тең бөлуге болмайтын болса, ең аз саны финалдағы соңғы орындарда болады.

Мысалы: Қатысушылар саны 17 адам:

А финалы – 1-ден 6-шы орындар сарапқа салынады;

В финалы – 7-ден 12-ші орындар сарапқа салынады;

С финалы – 13-тен 17-ші орындар сарапқа салынады;

Барлық финалдарда бір жарыс өткізіледі.

269-бап. Финалдық сыныптама

1.Жарыс аяқталған соң финалдық сыныптама жасалады, ол әр жас тобы үшін финалдық нәтижелерді анықтайды, қажет болса, рейтингтік ұпайларды беру үшін қолданылады.

38-тарау. БМХ-ЭСТАФЕТА

1.Команда ең аз дегенде-2, ең көп дегенде -4 жарысушыдан құралады. БМХ эстафета жарысы жыныс белгісі бойынша бір санат үшін де, сондай-ақ аралас түрінде де өткізіледі. Команда құрамының жалпы саны және командадағы ерлер мен әйел спортшылардың саны жарыс регламентімен анықталады және барлық командалар үшін бірдей болады. Жынысына қарай толық құрам емес және /немесе толық сандық құрамда емес команда жарысқа қатыса алмайды. Спортшылар эстафетаға қатысу үшін, егер оның спорттық деңгейі үлкен жас тобындағылардың біліктілік деңгейіне сай келсе, онда өзі қатысатын топтан үлкен жас тобындағы жарыстарға қатысуы мүмкін. Спорттық жарыстарға қатысу үшін спортшы спорт жарыстары өтетін күнтізбелік жылы белгіленген жасқа толуы керек.

2. Рұқсат беру шарттары жарысты өткізу туралы ережемен анықталады.

3.Эстафета жарысының кезеңдеріндегі спортшылардың сөредегі ретін команда өкілі белгілейді және төрешілер алқасына береді. Эстафета жарысының кезеңдеріндегі спортшылардың сөредегі реті, старт хаттамасы жарияланғаннан кейін өзгеруі мүмкін. Спортшыларды ауыстыру (жыныс санатын, жыныс санатына) бірінші біліктілік жарысының старты басталардан кемінде 30 минут бұрын, кезең ішінде болуы мүмкін.

4.Жарыстың кез келген кезеңіндегі стартқа шықпаған команда шеттетіледі.

5.БМХ жарысы екі кезеңнен тұрады:

а) біліктілік (іріктеу)

б) финал.

6.БМХ эстафета жарысындағы біліктілікте тек бір жарыс өткізіледі. Жарысушылар кезекпен трассаға шығады. Тректің полотносында тек команда қалады. Бірінші кезеңнің жарысушысы старт қақпасынан жарысқа шығады. Қалған кезеңнің спортшылары сол жолмен старт алады және оларды бір және сол ассистент немесе арнайы құрылғыдан (жарысушыны қолдау мүмкін болмаса, олар бір аяғы жерде тұрып старт алуы мүмкін) ұстап тұрады. Алдыңғы мәреге жеткен бойда, одан кейінгі жарысушы старт алады. Стартты дұрыс қабылдауды сөредегі төреші бақылайды. Командадағы барлық жарысушылардың үздіксіз уақыты, команданың нәтижесі болып табылады. Біліктілік нәтижелері бойынша «эстафета» жарысының финалдық жарыстары қалыптасады.

7. «Эстафета» жарысының финалдық жарыстарын қалыптастыру тәртібі мынадай:

1) біліктілік нәтижелері бойынша алғашқы төрт үздік нәтиже көрсеткендер, 1-ден 4-ші орындарды сарапқа салады;

2) біліктілік нәтижелері бойынша бесіншіден, сегізінші нәтиже көрсеткендер, 5-тен 8-ші орындарды сарапқа салады;

3) қалған орындар біліктілік нәтижелері бойынша анықталады.

8.Біліктілікте үздік нәтиже көрсеткен команда, финалда жол таңдау және т.б. басымдығына ие болады.

9.Фальстарт жасаған команда, шеттетіледі.

10.Шеттетілген командадан кейін, сараланған барлық командалар осы фазаның шегінде бір орынға жоғары қайта бөлінеді. Мысалы, 1-4 орындар үшін үлкен финалда шеттетілсе, шеттетілген командадан кейін, сараланған барлық командалар бір орынға жоғары шығады, ал финалдық сыныптамадағы төртінші орын бөлінбей қалады. 5-8 орындар үшін кіші финалда шеттетілсе, шеттетілген командадан кейін, сараланған барлық командалар бір орынға жоғары шығады, ал финалдық сыныптамадағы сегізінші орын бөлінбей қалады.

39-тарау. БМХ - КОМАНДАЛЫҚ УАҚЫТҚА ЖАРЫС

1.Команда ең аз дегенде-2, ең көп дегенде -4 жарысушыдан құралады. БМХ командалық уақытқа жарыс- бір жас тобы және бір жыныстағы командалар арасында өткізіледі. Команда құрамының саны жарыс регламентімен анықталады және бір және сол жыныстағы және жас тобындағы барлық командалар үшін бірдей болады.

2. Команда толық болмаса, жарысқа қатыспайды. Жарыс әр жас тобы үшін бөлек өткізіледі. Спорттық жарысқа қатысу үшін спортшы спорт жарыстары өтетін күнтізбелік жылы белгіленген жасқа толуы керек.

3. Рұқсат беру шарттары жарысты өткізу туралы ережемен анықталады.

4. Команданың нәтижесі команданың соңғы жарысушысының бірінші дөңгелегі мәре сызығын кесіп өткен кезде бекітіледі.

5. Командада жарысушыларды ауыстыру қарастырылмаған.

6.БМХ командалық уақытқа жарыс екі кезеңнен тұрады:

а) біліктілік (іріктеу)

б) финал.

7.Жарыстың кез келген кезеңінде стартқа шықпаған команда, шеттетіледі.

Біліктілікте стартқа стартқа шықпаған команда, финалға қатыспайды.

8.Бір жас санатына арналған (біліктілік және финал) БМХ командалық уақытқа жарыс бір күнде өтеді.

9.БМХ командалық уақытқа жарыстың біліктілік жарысы, бір жарыс болып өтеді.

Жарыс кезінде трек полотносында тек қана бір команда болады.

10.Біліктілік жарысы үшін старттың реті жеребемен жасалады.

11.Біліктілік нәтижелері бойынша үздік сегіз команда, БМХ командалық уақытқа жарыстың финалына шығады.

12. Егер қандай да бір себеппен командада нәтиже болмаса (бір немесе бірнеше жарысушы мәре сызығын кесіп өтпесе), онда ол команда мәреге жетпеді (МЖ) деп саналады және финалға өтпейді.

13. Егер біліктілік жарысында екі немесе одан көп команда бірдей уақыт көрсетсе, онда мұндай командалар бірдей жоғары орынды алады, ал келесі орын (орындар) бос қалады. Егер бұл теңдік финал үшін үздік сегіз команданы анықтауға қатысты болса, онда барлық командалар финалға өтеді және финалда ерекшелік ретінде, сегіз командадан артық қатысатын болады.

14. БМХ командалық уақытқа жарыстың финалында бір жарыс өткізіледі.

15. Финалда біліктілік жарысының нәтижелері бойынша үздік 8 команда қатысады. Жарыс кезінде трек полотносында тек қана бір команда болады.

16. Финалда үздік нәтиже көрсеткен команда жеңімпаз деп танылады.

17. Егер қандайда бір себеппен финалдық кезең өткізілмесе, онда біліктілік жарысының нәтижелері соңғы финалдық сыныптаманы айқындайды.

18. Финалдық жарыстар үшін старт реті біліктілік нәтижелерінің кері (біліктілік жарыста үздік нәтиже көрсеткен команда, соңғы болып жарыс жолына шығады) тәртібімен жасалады.

19. Егер финалда қандай да бір команданың нәтижесі болмаса (бір немесе бірнеше жарысушы мәре сызығын кесіп өте алмаса), онда ол мәреге жетпеді (МЖ) деп саналады және сыныптамада сегізінші орын алады. Егер мұндай командалар бірнешеу болса, онда мұндай командалардың орындары біліктілік жарысының нәтижелері бойынша анықталады.

20. Егер финалда екі немесе одан көп команда бірдей уақыт көрсетсе, мұндай теңдік біліктіліктегі нәтижемен шешіледі.

21. Қорытынды сыныптама финалдық жарыстарда көрсеткен нәтижелер және финалға шықпаған командалар үшін біліктілік жарыстарының нәтижелері бойынша жасалады.

22. Егер команданың кемінде бір жарысушысы шеттетілсе, онда команда нәтижесі де шеттетуге жатады. Егер шеттету финалда болса, шеттетілген команданың орны бос қалады.

270-бап. Жарыс кестесі

1. БМХ-ғы жарыстардан, жарыстардың кестесі UCI-дің қағидасының 1-қосымшасына сәйкес жарысты өткізу әдістемесімен жасалады.

2. Жарыстың кестесі мен өткізу тәртібі ақпарат тақтасында ілініп, старт парақта мыналар жазылуы тиіс:

а) жарысушының тегі мен аты, туған жылы, айы, күні, командасы және старт нөмірі;

б) жарыстың нөмірі;

в) жарысушы іріктелетін біліктілік раундтары;

г) әр жарыс үшін старт қақпасындағы позицияның нөмірі, сол арқылы жарыс фазасына қарай, старт қақпасындағы позицияның нөмірі анықталады.

271-бап. Команда өкілдерінің кеңесі

1. Бас төреші қажет болса, команда өкілдерімен бірге кеңес өткізуі керек. Бұл кеңестің мақсаты – команда басшылары мен жарысушыларды жарыс кезінде қолданылуы мүмкін кез келген қосымша ережелер туралы хабардар ету және жалпы жарысты өткізуге қатысты одан әрі нұсқаулар беру.

272-бап. Ресми жаттығулар

1. Жарысушылардың ешқайсысы қатысушы паспорты және қатысу өтінімімен жарысқа қатысуды ресми тіркеу және қатысуды растау рәсімінен өтпейінше, трекке жіберілмейді.

2. Бір ресми жаттығу БМХ бойынша жарыстар алдында өткізілуі керек. Бұл ретте әр санатта немесе топқа әр жарысушының старт қақпасындағы практиканы қоса алғанда, ең болмағанда 4 айналым қашықтықтан өтуіне мүмкіндік беретін, жаттығуға арналған жеке уақыт бекітіледі. Осыған қарамастан, әрбір жарысушы өзіне жаттығуға берілген уақытты тиімді пайдалануға жауапты болуы керек.

273-бап. Іріктеу жүйесі және ұпайларды есептеу қағидасы

1. Мото фазасында әр жарыста жарысушы оның жарыстағы мәрелік позициясына барабар ұпайларды алады.

2. Бірінші орын алған жарысушы бір ұпай алады және әрі қарай, сегізінші орындағы, сегіз ұпай алатын жарысушыға дейін. Мото фазасында жарысушылар есептелмеген нәтижелерімен (IRM) осы жарыста осы қағиданың 274-бабы 1-3 тармақтарына сәйкес ұпайлар алады. Мото фазасында жинаған ең аз сомамен жарысушылар, UCI-дің қағидасының 1-қосымшасының ережесіне сәйкес БМХ жарыстың келесі фазасына өтеді. Біліктілік жарысында алғашқы төрт жарысушы біліктіліктің келесі кезеңіне өтеді. 1/2 финалда алғашқы төрт жарысушы финалға өтеді.

3. Күмән туғызбас үшін Мотодан біліктілікке немесе финалға (болу мүмкіндігіне қарай) позицияларды ауыстыру кезіндегі теңдік, осы қағиданың 280-бабы 4-6 тармақтарына сәйкес шешіледі.

274-бап. Есептелмеген нәтижелер (IRM)

1. Есептелмеген нәтижелердің (IRM) бірнеше түрі бар:

а) «Мәреге жетпеді» (МЖ): жарысушы стартқа шықты, бірақ әр түрлі себеппен өзінің жарысын немесе айналымын аяқтамаса, «Мәреге жетпеді» (МЖ) деп саналады және оған осы жарыстың қатысушыларының санына тең ұпай есептеледі. Мұндай жарысушының жарыстың келесі раундына немесе фазасына шығуға құқы бар.

б) «Төмендетілді» (ТӨМ): жарысушы стартқа шықты, бірақ төрешілер оны төмендетсе, ол «Төмендетілді» (ТӨМ) деп саналады және оған осы жарыстың қатысушыларының санына тең, +2 ұпай есептеледі. Мұндай жарысушының жарыстың келесі раундына немесе фазасына шығуға құқы бар.

с) «Стартқа шықпады» (СШ) себебіне қарамастан, жарысушы стартқа шықпаған жарысушы «Стартқа шықпады» (СШ) деп саналады. Мұндай жарысушыға осы жарыстағы старт парақтағы қатысушылар санынан 2 ұпай артық беріледі.

2. Егер ол екі немесе көп рет «Стартқа шықпады» (СШ) деп саналса, мұндай жарысушы Мото фазасынан БМХ жарыстың келесі фазасына өте алмайды. Бір фазадан келесі фазаға өту жүйесі UCI-дің регламентінің 1-қосымшасында жазылған.

3. Бір немесе бірнеше жарысушының есептелген нәтижелері болмаса, бас төреші немесе ол тағайындаған ресми төреші хронометраждағы операторға есептелмеген нәтижелер туралы дереу хабарлауы тиіс. Есептелмеген нәтижелерді қолдануға қатысты бас төрешінің шешімі, түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.

4. Әр жарыс нәтижелерінде есептелмеген нәтижелері бар жарысушылар, есептелмеген нәтижелерсіз жарысты аяқтаған барлық жарысушылардан кейін сыныпталады. Есептелмеген нәтижелері бар жарысушылар мынадай тәртіпте сыналатынын ескеру қажет:

1) «Мәреге жетпегендер» «МЖ» (МЖ);

2) Төмендетілген «ТӨМ» (ТӨМ);

3) Стартқа шықпағандар «СШ» (СШ).

5.Күмән болмас үшін, жарыстың бұл нәтижелері, осы жарыста мәре сызығын кесіп өткен жарысушылардың тәртібінен бөлек болады.

Түсініктеме: мысалы: 8 жарысушысы бар жарыста, егер мәре сызығын кескен үшінші жарысушы ТӨМ деп хабарланса, ал мәре сызығын кескен жетінші жарысушы МЖ деп танылса, қалған басқалары мәреден өтсе, осы жарыстың нәтижесі бойынша мәре сызығын кескен төртінші жарысушы 3-ші орын, 5-ші жарысушы 4-ші орын, 6-шы жарысушы 5-ші орын, ал 8-ші болып мәре сызығын кескен жарысушы 6-шы орын алады. Содан кейін МЖ белгісі бар жарысушы 7-ші орын, ал ТӨМ белгісі бар жарысушы 8-ші орын алады. Мото жарысында әр жарыста ұпайлар, тек қана сол жарыстың нәтижелері жоғарыда көрсетілгендей түзетілсе ғана беріледі.

6.МЖ,ТӨМ, немес СШ саны көп болса, осы қағиданың 280-бабы 4-6 тармақтарына сәйкес анықталады.

275-бап. Мәре

1.Егер алдыңғы дөңгелегінің шинасы мәре сызығының бастапқы шетінен көтерілетін вертикаль жазықты басқан кезде, жарысушы мәреден өткен болып саналады. Велосипед пен жарысушы мәре сызығын бірге кесіп өтуі тиіс.

276-бап. Финал

1.Финалда, екі жарысушы (финалдағы есептелмеген нәтижелерімен сыныпталмаған) мәре сызығын кесіп өтуі тиіс; олай болмаса, финалдың нәтижесі жарамсыз деп саналады.

2.Финал жарамсыз деп танылса, кемінде үш жарысушыдан тұратын комиссарлар алқасының президенті финалды жарамсыз деп хабарлаған соң, 15 минут ішінде қайтадан старт болады. Қайтадан старт өткізілмесе, алдыңғы фазадағы уақыт пен нәтиже (сол фазаның шеңберіндегі алдыңғы раундтың да) түпкілікті нәтиже деп хабарланады. Жарыстың соңғы сыныптамасы осы қағиданың 280-бабы 1-2 тармақтарындай анықталады.

277-бап. Финалдық фазаны өткізгенге дейін, жарысты тоқтату

1.Егер БМХ бойынша жарыс, финалдық фазаны өткізуге дейін тоқтатылса, әрбір қатысқан санат үшін өткізілген фазаның нәтижелері және сол фаза шеңберіндегі соңғы аяқталған раундтың нәтижелері соңғы нәтиже болып саналады. Қорытынды сыныптама осы қағиданың 280-бабы 1-2 тармақтарындай анықталады.

278-бап. Ұпайларды есептеу жүйесі

БМХ бойынша ұпайларды есептеу үшін келесі бір немесе бірнеше жүйе қолданылады:

1.Фотофиниш. Фотофиниш дегеніміз - секундына кемінде 1000 кадрды түсіруге қабілетті құрал-жабдық.

2.Транспондер арқылы есептеу:

а) Жарысушы транспондерлерді қолданған кезде, жарыс кезінде транспондердің дұрыс бекітілгеніне толық жауап береді. Бұл ретте әр жарыста немесе айналымда мәре сызығын кескен сәтте, әр жарысушының мәредегі позициясын жазуға жауап беретін хронометраж операторы болуы тиіс.

б)Транспондерлер тек қана фотофиниш немесе бейнекамерамен бірге қолданылады. Егер жарысушының транспондері түсіп қалса немесе ыстық күні істемей қалса, фотофиниш

немесе бейнекамерадағы жазба нәтижені растау үшін (осы қағиданың 278-бабы 6-8 тармақтарында анықталған кезектілік тәртібімен) пайдаланылады.

в) Егер транспондерлер қолданылса, жарысқа транспондерсіз шығатын әрбір жарысушы «мәреге жетпеді» МЖ болып жіктеледі.

г) Транспондер жүйесі жарыс кезінде ұпайларды өздігінен есептеу үшін қолданылады, әсіресе теледидардан көрсетілетін жарыстың телевизиялық графикасында қолданылады. Бұл бапта келтірілген ұпайларды есептеу жүйесі тәртібіне шығын келтірмей, егер екі немесе одан көп жарысушының транспондерлері, транспондерлерді пайдалану жүйесіндегі ақау жазылған шегінде немесе 0,001 секундта болса, үлкендігіне (немесе егер транспондер жүйесіндегі ақау диапазоны белгісіз болса), онда хронометраж операторы тексеруі тиіс және қажет болса, егер фотофиниш жүйесі пайдаланылса, онда фотофиништің көмегімен нәтижені жөндеуі керек. Хронометраж операторының бұл іс-әрекеті наразылыққа негіздеме болмауы тиіс. Дау тудырған жағдайда, бас төреші немесе ол тағайындаған төреші шешім қабылдайды. Бұл шешім түпкілікті болып табылады.

3. Жарық сәулелері (фотоэлементтер).

4. Мәре сызығындағы бейнежабдықтардың көмегімен есептеу. Бейнежабдық мәре сызығымен бір сызықта орналасуы керек, жер деңгейінде немесе одан жоғары. Бейнекамера тректің үстіндегі бүкіл мәре сызығын түсіруі керек. Камера мәредегі жазбаларды қараған кезде қиындықтар туғызбас үшін артқы жақтан анық, таза түсіруі керек. Сонымен бірге, қатысушылардың нөмірлері анық көріну үшін фронтальді позициядан түсіру үшін жақсы орнатылуы керек. Түсірілген материалды егжей-тегжейлі зерттеу үшін баяу қарап көрудің сапалы мүмкіндігін қарастыру қажет. Сондай-ақ, бейнежабдық түсті көрсететін жағдайда болуы қажет.

5. Фиништегі төрешілер

Әр жарыста мәрелік сызықты кесіп өтетін барлық жарысушылардың мәредегі қалпын түсіруге жауапты 5 білікті төреші болуы тиіс. Әр жарыстың ресми фиништегі позициясы мәредегі төрешілердің ең көп қарапайым дауысымен анықталады. Мәрелік нәтижелер ақпарат тақтасына ілу үшін төрешілер алқасының хатшысына тапсырылады.

6. Егер жоғарыда жазылғандай, жарыс кезінде ұпайларды есептеудің бірнеше жүйесі қолданылатын болса, олар келесі кезекпен пайдаланылады:

А. БМХ уақытқа жеке жарыс үшін:

- а) фотофиниш немесе жарық сәулелері (фотоэлементтер);
- б) транспондер және жоғарыда көрсетілгендей фотофиниш.

В. БМХ жарыс үшін (барлық фазалар):

- а) фотофиниш немесе жарық сәулелері (фотоэлементтер);
- б) транспондер және жоғарыда көрсетілгендей фотофиниш.

в) Бейнежабдық

г) Мәредегі төреші.

С. Қақпаны таңдау үшін

- а) транспондер және жоғарыда көрсетілгендей фотофиниш.
- б) фотофиниш немесе жарық сәулелері (фотоэлементтер).

7. БМХ барлық жарыста бейнежабдықты пайдалану міндетті, егер фотофиниш немесе фотобейнемен бірге пайдаланылатын синхронды қабылдау-бергіштер жоқ болса.

8. Егер регламент бойынша ұпайларды есептеудің нақты жүйесі болса, онда мұндай ұпайларды есептеу жүйесі қолданылады, ал басымдығы аз, басқа жүйелер қажет болмайды.

279-бап. Жарыс нәтижелерін жариялау

1. Әр санаттағы жарыстардың нәтижелері жарыстың әр кезеңінде, осы кезеңдегі осы санаттағы барлық жарыстар аяқталған сәттен он минут ішінде жариялануы тиіс. Қағазға басылған нәтижелер, егер техникалық басшылықта басқаша көзделмесе, бір орында

қолжетімді және орналастырылуы немесе команда өкілдерімен жиналыста хабарлануы тиіс. Нәтижелер электронды нұсқада берілуі мүмкін.

2.Қандай тәсілмен жарияланғанына қарамастан, нәтижелерде жарияланған уақыты көрсетілген белгі болуы тиіс.

280-бап. Финалдық сыныптама

1.ВМХ бойынша жарыстардың финалдық сыныптамасы әр санат үшін (немесе біріктірілген санаттар үшін) былайша анықталады:

1) Өткен фазамен (финал, біліктілік немесе Мото) және осы фазадағы аяқталған соңғы раунд бойынша.

2) Финал немесе біліктіліктің фазасында: соңғы аяқталған фазаның рейтингінде немесе осы фазаның шеңберіндегі раундта.

3) Мото фазасында: егер Мото фаза аяқталмаса, онда Мото-ның аяқталған барлық раундындағы барлық ұпайлар болған жағдайда, осы фазадағы ұпайлардың жалпы санымен.

4) Соңғы аяқталған жарыстағы уақытпен: тең болғанда - алдыңғы жарыстағы уақытпен.

2. Егер уақыт бойынша да тең болса, онда осы қағиданың 280-бабы 4-6 тармақтарындағы ереже қолданылады.

3.Егер санаттар қосылған жағдайда, аралас санаттар үшін финалдық сыныптама осы қағиданың 263-бабына сәйкес бөлінеді. Әр жеке санат үшін финалдық сыныптама жасалады.

4.Бұл теңдікті бөлу әдісі келесі жағдайда қолданылады:

а) Егер жарыста 1 және одан көп жарысушы, осы қағиданың 274-бабында жазылғандай, бір және сол IRM-мен бағаланса;

б) Егер Мото жарыста немесе біліктілік фазасында ауыспалы орындардағы ұпайларды есептеу жүйесінде қолданылатын есептеулерді анықтаудың нақты шешімі болмаса, теңдік кез келген жарыста болғанда;

с) Егер теңдік осы қағиданың 280-бабының 1-2 тармақтарында жазылғандай, финалдық сыныптаманы анықтау кезінде болса.

Жоғарыда келтірілген барлық жағдайда, теңдік шешілгенге дейін, теңдік төменде келтірілген келесі әдістерді қолдану арқылы бөлінеді:

а) Алдыңғы жарыстағы уақыт.

б) Алдыңғы жарыстағы позиция

с) Егер бұл жағдайға қатысты қолданылса, онда біліктіліктің алдыңғы фазасындағы жарысушының үздік финиші (уақыты, немесе егер ол жеткіліксіз болса, фиништегі позициясы), жартылай финалдағы, ширек финалдағы, 1/8 финалдағы және т.б. Мото жарысуына дейін төмендеу тәртібімен.

г) Мотодағы 3-ші,2-ші,1-ші раундтардың финишінің нәтижелерінің азаю тәртібімен.

д) Бөлек стартпен (егер өткізілсе) уақытқа ВМХ жарыстың нәтижелері.

е) «Чемпионат- ВМХ бойынша жеке рейтинг санаты үшін, «челленж» санаты үшін - ұлттық рейтинг немесе мото жарыстарын қою үшін пайдаланылатын рейтинг сериялары, егер ондай бар болса.

ж) бір және сол IRM-мен жарысушылар арасындағы теңдік болса -жеребе бойынша.

6.Егер теңдік болса, жоғарыда көрсетілген әдіспен рұқсат етілмесе, онда екі жарысушы да бұл орынды бөлісуі керек, ал төменгі орынды (орындарды) ешкім алмайды. Мысалы, жартылай финалда 5-ші орынды иеленген 2 жарысушы екеуі де финалдық сыныптамада 9-шы орын алады. Одан кейінгі жарысушы 11 орынды алады.

7.Мото фазасының үш раундының біреуіндегі жарыста немесе финалдағы жүлделі орындарды беретін позицияда біліктілік фазасына өтуге мүмкіндік бермейтін позицияда жағдай туындаса, тиісті ұпайлар жүйесіне сәйкес нақты шешімді анықтай алмаса, екі жарысушы да фиништегі ең жақсы позициясын алады. Мысалы, финиште 4 және 5-ші

орындар үшін талас туындаса және шешім қабылдау мүмкін болмаса, екі жарысушы да финиште, дәл осы жарыста 4-ші орын алады, 5-ші орын болмайды.

8.Финалдағы жүлделі позициялар Чемпионат санатында 1-3 орындарды алған және Челендж санатындағы 1-8 орын алған жарысушыларға қатысты болады.

281-бап. Мінез-құлық ережесі

1.Барлық жарысушылар оларға старт қақпасында тағайындалған позициядан сөреден шығуы тиіс. Комиссар старт қақпасына жауапты оны жіберген старт қақпасындағы дұрыс қалыптан бас тартқаны үшін, немесе старт қақпасындағы кез келген басқа позициядан жарысушы старт алғаны үшін, егер бұл стартқа дейін байқалмаса, онда оны шеттетуге қажет. Әрбір жарысушы старт қақпасындағы өзінің позициясында уақтылы болуға жауап береді. Егер жарысушы ресми тұлға көрсеткен өз орыннан уақтылы келмесе, ол таңдалған старт позициясын жоғалтады және қақпадан соңғы болып позиция таңдайды.

2.Егер жарыс қайталанса, барлық жарысушылар алдыңғы жарыста сөреден шыққан өз орындарынан жарысқа шығады.

3.Бас төреші қабылдамайтын себеппен, кез келген жарысушы старт рәсіміне кедергі келтірсе немесе уақытты ұстап тұрса, немесе жағаласса, ол жарыстан шеттетілетін болады.

4.Жарыс немесе БМХ жарысындағы айналым старт қақпасын және старт электронды дауыс құрылғысын пайдаланып басталады.

5.Егер старт дауыс құрылғысымен бірге электронды басқарылатын старт қақпалары қолданылса, келесі дауыс пәрмендері берілуі керек:

а) 1-ші пәрмен: «Жарысушылар, кезекті старт!» («Okriders randomstart»)

б) 2-ші пәрмен: «Жарысушылар, дайындалыңдар!» («Ridersready»)

с)3-ші пәрмен: «Қақпаға қара!» (Watch thegate)

6.Қауіпсіздік талаптарына сәйкес ТОҚТА батырмасы кез келген уақытта (2-ші пәрменге дейін) басылуы мүмкін.

282-бап. Старт қақпасындағы велосипедтің тұру қалпы

1.Велосипедтің алдыңғы дөңгелегі қақпаға қарама-қарсы тұрады, осы қағиданың 281-бабы 4-6 тармақтарында жазылғандай, жарысушы шақырған кезде жерде тұру және қалыпты жағдайда тұру қажет.

283-бап. Жарыс кезіндегі мінез-құлық

1.Барлық жарысушылар ҚВСФ-нің ережесін сақтауы тиіс және жарыс кезінде, кез келген уақытта кез келген төреші немесе лауазымды тұлғаның беретін барлық нұсқауларын орындауы тиіс.

2.Әрбір жарысушы адал спортшыны көрсететін мінез-құлықты сақтауы тиіс және оның өзіне немесе БМХ спортына абырой әпермейтін жаман қылықтардан аулақ болуы керек.

3.Спортшының жаман сөздер мен боғауыз сөздерді айтуына тыйым салынады.

4.Мұндай жаман сөздерді пайдаланғаны үшін төрешілер алқасы белгілеген тәртіпте айыппұл салынады.

5.Жарысқа қатысуға тіркелген және жарысушыларды растау кезінде өзінің қатысуын растаған жарысушыларға, жарыс күндері трассаның кез келген бөлігінде жүруге және жаттығуға рұқсат етіледі.

6.Барлық жарыстарда төрешілер алқасы соңғы инстанция болып саналады және қауіпсіздік тұрғысынан немесе ережені бұзғаны үшін жарыстың кез келген қатысушысына, ата-анаға, көрерменге немесе менеджерге айыппұл салуға құқылы.

7.Егер төрешілер жарысты аяқталғанға дейін тоқтатса, онда бұл жарысқа қатысушы спортшыларға мәселік аймаққа шығу үшін нұсқауды күту керек. Бас төреші немесе оның тағайындаған төрешісі қайталама старт жайлы хабарлауы тиіс. Егер бас төрешінің ойынша, жарыстың старт рәсіміне көрермен, жануар немесе басқа сыртқы тұлғалар кедергі болды деп санаса, жарыстың қайталама старты өткізіледі.

8.Егер жарыс немесе айналым кезінде жарысушы құласа немесе велосипедтің ақауынан тоқтап тұрса, оның бірінші міндеті – басқа жарысушыларға кедергі болмау және өзгелерді тоқтатпау үшін, өз велосипедімен бірге трассадан шығуы керек. Егер жарысушы тұра алмаса немесе тұрғаннан кейін құлап қалса, оған алғашқы жәрдемді медицина қызметкерлері немесе лицензиясы бар дәрігер ғана көмек көрсете алады.

9.Құлағаннан кейін немесе велосипеді бұзылса, ұпайлар алу үшін тиісті жарысушылар өздерінің санатына белгіленген, трассаның қашықтығын, осы қағиданың 288-бабына сәйкес, егер бұл сол оқиғаға қолданылса, бөгде адамдардың көмегінсіз өзі толық аяқтауы тиіс. Бұл ретте олар, егер өздері оны жалғастыруға қабілетсіз болса, жарысты одан жалғастыруды негізсіз тоқтатпауы тиіс. Болмаған жағдайда, олар «Мәреге жетпеді» (МЖ) деп сыныпталады.

284-бап. Дабыл жалаушалары

1.Ресми тұлғалар бір-біріне және трассадағы жарысушыларға дабыл беру үшін төмендегі жалаушалардың түсін қолданады. Бұл жалаушалардың мәні мен мағынасы төмендегідей:

а) Жасыл – трасса бос және жарыс үшін ашық. Старт дабылына жауапты лауазымды тұлға бір жасыл жалаушаны пайдаланады.

б) Сары –трасса жабық және жарысушылар старт қақпасындағы рұқсат беретін пәрменді күтуі тиіс.

с) Қызыл – тректегі полотнодағы жарысушылар дереу тоқтауы тиіс және мәселік аймақтан шығатын кейінгі пәрменді күтуі тиіс. Тек бас төреші немесе ол тағайындаған төреші қызыл жалаушаны қолдана алады.

285-бап. Ережені бұзу, айыппұл салу және наразылық

1.Бұл тараудағы сипатталған бұзушылықтарға осы қағиданың 295-бабына және кейінгі баптарға сәйкес төрешілер алқасы айыппұл салады.

2.Қажет болса, төрешілер, бұзушылық әдейі болды ма, жоқ па соны анықтайды. Егер оны жасамауға болатын болса, бұзушылық әдейі жасалды деп саналады.

286-бап. Қасақана кедергі жасау

1.БМХ - бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын спорт түрі және бөгет болу едәуір бұзушылық болып саналады. Төрешілер бөгет болудың қасақана жасалғанын анықтауы тиіс. Егер кедергілер немесе бөгет болмауға болатын болса, бірақ ол жасалса, төрешілер оны қасақана жасалды деп санайды.

287-бап. Қарсыласын тректен қасақана итеріп жіберу

1.Жарысушылардың ешқайсысының өзінің қарсыласын тректен әрі қарай қасақана итеруге құқығы жоқ.

288-бап. Трассаға қайтадан кіру

1.Жарыс кезінде трассадан тыс қалған кез келген жарысушы қандай жағдайда болмасын, жақын қауіпсіз жерден трассаға қайта кіруі керек. Бұл ретте ол басқа

жарысушыларға еш кедергі жасамауы тиіс немесе қашықтықты қысқарту арқылы аралық артықшылығын көрсетпеуі тиіс.

289-бап. Байланыспалы күрес

1. Жарысушы өзі немесе велосипедімен басқа спортшының немесе оның велосипедінің кез келген бөлігіне немесе басқаға кедергі жасау мақсатымен, жүріп келе жатқан кезде, болмаса қуып жеткенде немесе оны басқа жарысушы қуып жеткен кезде тиіспеуі керек.

290-бап. Мәрелік түзулікте (жолда) кедергі жасау

1. Жарыста көш басында келе жатқан жарысушы, тректің полотносы бойынша қозғалыс траекториясын таңдауға құқылы. Алайда, оның мәре жолындағы басқа жарысушыларға бөгет болуына құқығы жоқ.

291-бап. Командалық жүріс

1. Командалық жүріс (ұйғарым) немесе бір жарысушының жетістікке жетуі үшін басқа жарысушыларға көмек көрсету сияқты артықшылыққа тыйым салынады.

292-бап. Үшінші тұлғалардың араласуы

1. Команда немесе жарысушының атынан, ешбір тұлғаның жарыс үдерісіне араласуға құқығы жоқ.

293-бап. Наразылықтар

1. БМХ бойынша барлық жарыстарда жарысушы өзіне қойылған ұпайларға қатысты, өзінің команда өкілі арқылы бас төрешіге наразылық бере алады. Бұл ретте жарысушыларға ұпай беру қолданыстағы тәртіпке сәйкес, осы жарысқа қатысушы жарысушылар мәрені кесіп өтсе деген жазылған жазбаны ғана білдірмейді, сонымен бірге есептелмеген нәтижелер туралы нәтижелерде көрсетілген белгілер, төрешілер алқасының шешімі емес.

2. Жарысушының жарыс кезіндегі төрешілер шешіміне қатысты наразылықтар қабылданбайды. Төрешілер жарыс барысында болатын әртүрлі жағдайларға және тәртіпсіздікке қатысты сол жерде шешім қабылдауға құқылы.

294-бап. Төрешілер шешіміне қалай шағымдануға болады?

1. Осы қағиданың 293-бабына сәйкес наразылық бергісі келетін жарысушы өзінің шағымын жазбаша түрде береді. Наразылықты жарысушының команда өкілі жарыстың бас төрешісіне немесе ол тағайындаған төрешіге, жарысушы шағымданғысы келген нәтижелер жарияланғаннан кейін 15 минут ішінде бере алады. Бас төреші немесе ол тағайындаған төреші тексеру жүргізеді және наразылық бойынша өзінің шешімін келесі раунд басталғанға дейін немесе наразылық берген жарысушының санатындағы жарыс фазасына дейін ұсынады. Барлық наразылықтар бойынша төрешілердің шешімі түпкілікті және шағымдануға жатпайды.

2. Егер наразылық осы қағиданың 294-бабында көрсетілген мерзім ішінде берілсе, бас төреші немесе ол тағайындаған төреші ұпайларды есептеудің қолданыстағы жүйесін қарастыруы керек және шешім шығаруы тиіс. Дәлелдеменің басқа ешқандай көзі есепке алынбайды.

- 3.Егер наразылық берілген жарыс, жабдықтың дұрыс болмауына байланысты қарауға болмайтын болса, бағалау парақтары жарыстағы мәрелік позицияны айқындайды.
- 4.Наразылық акциясына қатысушы команда өкілдері немесе жарысушылар, бас төрешінің талабы бойынша шақыртылуы мүмкін.

295-бап. Айыппұл санкциялары

1.UCI Регламентінің және осы Қағиданың 1 және 12 бөлімінде жазылғандарды өз мүмкіндіктері үшін ҚВСФ-нің Қағидасын бұзғаны үшін, осы тарауда баяндалған кез келген жазаны тағайындайды.

296-бап. Ресми ескертулер

- 1.Жарысушы өзінің теріс тәртібі үшін ресми ауызша ескерту алады. Жарысушыға бірінші ескерту айыппұлсыз беріледі. Алайда, Қағиданың бір және сол тармағын немесе Қағиданың басқа тармағын бір немесе сол жарыста бұзғаны үшін қайта берілетін ескерту, жарысушыны шеттетуге алып келеді.
- 2.Ескерту туралы қағазға басылған нәтижелерде, мониторда және бас хатшының ақпарат тақтасында қағаз түрінде хабарланады.

297-бап. Төмендету

- 1.Жарысушы төмендетілуі (ТӨМ) және осы Қағиданың 274-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес ұпайлар санын алуы мүмкін. Жарысушы шеттетілуі мүмкін және одан кейінгі жарысқа қатысудан, Қағиданы өзі бұзған бағдарлама түрінен, болмаса жарыстан толық шығарылуы мүмкін. Бұл жарысушы нәтижелер сомасымен рейтингте орын алмайды және осы жарыс үшін ұпайлар да алмайды.

298-бап. Жарысушыны шеттету

- 1.Жарысушы шеттетілуі мүмкін және осылайша ол өзі бұзған Қағиданың бағдарламасы түрінде одан әрі спорттық бәсекеден алып тасталады, болмаса жарыстан толық шығарылады. Бұл жарысушы жиынтық нәтижесімен рейтингтен орын алмайды және осы жарыс үшін ұпай да алмайды.

299-бап. Жарыс орнынан құқық бұзушыны шығарып жіберу

- 1.Төрешілер алқасы Қағиданың осы бөлімінде жазылған Ережені өрескел бұзғаны үшін, жарыс орнынан құқық бұзушыны шығарып жіберуге құқылы.

300-бап. Уақытша шеттету

1. ҚВСФ жарысушыны келесі бұзушылықтары үшін толық немесе кез келген уақытқа шеттету туралы жеке өзі шешім қабылдай алады:
 - а) басқа адамның атынан қатысса;
 - б) адал емес жолмен артықшылықтар алу үшін жарысқа тіркелу кезінде, өзінің жасы, санаты және басқа деректері туралы жалған ақпарат берсе;
 - в) кез келген жарыстың нәтижесін анықтау үшін алдын ала бір немесе бірнеше жарысушымен ұйғарымға келсе;

г) жарыстың нәтижесіне ықпал ететін тура және жанама әдіспен, кез келген пара беру немесе басқа ынталандыру амалдарын беру, уәде ету немесе алу;
д) жарысушының уақытынан тыс қасақана трекке шығуы, тіркеусіз старт алуы және команда құрамына уақтылы өзгерістер енгізу, жарыстың қорытынды хаттамаларын жасау үшін фальсификация, деректерді бұрмалау;

е) тексеру өткеннен кейін велосипедтің құрылғысына өзгерістер енгізу, жарыс ережесін бұзу болып табылады.

ж) нақты сол жарысқа қатысы бар ма, жоқ па, BMX-ке қатысты кез келген әдепсіздік таныту, теріс мінез көрсету немесе іс-әрекет жасау.

2. Күмән тудырмас үшін төрешілер алқасының қатысушы паспортының иегерін уақытша шеттетуге құзыреті жоқ. Уақытша шеттету туралы шешімді тек қана UCI немесе республикалық күнтізбеде тіркелген жарыстар үшін ҚВСФ қабылдайды.

3. Жарыста қолданылатын барлық велосипедтер, спорттық киім және құрал-жабдықтар осы тарауда келтірілген жалпы техникалық талаптарға, сондай-ақ осы Қағиданың 4-тарауының ережелері мен UCI-дің қағидасына сәйкес болуы керек.

301-бап. Инспекция (тексеру)

1. Ресми жаттығу алдында, жарысқа дейін және жарыс барысында күмән тудырмас үшін жарысушының өзі, оның велосипеді, шлем мен киімін төрешілер немесе ҚВСФ-нің органы тексеруі мүмкін. Мұндай тексеріс болса, ол осы Қағиданың спорттық және техникалық талаптарына сәйкес расталуы керек.

Осы Қағиданың талаптарына сай келмейтін спорттық киім мен құрал-жабдықтар, егер осындай сәйкессіздік байқалса алып тасталады, бұл ретте жарысушы Қағиданың осы тармағын дұрыстамайынша, трассаға жіберілмейді. Егер мұндай сәйкессіздік жарыстан кейін немесе жарыс кезінде анықталса, жарысушы осы жарыста «мәреге жетпеді» деп танылады.

2. Барлық жарысушылар BMX түріне қатысты стильдегі және үлгідегі тез танылатын киімді кигені жөн, осылайша басқа велосипед түрлерінен ерекшеленіп тұрады.

3. Өзінің экипировкасына қатысты төрешілердің берген нұсқауларына бағынбаған әрбір жарысушы жарысқа қатыстырылмауы тиіс және егер экипировкасында сәйкессіздік байқалса, төмендетіледі болмаса бас төреші оны шеттетеді.

4. Төрешілер мен басқа ресми тұлғалар жарысушының велосипедін, спорттық киімін және құрал-жабдығын тексерсе де, тексермесе де, барлық жарысушылар осы Қағидаға сәйкес құрал-жабдықты пайдалануы тиіс. Бұл ретте осы Қағиданың 33-бабы қолданылады. Бұған дейін жарыстарда қандай да бір сәйкессіздіктің анықталмауы, егер олар сол жарыста немесе кейінгі жарыста байқалса, ақталуға жатпайды.

302-бап. Рамалар

1. Рамалар BMX жарыстары кезінде вибрацияларға төтеп беру үшін барынша берік болуы керек, майыспайтын, иілмейтін немесе дәнекерленген болмауы керек.

2. Рамалар және оның бөліктері аэродинамикалық қызметтерге қатысты, UCI-дің регламентінің 1.3.024-бабына сәйкес болуы керек. Рамаларға арналған артық аксессуарларды пайдалануға тыйым салынады.

3. Рамада аэродинамикалық ағарлар, шынжыр қорғанысы, лайға арналған қалқандар, түрлі

қосымша металл бөлшектер, барашакасы бар дөңгелек гайкілер, жарық көрсеткіштер және басқаларын қолдануға болмайды.

4. Дөңгелек осьтер 5 мм-ден артық емес гайкадан шықпауы тиіс.

5. Велосипедтің барлық бөлігі мен бөлшектері қатты тартылған болуы тиіс.

303-бап. Дөңгелектер

1. Дөңгелек осьтер 5 мм-ден артық емес гайканың артынан басқыштан шықпауы тиіс.
2. Стандарт санатындағы 20 дюйм велосипедтер үшін: дөңгелектер 57 см-ден аспауы керек, (22 ½) диаметрдегі үрленген шиналармен.
3. Круизер санатындағы 24 дюйм велосипедтер үшін: дөңгелектер кемінде 57 см (22 дюйм) диаметрдегі және 66,05 см (26 дюйм) аспауы керек, диаметрі үрленген шиналармен.
4. Эксцентриктері бар тығындарға (втулкалар) рұқсат етілмейді, бірақ егер эксцентриктердің тұтақалары жақсы бекітілсе, пайдалануға болады.

304-бап. Рульдер

1. Рульдің максималді ені 73,7 см болуы тиіс.
2. Рульдің максималді биіктігі 30,5 см болуы тиіс.
3. Рульдің ұстағышы болуы міндетті және рульдің шетін толық жауып тұруы керек.
4. Жарылған және майысқан рульдерді пайдалануға тыйым салынады.

305-бап. Рульдің колонкасы

1. Рульдің колонкасындағы вилка тез бұралатындай болуы тиіс, бұл ретте люфт болмау керек.
2. Рульдің шеті рульдік колонкадан 5 см-ден биік болмауы керек, егер шығарушы зауыт рульдің шетінің максималді қозғалтуларын енгізбесе.

306-бап. Тежегіштер

1. Жарысқа қолданылатын барлық велосипедтерде тиімді артқы тежегіш болуы керек, ол қолмен жасалады (клешевой тежегіш).
2. Артқы қол тежегішінің кабелі/шлангі рамаға жақсы бекітілуі тиіс.
3. Алдыңғы тежегіштің шығып тұратын тұтқасы дөңгеленген немесе жарақат болдырмау үшін оралған болуы тиіс.
4. Тежегіш тросстардың шетінде ұштары болуы тиіс.

307-бап. Ершік

1. Ершік оның астындағы бұрандалар, батып кетпес үшін барынша мықты материалдан құрастырылуы керек.
2. Ершік астындағы бұранда, ершік асты хомутті тарту арқылы рамаға сенімді бекітілуі тиіс. Хомуттің бұрандасы тарту гайкасынан 5 мм-ге шығып тұруы керек.

308-бап. Шатуьндар, педальдар (теппе) және шестерня

1. Әртүрлі ұзындықтағы шатуьндарға рұқсат етіледі, олар клиренс велосипедке қауіп төндірмейді.
2. Каретка жақсы реттелген және жақсы айналатын және люфтсіз болуы керек.
3. Педальдің осі шатуьнмен жақсы тартылуы тиіс. Белдігі бар туклипстерді пайдалануға рұқсат етілмейді.
4. 13 жас пен одан үлкендерге байланыспалы педальді пайдалануға рұқсат етіледі. Күмән тудырмас үшін, 12 жастағы және одан кіші жарысушылар, бұғатталмаған жүйесіз жазық педальдарды пайдалануы тиіс.

5.Көп жылдамдықты беріліс жүйелерін пайдалануға болады.

309-бап. Велосипедтегі қорғаныс

1.БМХ велосипедтің келесі бөліктеріне, жуандығы ең аз дегенде 1 см болатын қорғаныс ұсынылады:

- а) рульдің қосылатын жерінде;
- б) раманың жоғарғы тұрбасында;
- с) рульдің шетінде.

6.1.080 толықтыру.

310-бап. Қозғалысқа келтіру әдісі

1.БМХ велосипеді шынжыр немесе тұтас конструкциялы белдікпен қозғалысқа келтіріледі.

40-тарау. БМХ ЖАРЫСТАҒЫ СПОРТТЫҚ КИИМ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

311-бап. Шлем және қорғаныс

1.Жарысушылардың дулығы (шлем) бетті жауып тұруы және көз алдында ені кемінде 10 см тесілген болуы керек. Бетке арналған ашық шлемдерге рұқсат етілмейді. Осы қағиданың 33-бабы 1-4-тармақтарына сәйкес шлем де, көзге арналған тесіктің ұзындығы да еш өзгермейді.

2. Шлемнің бауы жаттығу және жарыс кезінде немесе трасса ішінде басқаша қатты жабылуы тиіс.

3.Жарыс кезінде, жарыс немесе айналым басталғанға дейін, жарыс басталысымен немесе жарысушы жарысты немесе айналымды мәре сызығын кесіп аяқтаған кезде, егер қандай да бір себеппен шлем жоғалса, жарысушы осы жарыстан немесе айналымнан бас тартты деп есептеліп, мәреге жетпеді (МЖ) деп сыныпталады.

4. ҚВСФ жарысушылардың келесі қорғаныс элементтерін өздерімен ұстауына қатаң кеңес береді:

- 1) арқаны, шынтақты, тізені және иықты қатты материалдан қорғауға;
- 2) мойын омыртқаның айналасын қорғауға.

312-бап. Веломайкалар

1.Веломайкілер кең пішілген, ұзын жеңді, жарысушының қол білезігіне дейін жететіндей болуы керек. БМХ-та киілетін майкілер БМХ-ке, мото-кроссқа немесе жылдам түсетін маунтинбайкке арнап, арнайы дүкендерде сатылатын үлгіде болуы тиіс. Осы баптың талаптарына сәйкес болғанда, осы үлгідегі тоқыма бұйымдарды шығару тәсіліне рұқсат етіледі.

2.Тасжолдағы спорт түрінің веломайкілері, комбинезондар майкі мен шортиден тұратын тұтас костюмді БМХ жарыстарда киюге рұқсат етілмейді, сондай-ақ жағасында өте қысқа сыдырмасы (сыдырманың ұзындығы кемінде 10 см-ге рұқсат) барларынан басқа, сыдырмалы майкілерге де рұқсат етілмейді. Майкілер белге қатты жабысып тұруы керек немесе бөгет жасамау үшін жарысқа дейін штанның ішіне кигізілуі керек.

3.UCI регламентінің 1.3.059-бабына сәйкес БМХ бойынша Әлем чемпионаттарына (Чемпионат, Мастерс және Челендж санаттары) қатысатын жарысушы ұлттық БМХ майкіні киюі керек, ол UCI регламентінің 1.3.056-бабына сәйкес және одан әрі командадағы серіктестерінің майкасымен сәйкес болуы керек.

4. Жалғыз рұқсат етілген өзгеріс, майкіде жарнама болуы мүмкін.
5. Ұлттық майканы жарысушы жарыс кезінде, марапаттау, баспасөз мәслихаты, ТВ-сұхбат, қолтаңба беру және бұқаралық ақпарат пен көпшілік үшін танымалдықты талап ететін басқа қызмет кезінде кигені жөн.
6. Ұлттық майкіге қатысты ереже осы қағиданың 41,42 - баптарында және 43-баптың 1-3-тармақтарында жазылған.
7. Әлем чемпионының майкісі UCI-мен келісілуі тиіс және оның дизайны UCI регламентінің 1.3.060-1.3.067 баптарына сәйкес реттеледі.

313-бап. Штандар (іш киім)

1. БМХ-ғы штандардың міндеті – жарақаттан қорғау және оны болдырмау. Бұл міндет ұзын штанмен, болмаса қажетті тізеқап пен балтырды қорғап, киілетін қысқа штандармен іске асады. Мұндай ұзын және қысқа штандар БМХ, Мотокросс немесе МТБ –жылдам түсу сияқты спорт түрлеріндегі қорғанысты қамтамасыз ету үшін арнайы әзірленіп сатылады. Осы баптың талаптарына сәйкес болғанда, осы үлгідегі тоқыма бұйымдарды шығару тәсіліне рұқсат етіледі.
2. Ұзын штандар. Жоғарыда жазылған ұзын штандар кең пішілген, тұтас және жыртылмайтын материалдан жасалуы тиіс. Олар бәтеңкеден немесе балтырдан жоғары екі аяқтың бүкіл бойын қамтуы тиіс.
3. Қысқа штандар. Жоғарыда жазылған қысқа штандар кең пішілген, тұтас және жыртылмайтын материалдан жасалуы тиіс. Оларды бүкіл тізені және тобықтан жоғары, балтырды жауып тұратын тізеқаппен бірге кию керек. Тек қана тізені немесе балтырдың жоғарғы жағын ғана жабатын тізеқаптар қабылданбайды. Мұндай тізеқаптар БМХ, Мотокросс немесе МТБ –жылдам түсу сияқты спорт түрлерінде тізе буын және бүкіл балтырды қорғау үшін арнайы пішіліп, тігіледі және сатылады және оның ұзындығы бәтеңкеден немесе балтырдан аз ғана жоғары болады.
4. Жабысып тұратын созылмалы тығыз материалдан тігілген штандар мен шортиларға рұқсат етілмейді, себебі мұндай материал тез жыртылады. Мұндай штандар мен шортилер немесе лосиналарды тек қана рұқсат етілген ұзын немесе қысқа штандармен, немесе рұқсат етілген тізе мен балтырға арналған қорғаныс құралдарымен киюге немесе қорғаныс құралының бөлігі ретінде оның ішінен киюге болады. Мұндай материалды жеке өзін қорғаныс элементі ретінде қарастыруға болмайды.

314-бап. Қолғаптар

Барлық жарысушылар жүріп келе жатқанда немесе трассадағы жарыс кезінде жарысушының бүкіл саусақтарын толық жауып тұратын қолғап киюі тиіс.

315-бап. Аксессуарлар

1. Жеке экипировка жиынтығында кез келген қосымша аэродинамикалық аксессуарлардың болуына тыйым салынады.
2. Жарыс кезінде камераларға рұқсат етілмейді. Олай болмағанда, кез келген қауіптен сақтану үшін камералардың дұрыс бекітілуі үшін жарысушылар жеке жауап береді. ҚВСФ тек қана телевизиялық компаниялардың пайдалануы үшін камераларды орнатуға қатысты шешім қабылдайды.
3. Камераларды орнату үшін металдан жасалған тұрақты бекітпеге тыйым салынады, жабысқақ лентаны немесе Velcro жабыспағын пайдалануға рұқсат етіледі.
4. Жарысушылар тек қана «Чемпионат» деңгейлі санаттағы камераларды (жоғарыда көрсетілгендей) қолдануы мүмкін.

5.Жарысқа қатысушыларға радиобайланысты немесе кез келген қашықтық құралдарын пайдалануға болмайды.

41-тарау. БМХ ЖАРЫСУШЫЛАРДЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ

316-бап. Қатысушылардың нөмірлері

1.Жарыс кезінде жарысушылар UCI-дің регламентінің 1.3.047 және 1.3.048-баптарына сәйкес нөмірлер бойынша сәйкестендіріледі.

2.Халықаралық жүйедегі тұрақты нөмірлерге қатысты ережеге қарамастан, жарысушы әр жарыста бір реттік нөмірлер алады.

3.Жарысқа жіберілген кез келген велосипедтің алдында, рульге бекітілген нөмірі болуы тиіс.

4. Нөмірлік жапсырмалар пластиктен немесе қандай да бір майысқақ материалдан жасалуы керек.

5. Жарысушылар тиісті санаттар бойынша мынадай нөмірлер мен жапсырмаларды пайдалануға міндетті:

А) «Чемпионат» деңгейінде:

1) Ерлер және әйелдер – ақ жапсырма, қара нөмір.

2) Юниорлар мен юниор қыздар – қара жапсырма, ақ нөмір;

Б) Челендж деңгейінде:

1) ерлер, ұлдар, мастерс: сары жапсырма, қара нөмір;

2) қыздар,әйелдер: көк жапсырма, ақ нөмір;

3) Крузер: қызыл жапсырма, ақ нөмір.

6.Егер фотофиниш жүйесі жұмыс істесе, онда техникалық гид талап етсе, велосипедтерге руль тұрбасының артқы жағынан нөмірлері бар жапсырмалар (стикерлер) бекітіледі. Нөмір қара жапсырмада ақ түсті болуы керек.

7.ҚВСФ-нің аясында өтетін велосипед спорты –БМХ-тан барлық жарыстарда жарысушылар, аталған Қағиданың ережелеріне сәйкес өздеріне берілген нөмірлерді тағуға міндетті. Бұл Қағиданы бұзған жарысушы стартқа жіберілмейді немесе егер бұл бұзушылық жарыс немесе айналым басталғаннан кейін байқалса, төмендетіледі.

8.Нөмірі бар жапсырманың айналасына, нөмірдің анық көрінуіне кедергі келтіретін таңбалар, жапсырма және басқаларды жазуға рұқсат етілмейді. Нөмірді кесуге, умаждауға немесе оған қосымша жапсырмалар жабыстыруға немесе суреттер салуға болмайды.

317-бап. Тұрақты нөмірлердің халықаралық жүйесі

1. 6.1.0096-6.1.098 нөмірлердің талаптары UCI-дің регламентіне сәйкес

42-тарау. БМХ ЖАРЫС РИТМ ТРЕК

1.Ритм-трек - бұл әртүрлі өлшемдер мен формадағы толқындар мен қиын бұрылыстардан тұратын трек (трасса). Толқындар мен бұрылыстар педальді басудан емес, ал жылдамдықты үдете түсу үшін велосипедті әрлі-берлі теңселтуге пайдаланылады. Ритм-трек техникалық машықтарға жауап беретіндей етіп жасалған. Ритм-тректегі жылдамдық педальді басудан және гравитациядан емес, велосипедті теңселтуден пайда болады. Педальді басуға ықпал ететін үлкен жазық секциялардан аулақ болу керек.

2. Осы қағиданың 256 - бабының 2-4-тармақтарына сәйкес жазылған жас санаттары.

318-бап. Құрал-жабдықтар

1.Ерлер және әйелдер үшін қажетті дөңгелектің ең аз диаметрі 20 дюйм.

2.Басқа санаттарда одан кіші диаметрдегі дөңгелектерді пайдалануға болады.

- 3.Велосипедте кемінде 1 артқы тежегіш болуы керек;
- 4.Кез келген автоматты беріліс коробкасы, педаль моторы немесе қозғалтқышы бар велосипедтерге рұқсат етілмейді;
- 5.басқа жарысушыларға (мысалға пәги) кедергі келтіретін велосипедтен шығып тұрған, қандай да бір бөліктерге рұқсат етілмейді;
- 6.Жарысушыларға олардың аяқ киімі бұғаттау жүйесі арқылы педальға бекітілетін, байланыспалы педальдарды қолдануға рұқсат етілмейді. Тек қана жазық бұғаттау жүйесі жоқ педальдарға ғана рұқсат.

319-бап. Киім және қорғаныс аксессуарлары

- 1.Барлық жарысушылар мынадай киім және қорғаныс аксессуарларын қолдануы тиіс:
 - шлемді жарыс кезінде де, сол сияқты жаттығу кезінде де дұрыс кию қажет. Ашық шлем міндетті, ал жабық шлем кию қатаң түрде ұсынылады;
 - велосипед майкасы міндетті. Ұзын жеңді, шынтақ қапшалары бар майкаларды кию ұсынылады;
 - велотуфлилер міндетті. Сандал немесе басқа ашық киім киюге рұқсат етілмейді.
 - жабық қолғап кию ұсынылады.
 - ұзын штандар және/немесе тізені қорғау қатаң талап етіледі.

320-бап. Трасса

- 1.Ритм-трек старт және мәремен, болмаса жабық контурлы конструкциямен анықталады. Ритм-тректе ауа-райының жағдайын және эрозияны көтеретіндей, өлшемі шағын, үсті қалың болу ұсынылады.
- 2.Жалпы алғанда, ритм-трек тегіс жерде немесе қалыпты ылдида болуы тиіс. Ол толқындардың комбинациясы мен вираждарды қамтиды. Дизайны еркін және онда педальмен жұмыс істеуден гөрі тиімді болатын төбе мен ылдидан тұруы тиіс. Педаль тебу артықшылық болмау керек.

321-бап. Жарыстардың форматы

- 1.Жарыс еркін жаттығудан, уақытқа біліктілік жарысынан және шығып қалу жарысынан тұрады.
Жарыс ресімі: жарысушылар сөре/ мәре сызығынан кемінде 10 м жерде аяғымен тұрады. Сөре нүктесімен сөре/мәре сызығы арасындағы қашықтық жеткілікті төбелерден және тез жылдамдық алу үшін (педальді тебусіз) бұрылыстардан тұруы тиіс. Старт орны белгіленген тік бұрышты алаң, онда ұзындығы және ені бойынша велосипедтер жақсы орналасатындай болуы керек. БМХ-тің қалыпты старт қақпасы, егер бар болса, оларды да БМХ старттың автоматты ресімінсіз (жарықсыз және дыбыссыз) жарысушы үшін бір аяғы жерде тұрып, пайдалануға болады. Старт ресімі туралы хабарламада стартердің «Жарысушылар дайындал» деген ауызша сөзі болуы тиіс.

322-бап. Еркін жаттығу

- 1.Еркін жаттығу жарыс басталардан бір күн бұрын немесе сол жарыс өтетін күні болуы мүмкін. Еркін жаттығудың уақыты жарыс кестесіне байланысты болады.

323-бап. Біліктілік/ уақытша жарыстар

- 1.Біліктілік әр жарысушының бір немесе бірнеше уақытша жарысынан тұруы мүмкін, ол мынадай екі форматта өтеді:

-жүріп келе жатып айналым жасау: жылдамдық алады, жарысушы сөре/ мәре сызығындағы уақытша белгіні өтсе болды, уақыт есептеле бастайды, тағы да сол белгіні жарысушы өтсе, уақыт тоқтайды;

- орнында тұрып старт алу: жарысушы бекітілген нүктеден немесе старт құрылғысынан старт алса, уақытты есептеу басталады және жарысушы мәре сызығын кесіп өткенде, уақыт тоқтайды.

2. Уақытқа жарыс жеке болуы мүмкін, себебі ашық сессия форматында өткізіледі.

Уақытқа жарыстың старт тәртібі былайша анықталады:

A: жарысқа қатысу үшін жарысушылар тіркелген тәртіпке сәйкес немесе

B: жарыстың осы серияларындағы жалпы рейтинг бойынша.

-алдымен, әйелдер жүреді, сосын ерлер жүреді.

-әр жарысушы кемінде уақытқа 1 жарыс өткізуі тиіс;

Уақытқа барлық жарыста старт міндетті болады.

3. Басқа да біліктілік форматтарына рұқсат етілген. Ол форматтар техникалық басшылықта (ережеде) жазылуы тиіс.

4. Біліктілік Формула 1: жарысушыларға 2 сағат ішінде трассада жүруге рұқсат.

Айналымдағы әр уақыт есептеледі. Ең тез жеке айналым біліктілік уақыты болып саналады.

5. Егер жарысушы трассаны қысқартса, онда сол жарысушы мәреге жетпеді (МЖ) деп саналады. Трассаның параметрлерін бас төреші белгілейді және біліктілік күні барлық жарысушыларға хабарланады. Бұл - әртүрлі параметрлік сызықтары бар, әсіресе ритм-тректе маңызды.

6. Егер жарысушы жарысты толық аяқтамаса, ол мәреге жетпеді (МЖ) деп саналады және жарыстың бұл кезеңінде соңғы орын алады.

7. Бас төреші жарысушыны шеттетуге туралы соңғы шешім шығарады.

Уақытқа жарыстың дәрежесі жарысушының дара жарысындағы ең тез уақытпен немесе егер уақытша бірнеше жарыс өткізілсе, барлық жарыстардың уақыт сомасымен анықталады.

-әр санаттағы ең жылдам 32 жарысушы шығып қалу жарысына өтеді;

-егер санатта 31 жарысушы және одан аз болса, онда 16 ең жылдам жарысушы шығып қалу жарысына өтеді;

-егер санатта 15 жарысушы және одан аз болса, онда 8 ең жылдам жарысушы шығып қалу жарысына өтеді;

-егер санатта 7 жарысушы және одан аз болса, онда 4 ең жылдам жарысушы шығып қалу жарысына өтеді.

324-бап. Шығып қалу жарысы

1. Негізгі жарыс, шығып қалу жарысынан тұрады. Біліктілік бойынша іріктелген жарысушылар жарыстың негізгі жарыстарына өтеді.

2. Іріктеу жарыстарында төменде көрсетілген жарыстың форматтары пайдаланылуы мүмкін.

3. Жарысушылардың жұбы біліктіліктен кейінгі олардың рейтингі бойынша анықталады. Ең жылдам жарысушы (1 орын) ең баяу жарысушымен (8-ші, 16-шы, 32 орындағы) кездеседі.

4. Әр жарыстың ең жылдам жарысушысы келесі раундқа өтеді, финалда жарысатын тек екі жарысушы қалады.

5. Жарыстың негізгі жарыстары төрт форматта өткізіледі:

Бірде бір – «із кесу»;

Бірде бір - «дуал»;

Жеке «соло» жарысы;


Ашық сессия.

325-бап. Бірде бір – «із кесу»;

1.Ритм-трек бір немесе екі синхрондаудың (трассаның жоспарына қарай) хронометражды құрал-жабдығының/құрылғының блогімен жаратандырылады. Хронометражды құрал-жабдықтың блогі бас төрешімен байланысу үшін орналастырылады.

- жарысушылар бір уақытта әртүрлі позициядан жарысқа шығып, тректегі жарыстарын орындайды және бір бағытта қозғалады;
- жарыстағы біліктілік уақыты ең тез жарысушы старт позициясын (1 немесе 2) таңдауға басымдық алады;
- Жарысушы старт сызығында бір аяғымен жерде тұруы тиіс;
- уақытты есептеу жарысушы сөре/ мәре сызығын кесіп өткенде басталады және оны тағы да солай кесіп өткенде уақыт тоқтайды;
- ең жылдам жарысушы келесі раундқа өтеді;
- егер жарысушы толық айналымды аяқтамаса, ол қайталама жарыссыз, мәреге жетпеген (МЖ) болып саналады.

Тректің сызбасы және жарыс:




326-бап. Бірде бір - "дуал"

1.Ритм-трек бір синхрондаудың хронометражды құрылғымен немесе екі старт блогімен жаратандырылады (ұсынылады). Хронометражды құрал-жабдық бас төрешімен байланысу үшін орналастырылады:

- жарысушылар тректе бір уақытта жарысады;
- жарыстағы біліктілік уақыты ең тез жарысушы старт позициясын (1 немесе 2) таңдауға басымдық алады;
- жарысушы старт сызығында бір аяғымен жерде тұруы тиіс.
- жарыс старт тетігі уақытты қосқан сәттен басталады және жарысушылар мәре сызығын кесіп өткенде уақыт тоқтайды.
- мәре сызығын бірінші болып кесіп өткен жарысушы келесі раундқа өтеді.
- тректің дизайнына қарай, бір жарыстың шеңберінде шығып қалумен, бұл форматта 2 жарыс өтеді (бас төреші анықтайды).
- 1-ші жарыс: Ең жылдам уақыт көрсеткен жарысушы сол жақтан, екіншісі оң жақтан шығады.Екеуі бір уақытта тректегі жарысқа шығады және екеуі де уақыт көрсетеді. Уақыттың ең көп айырмасы (айыппұл) және 1.5с құрайды (егер жарысушы құласа).

- 2-ші жарыс: Жарысушылар трассаны ауыстырады. Жарысушылар бір уақытта тректе екінші рет жарысады және екеуі де екінші рет уақыт көрсетеді;
- бір жарысушының (сол және оң трассадағы) уақыттарының қосындысы, жарысушының жалпы уақытын анықтайды;
- ең жылдам қосынды уақыт көрсеткен жарысушы жарыста жеңімпаз атанып, келесі раундқа өтеді.

Тректің сызбасы және жарыс:



327-бап. «Соло» жарыстары

- 1.Ритм-трек хронометражды құрылғының бір блогімен жарақтандырылады.
- 2.Хронометражды құрал-жабдық бас төрешімен байланысу үшін орналастырылады:
 - 2 жарысушы бөлек сол тректе, бір-біріне қарсы жүріп жарысады.
 - жарысушы старт сызығында бір аяғымен жерде тұруы тиіс.
 - біліктілікте немесе алдыңғы жарыста баяу уақыт көрсеткен жарысушы, бірінші болып сөреден шығады.
 - жарысушыларда уақытты көрсету үшін бір (1) ғана жарыс бар.
 - ең жылдам уақыт көрсеткен жарысушы келесі раундқа өтеді.
 - егер жарысушы толық айналымды аяқтамаса, ол қайталама жарыссыз, мәреге жетпеген (МЖ) болып саналады.

328-бап. Жарыстардың тәртібі

- алдымен әйелдер жарысы, сосын ерлер жарысы, 32 жарысушыдан.
- алдымен 32 жарысушыдан жарыстар.
- 16 жарысушыдан жарыстар, 8 жарысушыдан жарыстар.
- жартылай финал.
- әйелдердің кіші финалы.
- ерлердің кіші финалы.
- әйелдердің үлкен финалы.

-ерлердің үлкен финалы.

329-бап. Ашық сессия

1.Бұл форматта өткізу үшін хронометраждың белсенді транспондер жүйесі және экран керек.

330-бап. Біліктілік сессиясы

-трасса сессияның бекітілген және алдын ала анықталған уақытында ашық болады (сессияның ұзақтығы айналымды өтудің орташа уақыты, трассаның орналасуына қарай болады).

-бірінші жарыстың (сессиядағы) сөрелік тәртібі жарысушының нөмірімен анықталады.

-сессия кезінде жарысушылар қанша айналым жүргісі келсе, сонша айналымды жүре алады.

-жарысушының ең тез айналымы есепке алынады.

- ашық сессиядан кейін 32 ең жылдам жарысушы шығып қалу сессиясына өтеді.

- егер ашық сессияға 31 және одан аз жарысушы қатысса, онда ең жылдам 16 жарысушы шығып қалу сессиясына өтеді.

- егер ашық сессияға 15 және одан аз жарысушы қатысса, онда ең жылдам 8 жарысушы шығып қалу сессиясына өтеді.

- егер ашық сессияға 7 және одан аз жарысушы қатысса, онда ең жылдам 4 жарысушы шығып қалу сессиясына өтеді.

331-бап. Шығып қалу жарысы

1.Трасса сессияның бекітілген және алдын ала анықталған уақытында, есепке алу уақытында ашық болады (сессияның ұзақтығы айналымды өтудің орташа өту, трассаның орналасуы және жарысушылардың санына қарай болады).

-Бірінші жарыстың (сессиядағы) сөрелік тәртібі біліктілік сессиясының нәтижелерімен анықталады. Біліктіліктегі ең жылдам жарысушы әр раундта және сессияда бірінші болып жарысқа шығады.

-Ең жылдам үздік 32-16 жарысушы келесі раундқа өтеді.

- Ең жылдам үздік 16-8 жарысушы келесі раундқа өтеді.

- ширек финалда – 4 ең тез жарысушы жартлай финалға өтеді.

-жартылай финалда – 2 ең жылдам жарысушы үлкен финалға өтеді.

2 баяу жарысушы кіші финалға өтеді.

332-бап. Финал

1.Кіші финал – 2 жарысушы, бір жарыстан – ең жылдам жарысушы 3-ші орын алады.

2. Үлкен финал - – 2 жарысушы, бір жарыстан – ең жылдам жарысушы жалпы есепте жеңімпаз атанады.

43-тарау. БМХ ФРИСТАЙЛ

333-бап. БМХ Фристайл бойынша жарыстар

1. БМХ Фристайл бойынша жарыстар – төрешілері бар жарыс, онда жарысушылар жарыс бағдарламасын орындау кезінде өз шеберліктерін көрсетіп, ұпай алады, яғни бір немесе бірнеше әртүрлі көп маневрлар жасайды, оны «трюк» деп атайды.

2. Осы Қағидаға сәйкес, егер басқаша көзделмесе, БМХ Фристайл бір немесе екі әртүрлі БМХ Фристайл мамандыққа да жатқызылуы тиіс:

- БМХ Фристайл Парк;

БМХ Фристайл Флэт.

3. Бұл қағида, егер басқаша көзделмесе, БМХ Фристайлдің екі мамандығына да қолданылады.

4. БМХ Фристайл бойынша жарыстар, жарыс болып саналмағандықтан, «Велосипед спортын жалпы ұйымдастыру» атты ҚВСФ Қағидасының бірінші бөлігіндегі элементтер ғана осы Қағиданың тарауларындағы 40-43-баптарында арнайы көрсетілді.

«БМХ Фристайл бойынша жарыстар» БМХ Фристайлдан жарыстарға ғана қатысты қолданылады.

5. Егер «жарыс» немесе «жарыстар» деген сөздер, БМХ Фристайл бойынша жарыстарға қатысты ҚВСФ Қағидасының кез келген басқа бөлігінде қолданылса, мұндай сөздерді жарысты сипаттау немесе БМХ Фристайл бойынша жарыстар үшін қолданған жөн. Басқаша айтқанда, «жарыс» немесе «жарыстар» деген сөздер өзара бір-бірін алмастыру үшін қолданылады.

6. БМХ Фристайл бойынша маусым 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

334-бап. Қатысушылардың жасы.

1. Халықаралық күнтізбедегі жарыстарға қатысу үшін жарысушылардың санаты жасы бойынша анықталады. Жарысушының жасы осы қағиданың 3-бабының 1-тармағында көрсетілгендей, оның туған жылы мен жарыс жылы арасындағы айырмамен анықталады.

335-бап. Жарысушылардың жас санаты

1. БМХ Фристайл бойынша жарыстар үшін жарысушылардың екі деңгейлі жас санаты белгіленген.

336-бап. Санаттарды біріктіру

БМХ Фристайл Парк

1. БМХ Фристайл Парк бойынша жарыстар, тек қана 5 немесе одан көп жарысушы тіркеу және растау ресімдерін аяқтаған санаттар үшін өткізілуі тиіс. Егер санатта 5-тен аз қатысушы тіркелсе және расталса, онда бұл санат жарыс ұйымдастырушысының ұйғарымымен басқа санатпен біріктіріледі.

2. Егер қажетті 5 жарысушы жарысушыларды растау барысында тіркелген және расталған болса, онда бұл санат қандай да бір себеппен стартқа 5-тен кем жарысушы шықса да, қатысатын болады.

БМХ Фристайл Флэт

1. БМХ Фристайл Флэт бойынша жарыстар үшін жоғарыдағы БМХ Фристайл Парк жарыстарға арналған ресімдерді орындау қажет. Алайда, осы санаттағы жеке жарысты өткізу үшін қажетті ең аз жарысушы саны растау ресімдерінен кейін 3 жарысушы тіркеліп, расталуы тиіс.

337-бап. Қатысушы паспорты

1. БМХ Фристайл бойынша жарыстарға әрбір қатысушының қатысушы паспорты болуы тиіс.

2. Қатысушы паспортында жарысушының санаты көрсетіледі.

338-бап. БМХ Фристайл бойынша жарыстардың күнтізбесі және ұйымдастыру

1. Осы пәнде өсуді ынталандыру үшін одан әрі хабарлағанға дейін тыйым салынған жарыстар бабы қолданылмайды. Дегенмен, ҚВСФ айыппұл салмаған немесе оның құрамына кіретін өңірлік федерациялардың жарысқа қатысатын, қатысушы паспортының иегерлері мұны тәуекелге барып жасайды, оның өңірлік құрамына кірмейтіндер мұндай қатысудың кез келген салдарына жауап бермейді.

2. БМХ Фристайл бойынша жарыстардың республикалық күнтізбесі, БМХ Фристайл Парк пен БМХ Фристайл Флэт бойынша жарыстардан тұрады.

339-бап. Ұйымдастырушылардың және қатысушы паспорты бар басқа иегерлердің міндеттемесі

1. БМХ Фристайл бойынша жарыстарды ұйымдастырушылар мен қатысушы паспорты бар басқа иегерлер осы Қағиданың баптарында жазылған міндеттер мен міндеттемелерге ие болады.

2. БМХ Фристайл бойынша жарыстарды ұйымдастырушылар, егер жарыстың техникалық басшылығында бұл шек хабарланса, онда кез келген санатқа өтінім санына шектеу қою туралы шешім шығарады. Олай болмағанда, ұйымдастырушы осы Қағиданың 9-бабының 1-тармағында белгіленген ережелерге сәйкес, қатысушы паспортының кез келген иесінен өтінім қабылдауы тиіс. Сол сияқты, ұйымдастырушы қолданылуы мүмкін осы Қағиданың басқа ережелеріне қарай, тіркеуден өткен жарысушыны жарысқа қатыстырудан бас тарта алмайды.

3. Ұйымдастырушы техникалық басшылықта мерзімі көрсетілген жарысушылар ресми расталғаннан кейін, қандай да бір өтінімді қабылдай алмайды. Жарыстың бас төрешісі даулы мәселелер туындаса, шешім қабылдайды.

4. Техникалық нұсқаулықты немесе жарыстың бағдарламасын білмеу, кез келген жарысушы немесе қатысушы паспортының иесі үшін сылтау боп табылмайды.

340-бап. Трасса және қауіпсіздік

1. Ұйымдастырушы тиісті қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мемлекеттік билік органдарымен тиімді ынтымақтастықты ұйымдастыруы тиіс.

2. Тиісті құқықтық және әкімшілік ережелер мен міндеттерге сәйкес бәрінің жағдайын ойластыруы керек, ұйымдастырушы трасса немесе жарыс өтетін нысан кімнің болсын (жарысушы, қызмет көрсетуші персонал, ресми тұлғалар, көрермендер және т.б.) қауіпсіздігіне белгілі бір қауіп тудыратын орындар мен жағдайларды қоспауға кепілдік береді.

3. ҚВСФ немесе оның құрамындағы өңірлік федерациялар, қандай да бір жазатайым жағдайлар кезінде, трассаның немесе нысанның ақаулары үшін жауап бермейді. Бұған тек ұйымдастырушылар жауап береді.

4. Жарысушылар осы Қағиданың 6-тарауында белгіленген, трассамен/жарыс нысанымен алдын ала танысады.

5. Ұйымдастырушы тиісті медициналық қызметпен қамтамасыз етуі тиіс.

6. Ұйымдастырушы жарысушыларды медициналық қызметпен қамтамасыз ету үшін бір немесе бірнеше дәрігерді тағайындауы тиіс.

7. Ауруханаға тез жеткізу қызметі де қолжетімді болуы тиіс. Ең аз дегенде, жарыс өтетін жерде бір жедел жәрдем машинасы тұруы немесе қолжетімді болуы тиіс.

8. Ұйымдастырушы жарыс басталғанға дейін қатысушы жарысушылар қандай да бір жарақат алған кезде, хабарласуға болатын ауруханалардың тізімін ұсынуы керек.

341-бап. Жұлделер

- 1.Жұлделер туралы барлық ақпарат бағдарламада немесе жарыстың техникалық нұсқаулығында көрсетілуі тиіс.
- 2.Егер жарысушылардың жарыстағы орнына әсер ететін және тиісінше жұлделер алу құқығына қатысты қандай да бір даулы сұрақ туындаса, шешім қабылдағанға дейін ұйымдастырушылар жүлдені бермейді.
- 3.Егер жарысушы жүлде алатын орнынан айрылса, жүлде бір ай ішінде ұйымдастырушыға қайтарылуы тиіс, содан кейін оны қайта бөледі. Бұл ереже сақталмаса, ұйымдастырушы істі ҚВСФ-ге береді. Жарысушы ҚВСФ-нің хабарламасынан кейін бір ай ішінде ҚВСФ-ге жүлдені қайтармаса, жарыстарға қатысудан автоматты түрде уақытша босатылады.
- 4.Егер арнайы басқаша көзделмесе, егер жүлдеге құқылы бір немесе бірнеше жарысушы шеттетілген жағдайда, біліктіліктегі келесі жарысушылар әрқайсысы бір орынға көтеріледі және жаңа орындарына сәйкес жұлделерді алады.

342-бап. Жарысушылармен жиналыс

- 1.Егер бірге жұмыс істейтін ұйымдастырушы мен төреші қажет деп тапса, жарысушылармен жиналыс өткізу туралы шешім қабылдайды. Егер бұл туралы техникалық нұсқаулықта жазылмаса, мұндай жиналыстың өтетін уақыты мен орны жарыс өткізілетін жерде (мысалы, жарыстағы жарысушыларға арналған аймақта ілінуі немесе хабарландыру жасау) хабарлануы тиіс.

343-бап. Жарысушыларды тіркеу және растау

- 1.Тіркеу барысын ұйымдастырушы бақылайды және техникалық нұсқаулықта жазылады.
- 2.Жарысушылар Ұйымдастырушы ұйымдастыратын тіркеу үдерісінен өту арқылы, БМХ Фристайл бойынша жарысқа қатысуға өтінім береді.
- 3.Жарысқа қатысуға өтінім беру дегеніміз - жарыс бағдарламасымен және техникалық нұсқаулықтағы барлық ережемен келісу деген сөз.
- 4.Жарысушылар тіркеуден өткенде, денсаулығы бойынша жарысқа қатысуға жарамды екенін растайды. Ұйымдастырушы немесе ҚВСФ денсаулығы бойынша жарысқа қатысуға жарамдылықты анықтау бойынша тексеруге жауап бермейді, бұл - жарысушылардың тек өз жауапкершілігі.

344-бап. Жарысушыларды растау

1. Жарысушыларды растау - бұл бас төрешінің жауапкершілігіндегі іс, ол бойынша өтінім берілген жарысушылар тіркеуден өтеді. Бас төреші жарысушының өтінімі рас па, жоқ па, соны тікелей шешуге құқылы.
- 2.Жарысушыларды растау техникалық нұсқаулықта көрсетілген мерзімде және орында өткізіледі.
- 3.Жарысушыларды растау кезінде әрбір жарысушы немесе оның өкілі, осы жарысқа қатысуға ниеттерін білдіруді растау үшін келуі керек.
4. Ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап, велосипед спортынан жарамды қатысушы паспорты болуы тиіс, оны жарысушылардың жеке басын растауды тексеру кезінде көрсетуі қажет.
- 5.Жарысушылар өздерінің бірінші ресми жаттығуына дейін толық тіркеуден өтуі керек; толық тіркелмеген жағдайда, олар жарыс өтетін жерге жіберілмейді.

6. Ұйымдастырушы тіркеу мен растау үдерісінен өткен, әр санат бойынша жарысушылардың соңғы тізімін бас төреші мен төрешілер алқасына тапсыруы қажет.
7. Жарысушыларды растау аяқталғаннан кейін ешқандай қосымша өтінімдер қабылданбайды. Сондай-ақ, тіркеуден өткен, бірақ растауға келмеген кез келген жарысушы өтінім тізімінен шығарылады және стартқа жіберілмейді.
8. Қатысушы паспорты тексерілмейтін және уақытша босатылған мәртебесі қандай да бір тәртіппен анықталмайтын жарысушы, жарысқа шықпайды және жарыс сыныптамасында көрсетілмейді.
9. Жарысушыларды растау аяқталғаннан кейін Бас төреші мен ұйымдастырушы, сөре парағын және жарысқа арналған жаттығу топтарын (егер ондайлар бар болса) жасайды.

345-бап. Сыныптама және нәтижелер

1. БМХ Фристайл жарыстары аяқталған соң, әр санат үшін нәтижелер (қорытынды сыныптама) марапаттау рәсіміне дейін, жарысты өткізу орнында жарысушыларға арналған аймақта ілінуі керек.
2. Егер жарысушыларды растау аяқталғаннан кейін қандай да бір санат біріктірілсе, аралас санаттың нәтижелері де жүлделер мен ұпайларды беру үшін бастапқы санатқа кері қарай бөлінуі тиіс.
3. Құзырлы органдардың қағидасын қолданудан туындайтын, қандай да бір өзгерістерге сәйкес жарысушылардың нәтижелерін есептеуде елеулі қателіктер кеткен болса, жарыс сыныптамасын ҚВСФ түзетуі мүмкін. Бұл тек жарыс өткеннен кейін 30 күн ішінде атқарылады.
4. ҚВСФ ұйымдастырушы мен қатысқан барлық қатысушыларға, қандай да бір түзету туралы хабарлауы тиіс.

346-бап. Марапаттау рәсімі

1. Барлық жарысушылар, өздерінің орындары, сыныптамасы және қатысуы бойынша техникалық нұсқаулықта жазылғандай, ресми салтанатты рәсімге қатысуы тиіс.
2. Егер басқаша көзделмесе, жарысушылар ресми салтанатты рәсімге өздері жарысқа қатысқан спорттық формамен келуі керек.

347-бап. БМХ Фристайлдан жарыстарды бақылау

1. БМХ Фристайлдан жарыс рәсімі бас төреші мен төрешілер алқасының бақылауында болады.
2. Ұйымдастырушы осы лауазымды тұлғалардың қолайлы жұмыс істеуі үшін барлық жағдайларды жасауға назар аударуы керек.
3. Бас төреші жарыстың директоры ретінде әрекет етеді және жарыстың спорттық шараларын бақылау үшін тағайындалады.
4. Төрешілер алқасы жарысқа қатысқан жарысушыларға қойылатын баға мен оларға ұпай беруге жауапты болады.
5. Бас төреші, төрешілер алқасы және ұйымдастырушының өкілдері жарысқа дейін кездесуі керек. Сондай-ақ, олар жарысушылармен болатын барлық жиналыстарға қатысуы тиіс.
6. Бас төреші белгіленген үлгідегі, жарыс туралы толық есеп дайындауы керек. Есепке мына құжаттар қоса беріледі:
 - сөрелік (старт) парақтары (жарысушылар расталғаннан кейін);
 - әр санат үшін түпкілікті нәтижелер;
 - техникалық нұсқаулықтың көшірмесі;

-жарысқа басшылық ету үшін қаблданған шешімдерді сипаттайтын кез келген коммюнике (мысалы, кестедегі өзгерістер).

348-бап. Бас төреші мен төрешілер алқасының құзыреті

1. Осы Қағиданың 31-бабы БМХ Фристайлдан жарысқа басшылық ету үшін тағайындалған бас төреші мен төрешілер алқасына қатысты қолданылады.

349-бап. Сыныптамалар

1. Осы Қағиданың 32-бабы БМХ Фристайл бойынша жарыстарға қолданылады.

350-бап. Спорттық форма (киім) және мүкәммалдар

1. БМХ Фристайл бойынша жарыста қолданылатын велосипедтер, велосипед спортының мұраттары мен қағидаттарына сәйкес болуы керек. Бұл мұрат велосипедшілердің жарыста тең дәрежеде қатысуын көздейді. Қағидат адамның машинадан артықшылығын көрсетеді.

2. БМХ Фристайл бойынша жарыста қолданылатын велосипедтер мен оның аксессуарлары БМХ Фристайлмен спорт түрі ретінде кімнің болсын пайдалануы үшін сатылатын тұрпаттағыдай болуы тиіс.

Құрал-жабдықтың сәйкестігін тексеру - бұл қатысушы паспорты бар әр жарысушының ісі.

3. Осы Қағиданың 33-бабы БМХ Фристайл бойынша жарысқа қолданылады.

4. Бас төрешінің пайымдауынша, жарысушының немесе басқа келген тұлғаның өміріне қауіп төндіреді деп санаса, кез келген құрал-жабдықты қатыстырмауға құқылы.

5. БМХ Фристайл бойынша жарыста қолданылатын велосипедтер, бірдей диаметрдегі екі дөңгелекті транспорт құралы болып табылады. Алдыңғы дөңгелегі басқарылатын болады; артқы дөңгелегі педаль және шынжыр арқылы жүйемен, электрдің немесе басқаның көмегінсіз басқарылады.

6. Дегенмен, БМХ Фристайл бойынша жарыста түрлі себептермен жарысушылар, өз велосипедінен шынжырды алып тастауға шешім қабылдауы мүмкін.

7. БМХ Фристайл бойынша жарыста қолданылатын велосипедтер, БМХ велосипедтері үшін алынатын тұрпаттағы сияқты болуы мүмкін. Бұл ереже тіреу нүктелерінің былайша болуын талап етеді: аяқтары педальда және қолдары рульде. Ершік тұрбасы ақаудың алдын алғанға дейін, ершік қажет емес.

8. Велосипедте оны ұстайтын және онымен кез келген жағдайда және толық қауіпсіздік үшін маневр жасай алатын руль болуы керек.

9. «Жастар» санатында өтінім берілген жарысушылардан басқа, БМХ Фристайл бойынша жарыста, барлық велосипедтер номиналды диаметрі 20 болатын тиісті дөңгелектермен жабдықталуы тиіс. Дөңгелектің жалпы диаметрі, үрленген шиналарды қоса алғанда, 22 2/1 (57 см) аспауы тиіс.

10. «Жастар» санатындағы жарысушылардың велосипедтері номиналды диаметрі 20-дан кіші өлшемдегі дөңгелектермен жабдықталуы тиіс; дегенмен, мұндай дөңгелектер номиналды диаметрі 16-дан кіші болмауы керек.

11. БМХ Фристайл бойынша жарыста қолданылатын велосипедтер, «колышки» деп аталатын втулканың осіндегі бір немесе бірнеше ұзартқышпен жабдықталуы тиіс, егер олар сенімді бекітілсе.

351-бап. Қауіпсіздік бойынша құрал-жабдықтар

1.Велосипед спорты үшін сертификаты бар шлемді кию осы Қағиданың 38-бабы 13-19-тармақтарында көрсетілген барлық санаттар үшін міндетті болып табылады. Бұл шлемді велосипедпен жүрген кезде барлық уақытта кию қажет. Тек қана шлемнің өндірушісі мақұлдаған аксессуарлар ғана оған бекітілуі тиіс.

2.Шлемнің белдігі мейлі ол жарыста ма, қыздырынууда ма, жаттығуда ма, велосипедпен келе жатқан кезде мықты етіп бекітілуі тиіс.

3.Жарысушыларға қатаң түрде мыналар ұсынылады:

а.арқасына, шынтағына, тізесіне және иығына «қорғану үшін протекторлар;

б. мойын омыртқасын қорғау.

4.Жастар санатындағы кез келген жарысушы тізесін міндетті түрде қорғауы қажет.

352-бап. Спорттық форма (киім)

1.БМХ Фристайл бойынша жарыста жарысушылар БМХ Фристайлге тиесілі дәстүрлі спорттық киімді киюі тиіс. Мұндай киім өзінің дизайны мен конструкциясына сәйкес жарысушыға қауіп (мысалы: өте бос киім велосипедке жабысып қалуы мүмкін) туғызбауы керек.

2.Сол сияқты мұндай спорттық киімде жапсырылған дизайн және жарнамада ұйымдастырушының, ҰФ, UCI немесе спорт түрі ретінде БМХ Фристайлдің жалпы имиджіне (беделіне) нұқсан келтіретіндей шағымдар немесе суреттер болмауы тиіс.

3.Әлем чемпиондарының экипировксына қатысты баптар БМХ Фристайл бойынша жарысқа да қолданылады.

353-бап. Жарысушыларды сәйкестендіру

1.Жарысушылар ұйымдастырушы ұсынған көрнекі сәйкестендіргіш (бұл жапсырмалар, білезіктер, кеудеге тағатын заттар немесе белдіктер болуы мүмкін) белгілерді үнемі тағып жүруі керек. Мұны орындамайтын жарысушылар жарыс орындарына бара алмайды немесе старттан босатылуы мүмкін.

354-бап. Қатысушылардың мінез-құлқы

1.Әрбір қатысушы өз атынан және өз қызметкерлері мен агенттерінің атынан қатысады және Қағида мен осы жарыстың техникалық нұсқаулығының барлық ережесін сақтауы тиіс. Әрбір қатысушы ұйымдастырушы мен тағайындалған лауазымды тұлғалардың нұсқамаларын, сондай-ақ қолданылуы мүмкін қандай да бір айыппұл санкцияларын назарға алуы керек.

2.Кез келген тіркеу парағына қол қоятын адам, Қағида мен осы жарыстың техникалық нұсқаулығымен таныстым және оны сақтауға міндеттенемін деп қол қояды.

3.Адал ойын және өзара құрмет - бұл UCI-дің БМХ Фристайл бойынша барлық жарыстарындағы міндетті екі қағидат.

355-бап. Айыппұлдар

1.Осы Қағиданың қандай да бір нақты ережелеріне кедергі келтірмей, БМХ Фристайл бойынша жарысты басқаруға тағайындалған бас төреші, қауіпсіздік пен мінез-құлықтың келесі стандарттарын бұзатын жарысушыны шеттетуге немесе жарысқа (стартқа) қатыстырмауға құқылы:

а) экипировка бойынша ережені сақтамағаны үшін;

б) жарыстың жарияланған бағдарламасын сақтамағаны үшін;

- в) жарыстың шектеулі рұқсат етілген аймағы мен уақытша шектеулерді сақтамағаны үшін;
 - г) жарыс кезіндегі старт тәртібін сақтамағаны үшін;
 - д) құрал-жабдыққа, спорттық нысанға немесе қоршаған ортаға саналы түрде залал келтіргені үшін;
 - е) Алкоголь немесе басқа тыйым салынған заттардың әсерінен жарысқа (кезеңіне қарамастан) қатысқаны үшін;
 - ж) теріс мінез-құлық көрсеткені үшін (мысалға: әдепсіздік, тіл тигізу, боғауыз сөз айту. дәрекілік көрсету);
- з) жарыстың әділ өтуіне кедергі келтіретін кез келген жаман қылық немесе спорттың, ұйымдастырудың немесе ҚВСФ-нің беделіне зиян келтіретін әдепсіздік үшін.
2. Бұл сұраққа қатысты қолданылатын тәртіптік жазалаудың кез келген басқа шараларына қарамастан, сөзбен немесе физикалық тұрғыдағы қатыгездікті қолдануға болмайды. Ол үшін жарысқа қатыстырылмайды немесе жарыс өтетін жерден дереу шығарылады.
3. Бұдан басқа, UCI Регламентінің 1.2.079-1.2.082 баптарында жазылған әдеп қағидасы қолданылады.
4. Бас төрешінің шеттету немесе жарысушыны стартқа жібермеу туралы шешімі қайта қаралмайды.

356-бап. Наразылықтар

1. Наразылық – бұл БМХ Фристайл Парк бойынша жарыстың кез келген кезеңінің нәтижелеріне қатысты жарысушының немесе команда өкілінің шағымы. Бас төрешінің немесе ұйымдастыру комитетінің шешіміне наразылық білдіруге болмайды.
2. Жарысушының жарыс кезінде бас төрешінің немесе төрешілер алқасының төрешілік шешімдеріне қатысты шағымдануына рұқсат етілмейді.
3. 356-баптың 1-2-тармақтарына қарамастан, егер жарысушы наразылық бергісі келсе, ұйымдастырушының берген наразылық үлгісін қолдана отырып, жазбаша түрде беруі тиіс. Наразылықтың толтырылған кез келген үлгісі шағымдануға алып келген нәтижелер жарияланған соң, он бес минут өткеннен кейін бас төрешіге берілуі тиіс.

44-тарау. БМХ ФРИСТАЙЛ ПАРК БОЙЫНША ЖАРЫСТАР

1. БМХ Фристайл Парк бойынша жарыстар шеңберінде жарысушылар уақыт бойынша жоспарланған жаттығуларды орындайды және өз жарысының күрделілігі мен орындалу сапасына, әртүрлі фпкторларға қарай бағаланады.

357-бап. Жарыстың форматы

1. Жарысқа қатысуға тіркелген жарысушылар сыныпталады және осы Қағиданың 335-бабында жазылғандай, өзінің жасы, жынысы және жарыс деңгейіне сәйкес БМХ Фристайл бойынша жарысқа қатысуға өтінім береді.
2. Әр санат үшін БМХ Фристайл бойынша жарыстар белгілі бір жарыстан және әр фазаның шегіндегі төменде көрсетілген кезеңдерден (біліктілік, жартылай финал, финал) тұрады.
3. БМХ Фристайл Парктен жарыстар үшін 4-6-ға дейінгі топтағы жарыстан тұрады. Егер 7 қатысушы өтінім берсе, 7 жарысушыдан тұрады.
4. БМХ Фристайл Флэттен жарыстар үшін жарысушылар жарысқа ұйымдастырылмайды. Ұйымдастырушының ұйғарымы бойынша бағдарламаға жарысушыларға демалыс пен қыздырыруды қамтамасыз ету үшін кезеңдік үзілістер болуы мүмкін.
5. Санаттағы кезеңдердің комбинациясы мен жарыстар өтінім санына байланысты болады және келесі кестеде көрсетілгенді қамтиды.

БМХ Фристайл Парктен жарыстар

Өтінім саны	кезеңдер	Іріктеу ережесі	Жарыс саны
5-8	2 кезең: біліктілік Финал	Біліктіліктегі алғашқы 4 жарысушы финалға өтеді.	Біліктілік: Төменде жазылғандай Финал: 1 жарыс 4 жарысушымен
9-15	2 кезең: біліктілік Финал	Біліктіліктегі алғашқы 8 жарысушы финалға өтеді.	Біліктілік: Төменде жазылғандай Финал: 2 жарыс 4 жарысушымен
16-31	2 кезең: біліктілік Финал	Біліктіліктегі алғашқы 12 жарысушы финалға өтеді.	Біліктілік: Төменде жазылғандай Финал: 2 жарыс 6 жарысушымен
31-ден көп	3 кезең: Біліктілік Жартылай финал Финал	Біліктіліктегі алғашқы 24 жарысушы жартылай финалға өтеді. Жартылай финалдағы алғашқы 12 жарысушы финалға өтеді.	Біліктілік: Төменде жазылғандай жартылай финал: 2 жарыс 6 жарысушымен Финал: 2 жарыс 6 жарысушымен

6.Жарыс саны: әр раундтағы жарыс саны жоғарыдағы кестеде көрсетілді. Біліктілік кезеңі үшін жарыс саны, барынша көп жарысқа 4 - 6 жарысушы қатысатындай етіп таңдалуы тиіс.

7.Барлық жарыста 6 жарысушыдан болмайтын кезде, қосымша кестеге сәйкес, кейбір жарысқа 4,5 немесе 6 жарысушы қатысады. Мүмкіндігіне қарай, жарыстар барынша көп жарысушымен болғаны дұрыс. Кез келген 6 жарысушы жоқ жарыс, жарыстың басында орындалады.

БМХ Фристайл Флэт бойынша жарыстар

Өтінім саны	кезеңдер	Іріктеу ережесі. Жарыс саны
3-4	1 кезең: Финал	Барлық өтінім берген жарысушылар финалға қатысады.
5-8	2 кезең: біліктілік Финал	Біліктіліктегі алғашқы 4 жарысушы финалға өтеді. 1 жарыс финалда 4 жарысушымен
9-15	2 кезең: біліктілік Финал	Біліктіліктегі алғашқы 8 жарысушы финалға өтеді. 2 жарыс финалда 4 жарысушымен

16-21	3 кезең: біліктілік Жартылай финал Финал	Біліктіліктегі алғашқы 12 жарысушы жартылай финалға өтеді. 2 жарыс жартылай финалда 6 жарысушымен. Жартылай финалдағы алғашқы 8 жарысушы финалға өтеді.
Больше 21	3 кезең: біліктілік Жартылай финал Финал	Біліктіліктегі алғашқы 16 жарысушы жартылай финалға өтеді. Жартылай финалдағы алғашқы 8 жарысушы финалға өтеді.

8.Өнер көрсету - бұл BMX Фристайл Парк бойынша жарыстағы жалғыз бірлік, онда жарысушы төрешілер бағалайтын әртүрлі трюктерден тұратын процедураны орындайды.

BMX Фристайл Парк бойынша жарыстар

- 1) Жарыстың барлық кезеңінде, әр жарыста әрбір жарысушы 2 рет өнер көрсетеді.
- 2) Осы Қағиданың 358 –бабында анықталған сөре тәртібіне сәйкес, әрбір жарысушы бір рет өнер көрсетуі тиіс. Сөре тәртібіндегі соңғы жарысушы әр жарыста өзінің бірінші өнерін көрсетіп болған соң, жарысушылар сол тәртіппен өздерінің екінші өнерін көрсетеді.

BMX Фристайл Флэт бойынша жарыстар

- 1) Жарыстың барлық кезеңінде, әр жарыста әрбір жарысушы 1 рет өнер көрсетеді. Осы Қағиданың 358 –бабында анықталған сөре тәртібіне сәйкес әрбір жарысушы бір рет өнер көрсетуі тиіс.

358-бап. Сөре тәртібі

BMX Фристайл Парк бойынша жарыстар

- 1.Біліктілік кезеңі шеңберінде жарысушылар жеребе бойынша жарысқа бөлінеді.
- 2.Дегенмен, егер жарыс серияның бөлігі болса, онда біліктілік кезеңіндегі сөре тәртібі осы сериялардың ағымдағы рейтингіндегі кері тәртіппен жасалуы тиіс; яғни жарысушылар рейтингі жоқ немесе төмен рейтингтегі жарысушыдан бастап, соңғы жарыстағы ең жоғары рейтингтегі жарысушымен аяқтайтын тәртіп бойынша жарысқа қойылады.
- 3.Бұл жағдайда, әр жарыста сөре тәртібі рейтингтің кері ретімен болады, әр жарыста ең жоғары рейтингі бар жарысушы бұл жарыста соңғы болып шығады. Рейтингі жоқ жарысушылар, жеребе бойынша бірінші жарысқа қойылады.
- 4.Сериядағы бірінші жарыс жағдайында, серияның алдыңғы маусымындағы финалдық рейтинг қолданылады.

BMX Фристайл Флэт бойынша жарыстар

- 5.Біліктілік кезеңіндегі сөре тәртібі егер сериялардың рейтингі қолданылмаса, жеребе бойынша жүргізіледі; бұл ретте біліктілік кезеңінің старт кезеңі қатысатын жарысушылар арасындағы саралаудың кері тәртібімен орындалады.
- 6.Рейтингі жоқ жарысушылар жеребе бойынша бірінші боп шығады.
- 7.Жартылай финалда (егер ол өткізілсе) сөре тәртібі, біліктілік кезеңіндегі нәтижелердің кері тәртібімен жасалады.

8. Финалда сөре тәртібі, алдыңғы кезеңдегі нәтижелердің кері тәртібімен жасалады.
9. Жарыстың әр кезеңінде жарысушылар әр жарыста ол басталардан кемінде 40 секунд бұрын қыздырынуға құқылы.
10. Жартылай финалда (егер ол өткізілсе) және финалда трассада (Паркте) немесе жарысушылар аймағында болмаған кез келген жарысушы, техникалық нұсқаулықта жазылғандай, стартқа 15 минут қалғанда, стартқа жіберілмейді. Олар осы кезеңде СШ («стартқа шықпады») деп бағаланады.
11. Егер бір немесе бірнеше жарысушылар жартылай финалда және финалда 358-баптың 10-тармағында жазылғандай, мерзімде себептермен жарысқа келмесе, олардың жарысы осы Қағиданың 357-бабы 2-7 тармақтарында жазылғандай қайта жасақталады. Егер бір немесе бірнеше жарысушы жарыстан алып тасталса (болмаса шеттетілсе, болмаса стартқа жіберілмесе), 6 толықтыру 6.009-бапта жазылғандай мерзім өтсе, жарыстар қайта жасақталмайды.

359-бап. Ұпайларды санау және нәтижелер

БМХ Фристайл Парк бойынша жарыстар

1. Жарысушының екі өнер көрсетуіндегі жұмысын назарға ала отырып, әрбір төреші әр жарысушыға 0.00 және 99.99 балл беруі тиіс. Әрбір жеке өнер көрсетуге жеке баға қойылмайды.
2. Алдын ала білктілікте (егер ол өткізілсе) және біліктілік кезеңінде төрешілердің берген бағалары, әр жарысушы үшін орташа қойылады; бұл орташа балл осы жарыстағы жарысушының екі өнер көрсетуіндегі жұмысына берілген ресми баға болып саналады. Жартылай финал мен финалдық кезеңде әр жарысушыға төрешілердің қойған бағалары орташа қойылады; қортынды баға - жартылай финал мен финалдық кезеңдегі екі жарыстың ең үздік бағасы.
3. Жарысқа 5 немесе одан көп төреші төрелік ететін болса, орта баллды шығарар алдында ең жоғары және ең төмен баға алып тасталады.
4. Әрбір төреші жарысушының барлық нәтижелерін ескере отырып, әр жарысушыға 0.00 және 99.99 балл беруі тиіс. Төрешілердің берген бағалары, әр жарысушы үшін орташа қойылады; бұл орташа балл осы жарыстағы жарысушының нәтижесінің ресми көрсеткіші болып саналады. Жекелеген төрешелердің баллдары келтірілмейді. Әрбір орташа балл 2 ондық белгіге дейін дәл көрсетіледі; бұл ұпайлардың шегінен асатын кез келген үлесі алып тасталады (нәтижелерді дөңгелектеуге болмайды).

360-бап. Үздік трюкке арналған жарыс

1. Жарыс ұйымдастырушысы ерлер және әйелдер санатындағы финалда үздік трюк үшін жүлде беру туралы шешім шығаруы мүмкін. Егер олай болса, бұл жөнінде жарыс бойынша техникалық нұсқаулықта хабарланады.
2. Егер үздік трюк үшін конкурс жоғарыдағыдай жазылған болса, онда әр жарысушыға арналған үздік трюк оның көрсететін екі өнерінен бөлек бағаланады. Бұл ретте, әр жарысушыға үздік трюк жасау үшін 2-5 талпыныс жасауға рұқсат етіледі. Үздік трюкке арналған конкурс, әр жарыстың соңында сөре тәртібімен орындалады.

361-бап. Жарысқа шықпаған жарысушылар және жарыстан шығару

1. Әр кезеңде бір немесе бірнеше жарысушы стартқа жіберілмейді немесе жарыстан шығарылады.
2. Егер жарысушы қандай да бір себеппен стартқа жіберілмесе немесе жарыстан шығарылса, немесе өзінің бірінші өнер көрсетуі басталғанша келмесе, ол осы кезеңге

арналған «сөреден шықпады» деп белгіленеді. Мұндай жарысушының жарыстың келесі кезеңіне өтуге құқығы жоқ.

3.Егер жарысушы бірінші немесе екінші рет өнер көрсеткен соң, жарыстан шығарылса, онда ол жарыстың осы кезеңінде сөреден шықты деп саналады және жарыстың (жарыстардың) негізінде шығарылғанға дейінгі ұпайларын алады.

4.Егер жарысқа қатысуға тіркелген жарысушы жартылай финалда немесе финалда жарыс өтетін жерге осы Қағиданың 358-бабы 10- тармағында айқындалған уақыт мерзімінде келмесе, «СШ» деген олардың белгісі, шеттетілді деп өзгертіледі, егер жарысушының мұндай келмеуі, олардың бақылауынан тыс жарақат немесе форс-мажор жағдай сияқты дәлелді себепсіз болса. Мұны дәлелдеп, ұйымдастырушымен байланысу жарысушының немесе оның өкілінің жауапкершілігі болып табылады.

362-бап. Әр кезеңнің нәтижелері

1.Әр кезеңде нәтижелер барынша үлкен саннан, төмен санға дейінгі ұпай түрінде қойылады. Теңдік жағдай осы Қағиданың 362-бабы 5-6-тармақтарына сәйкес рұқсат етіледі.

2.Біліктілік кезеңінде нәтижелер, іріктеу аяқталғаннан кейін 60 минут өткен соң, бірақ одан кешіктірмей ұсынылуы керек.

3.Жартылай финалда нәтижелер, жартылай финал аяқталғаннан кейін 30 минут өткен соң, бірақ одан кешіктірмей ұсынылуы керек.

4.Финалда нәтижелер, финал аяқталғаннан кейін 15 минут өткен соң, бірақ одан кешіктірмей ұсынылуы керек.

5.Тең болған жағдайда, төрешілер қатысқан жарысушылардың әрқайсысының жұмысын талқылап, теңдікті шешу үшін келесі рәсімді пайдалануы тиіс:

6.Төрешілер ақылдасқан кезде, бағалардың дұрыс екендігіне көз жеткізуі керек. Егер шешім қабылданбаса және теңдік әлі де бар болса, онда:

А) 3 және одан көп төреші болса:

1) жоғары және төмен баллдарды алып тастау және қалған баллдарды орташа ету; сосын

2) төмен баллды алып тастау және қалған баллдарды орташа ету; сосын

3) екі ең төмен баллды алып тастау және қалған баллды орташа ету.

Б) олай болмаса, бас төреші қандай жарысушының өнері үздік болғанын шешуі тиіс.

7.«СШ» (стартқа шықпады) деген белгісі бар жарысушылар әр кезеңге белгіленген нәтижелер жүйесінде сол кезеңдегі соңғы орынға қойылады.

8.Егер СШ деген белгісі бар бірнеше жарысушы, алдыңғы кезеңдегі олардың нәтижелері тәртібімен сөреден шыққан жарысушылардан кейін орналасады.

9.Егер бір немесе бірнеше жарысушы біліктілік кезеңінде сөреден шықпаса, олар шеттетілді (ШЕТ) деп саналады және жарыстың соңғы нәтижелерінде көрсетілмейді.

363-бап. Сыныптама

1.БМХ Фристайл Парк бойынша жарыстар аяқталғаннан кейін, оның барлық кезеңдерінің нәтижелері ескеріле отырып, осы жарыстың жалпы сыныптамасы былайша жүргізіледі:

1) Шеттетілгендерден басқа, финалға шыққан барлық жарысушылар финалдағы өздерінің бағалары бойынша (ең жоғарыдан, ең төменгі баллға дейін) орналасады. Финалдағы СШ жарысушылар осы Қағиданың 362-бабы 7-9- тармағында жазылғандай.

2) Егер жартылай финал өткізілсе, шеттетілгендерден басқа, жартылай финалға шыққан барлық жарысушылар, бірақ финалға шықпағандар, жартылай финалдағы өздерінің бағалары бойынша (ең жоғарыдан, ең төменгі баллға дейін) орналасады. Жартылай финалдағы СШ жарысушылар осы Қағиданың 362-бабы 7-9- тармағында жазылғандай.

3) Егер біліктілік кезеңдері өткізілсе, біліктілік кезеңінде жарысқа шыққан шеттетілгендерден басқа, барлық жарысушылар, өздерінің біліктілік кезеңіндегі бағалары бойынша, бірақ жарыстың келесі кезеңіне біліктілікке өтпегендер тәртібімен орналасады.

4) Егер алдын ала кезеңдер өткізілсе, алдын ала біліктілік кезеңінде жарысқа шыққан шеттетілгендерден басқа, барлық жарысушылар, өздерінің алдын ала біліктілік кезеңіндегі бағалары бойынша, бірақ жарыстың келесі кезеңіне іріктеуден өтпегендер тәртібімен орналасады.

364-бап. Төрешілік жүйесі

1. БМХ Фристайл Парк бойынша әр жарысқа 3-6 төрешіден (соның ішінде бас төрешіден) тұратын төрешілер алқасы тағайындалады. Олар бағалау талаптарына негізделіп, әр жарысушының жалпы өнерін дербес бағалауы тиіс.

2. Берілген баллдар бас төреші мақұлдағанша, ресми жарияланбауы керек.

3. Жарысушылар, олардың туысқандары, команда өкілдері, баспасөз өкілдері, көрермендер жарыс кезінде немесе баллдарды есептеу кезінде төрешілерге жақындамауы және сөйлеспеуі тиіс.

4. Төрешілер әр жарысушының бүкіл жұмысын көре алатындай позицияда жұмыс істейді.

5. Әрбір төреші өз бағаларын әділ және дұрыс қоюы керек. Төрешілер жарыс кезінде кез келген жарысушымен сөйлеспеуі тиіс.

6. Төрешілер бағаларды жарияланғанға дейін бір-бірімен өзара ақылдасуы керек.

7. Финалдан кейін төрешілер марапаттау рәсімі аяқталғанша, жарыс өткен орында қалуы тиіс. Одан басқа, төрешілер әрбір алдыңғы кезең нәтижелерінің тізімі жарияланғаннан кейін 15 минут ішінде жарыс орнында болуы керек.

8. Төрешілер кәсіби және мүлтіксіз жұмыс істеуі тиіс және бұл ретте стиль және бұрынғы өнері сияқты өзінің жеке ойын ысырып тастауы керек. Өнер көрсету кезіндегі әр жарысушының жұмысы, олардың тек артықшылығымен лайықты бағалануы керек.

9. Төрешілердің өзінің бағасын компьютерде немесе төрешілік парақта өзгертуге құқығы жоқ. Егер қате кетсе, тек қана бас төрешінің рұқсатымен өзгертуі мүмкін.

365-бап. Бағалау талаптары

1. Орындаудың жалпы құрамы маңызы болып саналады, себебі төреші трюктердің үздіксіздігін, тәуекел санын және жарысушының трассаны пайдалануын бағалайды. Төрешілер осы Қағиданың 365-бабы 2) және 3)- тармақшаларында, сондай-ақ 366 және 367-баптарында жазылғандай, құлау және тоқтау сияқты қателерді назарға алады.

БМХ Фристайл Парк бойынша жарыстар

1) Әр жарысушының өнері жалпы алған әсермен, бірақ мыналарды қоса алғанда, шектелмей бағаланады:

а) қиындығы (орындалған трюктарға ғана қатысты емес, сондай-ақ трасса шеңберінде бұл трюктардың орналасқан жері мен пайдаланған комбинациясына да қарай).

б) биіктігі (орындалатын трюктардың амплитудасы);

в) жылдамдығы

г) ерекшелігі (тәсілдер мен сызықтар) және жан-жақтылығы

д) стиль

е) прогресс

ж) трюктардың алуандығы (бұған стандарт эффектілердің жақсы сәйкестігі, ротация, сырғу...)

- з) тәуекел (қауіп) факторы
- и) жерге түсу.
- к) трассаны пайдалану,
- л) орындау.
- м) орындау.

БМХ Фристайл Флэт бойынша жарыстар

1) Әр жарысушының өнері жалпы алған әсермен, бірақ мыналарды қоса алғанда шектелмей бағаланады:

- а) қиындығы/ тәуекел.
- б) стиль;
- в) ерекшелігі (трюктар мен сызықтар) және жан-жақтылығы
- г) үздіксіздігі (тұрақтылық, маневрлардың баяу және бақылауда орындалуы);
- д) трюктардың алуандығы
- е) Трюктарды бақылау.
- ж) велосипедті басқару.
- з) Орындау.

2) Орындау кезіндегі үзілістер немесе төменде көрсетілгендей бақылауды жоғалту қате болып саналады.

3) Әрбір төреші егер жарысушы бір немесе бірнеше қате жіберсе, оның бағасынан балл санын алып тастауы мүмкін. Алып тасталған ұпайлар саны қате саны мен маңыздылығына, сондай-ақ олардың жарысушының жалпы өнеріне әсеріне байланысты болады.

366-бап. БМХ Фристайл Парктегі қателер

1. Жазық жерге түсу, сырғанау, аяғымен жеңіл тию немесе басқа тұрақсыздықтар елеусіз қателер болып саналады.

2. Толық көлемдегі толық тоқтау немесе аяғымен ауыр тию орташа қатеге жатады.

3. Велосипедті «лақтыру» немесе құлау сияқты әрекеттер едәуір қатеге жатады.

367-бап. БМХ Фристайл Флэттегі қателер

1. Елеусіз қателер трюк кезінде (трюкқа қарай) артқы немесе алдыңғы шинамен үстінен сырғанауды, аяғымен немесе қолымен жеңіл үстінен сырғанауға қатысты болуы мүмкін (егер, трюк жалғасып жатса);

2. Орташа қателіктерге велосипедтің бір жанына қарай жерге түсуі немесе аяғымен қатты түсуі жатады.

3. Негізгі қателіктерге велосипедті «лақтыру», құлау немесе екі аяғымен үстіне тигізу сияқты әрекеттер едәуір қатеге жатады.

368-бап. Жарысты басқару үдерісі

Жарысты басқаруға тағайындалған бас төреші хронометраж үшін жауапты болады.

БМХ Фристайл Парктен жарыстар

1. Әр жарысушы әрбір жарыста 2 рет өнер көрсетеді. Әрбір өнер көрсету бір минутқа созылады.

БМХ Фристайл Флэттен жарыстар

1.Әр жарысушы әрбір фазада 1 жарыс жасауы керек. Әр жарыс 2-ден 3 минутқа дейін созылады, әр фазадағы жарыс үшін жарыстың ұзақтығы жарыс регламентінде көрсетіледі. Ауа-райы қолайсыз болса немесе өтінім көп болса, ұйымдастырушы жарысты қарастырылатын фазаға дейін барынша қысқартуы мүмкін.

369-бап. Сөре (жарыстың басталуы)

1.Жарысушылар жарыс барысын байқап отыруға жауапты және өзінің жарысын старт тәртібіндегі уақыты басталған сәтте бастауы тиіс. Жарысушыларда олар қай кезде бастауы керектігін хабарлайтын, жарыс басталардан бұрын 1 минут уақыт болады. Бұл сәтте ол айнала бастады ма, жоқ па, оған қарамастан жарысушының жарысының уақыты басталады. Егер оның уақыты басталғанда, жарысушы дайын болмаса да, кез келген сәтте өзінің уақыты аяқталғанша жарысты бастауына болады.

БМХ Фристайл Парктен жарыстар

- 1.Жарысушылар кез келген позициядан сөреден шығады және өнерін бастағанша, өздері таңдаған старт позициясына дайын болуы керек.
- 2.Әрбір өнер көрсету үшін уақытты есептеу бас төрешінің ойынша, жарысушы қозғалысты бастаған сәттен басталады, егер жазық жерден сөреден шықса немесе кедергіден секірсе немесе парктің лдан да биік деңгейінен болса. Осыған байланысты хронометражға үшін жауапты бас төрешінің шешімі түпкілікті және шағым беруге жатпайды.
- 3.Ойын алаңынан тыс кез келген жүрісті төрешілер қарамауы тиіс. Күмән болмас үшін, ойын алаңының шетіндегі перила, ойын алаңының бір бөлшегі ретінде қаралады.

БМХ Фристайл Флэттен жарыстар

- 1.Жарыс басталарда велосипед тігінен тұруы тиіс, екі дөңгелегі сырғанайтын жерге тиіп тұруы керек. Жарысушылар велосипедте отырып, кәдімгі велосипедте отырғандай, жарысты бастайды (яғни оның екі аяғы раманың жоғарығы тұрбасын орап, екі қолымен рульден ұстап және бір аяғымен бір педальді басып отырады).
- 2.Әр жарыс үшін уақыт төрешінің ойынша, жарысушы бірінші трюкте бірінші қозғалысты бастаған сәттен басталады. Осыған байланысты хронометражға жауапты бас төрешінің шешімі түпкілікті және шағым беруге жатпайды.
3. Сағат тілі 0-ге жеткенде, төрешілер талқылауды бастайды және осы жарысушының кез келген қосымша қозғалысына назар аудармайды.

370-бап. Жарыстың аяқталуы (Мәре)

- 1.Өнер көрсету оған берілген уақыт біткен сәтте аяқталады.
- 2.Егер жарысушы уақыт біткенде, қозғалмай тұрса, онда ештеңе есептелмейді.

БМХ Фристайл Парктен жарыстар

1.Уақыт өткенде, толық аяқталған кез келген трюк оған есептеледі. Екі дөңгелек парктің жазық бөлігінің (көлденеңінен) үстінде тұрса, трюк орындалды деп саналады.

БМХ Фристайл Флэттен жарыстар

1.Төрешілер сағат тілі 0-ге жеткенде, аяқталмаған қандай да бір трюкті қарастырмауы керек.

371-бап. Покрышканың тесіліп қалғанын қоса алғанда, механикалық мәселелерге арналған Тайм-аут

1.Жарыс кезінде жарысушының велосипеді бұзылса немесе механикалық мәселе туындаса, соның ішінде дөңгелегі жарылса, онда оның жарысының уақыты аяқталғанша, мәселені шешу керек, болмаса басқа велосипед алып, жарысты одан әрі жалғастыру қажет. Егер ол оны жалғастырғанға дейін, жарыс уақыты өтсе, жарыс аяқталды деп хабарланады және ол қайта жалғастыруға жіберілмейді. Жарысушы өзінің уақыт өткенге дейін жарысты жалғастырады ма, жоқ па, оған қарамастан, төрешілер белгіленген уақытта жасалған жарысты ғана қарастыратын болады.

БМХ Фристайл Парктен жарыстар

1.Жарыс үшін жарысушыға қойылатын баға, оның екі жарыстағы өнеріне негізделеді, осы жарыста олар аяқталды ма, жоқ па, оған қарамастан.

372-бап. Сырттан араласу

1.Бас төреші егер ойын алаңындағы жүрісіне немесе оның өнеріне едәуір әсер етуі мүмкін деген пікірі бойынша сырттан араласқан жағдайда, жарысушыға жарысты қайтадан жалғастыру туралы шешім қабылдайды. Мұндай кедергілер физикалық сипатқа ие болуы мүмкін, мысалы, ойын алаңына ұшып келген қоқыс немесе жарысушыға тиген немесе оның жолына түскен, оның қозғалысын өзгертуге әсер еткен немесе өзінің велосипедін бақылай алмауы әсер еткен жағдайлар. Сырттағы шуыл немесе сыртқы араласу болып саналмайтын жел сияқты, ауа-райының қолайсыздығы. Бұл жарыста басқа жарысушылардың немесе әдетте, ойын алаңының шекарасына жіберілетін жарыс қызметшілерінің болуы, сыртқы араласу ретінде қаралмайды, егер қасақана әрекет немесе жарысушының жолын жабатындай анық ебедейсіз қозғалыс болмаса.

2.Егер жарысушы өзіне әдейі кедергі жасады деп санаса, ол өз жарысын тоқтатады және бас төрешіге шағым беруі тиіс, ол бұл жағдайды қарастырып, өз шешімін шығарады. Егер жарысушы осы сәтте өз жарысын тоқтатпаймын деп шешсе, сыртқы араласуға қатысты оның содан кейінгі шешімі қаралмайды.

3.Бас төрешінің шешімі түпкілікті және шағым беруге жатпайды. Егер жарыс қайталанса, ол қаралған жарыстағы барлық жарысушылар үшін екінші жарыс аяқталғаннан кейін өткізіледі. Егер қайталама жарыс соңғы болса, онда тиісті жарысушыға қаралатын жарыстың қайталама жарысы алдында, екі минуттік үзіліс берілуі тиіс.

373-бап. Кідірістер

1.Бас төреші Ұйымдастырушымен бірге оны бағалау үшін ауа-райына байланысты тайм-аут керек пе, жоқ па, сол туралы шешім шығаруы мүмкін.

БМХ Фристайл Парктен жарыстар

1.Егер жарыс жарыстың кез келген сәтінде тоқтатылса, онда жарыс қайтадан жалғастырылған сәттен бастап, жарыс қайталануы тиіс. Дегенмен, жарыс тоқтатылған сәтке дейін толық орындалған барлық жарыстардың нәтижелері сақталады және оларға қайта жарыс өткізілмейді.

2.Егер жарыс жаңартылмаса, онда егер жарыс регламенті сондай мүмкіндік берсе, нәтижелер финалдық деп саналады.

а) соңғы толық аяқталған талпыныстың нәтижелері есептеледі;

б) жарыс өткізілді деп есептеледі.

БМХ Фристайл Флэттен жарыстар

1.Ауа-райына байланысты жарыстар тоқтатылса, ол қай жерден тоқтады, сол жерден қайтадан жалғасады. Егер соңғы жарыстар қайта жалғастырылмаса, онда:

а) соңғы толық аяқталған талпыныстың нәтижелері есептеледі;

б) жарыс өткізілді деп есептеледі.

374-бап. Жарысты болдырмау

1.Бас төреші Ұйымдастырушымен бірге оны бағалау үшін ауа-райына байланысты жарысты аяқтау керек пе, жоқ па, сол туралы шешім шығаруы мүмкін.

2.Егер жарыс басталысымен, оны қандай да бір себеппен аяқтау мүмкін болмаса, соңғы аяқталған кезеңнің нәтижелері соңғы нәтижені қалыптастырады.

3.Егер жарыс біліктілік кезеңін аяқтағанға дейін тоқтатылса, онда ешқандай нәтиже болмауы тиіс; бұл ретте ешқандай жұлде берілмейді.

375-бап. Фристайл Парктен жарыстарға арналған жарыстың кестесі

Өтінім берілді	1 жарыс	2 жарыс	3 жарыс	4 жарыс	5 жарыс
5	5				
6	6				
7	7				
8	4	4			
9	4	5			
10	5	5			
11	5	6			
12	6	6			
13	4	4	5		
14	4	5	5		
15	5	5	5		
16	5	5	6		
17	5	6	6		
18	6	6	6		
19	4	5	5	5	
20	5	5	5	5	
21	5	5	5	6	
22	5	5	6	6	
23	5	6	6	6	
24	6	6	6	6	
25	5	5	5	5	5
26	5	5	5	5	6
27	5	5	5	6	6
28	5	5	6	6	6
29	5	6	6	6	6
30	6	6	6	6	6

45-тарау. СПОРТ НЫСАНЫ ЖӘНЕ БМХ ОЙЫН АЛАҢЫ

376-бап. БМХ Фристайл Парктен жарыстарға арналған спорт нысаны

1.БМХ Фристайл Парктен жарыстар өтетін ойын алаңы немесе «парк» ені кемінде 15 метр және ұзындығы 25 метр болуы керек. Сондай-ақ, парктің ені де, ұзындығы да 60 метрден аспауы керек.

2.Жарысушы мен оның велосипеді құлап түсуі мүмкін, кемінде 2 метрлік қауіпсіздік аймақ паркті жан-жағынан қоршап тұруы тиіс. Жарысқа қатысуға өтінім берген аккредиттелген персоналдан және жарысушылардан басқа, бірде бір адам қауіпсіздік аймағында жүрмеуі керек.

3.Парк барлық жағынан бір деңгейде (жердің деңгейінде) немесе басқалардан биіктеу көтерілген бірнеше деңгейде болуы мүмкін. Дегенмен, мұндай деңгейдің негізі төмен немесе жер деңгейінде болуы тиіс, мысалы, жарысушылардың қарқынын сақтау үшін кедергі болатын жерлер жазық және мықты материалдан жасалған болуы керек.

4.Кез келген биіктеу деңгейде қауіпсіздік бөгеті немесе құлаудан қорғайтын барабар қорғаныс болуы тиіс, бұл сондай-ақ парктің сыртқы шеті болып саналады. Ол бір жағынан паркті толық пайдалану үшін жарысушыларға кедергі болмауы керек, екіншіден, олардың қауіпсіздігіне қатер төндірмеуі керек.

5.Ойын алаңында кемінде 3 кедергі болуы тиіс. Кедергі дегеніміз – өзі тұрған деңгейден сәл көтеріңкі парктің шегіндегі кез келген нысан. Бұған егер бар болса, парктің қабырғалары да кіреді.

6.Бір-бірімен байланыспайтын кедергілерді кемінде 5 метр аралық (онда екі кедергі арасындағы 2 метрлік қауіпсіздік аймағын қоса алғанда) бөліп тұруы тиіс.

7.Жарысушылардың кедергілерден өту жолын ескере отырып, аралық кедергі басталатын ең қысқа жолдың нүктесі мен жер деңгейінде түсудің арасы үнемі өлшенуі тиіс.

8.Пандустар, сондай-ақ олардың арасындағы жердің үсті қатты және үсті тегіс материалдан жасалуы керек, ол велосипед шиналарын жақсы ұстауды қамтамасыз ететін ағаштан немесе бетоннан жасалады; пайдаланылған материалдарға қарамастан, мұндай сыртқы қабатта бос аралықтар, соққылар немесе саңылаулар сияқты қандай да бір ақаулар болмауы тиіс.

9.Жарысқа қатысу үшін тіркелген, қажетті аккредитациясы бар адамдарға рұқсат етілген жарысушыларға арналған аймақ, парктің жанында құрылады.

10.Жалпы парк пен оны қоршайтын инфрақұрылым жарысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалуы тиіс. Бұл ретте парк пен қауіпсіздік аймақ, соның ішінде барлық кедергілердің шеті өткір болмауы тиіс. Сонымен қатар, бұл аймақта жарақат алуға қауіп төндіретін бірде бір нысанның болуына тыйым салынады.

11. Осы қағиданың 348-351-баптарында жазылған стандарттарды халықаралық күнтізбедегі БМХ Фристайл Парктен жарыстарда сақтау қажет. Басқа жарыстар үшін оларды басшылыққа алу қажет.

377-бап. БМХ Фристайл Флэттен жарыстарға арналған спорт нысаны

1.БМХ Фристайл Флэттен жарыстар өтетін ойынға арналған алаң немесе «жазық аймақтың» ені кемінде 10 метр және ұзындығы 10 метр болуы керек, фристайл Флэттен велосипед тебушілердің барлық түрлерін көру үшін. Сондай-ақ, «жазық аймақтың» ені де, ұзындығы да 25 метрден аспауы керек.

2.Бір метрлік қауіпсіздік аймағы «жазық аймақтың» шетінен көрермендерді бөліп тұруы тиіс.

3.«Жазық аймақтағы» велосипед тебетін жер тегіс болуы тиіс және үстінде елеулі ақаулары жоқ мықты конструкциядан немесе кедергіден немесе құлаған жағдайда жарақат алмау үшін бірдеңеден жасалуы керек.

4.Егер «жазық аймақ» сырланған болса, кез келген бояу сырғымайтындай және ұстасып қалмайтындай болуы тиіс. «Жазық аймақтың» үстіңгі жағы велосипед тебу үшін жақсы ұстауды қамтамасыз ету керек; сырғанақ материалдардан (мысалы жылтыр бояу немесе кілем) аулақ болу керек. Қоныр түстерді қолдануға қатаң кеңес беріледі. 5.«Жазық аймақтың» шеттері көрінетіндей және анық белгіленген болуы тиіс.

5.Жарысқа қатысу үшін тіркелген, қажетті аккредитациясы бар адамдарға рұқсат етілген жарысушыларға арналған аймақ, «жазық аймақтың» жанында орналасады.

6.«Жазық аймақтың» жанында орналасқан қыздырыну аймағының ені кемінде 6 метр және ұзындығы 6 метр болуы тиіс.

7. Осы қағиданың 352-бабының 8-10-тармақтарында жазылған стандарттарды халықаралық күнтізбедегі БМХ Фристайл Парктен жарыстарда сақтау қажет. Басқа жарыстар үшін оларды басшылыққа алу қажет.

46- тарау. БМХ ЖАРЫСТЫҢ РЕСМИ ТҮЛҒАЛАРЫ

1.БМХ Фристайл Парктен жарыстарды мына лауазымды тұлғалар бақылайды:

а. 1 Бас төреші:

б. 3-тен 6-ға дейін төрешілер алқасы, соның ішінде-аға төреші.

2.БМХ Фристайл Флэттен жарыстарды мына лауазымды тұлғалар бақылайды:

а. 1 Бас төреші:

б. 3-тен 6-ға дейін төрешілер алқасы, соның ішінде-аға төреші.

378-бап. Жалпы

1.Жоғарыда келтірілген лауазымды тұлғалардың осы Қағиданың 1-бабында талап етілгендей, жарамды қатысушы паспорты болуы тиіс.

379-бап. Бас төреші

1.Бас төреші – бұл жарыстың спорттық жағын басқаруға жүктелген лауазымды тұлға. Ол осы Қағиданың 4-бабында талап етілгендей, міндеттер мен құзыретке ие.

2.Қағидада жазылған кез келген басқа міндеттермен қоса, БМХ Фристайл Парктен жарыстарды өткізу кезінде бас төреші хронометражды басқаруға, механикалық мәселелер себебінен тайм-аут туралы шешім қабылдауға және айыппұл мөлшерін белгілеуге жауап береді.

3.Сонымен бірге, жарысушылармен барлық кеңестер (олар өткізілсе), жарысушыларды растау үдерісі мен марапаттау рәсімі де бас төрешінің жауапкершілігіне жатады.

4.Бас төреші егер техникалық делегат тағайындалмаса, онда оның қызметін атқаруы тиіс.

380-бап. Төрешілер алқасы

1.Қағидаға сәйкес әр жарысушыны бағалау мен ұпайларды есептеу төрешілер алқасына жүктеледі. Осы төрешілердің біреуі аға төреші болып тағайындалады.

2.Аға төреші төрешілер алқасының жұмысына жауап береді және барлық жарысушылардың бағалануын қамтамасыз етуі тиіс және бұл бағалар қойылады және тең болған жағдайда, осы Қағидамен белгіленген ресімдер мен шектеулер сақталуы тиіс.

381-бап. Комментатор

1.Комментатор - бұл жарыстың барысы туралы жарысушылар мен көрермендерді ақпараттандыру үшін жауап беретін лауазымды тұлға. Ол бұл ретте бас төрешімен бірлесіп және оның нұсқаулықтарына сәйкес жұмыс істеуі керек.

2. Комментатордың сөзін ресми нәтиже ретінде немесе ұйымдастырушының, бас төрешінің немесе төрешілер алқасының міндеттемесі ретінде қарастыруға болмайды.

382-бап. Техникалық делегат

1.ҚВСФ техникалық делегатты тағайындау туралы шешім шығаруы мүмкін. Техникалық делегат ойын алаңы және техникалық құрылғылардың Қағидаға сәйкес орнатылғанына кепілдік беретін жауапты лауазымды тұлға болып табылады. Ол алғашқы жаттығуға дейін бір күн бұрын келуі және жарысушылармен өтетін барлық жарыстарға қатысуы тиіс. Оның нұсқауымен Ұйымдастырушы алғашқы жаттығуға дейін анықталған кез келген бұзушылықтарды дұрыстауы тиіс. Ол - ҚВСФ мен ұйымдастырушы арасын байланыстыратын тұлға. Техникалық делегат жарыстан кейін ҚВСФ-ге баяндауы керек.

383-бап. Тағайындау

1.Бас төреші мен төрешілер алқасы БМХ Фристайл бойынша жарыстарға ҚВСФ тарапынан таңдалады. Комментаторды ұйымдастырушы таңдайды.

384-бап. Лауазымды тұлғалардың ойын алаңында жүріп-тұруы

1.Жарыстың барлық лауазымды тұлғалары парктің көп бөлігін көруге мүмкіндік болатындай позицияда болуы тиіс. Олар қажет болса, өздерінің жүріп тұратын орындарын реттеп отырады.

47-тарау. «МАУНТИНБАЙК – ТРИАЛ» (бұдан әрі - ТРИАЛ)

385-бап. Қатысушының жасы мен санаты

1.Триалда осы регламентте триал бойынша жазылған жеке жарыстардың келесі түрлері (тұрпаты) ресми түрде мойындалады:

- 20" (дөңгелектің мөлшері "18-ден 23-ға дейін ")

- 26" (дөңгелектің мөлшері "24-тен 26-ға дейін")

Ашық санат (еркін таңдау дөңгелектің мөлшері "18-ден 26-ға дейін")

2.Жарыс барысында қатысушылар жас санаттарына бөлінеді.

3. Спортшының қатысатын жас санаты ағымдағы жылдан, спортшының туған жылын алып тастау арқылы шығарылады.

4.Жарыстарға қатысу келесі жас топтарына сәйкес жүргізіледі:

Жасөспірімдер: 13 - 14 жас, жасыл трасса ашық санат

Жасөспірімдер: 15 - 16 жас қара трасса ашық санат

Қыздар: 15 - 16 жас ашық қызыл трасса ашық санат

Юниорлар: 17 - 18 жас қызыл трасса 20"

Юниорлар: 17 - 18 жас қызыл трасса 26"

Юниор қыздар: 17 - 18 жас ашық қызыл трасса 20"

Юниор қыздар: 17 - 18 жас ашық қызыл трасса 26"

Ерлер: 19 жас және үлкен сары трасса 20"

Ерлер: 19 жас және үлкен сары трасса 26"

Әйелдер: 19 жас және үлкен ашық қызыл трасса 20"

Әйелдер: 19 жас және үлкен ашық қызыл трасса 26"

5.ҚВСФ шешімі бойынша, 15 жас және одан үлкен жарысушылар, егер олардың біліктілік деңгейі Жарыс туралы ережеде көрсетілген біліктілік дейгейіне сәйкес келсе, "юниор қыздар 17 - 18 жас" және "әйелдер" жас тобындағы жарыстарға жіберіледі.

386-бап. Күнтізбе

1.Күнтізбедегі жарыс маусымы сол жылдың 1 қаңтарынан басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

2.Жарыстар республикалық күнтізбеде келесі сыныптамаға сәйкес тіркеледі:

- Қазақстан Республикасының чемпионаты;
- Қазақстан Республикасының кубогы;
- Республикалық жарыстар.

2.Триалдан жарыстың әрбір ұйымдастырушысы, оны қатаң түрде ҚВСФ мен UCI-дің Қағидаларына сәйкес өткізуі тиіс.

3.ҚВСФ UCI-дің регламентінің 7.1.003- тармағына сәйкес өзінің аясында Қазақстан чемпионатын өткізе алмайды немесе оны өткізуге рұқсат бермейді немесе қорғалған даталарда халықаралық жарыстар өткізбейді.

387-бап. Техникалық делегат

1.Техникалық делегаттың міндетіне мыналар кіреді:

- 1) Жарысты өткізудің техникалық жақтарын бақылау;
- 2) ҚВСФ мен ҚВСФ-нің маунтинбайк бойынша комиссиясы арасында байланысушы рөлін атқарады;
- 3) Ұйымдастырушылармен жарыс өтетін орындарды алдын ала тексеру үшін кездеседі және жарыс өтетін орындарды тексеру туралы ҚВСФ-ға дереу есеп береді, есептің көшірмесін ұйымдастырушыларға тапсырады.
- 4) Жарыс өтетін орындарды тексеру туралы есептің негізінде жарысқа дайындалу кезінде берілген ұсынымдардың ұйымдастырушылардың тиісінше орындауын бақылайды.
- 5) Жарыс өтетін орындар мен секторларға бас төреші және секциялардың құрылысшысы/дизейнерімен бірге тексеру жүргізеді; секцияның ақырғы жағдайын және кез келген өзгерісті техникалық делегат бекітуі тиіс.
- 6) ҚВСФ-ге жалпы есеп тапсырады;
- 7) Командалардың/спортшылардың жиналысын үйлестіреді.

2. ҚВСФ Қазақстанның чемпионатына техникалық делегатты тағайындайды.

388-бап. Жарыстар

1.Триалдан жарыстар қоршаған ортаны қорғау ережелерін сақтай отырып өткізіледі. Жарыстар орталық қалалық алаңдарда, ғимараттарда, стадиондар мен ашық алаңқайларда өткізіледі.

2.Ұйымдастырушылар мен жарысқа қатысушылар қолданыстағы әкімшілік және басқа нормаларға, сондай-ақ ҚВСФ қағидаларына, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұсынымдарға және триалдан жарыстарды өткізудің осы регламентіне бағынуы тиіс.

3.Ұйымдастырушылар жарысты өткізу мен жоспарланған аумақты пайдаланғаны үшін қажетті әкімшілік және басқа рұқсаттамаларды алғаны үшін жауап береді.

389-бап. Ұғымдар

1.Триатл – бұл велосипедтік пән, онда жарысушылар секторлар бойынша топтастырылған кедергілерден өтуі тиіс.

2.Мақсаты – қақпамен белгіленген «кедергілерден өту» және әрбір өткен сектор үшін 10 ұпай жинау. Дененің және/немесе велосипедтің кез келген бөлігінің (дөңгелектің резеңкесінен басқа) жерге тиюі немесе кедергіге тиюі үшін айыппұл ұпайлар беріледі және сектор 10 ұпаймен есептелмейді. Барлық учаскелерден өтуге қажетті жарыстың жалпы ұзақтығы жарысқа қатысатын жарысушылардың жалпы санына сәйкес белгіленеді. Ең көп ұпай жинаған жарысушы өз санатында жеңімпаз атанады.

3. Командалық триал – бұл командалық жарыс, оның нәтижесі командадағы жекелеген жарысушылардың нәтижелерінің сомасымен анықталады.

4.Әр команда 5 жарысушыдан тұрады: ерлер жас тобындағы 2 жарысушы, юниорлар (17-18 жас) жас тобындағы 2 жарысушы, әйелдер жас тобындағы 1 жарысушы. Команда мүшелері кезектесіп трассадан өтеді.

5.Командалардың өнер көрсету тәртібі жарыс регламентімен анықталады. Кедергілерден өту үшін төрт қақпа болады - 10,20,30, 40 балл. Барлығы 5 кедергі. Ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз атанады.

6.Ұпайлар тең болса (екі немесе одан көп команданың ұпай саны тең болса), теңдік былайша шешіледі:

1) Барынша көп ұпай санымен өткен учаскелердің көп санымен;

2) Елу, қырық және т.б. ұпаймен учаскелердің көп санымен;

3) Команданың орнына қатысты шешуші фактор әйелдер кезеңіндегі жарыста төрешілер алқасының таңдаған секциясы шешуші болып табылады. Ұпайлар тең болған жағдайда, шешуші секцияда орындарды бөлу туралы шешім қабылдауда уақыт критерий ретінде қолданылады. Егер бірнеше жарысушы нөл деген ұпайлар алса, осы секцияда бәрінен де ұзағырақ өтетін жарысушының командасы жеңімпаз атанады.

390-бап. Қатысушылар брифингі

1.Жарыс басталар алдында қатысушылардың брифингі өтеді. Онда жарысты өткізудің тәртібі туралы спортшыларға барлық қажетті ақпарат беріледі. Барлық қатысушылар брифингте болуға міндетті. Брифингте сөре тәртібі мен уақыты, секциялар саны және олардан өту тәртібі, айналым саны, жарыстың ұзақтығы және төрешілер алқасында қабылданған түзетулер айтылады. Техникалық делегаттың шешімі бойынша брифинг андатпалар немесе дисплейдегі ақпараттар арқылы беруге алмастырылады.

391-бап. Секциялар

1.Ұйымдастырушылар қатысушылар санатына сәйкес нақты секциялар санын дайындауы тиіс.

2.Әр жарыстағы ең аз секция саны -5, ең көбі- 10.

3.Секциялар дегеніміз - күрделі участок. Әр секцияда бес қиын учаскелер (кедергілер) болуы керек. Олар жасанды, сол сияқты табиғи да болуы мүмкін: мысалы, тастар, су, құм, баспалдақ, еңіс, жағажай, бөрене, бетон тұрбалар немесе бетон құрылғылар, металл конструкциялар, ағаш құрылғылар, теміржол шпалдары, катушкалар және т.б. «Триалға арналған секцияларды салу жөніндегі UCI-дің нұсқаулығы» атты секторларды салу мен жобалауды түсіндіретін нақты нұсқаулық UCI-дің сайтында қолжетімді.

4.Секциялардың ұсынылған өлшемдері:

- 1) Ұзындығы: бұл трассада қандай спорттық машық пайдаланатындығына қарай, «Триалға арналған секцияларды салу жөніндегі UCI-дің нұсқаулығында» жазылғандай, 30-дан 50 м-ге дейін.
- 2) Ені: ең аз ені – бір метр (рульдің биіктігіндей).
- 5.Әр жағынан сектор пластик лентамен қоршалуы тиіс.
- 6.Лента жерден биіктігі 20-дан 30 см-де орналасады. Сондай-ақ, пластик лентамен секторлардың ішкі жағындағы қиын учаскелердің шекарасын белгілеуге немесе трассаның күрделілігін арттыру мақсатында кейбір кедергілерді алып тастауға болады. Лентаның ені кемінде 12 см болуы тиіс. Лентаның сапасы ұйымдастырушының нұсқаулығында көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келуі керек.
- 7.Секторлардың ішіндегі белгілер қақпаны көрсететін түсті бағыттағыштармен жүзеге асырылады. Қақпалар екі бағыттағышпен (бір түсті және нөмірлі) бір-біріне бағытталған және жарысушылар өтуге болатындай олардың арасында кеңістік қалдырылады.
- 8.Әр секция алты секторға бөлінеді. Әр сектор қақпамен белгіленген әртүрлі кедергілерден тұрады. Бірдей нөмір және әртүрлі әріппен бірге секциялардың ішіндегі қақпалар бір секторға жатады (мысалы 1А,1В және 1С – 1 секторға тиесілі).
- 9.Егер сектор бір ғана қақпадан тұрса, онда қақпалар тек тиісті нөмірмен белгіленеді. Егер сектор біреуден көп қақпадан тұрса, онда соңғы қақпаның нөмірі қоршалады, сол арқылы мұның сектордың соңғы қақпасы екені көрсетіледі.
 - 1) Бірінші сектор сөре сызығынан, алдыңғы дөңгелектің өсінің жанынан өтіп, басталады.
 - 2) Келесі сектор алдыңғы сектордың соңғы қақпасынан, дөңгелектің екі өсімен өтіп, басталады.
 - 3) Екі өсімен өтіп, соңғы қақпаның алдында сектор аяқталады, соңғы сектордан басқа, ол алдыңғы дөңгелектің өсімен өтіп, мәре сызығында аяқталады.
- 10.Әрбір секторде тиісті көрсетпелермен («СӨРЕ және МӨРЕ деп белгіленіп) тиісті көрсетпемен және сөрелік және мәрелік сызықпен белгіленген сөрелік және мәрелік қақпалары болуы тиіс. Сөрелік қақпада сектордың нөмірі көрсетіледі (мысалы , СӨРЕ 1).
- 11.Әрбір секторда сөрелік сызық алдында «бейтарап аймақ» болуы тиіс, онда тек қана бір спортшы болады. «Бейтарап аймақтың» мөлшері: 1x1,5м.
12. спортшыға жеткілікті орын беру үшін, сөрелік сызық бірінші қиын учаскеден (кедергіден) кейін, ең аз дегенде, үш метрде орналасуы тиіс.
13. Айыппұл баллдарына қатысты даулы сұрақтарды болдырмау үшін, мәрелік сызық соңғы қиын учаскеден (кедергіден) кейін, ең аз дегенде, үш метрде орналасуы тиіс.
- 14.Секцияға кіру және шығу алдыңғы дөңгелектің өсі бойынша бағаланады.
- 15.Жарыс басталғанша, ресми секцияларды көруге тыйым салынады. Егер спортшы бұл ережені бұзса, ол стартқа жіберілмейді.
- 16.Секцияда өтуге арналған ең көп уақыт – 2 минут.
- 17.Секторларды жасау кезінде төменге секіру үшін келесі максимальді биіктіктен асырмау ұсынылады:

Жасөспірімдер: жасыл трасса 1,2мм максимум
Жасөспірімдер: кара трасса 1,4 м максимум
Қыздар: қызғылт трасса 1 м максимум
Юниорлар: қызыл трасса 1,6 м максимум
Ерлер: сары трасса 1,8 м максимум
Юниор қыздар, әйелдер: қызғылт трасса 1,6 м максимум.
- 18.Комиссия айрықша жағдайда, төменге секіру үшін басқа максимальді биіктікті белгілеуі мүмкін.

392-бап. Жарыс аймағы

- 1.Тартымдылығын арттыру мақсатында секторларды «жарыс аймағы» деп аталатын бір қоршалған аумақта, қаланың орталық бөлігінде, стадиондарда немесе ашық алаңдарда ұйымдастыру қажет. Жарыс штабы (жарыс кеңсесі, сахна, экрандар), VIP аймақ, марапаттау аймағы, баспасөз орталығы, дыбыс жабдығы, командаларға арналған аймақ және қыздырыну секциясы жарыс аймағына тікелей жақын болуы тиіс.
- 2.Бүкіл жарыс аймағы арнайы қоршалуы тиіс.
- 3.Жарыс аймағы мен жарыс штабы жарыс кеңсесімен біріктірілсе тіпті жақсы, сол кезде спортшылар көрермендердің арасымен өтпейтін болады. Жарыс аймағы көрермендердің жарыс барысын қиындықсыз көретіндей етіп, орналасуы керек.
- 4.Секциялардың атауы (табличка) осы сектордың жарыстың қай кезеңінде (1/4 финал, 1/2 финал, финал) пайдаланатылатынын спортшылар мен командаларға хабарлауы тиіс.
- 5.Техникалық делегат бас төрешінің келісімі бойынша секторлардан (кезектесіп немесе еркін түрде) өту тәртібін айқындайды.
- 6.Техникалық делегат тек қана төрешілер алқасымен келісе отырып, шеңберлер арасында секцияларды өзгертуі мүмкін.

393-бап. Сөре регламенті және жарыстың өтуі

- 1.Әр қатысушы өзінің сөрелік уақытын сақтау үшін жауапты болады.
- 2.Жарысты өткізу кезінде басқалар үшін тең жағдай жасау үшін, спортшылар тәртіпті және қағиданы, ҚВСФ-нің ұсынымдарын сақтауы тиіс. Спортшылар тіркеуді бастамас бұрын, барлық жағдайлар туралы ақпараттандырылуы керек.
- 3.Жазатайым жағдай болса, қатысушылар бір-біріне дереу көмек көрсетуі тиіс немесе көмекке басқаларды шақырулары қажет. Осы себепті уақытты жоғалтуды көмек көрсетілген қатысушының өзі растауы қажет.
- 4.Спортшыларға секцияларды немесе олардың конфигурациясын өзгертуге тыйым салынады.
- 5.Секторда төрешілер алқасы мүшелері және техникалық делегаттан басқа, тек қана төреші атын атаған спортшы қалуы тиіс.
- 6.Секцияларды жаяу қарауға рұқсат етіледі.
- 7.Жинаған ұпайларды, әр жарысушыға старт алдында берілетін бағалау карточкасына төрешілер алқасы түсіріп өтуі тиіс. Бұдан басқа, жинаған ұпайлары әр секция үшін жүргізілетін қортынды хаттамаға енгізілуі керек. Карточка мен қортынды хаттама арасында айырмашылық болса, төрешілер алқасы шешім шығарады.
- 8.Трасса нөмірленген бағыттағыштармен белгіленеді, олардың түсі, санаттың түсіне сәйкес келеді. Трассадан осы белгіленгенге сәйкес өтуі керек.
- 9.Спортшыларға басқа санаттағы қақпаға өтіп кетуге тыйым салынады.
- 10.Старт үшін екі дөңгелекте бейтарап аймақта болуы тиіс.
- 11.Жарысты таңдаған спортшы, өзінің карточкасын жарыс штабына қайтаруға міндетті.

394-бап. Жарыстың ұзақтығы

- 1.Жарыстың жалпы ұзақтығын төрешілер алқасымен келіскеннен кейін техникалық делегат белгілейді. Жалпы уақыт, сол уақытта барлық спортшылар жарысты аяқтайтындай етіп белгіленуі қажет. Төрешілер алқасы жарыс өтіп жатқан кезде, жалпы уақытқа қосымша уақыт қосуы мүмкін.
- 2.Жарыстың жалпы белгіленген уақытынан басқа, берілген қосымша уақыт - 30 минутты құрайды. Төрешілер алқасы, егер 10-нан аса спортшыны шеттетсе, онда жарыстан кейін қосымша уақытты көбейтуі мүмкін.

395-бап. Жөндеу

1.Жөндеу барлық жарыс кезінде жүргізілуі мүмкін, бірақ басқа спортшыларға кедергі немесе қауіп төндіруі мүмкін секцияның ішінде емес және қандай да бір басқа орында емес.

396-бап. Сыныптама және нәтижелер

- 1.Ең көп балл жинаған жарысушы, өз санатында жеңімпаз атанады.
- 2.Сыныптамадағы басқа орындар жинаған ұпайлар санының азаюына қарай бөлінеді.
- 3.Ұпайлар тең болғанда (екі немесе одан көп жарысушыда бірдей ұпай саны болса) теңдік мынадай тәртіппен шешіледі:
 - 1) Ең көп балл санымен өткен ең көп секциялар саны.
 - 2) Елу балл, қырық балл және т.б. өткен ең көп секциялар саны.
 - 3) ½ финалдағы үздік нәтиже.
 - 4) ½ финалсыз жарыстарда және тұғырдағы орындарға қатысты жарыс өтетін шешуші секцияны төрешілер алқасы тандайды. Шешуші секцияда ұпайлар тең болғанда, тұғырдағы орындарды бөлу үшін шешімдер қабылдаудағы критерий ретінде уақыт алынады. Егер бірнеше жарысушы нөл ұпай алса, онда осы секцияда бәрінен ұзақ өткен жарысушы жеңімпаз деп танылады.
 - 5) Ұпайлар тең болғанда, тұғырдағы орыннан басқа, жалпы жарысу уақыты шешім қабылдауға критерий болады.
4. Финалда ұпайлар тең болғанда, ½ финалдағы орын шешуші болып табылады.

397-бап. Жарысты өткізу шарттары

1.Жарысты өткізу үшін ҚВСФ-дан рұқсат сұрайтын ұйымдастырушылар, жарысты өткізу шарттары осы бөлімде және ұйымдастырушының нұсқаулығында баяндалған талаптарға жауап беретіндігін ҚВСФ-ге көрсетуі тиіс. Триал бойынша жарысты өткізуге арналған қажетті барлық талаптардың толық сипаттамасы ұйымдастырушының нұсқаулығында көрсетілген.

398-бап. Командалар аймағы және спортшылар аймағы

1.Командалар мен спортшыларға арналған арнайы аймақ, жарыс штабының жанында және жарыс аймағынан тыс жерде орналасуы тиіс. Қыздырыну секциясы командалық аймақ пен спортшылар аймағының ішінде болуы қажет.

399-бап. Ақпараттық стенд

1.Жарыс штабының жанында барлық ауа-райына сенімді құрылғылары және/немесе мониорлары бар ақпараттық стенд болуы тиіс, онда сөре хаттамалары, қортынды хаттамалар және спортшылар үшін қажетті басқа да кез келген ақпараттар ілінуі тиіс.

400-бап. Экран аймағы

1.Жарыс штабының жанында жарысушылар, команда мүшелері және көрермендерге жақсы көрінетіндей экран аймағы болуы тиіс. Экранға қойылатын техникалық талаптар ұйымдастырушының нұсқаулығында жазылады.

401-бап. Жарыс штабы

1. Жарыс штабы жарысқа қатысушыларға жеңіл болу және көрермендерге жақсы көріну үшін триатлдан іс-шараны өткізетін орынның қақ ортасында орналасқаны дұрыс. Бұл аймақ кедергілермен қоршалуды тиіс. Ұйымдастырушы жарыс штабына арналған аймаққа контейнерлер және шатырлары бар немесе осы үшін жүк көлігімен арнайы жабдықталған аймақты беруі керек. Экран және диджей аймағы қолайсыз ауа-райынан жабық әрі желге төтеп беретіндей сенімді болуы тиіс. Жарыс штабына рұқсатсыз кіруге болмайды. Тек қана жарысушылар, ҚВСФ-нің ресми тұлғалары және аккредиттелген баспасөз өкілдері ғана кіре алады.

2. Тіркеу кезінде тек қана жарысушыларға қолжетімді болады.

3. Ғаламторға қосылу (сымсыз немесе сыммен) тек хатшылыққа ғана рұқсат етіледі.

402-бап. Дауыс күшейткіш жүйесі

1. Дауыстап байланысу жүйесі барлық секторларға, сондай-ақ сахна айналасына диктор дауысының естілуін қамтамасыз етуі қажет.

403-бап. Көрермендерге жағдай жасау

1. Триатлдан жарыстар өткізу кезінде, көрермендерге арналған барлық қажетті жағдайлар төменде көрсетілді:

- мінбе

- анықтама бюросы

- ақпараттық стенд

- үлкен экран

- нәтижелері бар табло

- қоғамдық автотұрақ

- қоғамдық тамақтандыру қызметі

- жарыс аймағын кесіп өтетін қосындар

- қоғамдық дәретхана

- қоқыс тастайтын жәшіктер

404-бап. Ресми тұлғалар мен ұйымдастырушылар

1. ҚВСФ-нің қағидасы жарысты өткізу тәртібін айқындайды. Іс-шараға қатысатын барлық ресми тұлғалар ҚВСФ-нің қағидасымен және жарысты өткізуді реттейтін Қағиданың кез келген қосымшасымен таныс болуы тиіс.

405-бап. Жалпы ақпарат

1. Триатлдан барлық жарыстар білікті төрешілер және ресми тұлғалармен жеткілікті қамтамасыз етілуі керек.

406-бап. Төрешілер алқасы

1. Төрешілер алқасы ҚВСФ-нің қағидасына сәйкес тағайындалады. Төрешілер алқасы кез келген жарыста жоғарғы инстанция болып табылады және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында немесе осы қағиданы бұзғаны үшін осы Қағиданың 427-434 баптарында, сондай-ақ I бөлімде көрсетілген нұсқаулыққа сәйкес кез келген спортшыға, ата-анаға, көрерменге немесе команда менеджеріне айыппұл салуға құқылы.

407-бап. Жарыс хатшысы

1.Хатшы ҚВСФ-нің қағидасына сәйкес тағайындалады. Хатшы жарысқа барлық қатысушыларды тіркеу және сыныптауға, старт хаттамаларын өңдеу мен жариялауға, барлық нәтижелерді өңдеуге (аралық та, финалдық та) жауап береді. Осы қағиданың 4-бабына сәйкес, жарыс хатшысының жеткілікті көмекшілері болуы тиіс.

408-бап. Триатлдан спорттық төрешілер

1.Триатлдан 1,2 және 3-ші санаттағы спорттық төрешілерді өңірлік немесе жергілікті федерациялар тағайындайды. Олар ҚВСФ тағайындаған төрешілерге көмек көрсетуі тиіс. Барлық төрешілердің біліктілігі болуы керек.

Барлық төрешілер спортшылар мен команда өкілдері қиналмай тану үшін айрықша формада киінуі тиіс. Әр төрешінің өзіне тиесілі нақты жұмысы болуы керек.

409-бап. Ұйымдастыру комитеті

1.Төменде Ұйымдастыру комитетінің маңызды міндетері көрсетілген:

- Ұйымдастыру комитетінің директоры;
- Бас хатшы
- Қаржы менеджері
- Әкімшілік менеджер
- Маркетинг бойынша менеджер
- Логистика бойынша менеджер
- Еріктілердің үйлестірушісі
- Салтанатты рәсімдерге жауапты
- Техникалық менеджер
- Триатлдан секциялардың құрастырушысы/дизайнер
- Маршалдардың үйлестірушісі
- Алғашқы жедел жәрдем көрсету және дәрігер
- Диктор
- Диджей.

2.Ұйымдастыру комитетіне жүктелген барлық міндеттер Ұйымдастырушының нұсқаулығында жазылған.

410-бап. Қосымша персонал

1.Жарысты сапалы әрі өз дәрежесінде өткізуді қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылар қосымша қызметшілерді жұмысқа тартады, олар:

- маршалдар
- ассистенттер
- еріктілер
- қауіпсіздік қызметі
- тазалық қызметі.

411-бап. Киім және қорғаныс

1.Төрешілер алқасы осы қағидаға сәйкес жарыс алдында немесе кез келген жарыс кезінде спортшыны, оның велосипедін, шлемі мен киімін тексеруі мүмкін.

2.Төрешілер алқасының пікірінше, экипировкасы қауіпсіз емес деп танылған спортшы, сол қағидаға жауап бере ме, жоқ па, маңызды емес, жарысқа қатысуға жіберілмейді.

3.Өзінің экипировкасына қатысты төрешілер алқасының нұсқаулығын орындамаған спортшы, кез келген жарысқа қатысуға жіберілмейді.

412-бап. Шлем (дулыға)

1.Спортшылар жарыс кезінде, жаттығуда, сондай-ақ секциялар арасында велосипедпен жүрген кезде қорғанышы бар бас киім киюі тиіс. Қатысушылардың шлемі қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына жауап беруі керек. Сектордан өту кезінде шлемнің реттегіш баулары ұқыпты түрде тартылуы тиіс.

413-бап. Майкалар

1.Спортшылар ұзын және қысқа жеңді майкалар киюі қажет.

414-бап. Майкалар – басымдық тәртібі

1.Егер спортшының әртүрлі майкасы болса, әртүрлі талаптарға сәйкес, мына майкаларға басымдық тәртібі беріледі:

- әлем чемпионының;
- әлем кубогы көшбасшысының;
- кұрлық чемпионының;
- ұлттық чемпионның;
- ұлттық команданың.

415-бап. Штандар

1.Спортшылар ұзын немесе қысқа штандар киюі тиіс.

416-бап. Аяқ киім

1.Спортшылар мықты аяқ киім киюі тиіс.

417-бап. Балтыры мен арқасын қорғау

1.ҚВСФ спортшыларға балтыры мен арқасын қорғайтын заттарды пайдалануды қатаң ескертеді.

418-бап. Қолғап

- 1.Қолғап кию ұсынылады.
- 2.UCI мен ҚВСФ демеушілер логотиптерін орналастыруды реттейді.
- 3.Ұлттық майкалар UCI-дің қағидасының 1.3.056-тармағымен реттеледі.
- 4.Әлем чемпионының майкасы UCI-дің қағидасының 1.3.060-тармағымен реттеледі.

419-бап. Велосипед

1.Жарыстарда қолданылатын барлық велосипедтер осы бөлімде жазылған негізгі талаптарға жауап беруі тиіс.

420-бап. Рама

1.Велосипедтің рамасы триал кезіндегі жүктемеге төтеп беру үшін өте мықты болуы керек, жарықтар, бүгілген, қисайған, дәнекерленген жерлерде сызықтар немесе басқа ақаулары болмауы тиіс. Барлық бөлшектері велосипедке сенімді бекітілуі керек.

421-бап. Дөңгелектер мен покрышкалар

1.20» санатына «18-ден 23»-ке (жалпы габариті) дейінгі дөңгелектердің номиналды өлшеміне рұқсат етіледі. 26» санатына «24-тен 26»-ға (жалпы габариті) дейінгі дөңгелектердің номиналды өлшеміне рұқсат етіледі. Покрышкалар шынжырмен, троспен және басқа құрылғылармен күшейтілмеуі тиіс.

422-бап. Тежегіш

7.1.073

Велосипедте жұмыс істейтін екі тежегіш (біреуі алдыңғы және екіншісі артқы дөңгелекке арналған) болуы керек.

423-бап. Шатундар, педальдар

1.Педальдар шатунға сенімді бекітілуі керек және педальдің қозғалысы педаль осінің бойымен қозғалуына мүмкіндік бермейтіндей орнатылуы керек. Педаль осі жарыс кезіндегі жүктемені көтеретіндей берік болуы керек. Педальдағы шиптар спортшының аяғы тиімді тиіп тұруы үшін аздап сыртқа шығып тұруы керек, бірақ қауіп тудырмауы және өткір болмауы тиіс. Туклипстерді және педальдағы қосымша белдіктерді пайдалануға тыйым салынады.

2. 26» санаты үшін трансмиссия тарапынан, тек бір ғана рок-ринг пайдалануға рұқсат етіледі.

3. Төменгі тұрбада қосымша қорғаныс орнатуға тыйым салынады.

424-бап. Руль

1.Жарығы бар немесе майысқан рульдерді пайдалануға болмайды. Рульдің шетінде заглушкалар (тығыны) болуы керек.

425-бап. Сөрелік нөмір

1.Сөрелік нөмірі және арқадағы нөмірі бар табличка суға төзімді материалдан жасалуы керек және нөмірді, трассаның түсін және демеушілер логотиптерін көрсетуі тиіс. Нөмірдің түсі трассаның түсіне (мысалы сары элита ерлер үшін, қызыл- юниор ұлдар үшін, қызғылт элита әйелдер үшін) сәйкес болуы тиіс. Сөрелік нөмірдегі табличка туралы техникалық сипаттамада жазылған. Нөмірі бар табличканы алдынан көрінетіндей, ал денедегі нөмірді спортшының арқасына орналастыру керек.

2.Нөмірі бар табличканы және денедегі нөмірді алып тастауға немесе өзгерістер енгізуге болмайды.

3.Сөрелік нөмірлер бірінші жарыстан бастап, ретімен (біріді) бөлінуі керек. Нөмірі бар табличканы ағымдағы чемпион үшін резервке алып қалу керек. Келесі нөмірлерді бөлу тәртібі, рейтингтегі осы сәттегі өзектілікке негізделуі тиіс.

426-бап. Бұзушылықтар, айыппұлдар, баллдарды шегеру және наразылықтар

1. Барлық спортшылар осы қағиданы сақтауы және бүкіл жарыс бойы төрешілер мен ресми тұлғалардың нұсқауларын орындауы тиіс. Кез келген жарысушы бүкіл уақыт бойына өзін спорттық адалдық мұраттарына сай ұстауы және велотриалға кір келтіретін әрекеттер мен мінез-құлықтан аулақ болуы тиіс. Боғауыз сөздер мен әдепсіз лексиканы (сөздерді) қолдануға тыйым салынады. Әдепсіз лексиканы қолданған спортшыға айыппұл салынады. Жазалау түрін төрешілер алқасы белгілейді. Осы бөлімде көрсетілген бұзушылықтар үшін спортшыға төрешілер алқасы осы Қағиданың 2-бөліміндегі ережеге сәйкес айыппұл салады.

427-бап. Үшінші тұлғалар тарапынан болатын бұзушылықтар

1. Команда өкілдері, ата-аналар және спортшының айналасындағы басқа тұлғалардың команда немесе қатысушының атынан жарысқа араласуларына болмайды.

428-бап. Айыппұлдар

1. Спортшы секциялардан өту кезінде келесі айып баллдарын (айыппұл) алуы мүмкін:
- 1) Покрышкадан басқа, кедергіге немесе жерге, мейлі ол денесінің бір бөлігімен немесе велосипедімен кез келген тірелу (1 айып баллы).
Спортшының дене 4 бөлікке бөлінеді, олар:
-табаннан тобыққа дейін;
-тобықтан белге дейін;
-дененің жоғарғы бөлігі, белден бастап, бас пен қолды қоса алғанда одан жоғары;
-қолдың білезігінен білекке дейін (рульді қоса алғанда, егер қолы рульге тисе).
 2. Егер бірнеше бөлікпен тірелсе, айып баллдары бірге қосылады.
 3. Егер бір немесе бірнеше дене бөлігі кедергілерге немесе жерге тисе, бұл - айып баллдары болып саналады. Велосипедтің қозғалысы кезінде велосипедтің немесе дененің бөлігіне қатысты салмақты ауыстырмай, шырылдап тигізуге рұқсат етіледі. Орнында аяғын айналдыруға рұқсат етіледі.
 4. Егер жарысушы визуальді сызықтан қақпаға жақындаса және дөңгелектің бір осі визуальді сызықтың артында болған кезде, аяғын кедергіге/жерге қойса және сол аяқты қақпадан өту үшін пайдаланса. Бұл ереже тіпті аяғы бір немесе бірнеше рет (5 айып ұпайы) тез көтерілсе де қолданылады. Жарысушы одан әрі учаскеден өтуге жіберілмейді.
 5. Педальға және/немесе жерге немесе кедергіге төмен қорғанып тірелу (1 айып балл).
 6. Участокты өтуге бөлінген 2 минутқа тең, ең көп уақыт өткеннен кейін, жарысушы одан әрі учаскеден өтуге жіберілмейді. Жарысушы алдыңғы жинаған баллды сақтап қалады.
 7. Қоршалған лентаның астынан немесе үстінен өту, лентаны немесе бағыттағышты бұзу (5 айып ұпайы). Втулканың осі және раманың ұзын осі, велосипедтің габаритіне қызмет етеді.
 8. Басқа санаттың қақпасына кіріп кету, қақпаны немесе өз санатының бағытын өткізіп алу немесе қақпаға немесе бағытқа дұрыс кірмеу (5 айып ұпайы).
 9. Қақпаға немесе бағытқа басқа жағынан бірінші рет кіру (5 айып ұпайы). Бірдей нөмірлі екі бағыттағыш арасындағы сызық бағыттағыштың тиісті жағынан кесіп өтсе, қақпадан өтті деп саналады. Егер қақпадан өткен соң спортшы қақпа арқылы қайта жүріп өтсе, ол қақпаға қайтадан (бағыттағыштың тиісті жағынан) өтуі тиіс.
 10. Егер дөңгелектің ең болмағанда бір осі бағыттағыш немесе қақпа сызығы деңгейінен жоғары өтсе, сызықты кесіп өтті деп саналады. Егер екі ось те бағыттағыш деңгейінен

төмен сызықты кесіп өтсе, сызықты кесіп өтті деп саналмайды. Қалған басқа санаттар үшін екі ось те бағыттағыш деңгейінен төмен сызықты кесіп өтуге рұқсат етіледі.

11.Велосипедті, руль колонкасынан жоғарыдан басқа, қандай да бір бөлшекке бекіту (5 айып ұпайы).

12.Екі аяғымен бірдей жерді немесе кедергіні басу (5 айып ұпайы).

13.Секцияларды өтуді бастағаннан кейін, сөре қақпасын алдыңғы дөңгелектің өсімен қайтадан кесіп өту (5 айып ұпайы).

14.Екі аяғы велосипедтің бір жағында тұр, егер бір аяғы жерде немесе кедергіде болса (5 айып ұпайы).

15.Саннан жоғары дененің кез келген бөлігімен жерге құласа, тисе, жерде немесе кедергіде отырса (5 айып ұпайы).

16.Максимальды сан- 5 айып ұпайына жеткен соң қатысушы сектордан кетуі тиіс.

17.Секцияға кірмей тұрып, бағалау карточкасына 0 ұпай деп белгілеуге тыйым салынады.

18.Рульден алынған қолдың білезігімен жерге немесе кедергіге тигізу (5 айып ұпайы).

429-бап. Баллдарды алып тастау және шеттету

1.Келесі жағдайлар баллдарды алып тастау және шеттетуге әкелуі мүмкін. Тек қана техникалық делегат немесе бас төреші төрешілер алқасымен келіскеннен кейін, осындай шегерулер мен шеттетулер жасайды.

2.Старт аралығы минут болғанда, сөреге кешігіп келген әр минуты үшін -минус 10 балл.

430-бап. Сырттан көмек

1.Туысқандар, жанкүйерлер, тәлімгерлер немесе ілесуші тұлғалар жарыс барысына ешқандай ықпал етпеуі тиіс.

2.Ілесуші тұлғалар немесе жанкүйерлер тарапынан спортшыға көмектесуге бағытталған келесі іс-әрекеттерге тыйым салынады. Спортшы, кімнің атына бағыттаса, жазаланады (: минус 100 балл):

А: секторға кірсе алдында спортшы үшін кезек алу;

Б: төрешіні сынаса;

В: Секцияға кірсе (спортшының өнеріне әсер етпей, спортшыны сақтандыруға рұқсат етіледі);

Г: Секцияда тұрған спортшыға (позицияда) сыбырлау.

3.Қатысушы паспортын немесе секторға рұқсаттаманы жоғалту (минус 50 балл).

4.Спорттық емес мінез-құлық (минус 100 балл).

5.Барлық жарыс кезінде үштен көп секцияны жіберіп алу (шеттету).

6.Жарыс өтіп жатқан аумақтан кетіп қалу немесе секторлар арасындағы жолдарды қысқарту (шеттету)

7.Жарысқа қатысуды тоқтату (шеттету).

8.Секциялардың конфигурациясын өзгерту (шеттету).

9.Жарысты дәрігердің рұқсатынсыз жарақат алған спортшының жалғастыруы (шеттету).

10.Жарыстан спортшыны тек қана дәрігер шығарады.

11.Жарыстың белгіленген ұзақтығынан асқан, кез келген жарысушы әрбір 2 минут үшін немесе пайдаланылмаған оның бөлігі үшін 10 ұпайға шегеріледі.

12.Қосымша уақыт шегін асырған кез келген спортшы, сыныптамадан шығарылады.

13.Дулығаны кию ережесін сақтамағаны үшін (шеттету).

14.Нөмірі/арқадағы нөмірі бар табличканы орналастыру ережесін сақтамағаны үшін (минус 100 балл).

431-бап. Басқа айыппұлдар

1.Төрешілер алқасы көрсетілген бұзушылықтардың біреуін жасаған спортшыға қатысты, UCI-дің Қағидасының 1 және 12 бөлімінде жазылғандарға, өзінің мүмкіндіктеріне залал келтірместен, осы бөлімде жазылған кез келген айыппұлды салады.

432-бап. Ресми ескерту

1.Нақты теріс қылығы үшін спортшыға ресми ауызша ескерту берілуі мүмкін. Бір жарыс кезіндегі бір ескерту, сол ескерту жасалған фактіден басқа, қандай да бір арнайы айыппұл салуға әкелмейді. Алайда, сол немесе басқа бұзушылығы үшін қайталама ескерту жасалса, спортшы жарыстан шеттетіледі. Берілген ескертулерді қағазға басылған нәтижелерде және нәтижелер бар мониторда көрсету қажет.

433-бап. Спортшыны шеттету

1.Қатысушы шеттетілді және осылайша бұзушылық болған сол санаттағы жарысқа немесе бүкіл жарысқа қатысудан босатылады.

434-бап. Ережені бұзған спортшыны жарыс өтетін орыннан шығарып жіберу

1.Төрешілер алқасы өзінің шешімі бойынша, ережені бұзушыны осы Қағиданың кез келген тармағын бұзғаны үшін жарыс өтетін орыннан шығарып жіберуге құқылы.

2.ҚВСФ өзінің шешімі бойынша спортшыға триалдан жарыстарға қатысуға құқық беретін қатысушы паспортын белігілі бір уақытқа тоқтатуы немесе мүлдем алуы мүмкін. Келесі бұзушылықтар оны тоқтатуға себеп болады:

А. Басқа адамның атымен жарысқа қатысу;

Б. Тіркеу кезінде, арам жолмен артықшылық алу мақсатында жасына, санатына және т.б. қатысты қасақана жалған ақпарат көрсету;

В. Жарыстың алдын ала нәтижесін анықтау мақсатында бір немесе бірнеше спортшымен келісу;

Г.Жарыстың нәтижесіне кез келген тұлға арқылы, соның ішінде спортшылар, төрешілер, ұйымдастырушылар мен көрермендер арқылы ықпал ету мақсатында, тура немесе жанама жолмен пара беруге, алуға ұсыныс, беру немесе басқа да ынталандыру іс-әрекеттері.

Д.Жарыс қағидасына жауап бермейтін, велосипедпен жарыстарға әдейі қатысу.

Е. Жарыс қағидаларына қайшы келетін, тексеруден кейін велосипедтің ерекшелігін өзгерту.

Ж. Триалмен байланысты немесе қандайда бір басқа нақты жарыстармен байланысты емес кез келген арам іс-әрекетке қатысу, теріс қылық көрсету немесе триалға залал келтіретін әдеп көрсету.

3.Спортшылар өздерінің ата-аналары, команда өкілдері және өз айналасындағы басқа тұлғалардың жарысты өткізу кезіндегі іс-әрекеттері үшін жауап береді. Осы аталған тұлғалардың қандай да бір теріс қылықтары, төрешілер немесе жарыс директоры тарапынан спортшыны шеттетуге немесе оны жарысқа қатысудан уақытша босатуға және жарыс өтетін аумақтан сол тұлғаларды шығарып жіберуге алып келеді.

48-тарау. ВЕЛОСИПЕД СПОРТЫ ТҮРЛЕРІНЕН (ТАСЖОЛДАҒЫ, ТРЕКТЕГІ, МАУНТИНБАЙК) ҮЙЛЕСТІРУШІЛІК (КОМБИНАТОРЛЫҚ) ТУРАЛЫ

435-бап. Үйлестірушілік қағидаты туралы

UCI-дің (Халықаралық велосипедшілер одағы) Конституциясына сәйкес велосипед спортының: тасжолдағы, тректегі, маунтинбайк түрлерінен дисциплиналарда «үйлестірушілік» («комбинаторлық») қағидаты қолданылады, яғни велосипед спортының:тасжолдағы, тректегі, маунтинбайк түрлерінен кез келген спортшы, велосипед спортының:тасжолдағы, тректегі, маунтинбайк түрлерінен басқа дисциплиналардағы жарыстарға, оқу-жаттығу жиындарына қатысуға құқылы.